

Женісхан КЕНЕСАРИН

**Шалдың
махаббаты**



Жеңісхан КЕНЕСАРИН



***Бірге өскен аяулы досымыз
Токан Берікболұлының
аруагына арнаймын***

ШАЛДЫҢ МАХАББАТЫ

**АЛМАТЫ
2004**

ББК 84Каз7-44

K30

Кенесарин Ж.

K30 Шалдың махаббаты. Әңгімелер.- Алматы:
“Информ- Арна”, 2004.-184-бет

ISBN 9965-9177-7-9

Ж.Кенесаринның бұл кітабына өмір жөніндегі толғаныстар, заман жайында, сондай-ақ адамгершілік хақында жазған әңгімелері еніп отыр. Автор өмірден көріп білгендерін қарапайым тілмен өрнектейді.

Кітап барша жүртшылыққа арналады.

K — **4702250201**
00(05)-04

68 998

ББК 84Каз7-44

ISBN 9965-9177-7-9

© Кенесарин Ж., 2004

ШАЛДЫҢ МАХАББАТЫ

Тұнгі қатты аяздан кешегі еріген қар көк тайғанакқа айналды. Таңертеңнен ызғарлы жел түрді. Қаланың орталық көшесінде келе жатқан адам аяғын шалыс басып жығылып қалды. Тұнгі күзеттен шаршап шыққан полиция қызметкері жанына келгенде әлті құлаған адам орнынан тұруға тіпті талпынбады. Жас полицей жығылып жатқан адамды жерден көтеріп алды. Тек сонда ғана егде тартқан адамның бет аузының қан жоса болып таяқ жегенін көрді. Жедел жәрдем машинасын шакыртып ауруханаға жөнелтті, өзі де қоса барды. Егде тартқан адам кімнен таяқ жегенін айтуда бас тартты...

Сахат ауруханадан шыққанда қыстың аязды ашық күні түрді. Жаңа жауған үлпа қар күн сөүлесімен көз қарықтырады. Дәрі иісі аңқыған ауруханадан кейін таза ауамен рахаттана дем алды. Ауруханада бір жұмадай жатса да айналасындағы өмір құбылыстары біртүрлі таңсық көрінді. Көшедегі қардың сықыры мен ауада қалықтаған беймаза үндерді сағынып қалыпты. Ақсандай басып үйіне жеткенде от жағылмағандықтан терезе әйнегіндегі бір елі қырауды көрді. Бөлме іші аңырап тұр. От жағып, үйішін жинап сақал мұртын қырып, аздал мызғып алды. Кешке таман қаланың шетінде тұратын қызының үйіне келді.

- Әке қайда жоғалып кеттіңіз?
- Танысымның үйінде болдым...
- Айтып кетпейсіз бе, кеше Кәрібжан телефон сокты, акша жіберіпті.

Бұл хабарды естіген Сахат көп бөгелмей поштаға барды, акша әлі келмепті.

Арада бір жұма өткен соң ғана акша қолына тиді.

Орталық көшедегі бес қабатты үйде тұратын Райгүлге Сахат сол күні жетті. Дәлізден құлағына музыка естілді. Жасы отыз-

дан асқан Райгүл орнынан ширак тұрды. Ана жолы бауырының Сахатты сабап үйінен қып шыққанын ұмыттып кеткен сияқты. Жоғары шық деп те айтпады.

-Әкелдім,- деді Сахат

- Нені?

-Ақшаны...

Келіншектің жүзінде күлкі ойнады.

-Отыр, шәй қояйын...

Сахат әкелген арағын шығарды. Көнілі жайланды, тіпті ыңыл-дап өлең айтқысы келді. Келіншек тақағанда ыстық демінен буын-буыны босады. Өзін ана жолы сабатқанын да ұмытты.

-Жаным, - деді елжіреп

Сол күні келіншектің үйінде түнел калды.

Райгүлге ақша әкелгенде Сахатты еркелетіп, құшактап сөне бастаған құмарлық отын қоздыратын. Сахат алпыстан асып кетсе де қайратты еді. Келіншекті таң атқанша аймалайтын. Осылай Сахат үшін жан рахатында бірнеше күндер өтетін. Ақша түгесілген соң келіншектің де көнілі күрт өзгеріп сала беретін. Дауысы жар-кыншақтанып, көніл- күйі аумалы- төкпелі болатын.

- Сахат етігім жыртылып қалды...

-Апрай-ә !

-Тамақ түгесілді, ет алу керек...

-Апрай-ә!

-Бүгін бауырым келеді...

Бұнысы кет дегені

-Онда мен кеттім,- деді Сахат.

Қалтасында көк тының қалмаған Сахат қызының үйіне келетін. Қала шетіне жаяу жеткенше шаршап, терлеп, ентігіл қалатын.

-Әке ауырған жоқлысыз?

-Иә, аздап науқастанып тұрған сияқтымын...

Қызы әкесін шамасы келгенше күтетін. Үш күн жатып, әл жиып, қалтасына біраз ақша салып қайтадан Райгүлдің үйіне жол тартатын. Артынан біреу қып келе жатқандай асығып-алтығып жүргендіктен әлденеше рет аяғы тайып құлап кала жаздады...

Бұл жолы келіншектің үйінде бір түн қонды.

-Бүгін бауырым келеді...

Сахат асығып кетті. Күн аязды. Жаяу боран... Суық бөлмеге

келгенде көнілі құлазып сала берді. Үй жұмысын істеуге де зауқы соқпады. Түсінде келіншектің ыстық қойнында жатқандай көрінді. Таңертең оянғанда боранның дауысын естіді. Түске шейін нәр сыйбай иленіп жатты. Тұрғанда нан алатын ақшасы жоқ екенін білді. Құрдасының үйіне келгенде шаршағанын сезді.

- Сөке не болды?- деді құрбысы.
- Науқастанып.
- Көрініп тұр.

Пештен жылу шарпыды. Үйде бабына келтіріп пысқан еттің иісі сезілді. Эйелі тірі кезде араласып тұратын құрбысының үйі еді. Терлеп тепшіп шәй ішіп ет жегеннен соң:

- Дәрі алу үшін қарызға ақша сұрайын деп келдім.
- Алыңыз.

Ақша қолына тиісімен бірден Райгүлдің үйіне тартты.

- Таптың ба?
- Иә, бірақ етік алу үшін жетпейді.

Сахат Райгүлге ақшаны бергенде келіншектің құлімсіреген жүзін көріп, қуаныштан жүрегі жарылып кете жаздады. Төсекте бұралып жатқанын да ұмытып кетті. Жүргегінде ешқашан сөнбейтін қуаныш оты жанғандай. Тағы да келіншектің қойнында таң атқанша жатты. Ертеңінде ақша біткенде түрі бұзылып бол- боз болып кетті.

- Не болды саған?- деді Райгүл.
- Ақшам бітті.

-Онда үйіңе қайт. Енді Сахат таныстарынан ақша сұрап қарыздана бастады. Алғашқыда жақын араласып жүргендерден сұрайтын. Кейіннен кім көрінгеннен сұрайтын болды, тіті ақшаны өсімге қарызға алды. Оны ертең бере ала ма, ол туралы ойлауды қойған. Бар максаты келіншектің жүзінен құлқі ойнағанды көру еді.

-“Менің шалым табыскер” дейтін Райгүл мойнынан құшактап. Сахат үшін бұдан артық ештеңе керек емес. Өзін ата сақалы шыққан, шәши ағарып алпысты алқымдаған шал емес, күш қайраты бойында жас жігіттей сезінеді.

-Болды, болды дейді келіншек шалдың тегеуріне өбден риза болып. Ақшасы біткен соң таға да Сахатты қуып жіберген болатын. Енді қарыз алатын жер де қалмады. Зейнетакысын алатын күн алыс және қашан беретіні белгісіз. Ол ақшасы келіншектің тәбетін басуға жетсе. Ұлына “әл үстінде жатырмын, ақша жібер” деп телеграмма сокты.

Ұлының жақындаған ақша жібергенін ұмытып кеткен болатын. Ұлы ақшаны өзімен қоса ала келді. Тәрізі өкесі әл үстінде

жатыр деп ойласа керек. Ұлы кіріп келгенде, Сахат тамағын ішіп болып диван үстінде газет оқып жатқан.

-Әке!

-Ұлым! деп екеуі құшақтасып кетті.

-Халыңыз қалай?

-Бүгін басымды көтердім.

-Үй іші неге былығып кеткен? Мына іргенізде тұрған қызыңызды неге шакырмағансыз? Ұлы жасынан үй шаруасына епті болатын. Леп- лезде тамақ жасап, дастархан үстінде өкесіне әкелген акшасын берді. Жұмыста болғандықтан әкесінің аяғымен жүргенін көріп көп бөгелмей қайтып кетті. Райгүл Сахат ақша алып келгеннен соң қайтадан қабылдады. Талайдан бері келіншектің жүзін көрмеген Сахаттың куанышында шек жок. Іштей келіншекпен болған күндерін ұзақ созыла бергенін тілейтін. Тек осы үйде ғана өзінің асып- төгілген көңіл арнасы сабасына түсетін. Тек осы үйде ғана өзінің жалғыздығын ұмыттын. Сахат дастархан үсті мол болғанын тілегенмен де, тек акша бітті деген сөзді естігісі келмейтін. Осы үйде болған әр күні Сахат үшін той екенін Райгүл білмейтін. Әр күні санап акшасының көпке жетуін тілейтін.

-Жаным, шалым дейтін Райгүл тоқ мысықтай мияулап. Бірде таңертең оянғанда келіншек төсектен ерте тұрып кетіпті. Ауыз үйден күбір- күбір сөз естілді.

-Бұл шал о дүниеге кетуге асығып жүр екен. Бұл Райгүлдің інісінің дауысы еді. Үйқысы шайдай ашылып сала берді.

-Ақшасы бітті, өзі де кетеді деді Райгүл.

-Айттым ғой ана жолы бұл қақбасқа жолама деп.

-Өзі кетеді.

-Болды, ескерткенім. Сахат қорқыныштан зәресі ұшып кетті. Қол аяғы дірілдеп асығыс киіне бастиады. Есік алдында шыққанда сар шұнақ аяз бетін пышактай қарып өтті. Тіпті үйіне барғысы келмеді, көпке дейін көшеде жүрді де қойды. Жарты айдай ешқайда шықпай үйінде омалып отырды. Дүние қаран қалғандай. Жатса төсекте екі жағына аунап көпке дейін ұйықтай алмайды. Тамақты жөндеп ішпеді. Күн жымықтана көшеде қызырған болды. Кызының үйіне барып біраз күн жатты, бірақ балалары шулап жүйкесін тоздырған соң үйіне қайтып кетті.

-Әке сізге не болған, әлде науқастанып жүрсіз бе?- деді қызы.

-Жок.

Өзі үйіне қайтып оралғанымен жан тыныштығы орнамады.

Келіншектің үйіне барайын десе қалтасында көк тиын жоқ. Үй ішіндегі нәрсесін сатайын десе ескі-құсқы жұмырына жұқ болмас, оның үсітіне қарыз ақшаларын сұраушылар көбейді.

-Сөке, алғаныңызға екі ай болды, қайтарыңыз.

Тіпті есікті ашпайтын болды.

-Әй шал, деді бір танысы көше бұрышынан ұстап алып,

-А!

-Қарыздарымды қайтармасаң сотқа берем... Алған зейнетақысын қарызына берді. Бірақ сонда да үйінен қарыз ақшаларын сұрап келушілер толастамады. Бірде үйіне кіргенде тосынан онымен үш адам кірді.

-Шал, қарыз ақшамды бермей о дүниеге аттанып кетіп жүрме.

-Өзін сабап алуға болады, -деді екіншісі

-Қақбас құйрығынды қыс - деді үшіншісі.

Бірінші кіргені қабырғадағы кілемді сыптырып алды. Екіншісі тоңазытқышқа жармасты. Үшіншісі бөлме ішінде тайрандалап біраз жүргеннен соң, “шал үйінді сатудан басқа амалың жоқ, сонда ғана бар қарызынан құтыласың”.

-Ойланып көрейік.

-Ойланатын түк те жоқ, басқа амалың жоқ.

Сахат қинала келісімін берді. Өзі арзан, тұрған жері орталық, көшеде болғандықтан сатып алушы да тез табылды. Қарызынан құтылып, қалған ақшамен Райгүлдің үйіне құстай ұшып жеткен болатын. Бір нәрсені сезген болу керек, Райгүлде құшак жая қарсы алды.

-Шал- ау жоғалып кеттің ғой, ақша таптың ба?

-Иә.

-О, жаным!- деді келіншек.

Лезде дастархан жасалып, арақ та қойылды. Сахат сөйлеуді қойған, келіншектің қолынан сипай береді.

-Шыдасаңшы, таппайдай тал түсте жатамыз ба?- деді келіншек.

Сахат бұл кездे ертеңгі күнін ойлаудан қалған еді. Бейне өзін белгісіз тылсым күш нокталап алғандай. Тіпті жас кезінде әйел затына осылай жан тәнімен берілмеген болатын.

-Демінді алсаншы,- деді келіншек су болған арқасын сипап.

Бұл күндері көктемнің алғашқы шуағын сезінгендей. Терезедегі қырау еріген. Есік алдында шыққанда ойынды жерде иірінді су көрінеді. Қыстың сар шұнақ аязы енді қайтып оралмастай кеткен сияқты. Сахат келіншекпен есте қаларлықтай күй

кешті. Райгүлдің айтқанын орындаپ, акшасын қолына ұстата берді. Бірде қалтасында тұқ те қалмағанын білді.

-Не болды? - деді Райгүл оның түсі бұзылып кеткенін көріп.

-Ақша бітті.

-Онда үйіне қайт.

-Үйімді сатып жіберген

-Есуас енді қайда барасын?

-Сенімен тұрсым.

-Інім келеді, - деді Райгүл орнынан тұрды. Сахат тек соңғана үйдің адам көргісіз болып былығып кеткенін көрді. Бөлмеге әтір мен темекінің иісі қосылып, кісінің қолқасын арттырады.

-Райгүл қумасаңшы, аясаншы.

-Әй, шал інім келеді деп айтып тұрмын ғой, тұрмаде отырған адамды өзің білесің ғой.

Сахат сүйретіле орнынан тұрды. Осы жұманың ішінде көзі шүнгірейіп кетіпті. Сақал- мұрты өсіп, артық еттен арылып, бойы еңкіш тартыпты. Тіпті аяғына біреу зіл батпан байлаап қойғандай өзер басады. Есік алдына шыққанда бағанағы жылымықталған су қатып мұзға айналыпты. Карны ашып, өзегі талып қызының үйіне бет алды.

-Әке не болған, өзінізде өң жоқ қой, - деді қызы

-Науқастанып қалдым.

Қызының үйінде бір жұмадай жатып, өл жинап алған соң кайтадан көшеге шықты. Үйін сатып жібергені туралы қызына әлі ештеңе айтқан жоқ, соңдықтан баратын жері де жоқ. Мүмкін күрбы-күрдастары мен таныстарының үйінде амалдай тұrap. Бірақ етene араласып жүрген тамыр- таныстарының көбі о дүниеге аттанып кеткен. Сонау алпысыншы жылдары жастық шактарын бірге өткізген жолдасының үйіне барды. Өзін жақсы қарсы алды. Мінезі, сөзі, жомарттығы сол қалпы. Бұл үйге екі күн конып, Райгүлдің үйіне барған. Есігін өзер ашты, тіпті өзіне жылы қабақ танытпады, отыр деп те айтпады.

-Бір жаққа қонаққа барушы едім

-Райгүлжан, келісіп тұрсақ қайтеді?

-Ей шал, неменесіне келісеміз, жөніне жоғал. Өзің әбден шаршаттың ғой.

Райгүл Сахатты итеріп шығарып жіберді. Күн үясына баткан көше тастай караңғыланған. Күндізгі беймаза шу бірте- бірте саябырлана бастаған. Аяқ астында қар сықырлайды. Тіпті тайғанап құлап қала жаздады. Қызының үйіне барғысы келмеді.

Сатқаның ұмытып кетіп өзінің үйіне барды. Соңан соң тағы да көше қаңғыды. Арада үш күн өткенде қызының үйіне барғанда танымай қалды. Сақал-мұрты өсіп кеткен, жалаңбас, сыртқы киімі жоқ, оның үстіне әкесінің мас екенін білгенде қызы жылап қоя берді.

-Әке не болған, мұндай емес едіңіз ғой?

Жылап жүріп жуындырып, шешіндіріп төсекке жатқызды. Ал қызы әкесінің үйін сатып жібергенін естігенде төбе шашы тік тұрды. Сөз айтпай бір бөлмесін босатып берді.

-Әке осында тұрыңыз.

Арада бір жұма өткенде Сахат көшеге шығып тағы да мас болып келді.

-Көрібжанға айтпа қызым,- деді. Қызға алдында әкесі емес басқа біреу тұрғандай көрінеді. Есейіп ес білгелі әкесінің мас болғанын көрген емес. Қызы не болғанын тәптіштеп сұрамады. Қөктемге дейін талай уақыт өтті. Сахат уақыт ағынын сезінуден қалған сияқты. Көшедегі қар еріп, ауада көк иісі анық сезілді. Мұндай күнде қыстай қапас үйде отырған адам сыртқа шығып бой жазғысы келеді. Сахат ешкіммен сөйлеспейтін болды, түйікталып кетті.

Кейде түн ортасында оянып кетіп көпке дейін үйыктай алмай жатады. Таң сөулесімен қоса көңлінде үміт үшқыны пайда болады. Өзі қайтадан Райгүлмен татуласып кеткен екен дейді. Осылай қиялға үқсас тәтті ойдың құшағында уақыт өткізеді. Қөктем күн сайын қүшіне ене бастаған. Қала сыртындағы төбе беттері қардан арылып, жер бусанып көк шыға бастаған. Ағаш бұтағы бүршіктеніп жапырақ жаюға өзір тұр. Кейде көшеде таныстарын кездестіріп, сөйлесіп уақыт өткізетін болды. Соңда ғана иығынан басқан ауыр ойдан сейілгендей болады. Бірде зейнетакысын алыш, шыдай алмай құстай ұшып Райгүлдің үйіне жеткен. Есікті өзі ашты. Іштен сыртқа қарай темекі тұтіні мен арак иісі аңқыған ауа сыртқа қарай лап берді. Сол жақтан күбір-күбір сөз бен құлқі естілді. Сөз айтпай келіншектің қолына ақша ұсынды.

-Шал-ау менің туған күнім екенін қайдан білдің? Дастанхан басында еңгезердей еркек пен жастау әйел отыр.

-Біздің ағай,- деді Райгүл

-Ендеше мен сенің әкең деп қалсам,- деді еркек. Отырған келіншек Сахатты танитын, мырс етіп құліп жіберді.

-Ал ағасы Райгүлдің тұған күніне келген екенсің және кешігіп келдің деп еңгезердей ерекк стақанды толтыра арақ құйды. Сахаттың көнілі көтеріліп сала берді. Бейне өзін Райгүл отырған жақтан жылу шарпығандай сезінді. Ұмытылмас болған бұрынғы күндер қайтып оралғандай.

-Алып қойыңыз

-Тамақ жеңіз,- деді отырған өйел мұләйімсіген дауыспен.

-Аға сізге сөз берілді- деді Райгүлдің жанында отырған еңгезердей ерекк.

-Не айтсам.

-Өзініздің тілегінізді.

Сахат талайдан бері арақ ішпегендіктен бірден басына шапты, ауа мен, мыскыл сөзбен, құлқімен, өзіне мазақтай қарап отырған еңгезердей еркектің беті жүзі бәрі бұлыңғырланып көрінді. Тұрып кетуге ерік күші жетпеді. Мас болсада өзінің құлқілі ыңғайсыз жағдайда қалғанын сезді. Оның үстіне еңгезердей ерекк үсті-үстіне бастырмалатып арақ құйды.

-Алып қойыңыз тұбіне шейін, әлде Райгүлге зіліңіз бар ма?

-Жоқ

-Онда кеттік,- деді еңгезердей ерекк Райгүлге қарап көзін қысып қойып.

Сол кезде бөлмеге Райгүлдің інісі кіріп келді.

-А отырмысың қакбас, ана жолы айтқан емес пе еді жоғал деп.

-Кеттім, кеттім, деді Сахат орнынан өзер тұрып Райгүлдің інісі қоса шығып көшеде жығып салып тепкілей бастады. Ешкім ара түскен жоқ. Сахат есі ауып құлады.

Есін жиғанда есік алдында орындықта отыр екен. Күн ауып келеді, алыстан жым-жырт тыныштықты дұр сілкіндіріп тепло-воздың дауысы естілді. Тәрізі ары-бері өткен жұрт өзін мас деп ойлаған шығар. Мас екені рас еді, басы шыр көбелек айналғандай. Жүргі айнып құскысы келді. Орнынан тұрып біраз жүріп барып үйдің қабырғасына сүйеніп отыра кетті... Тұнгі күзеттен кайтып келе жатқан милиция қызметкери үйдің бұрышында үйіктап отырған адамды көрді. Бас киімі жоқ, ақ шашы дудырап кеткен. Жакындал келгенде бет аузының сау тамтығы қалмаған. Көзі бір нұктеге қарап қалыпты. Иығынан қозғап қалғанда жантайып құлап тұсті. Сонда ғана бұл адамның өліп қалғанын білді.

-Сол шал ғой...

“Ана жолы өлтіре сабағанда мен емханага алып барып едім,

енді өлігінің үстінен шығып отырмын” - деді келген кезекші милиция қызметкеріне

- Протоколға қол қоясың
- Апрай оған талай уақыт өтеді ғой, неге менің кезегім біткенде осындай оқиға болады.
- Енді қайтесің, басына құдай салған сон,- деді кезекші милиция қызметкері жұбатып.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Жаз кеші. Күн үясына батып кетсе де көкжиегі арайланып түр. Көшеге көтерілген шандан қала шетіндегі тау қырқалары көзге бұлыңғыранып көрінеді. Мұндай ауада шандмен қоса бензин іісі анық сезіледі. Серіктің бір бөлме жалдап бұл қалада тұрғанына бірталай уақыт болды. Келген кездे нағыз ұскірік, боран соғып тұрған. Үйлердің арасында омбы қар жатқан. Тіпті отын түсіруте шамасы жетпей электр жылтықшымен шықкан. Әсіресе түнде жаурап тоңғанын әлі ұмыта қойған жок. Эрине сұықта бала- шағасымен тұра алмайтындықтан көшіріп алуын кешеуілдете берді. Терезені бір елі қырау басқан. Таңертең мұздай сұық шай ішіп жұмысқа барған. Бірақ басында біршама жақсы жүрген жұмыстың қионы кete бастаған. Тіпті соңғы жарты жылды бір тын алған жок. Жұмыс токтаған соң цех ішінде құр бос сандалып жүреді де кояды. Тұсте құр суға пісірілген макаронды жейді. Ал кешке сұық бөлмеге келгенде нағыз азап басталады. Қатып қалған нан жең, сұық су ішіп, басына малакай киіп төсекке жатқанмен ұйықтай алмайтын. Кейде азынай сокқан бораның дауысынан оянып кететін. Ондай кезде өзін елсіз қалған аралда жалғыз қалған адамдай сезінетін. Ауылда қалған бала- шағасын ойлайды. Алғашқы кезде үйіне жиі барып тұратын. Соғымдарын сойып, шөп түсіріп берген. Бірақ соңғы кезде акшасыз болғандықтан баруын сиретті. Күзге таман қолда бар азын- аулақ малын сатып көшіріп алмаса болмайтынан біледі. Эрине оған шамасы жетсе.

Күнде кешке таман есік алдындағы орындыққа отырып алғып темекі тартады. Бір жағынан уақыт өткізуге ермек, екінші жағынан кісінің қарның аштырмайды. Көршілерінің көбін сырттай таниды. Қаланың бұл маңындағы үйлер бір біріне жақын салынғандықтан маңайдағы тыныс тіршілікті бақылауға болады. Көше шуына да құлағы үйрене бастаған. Балалардың айқ-

айымен, толассыз ойнаған музыка үнімен, әрлі-берлі өткен машиналардың беймаза گүрлімен, оған анда-санда тепловоздың айқайы қосылады. Серік мұндай кезде өзінің жалғыздығын сезінбейді. Бірақ ешкіммен танысып араласып кеткен жок. Тек көрші үйде тұратын егде тартқан адам ғана жағдайын сұрап кетеді.

-Жігітім отырмысын, жағдайың қалай болып жатыр?

-Бірқалыпты ағай.

-Үйден хабар бар ма?

-Барып келуге акшам болмай тұр. Қарыз сұрайын десем таныстарым жок. Өзінізден сұрасам.

-Е, қарағым мен қарыз бере- бере өбден көңілім қалған.

Бұл адамның киім киісі, жүріс-тұрысынан бір кезде өжептөүір қызмет істегені сезіледі. Дауысын ешқашан көтермейді. Тәріз қазіргі бос уақытында өмір туралы көп ойлап бір тұжырымға келген сияқты. Бұл кісіден басқа ешкім өзімен амандаспайды, тіпті сөйлеспейді де.

Бағанағы көк жиегінде күн шапағаты жойылып, аспанда самсаған жұлдыздар пайда болған.

Бірақ бұл кезде көше шуы өлі басылмайды. Бұл дыбыстар еріксіз көңіліне қорқыныш үялатады. Бірақ жалғыз өзі жайсыз иіс жайылған қаранды бөлмеде төсекте көпке шейін үйкесі келмей жатады. Сондықтан кей күні тұн ортасына шейін есік алдында отырады. Күндізгідей емес тіршілік ағыны өзгеше сезіледі. Үйдің бұрышында адамдар қарандайды. Әлдекандай үрыс жанжалдың дауысы естіледі. Дыбыстар енді тосынан ойда-жоқта шығады. Кейде аяғын өзер алып мас жанына келеді. Ар-зан арақ иісі кісінің қолқасын айырады.

-Братан темекші берші?

Серік тез құтылу үшін темекі ұсынады.

-Інішек ренжімесен ағанды сыйламаймысын.

-Сыйлап тұрмын ғой.

-Жоқ бір жарты алшы. Өмір туралы ойланып- толғанып сөйлесіп отырсақ.

-Жоқ акшам жоқ.

-Братан жарайды.

Орнынан тұрып жөніне кетеді. Одан соң бірақ тыныштық орнайды. Қыр жақтан жусан иісі аңқыған таза ауаның лебі сезіледі. Еріксіз ауылдағы жайма шуакты тұндері есіне тұседі, құрсініп қояды да орнынан ауыр тұрады.

Ертеңінде кешке таман егде тартқан адам жанына келді. Аман саулықтан сон әңгімесін бастады.

-Карағым менің өмір бойы қолымда үкімет дүниесі болды. Үрлау үшін мүмкіншілігімде көп болды. Сөздің шыны керек өткен күндерімді өкініп сөйлеп отырғаным жоқ. Өзің де сөз тыңдай алатын жігіт сияқтысың. Иә талай жерде істегем, талай адамдармен дәмдес болым мені сыртымнан жұрттың жомарт дейтінін де білетінмін. Қайырымдықты шын көңілімен жасайтынмын. Бірақ жақсылығым тез үмтүлательна көзім жетті. Тіпті сұраусыз жақсылық жасасаң өзінді есерсок ес ауысканға санайтындар бар.

-Иә ағай ондай адамдар да болады.

-Жоқ болады емес, бар. Мен саған ойымнан шығарып тұрганым жоқ, тіпті жұмыстан шығып басқа жакқа аудисам десен, жұрттың амандастының өзі өзгеріп сала береді. Апырау, жақсылықтан басқа ештеңе жасаған жоқтың ғой дейсің.

-Иә, ағай өмірде ондай адамдар кездеседі.

-Дұрыс айтасың жігітім. Өмірден түсінігің бар жігіт сияқтысың. Тіпті сенің жағдайынды білем. Көмектескім келеді. Ала жаздай көк тын алмай жүргенің оңай емес қой. Апырай заң қайда? Біздің халық не көрмеді дейсің. Айтпақшы әңгіме қарыз жөнінде ғой. Өзің сияқты жас жігітпен көрші тұрдық. Өзі де жылпылдаған құдайдың қуы. Ай құрғатпай қарыз алып тұрды десе болғандай. Ал берген жырып, жырымдал жарты жылға созады. Бір күні өзінің көк тынсыз отырғанын айтЫП тағы біраз күте тұруымды өтінген. Ал ертеңінде базарға барғанымда әйеліне етік сатыш алыш тұрғанын көрдім. Мені көріп сасып қалды. Содан соң келіп қарыз сұрауын қойды.

-Иә, аға өмірде ондай адамдарда кездеседі.

-Солай жігітім сондай адамдардан көңілің қалып, нағыз көмектесуге болатын адамдарға қол үшін бере алмайсың.

Бұл кезде маңайды қаранғылық тұмшалай бастаған еді. Дүние қанша астан-кестені шығып жатса да мынандай мамыржай кешке куанасың. Аспандағы самсаған жұлдыздарға қарап ертеңгі күнге үміт арта қарайсың. Бүгін болмаса, ертең не бүрсігүні алтын көмбе тауып алатындей сезінесің. Дәл қазір ештеңе жоқ болғанмен, көңіл тұқпіріндегі үміт ай алдындағы кедергіні бұзып жарып алдыға жетелейді.

-Ал жарайды қарағым. Кемпір бұл шал қайда жүр деп күтіп отырған шығар.

-Сау болыңыз.

-Өзің үйге жүрсөнші, шай ішіп, әңгіме- дүкен құрып сөйлемесіз.

-Уақыт тауып кіріп шығармын.

Бұл әңгімен Серіктің көңіл күй көтеріліп қалды. Тіпті бір сәт болса да өзінің жалғыздығын ұмытады. Мұндай кезде айналасындағы үйге құлақ түре тыңдайды. Элде- қандай алыста өннің қайырмасы естіледі. Тәрізі бір жерде сауық- сайран болып жатса керек.

Талайдан бері жиын-тойда болмағаны есіне түсті. Ақырғы рет көршісінің туган күнінде болған. Ұмытпаса оған да бір жарты жылдай болды. Қазір сауық- сайран қайда, тіпті күнін көре алмай кетті емес пе. Түн өзіне кешегідей емес салқын сияқты болып көрінді. Бірақ темекімен көптеп жуылмаған киім исі анқыған бөлмеге кіргісі келмеді.

Ауамен қеудесін кере дем алды. Тағы да өннің қайырмасы естілді. Ыңылдан өлең айтқысы келеді. Жаздың жайма шуақ күндері сырт көзге байқалмай жылжып жүре берді. Мұндай жауынсыз жаз бұл өнірде жиі болатын. Таңертең көк жиегінде қылаң берген бұлт аптаң күннің ыстығынан тарамдалып кетеді.

Қала сырты шаңды тақырға айналып кеткен. Онсыз да қаланың түбіндегі колхоз бен совхоздардың іргесі бұзылмай мынадай қуанышылық жазда шөбін өзөр табатын жүрт, енді малдарын жаппай сойып базарға сата бастады. Еті өтпей иістеніп кеткендіктен жылап түрған әйелді көрді.

-Балаға киім- кешек сатып алайын деп едім дейді.

-Семіз сиырдың еті, арзанға сатамын- деген әйелдің беймаза дауысын Серік талай жерге ұзағанша естіді.

Еріксіз өз ауылын, бала-шағасын есіне түсірді. Тағы есік алдындағы орындыққа отырып алып темекі тартты. Көшеде әрі-бері отken жүртқа қарап уақытын өткізді. Бұрынғыдай емес мазасызданған, бір түрлі көңілсіз. Тағы егде тартқан адам жанына келеді.

-Калай үйіне бара алмай отырсы ба?

-Иә.

-Қарағым қиналдың - ау. Көп бөгелмей үйіне қарай аяңдан жүріп кетті.

Сол күннен бастап күнде кешке жағдайын біліп кететін болды. Аман- саулықтан соң көп сөйлемейді. Бір нәрсеге катты ойлап толғанып жүрген сияқты тіпті өзіне бірдеме айтқысы келеді. Бірақ батылы бармай түрған сияқты. Бірде кеш келді. Сол күні өткінші жауын жердің шаңын басқан, ауада дымқыл жер иісі сезіледі. Күндеңідей емес қаланың абыр-сабыр тіршілігі

ерте басылған. Енді күндізгі адамға беретіні аз қатал тіршіліктің ағынын ұмытып, тіпті орында майтынын білсе де елес дүниесіне бой бересің. Аспанда жұлдыздар көрінбейді. Адамдарда күнде гідей емес дауыстарын акырын шығарып сөйлейді.

-Қарағым отырмысың?

-Ә, аға.

-Мен саған акша алыш келдім. Барып балаларыңды көріп мау-кымыңды басып кел.

-Ой ағай сізге қайтіп раҳметімді айтартымды білмей тұрмын.

-Сөйт қарағым.

ҚАРЫЗ СҮРАУ

Жерді алтап күйдірген күннің қызыу кешке таман басылды да көк жиегіне қарай шөге берді. Бұл кезде көшеге балалар өре шығып солардың куанышты айғайына толды. Олардың дауысы алыстан естіліп тұрды. Дүйсен сағат кешкі тоғызда Нұрлан айтқан жерге келді. Қала басшыларының көзінен таса болғандықтан автобус аялдамасы лекерлеп салынған. Тіпті алыстан қарағанда алба- жұлба қарауыл лашығына ұқсайтын. Көп күттірген жоқ Нұрланда өзіне қарай асыра басып келе жатыр екен.

-Кешіккен жоқлын ба?

-Дәл уақытында келдің.

-Онда жүр кеттік.

-Менше қарыз беру керек жақсы жігіт болатын.

-Айтқаның келсін.

-Ол жағын саспа.

Нұрлан жол бойы Дүйсен әлі көрмеген танысын мақтаумен болды. Біразда соң кеш қараңғылығына солтүстік жактан соққан салқын самал сезілді. Аспан төрінде ерте қонған жұлдыздар пайда болды. Бұл кез жұмыстан шаршап келген жүрттың арқаны кең салып сөйлесетін уақыты. Нұрланның әңгімесінен Дүйсеннің көніл күйі көтеріле тұсті. Ауада машина бензині мен шаңын, сола бастаған шөптің иісі сезілді.

-Өзің білесің мен үй салғанда қатты қарызданым, Саматқа барып жағдайымды айтып едім сөз айтпай бере салды- деді Нұрлан.

-Иә, жақсы жігіт екен.

Айтпа мен ғана емес басқаларға да көмектесті.

-Шынында да жомарт адам екен.

Дүйсен басына күн түсіп, ақша ізден сандалғанына тұра бір жұяқыт болды. Эйелі ауырып, бес баласымен улап- шулап кал. Бұрын барда үйінен шықпайтын туыскандары жоламай кетті. Көмесүрап бармаған жері жок. Бұрын жақын дос жаран болып жүрге жолдастары да өзінен бойын аулақ салатын болды. Осындаи ештың жүрген кезде Нұрлан кездесіп қалған. Жағдайын айтқан қол үшін беруге келіскең. Енді өздері келе жатқан бейтаныс жомарт адамды көргенше асықты.

-Келдік, деді Нұрлан.

Олар екі қабат үйдің жаңына келіп токтады. Қакпаның есі қағып біраз күтіп тұруларына тұра келді. Іште өршелене үри иттің дауысы естілді. Тек біраз уақыт өткеннен кейін арғы жактан келе жатқан адамның аяқ алған дыбысы естілді. Есік ашылып өздеріне жаратпай қарап тұрған толық денелі кісі көрінді.

-Неменеге келіп едің?- деді қолын өзөр ұсынып.

-Тығыз шаруа болып қалып еді Сәке , -деді Нұрлан.

-Айта бер- деді тіпті өздерін ішке шакырмай.

-Сәке, мынау менің жақын жолдасым

-Жарайды тіпті солай- ақ болсын.

-Жігіттің әйелі ауруханаға түсіп қалып сізден қарызға ақша сұрап келіп тұр.

-Сен өзің қызық жігіт екенсің, бейтаныс танымайтын біреуге мен қарыз ақша қалай берем.

-Саке менің жақсы танысым деп тұрмын ғой деді.

Нұрлан жалынышты дауыспен.

-Жоқ бере алмаймын, үйде қонақтар отыр еді деп есікті сарт еткізіп іштеп жауып алды.

Бұлар таң қалып біраз үн тұнсіз тұрып қалды.

-Осы кісі ме? деді Дүйсен таңырқап.

-Иә.

-Адам өзгереді ғой.

-Айтпа оған көзім енді жетті.

-Егер осыда төрт жыл бұрын келгенде үйіне шақырып, жағдайымызды сұрап, ас суын беріп шығарып салар еді. Тәрізді басынан шатасқан болу керек деді Нұрлан.

-Мүмкін ойда жоқ жерде байып кеткен шығар,- деді Дүйсен.

-Оның рас, жақын туысының арқасында банктен көл ақша алған.

-Немере ағасы бүкіл совхоздың шұрайлы жерлерін басып алып, халқын қаңғытып жіберген.

-Онда белгілі болды.

Енді Нұрлан қайтқанша Саматты жамандаумен болды.

-Қарай көр пәлсінуін, осыдан он жыл бұрын ішіп кеткен жерінен немере ағасы қөшіріп алды, сонаң соң арақ ішкенін қойды. Бас жазуға ақша сұраған кісінің көнілін қайтармайтын.

-Жарайды болды неменеге таусыласың, әрі-беріден соң жақын туысың емес қой.

Күн ұясына батып кеткен, бірақ көшеде ойнап жүрген балалардың қуанышты дауысы әлі де естіліп тұрды. Сөз таусылғандай екеуі үн тұнсіз жүріп келеді.

Әрқайсыны ойға берілген, Нұрлан өзін құдайдай сеніп барған адамының үятқа қалдырганына налыңды. Бағанағы лепірген көніл-күйі басылған Дүйсен дәрі мен көмек күтіп жатқан әйелі мен улап-шулап отырған аш жалаңаш балаларын ойлады. Үйіне тақаған сайын аяғын баяу басады.

СВЕТОФОР

Шілденің ыстық айы. Күн төмен шөккен сайын күндізгі кісі шыдатпас ыстық жалынның беті қайта бастайды. Ауада көбіктенген шаң тозаңмен көкжиек алтын түстес реңге енген. Көптен жауын жаумағандықтан ауа құрғак. Ағаш жапырактары да мезгілінен бұрын сарғыш тарта бастаған. Алтынбай үйден шыққанда терек ұштарының батар күн алауына бөлентенін қызықтап қарап біраз тұрды. Бұл жасы елуді алқымдаған адамының жүріс кимылы ширак. Өмір бойы осы жерде тұрғандықтан қаланың тыныс- тіршілігін бес саусағындағы билетін. Әсіресе кешке таман көше қызырып бой жазып келгенді жақсы көретін. Көше шуын тындал өмірге деген сүйіспеншілік сезімі арта түседі. Күндізгі тіршілік үшін тыраштанған жандардың енді коныр салқын үйіне келіп тыныстырын шағы. Кешкі шәй үстінде бір- біріне қаланың соңғы жаңалықтарын айта отырады. Адамдардың сөзі, жүрекке жылы, бірақ үйіп тындаіын десен үнін тым жеңіл музыка сарыны, машина гүрлі, кенет осы дыбыстарды тегіловоздың гүрлі бұзады. Әсіресе темір жолға жақын жерде кісінің қолқасын алатындаі көк түтін иісі сезіледі. Алтынбай жастау кезінде, сонау тау қыратына жайлauғa шығып, атпен шапқылағанды армандаитын. Бірақ уақыт өте нағыз қала тұрғынына айналды.

Өзінің құлағы үйренген көше шұын аңсайтын болды. Әсіресе көптен көрмеген таныстарын кездестіргендеге шүйіркелесіп сөйлесіп қалатын. Осында қаланың соңғы жаңалықтарын естітін.

- Сакен сол орынға дәмелі болып жүр еді ғой.
- Көрмейсің аяқ астынан немере інісін орынан алып таstadtы.
- Өзін ішіп жүр деп естідім.
- Ия аздап.
- Ақылды адам ғой, ойланып барып қояр.

Алтынбай кейде терең ойға кететін. Байқалмай өтіп бара жатқан өз өмірін сарапқа салатын. Бойында өкініш пен өтіп кеткен жастық шағына сағынышпен қатар, осы күнгі уақыттың жойқын ағынына мойынсынуда бар болатын. Бұл қаланың өзге тұрғындарындай емес сырттағы өмір жаңалықтарына елең өтіп үн қосуға тырасатын. Бір біріне ұқсас күндер легі жан дүниесіне жайсыз әсер ететін. Кейде өз тұрмыс тіршілігіне сын көзben карайтын кезі де болатын. Ондайда өзіне, айналасындағыларға не істесе де көнілі толмайтын. Бірақ мұндай жайсыз ой сезімінен тезірек құтылуға тырысатын. Бұтін асығып келе жатыр. Осыдан бірнеше күн бұрын көше қылышында светофор орнатып жатқанын байқап қалған болатын. Кеше кешке таман светофордың істеп тұрғанын көріп қуанып қалған. Осы көшениң қылышында светфордың керек болғаны қай заман. Есіне осыдан екі жыл бұрын алакеуім уақытта екі жеңіл машина соғысып кісі мерт болғаны түсті. Эрине светофор болса қағыспас еді ғой. Алтынбай тәртіпсен заңның жүргенін ұнататын. Өз үйінде де, жұмыста да тәртіп болғанын жақсы көретін. Алтынбай жұмыста көше қылышында светфор орнатқанын айтқанда оған мән берген ешкім болмады.

- Біздің қала үлкен емес.
- Ал тұнде машиналар өте сирек жүреді, тіпті көше қаңырап бос жатады деуге болады. Сонда қызыл светофорға тоқтап тұру керек пе?- деді қызметтесі Науан.
- Эрине тоқтап тұру керек- деді нық дауыспен Алтынбай.
- Неге тоқтайды? Көше қаңырап бос жатыр ғой?
- Тәртіп солай болғаннан кейін тоқтау керек қой деді Алтынбай.
- Өзіңнің көзің жетеді тұнде тоқтамайтынына,- деді Науан дауды доғарып.

Қунде таңертен жұмыска кетіп бара жатып көше қылышында светофор жанғанын көріп көнілі көтеріліп қалды. Мұндай

кезде аяғын ширағырақ басады. Жаздың шарықтап шегіне жеткен кезі. Талайдан бері жауын жаумағандықтан ауа құрғак болатын. Күндіз толассыз сокқан желден шаң көтеріледі, онтүстік жақтан ыстық леп бетке үрады.

Біраз уақытта соң машина болмаса да кісілердің қызыл жарық жанса да көше қылышынан өте беретіні байқады да қатты ренжіді. Бұл көніл күйін алғашқы байқаған Науан болды.

-Алтеке көніл күйініз онша емес қой.

-Оның рас

-Не болып қалды?

-Біздің көше қылышында светофор орнатқан

-Білемін айтқансың.

-Кейбіреулер қызыл жанғанына қарамай көше қылышынан өтіп кетеді.

-Алтеке біздің адамдарды білесіз ғой, оларды үйрету қын, тек машиналар жол ережесін бұзбаса болды ғой деп басу айтып.

Бір күні күн қараңғыланғанда көше қылышынан өтіп бара жатып қызыл светофор жаңып тұрғанына қарамай бір женіл машина өтіп кетті. Алтынбайдың таң калғаны сондай қолын бұлғап айқай салды, бірақ тоқтамады. Соңаң соң есенгірегендей біраз тұрып қалды. Күн жаңбырлы болатын, көше жарығынан асфальт қара тақтайдай жылтырайды. Алтынбайдың көнілі торығып сала берді.

-Енді женіл машина қызыл жарыққа өтіп кетті,- деді ертеңінде жұмыска барғанда Науанға.

-Шала білетіндегі ештеңе жоқ, мысалы бізді алайықшы, бастық жоқ болса жұмыста ерте кетіп қаламыз, сол сияқты нәрсе ғой.

-Мен жұмыстан ешқашанда кетпеймін,- деді Алтынбай.

-Оны мен білемін- деді Науан күлімсіреп.

-Науан сен мені тында, егер жұрттың бәрі занмен тұрып жүрсө өмір сүру әлде-қайда женіл болар еді.

-Заңсыз жұру жалқауларға, дарынсыздарға, тер төкпей акша тапқылары келетіндерге, арам пиғылды жандарға керек. Олардың кеселінен заңға деген сенім азаяды. Бәрінен жаманы адамдар әділдікке сенуін қояды.

-Алтеке дұрыс айтасыз- деді Науан мыскылдап. Уақыт өткен сайын Алтынбай тіпті тұнде қызыл жарық жанғанда тоқтамайтын машина болмауы мүмкін емес қой деген ойда болды. Енді көшенні кеш қыдыратын өдет тауыш алды. Тұн ортасына таман қалаға қыр-

дың таза ауасы леп береді. Көше қылышында көк, қызыл, сары жарық ауысқан светофор өзіне тартады. Бейне сол жарықты тылсым күш жатқандай сезінеді. Бірақ күнде үйіне көніл күйі бұзылып қайтады. Бірде тағы түнгі жортудына шыққан. Көше қылышында светофордың қызыл жарығына тоқтап түрған машинаны көріп өз көзіне өзі сенбеді. Куаныштан жүргегі жарыльп кете жаздады. Аяғын шалыс басып он жыл көрмеген танысына жүздесу үшін асықкан адамдай сезінді. Соңғы кезде көніліне үялаған күмәнді ой леп-лезде сейіліл сала берді. Аяғын одан сайын ширак басып, тіпті жортып кетті. Жок, жоқ заңды, тәртіпті құрметтейтін адамдар бар еken, оған енді көзі жетті. Бар ойы көше қылышына барып, жасыл жарық жаңғанша, жеңіл машина орнынан жылжығанша бейтандыс адамның жүзін көріп қалу еді. Бірақ жетe бере жасыл жарық жаңғанда да жеңіл машина орнынан жылжымады. Жүргегі зырқете түсті. Такап келгенде дөңгелегін ауыстырып жатқан жүргізушіні көрді. Қапаланғаны сондай қызыл жарық жанып тұрса да көшени қыш өтті. Ертеңінде қан қысымы көтерілп жұмыска бара алмай қалды.

КІММЕН ІШУ КЕРЕК

Жаздың күні талмаурап батуға бет алған шақ. Ағаш ұшы күннің қызығылт нұрына бөленген. Үлп еткен жел жоқ. Бес қабат үйдің жанында отырған кемпірлер айналасында не болып жатқанын бағдарлап байқап отыр.

Анау шеткі подъездің жанына қызығылт машина тоқтап, ішінен семізше адам шығып, жан жағына ұрлаңа қарады да кенет өз денесіне лайықты емес қимылмен тез ішке еніп кетті. Кемпірлер оның үшінші қабатта тұратын етженді жесір келіншекпен әйелінен жасырынып кездесетінін білетін. Қожан үйінен шыққанда маңайды бірте-бірте кеш қарандырығы бүркелей бастаған болатын. Бұл аласа бойлы толық адам жып-жылтыр бетіне қарап өзіне өзі дән риза екенін сезуге болады. Кенет өзіне қарай келе жатқан Айтбайды көрді. Байқамаған болып бұрыльп кетуге кеш қалды.

- Кім екен десем сен екенсің ғой
- Немене танымай қалдың ба?
- Жоқ, о не дегенің.

Айтбайдың үсті тозған. Сақалы өсіп кеткен. Жүзінде мұн

сезіледі. Бұл да бір кезде әйелімен айырылыспай тұрғанда Қожан сияқты кешке көшे қыдырганды жақсы көретін. Кейде үзак әңгімелесетін. Екеуінің де өмірге деген көзқарастары үқсас болатын. Әйелімен айырылыскалы онбай кетті.

-Кожеке үйде бір шиша арақ бар еді. Бір кездегідей кең отырып шешіле сөйлесіп ішсек қайтеді.

-Жоқ оның не? Мен ішпегелі қай заман, қойғанмын. Қызмет бабы көтермейді - деді Қожан маңызды кейіпен.

-Онда кешір, жолынан қалма.

Қожан Айтбайдан оңай құтылғанына қуанды. Неге екенін өзі де білмейді, жан ашыған сезімнен көрі, өзін артық сезіну басым болатын. Айнала қаранғылана түсті, тек батыс жақта батып кеткен күннің қызылт арайы көрінеді. Кенет өзін басып кетердей болып жанынан женіл машина жанай өтіп, сөл ұзап барып тоқтады.

-Әй тезірек жүрсөнді, деген өзінің тікелей бастығы Құсайынның дауысын естіді. Қожан қуанғанынан секіріп жібере жаздады.

-Келдім, келдім дей берді.

-Отыр, деді Құсекен жігерлі дауыспен. Машина орнынан жүйткі ағыза жөнелді.

-Кешірерсің. Біз мына жігіттердің табысы үшін аздал...

-Құттықтаймын Құсеке.

Қожан машина ішіндегі жігіттерді танып отыр. Осы ауданның бетке үстар азаматтары. Эрине осы отырғандар да өркіммен іші бермейді. Олар қаланың шетіне шығып, сұрлеу жолға түсіп, тау етегіндегі бұлактың жанына барып тоқтады. Көк жиегіндегі қызыл арай сөнген. Аспанда самсаған жұлдыздар жарқылдайды. Алыста құр бақалардың шырылы естіледі. Олар кабинадан шыққанда беттерін таза салқын ауа өбіп алды.

-Нағып тұрмыз Қанапия?

Еңгезердей жігіт машинаның жарығын жақты

-Біз аздал тартып алдық. Ал сен Қожан давай деді Құсекен әмірлі дауыспен. Шофер жігіт құмыраның түбін жұдырығымен бірақ соғып ашты да екі жұз грамдық қырлы стаканға толтырып арақ құя бастады.

-Құсеке көп қой. Масайып қалмаймын ба?

-Ничего, мас болсан баратын жерінде апарып тастаймын.

Қожан көзін жұмып алып тартып жіберді. Ішіп болғанда жер тенселіп кеткендей болды.

Көк жиегінде қызыл арай өлдекашан сөнген. Машина радиосынан жанға жайлы музыка үні естіледі.

-Калай жігіт? Тағы тартып жібер бұл штрафной.

-Ой Құсеке.

-Но бала, не возражай. Үлкен адам сыйлап тұрғанда деп тұздалған қияр өперіп.

Қожанның көнілі кенет адам айтып болуға болмайтындей лепіріп сала берді.

Куаныш па, әлде тосыннан ойда жокта пайда болған шаттық па? Дәл қазір айта алмас. Машина жарығында үшып жүрген тұнгі көбелектер көрінді. Көнілінде осы отырған адамдарға деген ерекше бір мейірім пайда болды. Жерде музыка үнімен тенселіп, аспандағы жұлдыздар да мың миллиондаған шамшырактай жымындарап, бүкіл маңайындағы табиғат күндізгі қатал сүрғылт көрінісін жойып өзгеріп сала бергендей. Ауа иісінде бейне жердің тесінен шыққандай жұпар иіс сезіледі. Жай күндегі өзін өзі үстап, кісімсіп, әр адымын андып басып, өтірік күліп, жалған сөйлеп, жалған мейірмандылық көрсетудің керегі жок. Дәл қазір өзінің іс қымылында жасандылық жок шынайы екенін біледі.

Бейне өзінің әр кимылын, сөзін сыртынан буып құрсағын күштен босанып енді ғана өзін еркін сезінді.

О, тоба осындағы көніл күй өншейін уақытта неге болмайды екен?! Жанында отырған адамның сөйлеген сөзі мына шексіз бос кеңістік әп сәтте жұтып әкетіп жатқандай. Бірақ дәл мынадай жағдайда сөзде қандай мағына болуы мүмкін. Кенет осы отырған жүртқа жүрек түбінен шыққан жылы сөз айтқысы келді.

-Құсеке сізді туған күніңізben

-Менің туған күнім өтіл кеткен.

-Кешіріңіз мен өзіңізді құшактайыншы жомарттығыңыз үшін.

-Кой жігітім, босағадан келіп, басқа шықпа. Эй Қанапия тағы да қүйшы.

-Жок Құсеке өтінемін, мен итак то аздап масайып қалған сияқтымын.

-Одан да өздеріңіз

-Ой, жігітім жаман сыйлағанды, сиыр сипағанды білмейді деп, ұсынып тұрған асымды қолымнан қаққаның не.

-Онда кешіріңіз.

-Е, бәсе солай де.

Қожан екі жұз грамдық қырлы стакандағы аракты өзөр тауысты. Оған бүкіл дүние арақ сасып кеткендей жүрегі айнып сала берді, кенет құсып жіберді.

-Эй, Қанапия, мына шошқаны үйіне апарып таста,- деген Құсайынның сөзін естіді.

Өзінің кеткісі келмей қарсыласқаның біледі. Тұрған топ өзін зорлап машинаға отырғызып жіберді. Одан соң бейне өзін түпсіз шынырауға құлағандай не болғаны есінде жок.

Таңертең оянғанда қаланың шетінде құл-қоқсық төгілестін жerde жатыр екен. Үсті- басы құсықтан былғанған. Суық су ішкісі кеп қаталап барады. Қалаға табандай бірнеше шакырым жер бар болатын. Орнынан тәлтіректей тұрды да қайтадан жерге отыра кетті. Енді өзінің Айтбаймен арақ ішпегеніне шын өкінді.

КЕШІГІП ҚАЛДЫ

Жаздың күні тым ерте тұрған адам күн сөлесінің алқызыл түсі көкжиегін баурап алғанын көрер еді. Бұл кезде көшеде анда-санда өткен кісілер болмаса қала шырт үйкүда. Шөп басын шық басқан. Тұнде өткен өткінші нөсер жауыннан кейінгі ауа таза. Біраздан кейін қаланың шет жағындағы тұрғындары малдарын өріске айдау үшін дайындалады. Күндізгідей емес таңғы ауада дыбыстар анық естіледі. Жағыпар соңғы кезде тым ерте ояна-тын болған. Жок үйқысы қашып емес бейне өзі істеп тастайтын зор шаруа күтіп тұрғандай сезінеді. Бойында тосыннан таусыл-мас жігер, қайрат пайды болғандай. Оның тым ерте төсектен тұрғанына әйелі құдіктене қарайды. Жағыпар жасы қырыққа келсе де осы қаланың тым баяу тіршілік тынысынан тым ерте тола бастаған. Бір жағынан осы жанға жайлыш өмір ағысы өзіне үнайтын. Күнде таңертең бір мезгілде асықпай жұмыска бара жатады. Кешке таман аяғын санап басып қайтып келеді. Тек көніл түкпірінде байқалмай баяу өтіп бара жатқан уақыт ағынына өкініш те бар. Бұл жайсыз сезім өзінің тіршілігіне аз-маз қана-ғаттанбағанда пайды болатын. Өзі істеп жүрген қызметінде қан-ша талпынып тыраштанса да бар еңбегің зая кететіне көзі жет-кен болатын. Соңғы кезде Жағыпардың көніліне таусылмайтын жігер берген бір жәй болды. Өзінің тікелей бастығы Халелдің жасына байланысты зейнеткерлікке шығатын күні алыс емес. Мүмкін сондықтан болар соңғы айларда мінезі өзгеріп сала берді. Халел ақырын жүріп нық басатын. Не істесе де ойладап істейді. Өзін- өзі ұстауы, сөйлеуі, жүріс-тұрысына қарап бір кезде кемінде облыс көлемінде дәкей бастық болатындаи дәмесі бар. Сөйтіп жүріп кішкентай қаланың тіпті көпшілік біле бермейтін ұсак

мекемесінде жаттанды сөздерді айтып үйрениген, ой- өрісі от басы ошақ қасынан аспайтын козы қарын ортан қол бастықсымақтардың бірі болды. Сөйтіп жүріп үй салды, ұлкен ұлын үйлендірді, қызын түрмисқа берді. Өзінің мүшелі жасының тойын дүркіретіп жасады. Онда Халел үкімет үшін арқа еті арша, борбай еті борша болып жұмыс істеді дегендей сүйелі сөздер айтылды. Соңан соң Халелдің орнына кім болады деген қандық сөздер шыға бастады. Бұл орынға Жағыпардың дәмелі болуы орынды болатын. Бірде кешке таман нөсер жауыннан кейін ауада шөптің жұпар иісі анқыды. Олар жұмыс бабымен кеш отырып қалған болатын.

-Жағыпар кеше жоғарғы жақтан телефон сокты, орныма ойланбай өзінді ұсындым. Ол жақтағылар келісіп отыр,- деді Халел.

-Рахмет, деді Жағыпар.

Көңіл күйі көтеріліп сала берді. Одан соң өзіне таныс көшемен үйіне келген соң да тыныштала алмады. Сол күннен бастап жұмыска елдің бәрінен ерте келетін болды. Келе кеңсе алдыңын тазалығын, гаражды, қоршауды, тұнгі күзетшінің өзінің мінетін қалай атқаратынын сырттай бакылайды.

Өзі бастық болғанда қандай өзгерістер жасайтынына жоспар құрды. Ең бірінші кабинетіндегі столды өзгертіп коймак, өрине басы артық нәрселердің бәрін алып тастамақ. Ол шофердің бензинді көп алып сататынын, сыртқы қоршауды бояймыз деп жылда бояу алып оның қолды болатынын да білетін. Осында істеп жүр деп жалған ақларат беріп ақшасын Халел мен бас бухгалтер қалтасына салғанында білетін. Тұнгі күзетші пеш жанында үйықтап қалып қымбат құрылтыс материалдарының талай рет қолды болғанын білетін. Жағыпардың іштей толғаныста жүргенін Халел жақсы білетін.

-Осы жұмысты сен үйіріп әкететініңе сенемін,- деді Халел арқасынан қағып.

Бұл сөзінің жаны бар болатын. Халел жоқта талай рет орында қалған. Онда кеңседе ешкім жоқта жұмсақ креслоға отырып алып сол кезде орындалмас қиялға ұқсас тәтті ойға бой беретін. Мұндай кезде өзіне қанағаттанған тоқ сезім баурап алатын. Бар арман мақсаты Халелдің орнын басу. Ертең ауырып қалса бұл жайлы сезімді талай уақыт созуға болар еді. Ал егер жол апатына ұшыраса...

Кейде өзінің осындай ойынан шошитын. Бірақ бәрі өтті кетті. Енді талай жыл үздіге күткен арман мақсаты орындалуға жақын. Жағыпар Халелдің орнына отырар кезді асыға, үздіге күтті. Бірақ қанша тағатсызданса да күндер табандап жатып алғандай.

Анау кездегі аспандағы арылмайтын бұлттар сейіле бастаған, ауа құрғақ. Жер беті көк түсін жоғалта бастады. Аңызак жел соғып көк жиегінде сағым пайда болды.

-Ертең бүйрек келу керек,- деді Халел бір күні. Қанша айтканымен талай жыл істеген үйреншікті жұмысын тастауға қимайтын да сияқты. Халел қызметтен кететін күні Жағыпар таң атпай жұмысқа келді. Қақпа жабық, ал күзетші болса пырылдалап үйықтап жатыр.

-Әй тұрсанышы,- деді нық дауыспен **Жағыпар**

Күзетші басын көтеріп орнынан еріне тұрды.

-Сен осылай күзетесің бе?- деді **Жағыпар** зікілден.

-Ия, бірақ сенің шатағың қанша?- еді күзетші қыңырлана сөйлеп

-Өзің қалай сөйлейсің, бүгін Халел жұмыстан кететінің білемісің?-Білем, орнына кім келетінін де білем

-Онда немене дұрыстап жауап бермейсің?

Күзетші кенет қарқылдалап күлді.

-Әй саған не болған, ішіп алғанбысың?

-Ішсем ішіп алған шығармын, бірақ мен бүтін Халелдің орнына немере інісі бастық болып келетінін білемін.

-Оны саған кім айтты?

-Ел айтады, сені алдаپ соқты.

Жағыпар өз құлағына өзі сенбеді. Бейне ауыр соққы алғандай орнынан тәлтіректей келіп отырды. Ертеңінде жұмысқа кешігіп келді.

КӨН

Көктемнің ашық шырайлы күні. Әсіресе күншуакта тұрған адамға өлден соң, күннің шуағымен қоса бойына әлде қандай адам айтпас нәр тарап жатқандай көрінеді. Кейбір үйлердің бақшасында қылтанак берген көк шөптер көрінеді. Ауада дымқыл жер иісі сезіледі. Ағаш жапырақтары бүршік жаруга дайын тұр. Дулатқа қаланың осы мезгілдегі тыныс тіршілігі таныс болатын. Қыстың ұзак күнінен жалықкан адам есік алдына күншуакқа шығып бір жасап қалады. Енді өмір қыстағы қапас үйде отырғандай түйікқа тірелмеген. Тоқыраған тіршілікке бой бермей алдағы өмірге үмітпен қарайсың. Дулат көктемнің осындай шу-

акты күнінде кеткен болатын. Енді міне отыз жылдан кейін қайтып оралды. Туған жерінің тартқандығы сондай барлық жұмысын тастап, жанына серігін ертіп алғып журіп кеткен. Оған осы жердің топырағы, ауасы бәрі өзгеше болып көрінді. Вокзал басынан ақ осы қаланың асықпай акқан өмір ағысын сезді. Көк аспанда бұлттар жайлап қалықтайды. Арагідік адамдардың сөйлеғен дауыстары естіледі. Осы өзіне таныс тіршіліктен Дулаттың бойын масаттанған сезім баурап алды. Тіпті асығыс барлық шауасын тысталп келгеніне өкінген жок. Жаяу қаланың жер келе үйлерін аралап өтті. Әр үйдің қоршауы тіпті өтіп бара жатқандағы көң иісі, әтештің шақырғаны, иттің үргені барлығы бала кезін еске салады, өткен уақытты көз алдына елестетеді.

Арада отыз жыл өтседе кедей өмірдің табы айтпай ақ өзі сездіреді. Жер кепеде тұрған адамдар, кірлеу ақ жамылғы, мардымсыз тамактан өндери сарғыш тартқан балалар барлығы со бәз баяғы қалпында, тұқ өзгермеген кенет бір үйдің жанындағы арба көзіне оттай басылды. Ия кәдімгі арба, Қабылбектің арбасы. Сол кездің өзінде жасы елуге тақап қалған кісі болатын. Арбаның ескі екені көрініп тұр. Сынған дертесін жамаған, тіпті астына ілінген білік темірді майлайтын салидол салынған ыдыска шейін сол қалпында. Енді кете берейін дегенде есік ашылып Қабылбектің өзі шықты. Жасы сексенге келсе де таныды. Жүрісі тың, сол қалпында.

-Ассалау мағалейкүм

-Е балам уағалейкүмассалам, шырамытып тұрмын. Бірак танымадым.

-Бекетайдың баласымын.

-Қай Бекетай? Әлгі туысымен согласатын ба?

-Ия,- деді Дулат жаратыңқырамай

-Жөн, жөн қай баласысың, әлгі күшік күйеу болған баласымысың деп кеңкілдеп күліп алды.

-Дәл өзімін.

Дулат енді бекер танып амандақанына өкінді. Жанындағы серігінен үяды. Жаңағы қала аралап жүрген кездегі төтті сезімі быт- шықты.

-Озінді байып кетті деп естідім қарағым, сол рас па?

-Рас, аздап.

- Е, халықты тонап байығанның бірі екенсің ғой. Кенес уақытында қалай тұрып едік, енді шайлық нан таба алмай отырғандар бар.

- Ақсақал,- деді Дулат одан өрі сөзін тыңдауға шыдай алмай.
- Тұсінемін, мына ақшаға немеренізге тәтті альп беріңіз деп кесек ақша ұсынып. Шал ақшаны алмас бұрын кенқілдең күліп алды.
- Қарағым үйге кіріп дәм татып кет
- Жоқ рахмет ақсақал.
- Дулат асыға жүрді.
- Жаңағы шал кім? деді серігі
- Осы қаланың көні ғой,- деді Дулат.

ЖАРА

Тұске таман аспанды қара сүр бұлт торлап құтырынып жел сокканда құрылыс бригадасының мүшелері астыңғы бөлмеге келіп тығылды. Сол сәтте ашылып кеткен терезенің шынысы сынып, Шөкетайдың қолын кесіп кетті. Кесілген жарадан қан саулай ақты.

-Кімде қол орамал бар?- деді бригадир Сартай. Ешкім үндемеді. Сол сәтте күн күркіреп нөсер жауын құйып кетті. Сартай үстіндегі жейдесін шешіп жырта бастады.

- Жедел жәрдем машинасын шақыру керек деді біреу.
- Ең бірінші қанды тоқтату керек - деді Сартай. Кескен ағаш үтіндісі шашылған еденде тамған қанының қою қызыл тамшысы керінді. Ашық терезеден дымқыл жер иісі сезіледі. Жауын жауып тұрганына қарамай бригада мүшесінің біреуі жедел жәрдем машинасын шақыру үшін сыртқа атып шықты.

- Әй Орал, ештеңе етпейді
- Шөкетай үш күн демаласын,- деді бригадир Сартай.
- Көне саусағынды жыбырлатып көрші деді Жұматай. Саусағы жыбырлады.

-Өте жақсы жауын басылғаннан соң ауруханаға барып байлатып ал, сосын үйінде қайт деді бригадир Сартай.

-Мүмкін автобус аялдамасына шейін шығарып салайын? - деді Жұматай.

-Жоқ өзім барамын деді Шөкетай.

Шөкетайдың жасы 18- ге толса да аласа бойлы, тыртиған арық. Жасын білмеген адам 8-сыныптың оқушысы деп қалуы мүмкін. Шешесі науқас үйінде өзінен басқа З іні қарындастары бар. Жұмысқа Сартайдың көмегімен түскен болатын. Басында жігіттер өре- тұра қарсы болды.

-Жарайды бұл баланы жұмысқа алмай-ақ қояйық.
Жұматай сен темекіге, аракқа жүгіріп барып келесін бе?
-Неге мен баруым керек,- деді Жұматай қызарактап.
-Ә солай ма? деп Сартай құліп жіберді.

Шөкетай әлжуаз боп көрінгенімен жұмысқа мықты, тіпті ере-
сек жігіттерден кем істемейді. Бірақ бригада мүшелерінің өзін
көп жұмсайтына ұнамайды.

-Шөкетай балғаны әперіп жіберші?

-Шөкетай дүкенге жүгіріп барып келші.

Әсіресе жалакы алған күні маза жоқ. Қайта- қайта дүкенге
жұмсайды. Және өздері бір бастаса аракқа тоймайды. Бәрінен
тез масаятыны Жұматай, ішіп алса әркімге соктығатын жағым-
сыз мінезі бар.

Осындай ұсак- түйек жайды ескермегендег Шөкетайдың
жұмыс істегені өзін үй ішінде беделін көтеріп жіберді. Әсіресе
жалакы алған күні мейрам деуге болады. Іні, қарындастарына
балмұздақ алады.

II.

Жаздың тамаша жылы жайсан құндері созылып жүре берді. Үш
күн өткеннен кейін Шөкетай жұмысқа шыққанда бригада жігіттері
оны бейне алыс сапардан келгендей куана қарсы алды.

-Қолың қалай? Саусағың жыбырлай ма?

-Ештеңе етпейді. Ер жігіттің басына не келіп не кетпейді.

-Әзірге женіл жұмыс істей түр,- деді бригадир Сартай.

Бригада жігіттері темекі тартуға отырғанда Шөкетайды жұба-
тып сойлеуге тырысатын.

-Бала кезім,- деді бригадир Сартай, ауыл сыртында иен қал-
ған там болатын. Жаздың күні көлеңке іздеген мал кірмесін деп
есік терезесін жер тырнайтын боранамен жапқан. Борананың
жұздері сыртқа қараған. Не іздегенімді кім білсін борананы
үстінен аттап кірмек болғанымда үстіме құлаған. Мына
кеудемдегі тыртықтар содан қалған.

Отырған жігіттердің әр қайсысының басында осындай оқиға
болған екен. Қалдыбай түнде мас болып келе жатып шүңқырға
құлап қолын сындырған. Ал Бейімбет би кешінен кейін төбелес-
те арқасынан біреу пышак салған. Тек Жұматай ғана үндемей
отырды.

-Әй, Жұматай, шатақ мінезіңмен бұндай уақиға сенің басын-
да болмауы мүмкін емес.

-Дұрыс айтасың, менің денемдегі тыртыққа сан жетпейді. Бәрінен де бір орыстың бақшасына түскенде құйрығымды түзбен атқаны есімнен кетпейді.

-Шын ба?- деді отырғандар таңырқап.

-Моншаға бірге барамыз, сонда көрсетем,- деді Жұматай Шөкетайға.

Шөкетай қолы кесілгеннен бері жігіттердің арасында беделі өскенін сезді. Беталбаты жұмсауын қойған. Қайта жұмыстан үйіне ерте кайтарады.

-Бара бер, жолшыбай арухана кіріп қолыңды байлаташ ал-деді бригадир Сартай. Бұрынғыдай емес жігіттер өзіне дөректі мінездерін көрсетпейтін болған. Оның бер жағында жалақы алатын күндері де тақап қалды. Темекі тартып отырғанда әрқайсысы алатын ақшасына не сатып алатынын айтып отырады.

-Осы жолы мен аузыма үрттап алмаймын,- деді Жұматай.

-Тіпті сыра де ішпеймісің?

-Сыра ма? деді Жұматай күмілжіңкіреп.

-Ана жолы мас болып ақшасын жоғалтып алғаннан соң жүрегіне тиген ғой деді бригадир Сартай.

-Жоқ енді тіпті сыра да ішпеймін деді Жұматай қолын сермен.

Өзінің жүрттың алдында қайтпас қажырлығын дәлелдеу үшін қолын қалтасына салып алыш талтаңдап арлы-берлі жүрді.

-Көрерміз, деді Сөкенай қулана күлімсіреп.

Шөкетай қолының жарасына қарамай өз өлінше жігіттерге көмектесуге тырысатын.

-Қолыңды байқа,- деді бригадир Сартай. Жалақы алған күні тағы нөсер жауын құйып берді. Тағы да жігіттер терезе шынысы Шөкетайдың қолын кесіп кеткен астыңғы бөлмеге тығылды. Тақтайдан дастархан жасап арақ ішті.

-Саспа қолың жазылсын, моншаға бірге барып құйрығымдағы тыртықты көрсетемін деді Жұматай. Әрине ана кездегі арак ішпеймін деген уәдесін ұмытып кеткен болатын. Шөкетайға жүрттың жаны ашығанда мұсәпір болып көрінгені намысына тиді. Іштей жарасы тез жазылғанын тіледі. Күнде байлатар алдында саусағын арлы берлі жыбырлатады. Бұрынға қарағанда тәуір, бірак құлан таза жазылыш кету үшін әлі бірталай уақыт керек.

-Қалың қалай?- деді бригадир Сартай.

-Тәуір болып қалған сияқты.

Ақыры жарасы құлан таза жазылыш шыкканда куанышында шек болмады. Содан бері бәз баяғы қалпына келді.

-Шөкетай балғаны өперіш жіберші.

-Шөкетай дүкенге барып келші.

Жұматай есіне тұскенде моншаға апарып, өзінің құйрығындағы тыртықты көрсетуге уәде етеді. Ал жігіттердің кейді ішіл алғып дөрекілігін көргенде мұная жарасының орнындағы тыртықты сипайды.

БАСТЫҚТЫҢ ТУЫСЫ

Күндегі әдетімен Сабыр ерте оянды. Төсекте дөңбекшіп үйіктай алмай койған соң орнынан тұрып кетті. Сенекке шыққанда азынай соқкан желдің даусын естіді. Осы күз айының суық желі өтімді-ақ. Сабыр есік алдына шығып көңілсіз кейпімен жан жағына қарады. Қала сыртындағы тау қыратының үстінен ала шұбар бұлт жөңкіле көшіп жатыр. Сабыр үшін көңілсіз уақыт басталған болатын. Өзі істейтін құрылыш мекемесінде жұмыс тоқтағалы екі жылдай болып қалды. Алғашқы айларда күнде барып қакпа алдын тырналайтын, кейін онысын қойды. Тек анда- санда барғанда көнілі құлазып қайтады. Қакпа алдында күнде ішкен арактан азып бара жатқан күзетші мен оның шәуілдей ұрген көнден итін көреді.

Аула ішінде тілмен жалағандай ештеңе жоқ. Бәрі талан-таражта тұскен. Екі үш жерде ғана жүк машинасы мен трактордың қаңқасы көрінеді. Сабыр аяғын өзөр сүйреп үйіне қайтады. Бірақ тыныш отыра алмайды. Тұк шаруасы жоқ болса да күнде базарға барған. Жел басылған, аспандағы қою қара бұлт еріген битумға ұқсайды. Көңілсіз кейпімен базардағы сөрелерді көзімен шолып өтті де енді базарға кірге бергенде су жаңа шетелдік машинаның жанында түрған жігітке көзі түсті. Сырт кейпі соңғы кезде ойда жоқ байығандарға ұқсайды. Бірақ жүзі өзіне тым таныс.

-Апырау мынау Төкен ғой.

Жанына келгенде қателеспепті.

-Әй, Төкенбісің?

-Ой Сәке кешірініз, үлкен басыңызben келіп сәлем бергенізге.

-Оқасы жоқ, жайша тұрмысың? Өзің көрінбей кеттің ғой?

-Ой Сәке айта берсең көп әңгіме ғой, бір үлкен іс бастағам.

Ана базардағы құрылыш материалдар дүкені менікі.

-Койшы.

-Сенбесеніз сұраңыз, айтпақшы дүкеннің аты да “Төкен”.
Сәке өзіңіз не істеп жүрсіз, жұмыссыз шығарсыз?

-Иә, екі жылдай жұмыссыз жүрмін.

-Сәке мен өзіңізге қарыздармын, айлық ақыңызды тағайын-
даймын. Маған жұмыс істеніз.

Бұл ұсыныс ойда жок жерде болғандықтан, Сабыр не дерін
білмей күмілженкіреп қалды.

-Сәке мен сізге жабысып тұрғамын жок, сіздің ададығы-
нызды білем ғой. Келіспесеніз өзіңіз білесіз.

-Келісем,- деді Сабыр жұлып алғандай.

-Онда жақсы, ертең осы уақытта, осы жерде кездесейік.

II

Ол кезде құрылыс мекемесінің жұмысы жүріп тұрған. Жылда
көктемге таман жұмысшылар қабылдайды.

Бірде Сабыр басқаратын құрылыс объектісіне таңертең ерте
Төкен келді. Наурыз айының ортасы болатын. Таңертең катқан
мұз аяқ астында қытырласа, тұс ауа еріп жер саз балшыққа айна-
латын. Құрылыс басына өкелінген вагон жағылмайтындықтан Са-
быр жұлымданған қара шолақ тонын үстінен тастамайтын.

-Ал жігітім айта бер не шаруамен келіп едің?

-Мен Қасымның жиенімін, сізге жұмысқа жіберді.

-Трестің бастығы ма?

-Иә

-Қарағым қандай мамандығын бар?

-Ешқандай.

-Жарайды, ертең жұмысқа шық.

Ертеңінде емес жұмысқа бір жұмадан кейін бірақ келді.

-Ағай кешірерсіз, Какен бір жұмыс тапсырып соңда болдым.

Бұл уақытта ақ жауын жауып, жер беті езіліп кеткен. Біраз
уақыт өтті.

-Ана баланы біздің бригадаға жіберген сенбісін,- деді бірде
бригадир Кожабай.

-Иә, Какенің жиені, жұмысқа амалсыз алдым.

-Басқа бригадаға жіберсеңші, жұмыс істейтін бала емес ол
және өзінің мамандығы жок екен.

-Үйрет, әлі негізгі жұмысты бастаған жоқпыз ғой. Әрі беріден
соң жалақыны өз қалтаннан төлемейсің ғой.

-Солай ғой, бірақ зіңгіттей жігіттермен ана өлексенің бірдей
акша алғаны көнілге келеді ғой.

Күн жылыған сайын жұмыс қыза тұсті. Бұрынғыдай емес енді белді шешіп тастап құр сөз айтып отыруга болмайды. Сабыр қыстайғы бүйірі тіршілікті серпіп тастағандықтан өзін керемет сергек сезінді. Жер кардан арылған. Мол ылғалдан жер беті көк орайға бөленген. Құрылыш басындағы жұмыс қыза тұсті.

-Ана баланы қай жерге қоям, кеше бетон лактырып еді, қолы құлдіріп ойылып қалды, қауқары аз екен- деді Қошабай.

-Онда женілдеу жұмыс тапсанышы, қанша айтқанмен Какеңнің жиені ғой.

-Өзі бір пәле болды ғой - деді Қожабай кетерінде күнк етіп.

-Расында солай болды, қайда қойса да жұмыс істеген жігіттердің аяғына оралғы болды. Бір таң қалғаны оған жүдел жүрген Төкен жок, қайда жұмсаса сол жерге бара береді.

Бірде жұмысқа шықпай бір жұма жоғалып кетті.

-Ауырып қалды ма? - деді бригадир Қожан.

-Мүмкін, өзі де пәле болды.

-Сылтау тауып жұмыстан шығарып жібермеймісін.

-Айтасың ау, бала- шаға асырап отырмыз. Какеңнің қахарына іліксем сол боқ мұрын бала үшін.

-Әлгі баланың базарда ет сатып тұрғанын көрдім, - деді бригадир Қожабай ертеңінде.

-Шын ба?- деді Сабыр таңырқап.

Төкен жұмысқа дүйсенбі күні бірақ шықты.

-Не болды Төкен?- деді Сабыр түсін сұтып.

-Аздап ауырып қалдым.

-Жігіттер сені базарда ет сатып тұрғаныңды көріпті ғой.

-Иә ауырсам да біраз сауда жасадым.

-Бюллетень бар ма?

-Саке үйде қалды, саспаңыз әкеліп беремін.

Бірақ сол қалпы ештеңе әкеліп бермеді. Құрылыш басында жұмыс қыза тұсті. Енді кімнің кім екені белгілі бола бастады. Сабыр жалақы адатын күні үлкен дау-дамай болатынын іштей сезді. Жауабын беруге де тас түйін дайын. Бірақ өз басына бәр бәле тілеп алғанын сезді. Істерге амалы жок.

Айтқандай жалақы алған күні дауды Қабиден бастады.

-Бұл қалай?- деді жұмыстаң соң өзі отырған вагонға кіріп келіп.

-Не болып қалды?- деді Сабыр.

-Ана бала бізбен бірдей жалақыны алды.

-Өзің білесің Қабиден бригада да акшаны бәріне бірдей бөледі ғой.

-Әй, сен ол бала бір жұма жоғалып кеткен. Бюллетенін де әкелген жок.

-Әкелді.

-Көрсетші.

-Бухгалтерияға өткізіп жібергем.

-Тексерем.

-Тексер, әй Қабиден сен қызбаланба, бұл жігіттің жақын арада ауыстырам.

-Неге күзетке қоймайсың, деген соның қолы,- деді Қабден.

-Апырай дұрыс айтасың, қалай есіме түспеген.

Бұл ұсынысын Төкенге айтқанда ол ренжіген жок келісті. Енді Төкенді жігіттер жұмыс аяғында бірақ көретін болды. Құрылыс алаңы қаланың шетінде болғандықтан, әзірге қоршауы жок. Әсіресе демалыс күндері қырағы сақ болмаса болмайды. Төкен күзетке шығысымен тағы сөз шықты.

-Жәшіктегі цемент азайған сияқты,- деді бригадир Кожабай.

-Шын ба?

-Рас

-Белгіні қойып ба едің

-Жок

Онда неменесін айтып тұрсың?- деді Сабыр.

-Оншакты тақтай ұрланыпты- деді бригадир Кожабай бірнеше күннен кейін.

-Санаудың ба?

-Санағам.

-Кімнің кезегінде.

-Төкеннің.

Бұл таңертенгі кез болатын.

-Төкен сенің кезегінде құрылыс материалдары жоғала бастапты,- деді Сабыр Төкенге жұмыс аяғында.

-Ой Саке қалайша?

-Солайша, сенің кезегіңден кейін ылғи бірдеме жетпей қалады.

- Білмеймін тұнімен үйіктамаймын.

- Цемент пен тақтай ғана емес, тіпті кейін кірпіш пен темір арматуралар жоғала бастады.

Сөздің шыны керек Сабырды Төкеннің бұл іс- қимыл қылыштары жалықтыра бастаған еді. Төкен сияқтылар кенседе не бір жылы- жұмсақ орында отырып алып не бір нар қасқа жігіттерді

қан қақсатып таныстарының арқасында өз дегендеріне жетеді. Содан соң одан да биік лауазымды қызметтерге қол соза бастайды. Сондай топас бастықсымақтардың іс-қимылы мен сөзіне не күлерінді, не жыларынды білмейсің.

- Бұл жігіт шынында да пәле болып жабысты,- деді бригадир Кожакан таңертең екі есіктің жақтауы жоғалғанда.

- Не істесем екен, Какенің өзіне айтсам ба екен, әйтпесе осы құрылыс біткенше шыдай тұрайын ба? деді Сабыр басын сипап.

- Ол уақытқа шейін шашынды ағартар,- деді Қожакен кекесінмен құліп.

-Дұрыс айтасың, айтпақшы осы айдың аяғында Какенің өзі тексеріп келіп кетпекші, сонда айтармын.

Бірақ өзіңнен үлкен лауазымды адамға туысын қалай жамандайсын. Осыны ойлап талай түнді үйқысыз өткізді. Шындықты айту үшін жігердің батылдық керек. Сөздің шыны керек осындағы ой ойлағанда көңілі құлазып сала береді. Жас кездегі тіпті болар болмас әділетсіздікке қарсы тұратын жойқын күш қазір жоқ, қажыған мұқалған. Бұл өмірде әділетсіздіктің жеңетінін біржола мойындаған.

Жаз айының көңілсіз күндері тұрды. Көктем кезінде қардың мол ылғалынан қаулап шыққан шөп семіп солған. Жер бедері де бұрынғыдай кісі көзін тартпайды, көңілді толғандырмайды, үміт оты үшқындармайды. Аспан беті де толассыз төгілген күн сәулесінен ашықтығын жойған. Күндіз бойы сокқан жеден күм тозаң аспанға көтеріліп көк жиегін сарғыш перде жабады. Адамның сөлі кеуіп шөлдеп толассыз сұық су ішкісі келеді. Мұндай күнде жұмыста та ауыр жүреді. Осындағы күні құрылыс алаңы мен жұмыс барысын тексеру үшін Какен келді. Сабыр дәл өзін биік трибунада сөз сөйлегелі тұрған адамдай сезінді. Ақыры бар жігерін жиіп түйіп:

-Мәке осында сіздің туысының істейді,- деді.

-Ол кім?

-Төкен деген жас жігіт

-Ондай туысым жоқ.

-Көктемде сіз жіберді деп келген.

-Мен ешкімді жібергем жоқ.

Ертеңінде Төкенді жұмыстан шығарып жіберген болатын.

БАҒАНА

Сырттай қарағанда ауыл тіршілігі сол баяғы бөз самарқау қалынан түк өзгермеген сияқты. Таңғы елең алаңда малдарын өріске айдап тастағаннан кейін көшені жым жырт тыныштық басады. Көктемнің жайма шуақты жылы күні үйдің күнгей жағындағы көңмен қорданы қазып жүрген тауықтар көрінеді. Кей үйдің маңы мен шөп-шалам шашылып былығып кеткен. Серікке бұл елді мекенің тұрғындары бай кедей болып жіктеліп бөлініп бара жатқандай болыш көрінді. Асханадан түстеніп жүрді. Буфетте істейтін семізше сары өйел кезектегілерді сырыйп тастап өзінің таныстарын босататын. Ал қарсы сөз айтқандардың ауыздарын тез жаптыратын. Тіпті түскі асты кенседе істейтіндерге бөлек пысыратын. Өзіне басқа өзге жұрттың мұндай өділетсіздікке бойлары үйреніп кеткен сияқты. Жұмған ауыздарын ашпайды. Серік қалада тұрса да бұл ауылға бөтен емес еді. Осы жерде мектеп бітірген. Бірақ неге екенін білмеді кейбір таныстары амандақанда қолының ұшын өзер береді. Әсіресе жылы жұмсақ жерге орналасқандардың тәкәппарлықтары таң қаларлықтай еді. Бұл кеншардың шаруашылығының қиуы кеткені сырт көзге бірден ақ білнетін.

Тамыр таныстарын жинаған ауыл басшылары кеншар мүлкін талан таражға салғанын Серік бірге істеп жүрген жолдастарынан естіген. Қолда бар техника бөліске түскен. Бұрын темір тарсылы мен ышқына ғұрлідеген трактор дауысымен, толассыз ағаш кескен электр арасының тынымсыз дыбысы естілетін. Енді жым жырт тыныштық басқан. Кеңсе толған кісілер, не істеп жүргенін ешкім білмейді. Еңбек ақысы мәз болмағандықтан жанындағы жолдастарының қимылы тым салбыр. Көбінесе күншуақта отырып алып темекі тартып әңгімелескенді жақсы көреді. Неге екенін білмейді көрер көзге байқалмай ысырап болып жатқан көктем күндері туралы тіпті ойламайтын да сияқты. Қар еріп жер бетіне көк қаулай шыға бастады.

-Шаруашылық үшін таптырмайтын кез,- деді Серік жан жағына ойланған қарап.

-Ия, тамаша!- деді жанындағы отырған Ербол шалбарының шаңын қағып.

Олар күн шуақта, жалпақ тастың үстінде отырды. Қалаға қарай тартылған тасжолда ары- бері ағылып кетіп бара жатқан машиналар легі көрінеді. Мұндай күнде бойды салғырттыққа салатын мамыржай күйге бой бергің келмейді- ақ. Бірақ жанында отырған

серіктерінің ешкайда асығатын түрі жок. Серікті өзін өзі қанағаттанбаған жайсыз сезім баурап алды. Себепсіз әлде неге аландайды. Орнынан тұрып бой жазып жүргісі келеді. Бірақ ерініп ойлап ғана қояды. Қырып істег тастаған жұмыс та жок, әрине табыс та жок.

Мүмкін сондақтан болар өз ісіне деген ынтасты күн сайын сүйп бара жатты. Өздері отырған тастан таяқ тастам жерде осың кең шардың тракторшысы Боранбайдың үйі көрінеді. Қорасының айналасын лекерлеп қоршаған болыпты. Үйінің маныбылығып кеткен Боранбай тіркелмелі “Белорусь” тракторымен күнде жекеменшіктердің бау бақшасына көң тасып кешке таман үйіне удай мас болып келеді. Мұндайда бұраландап келе жатқан трактор кісінің қағып кете жаздайтындаи болып көрінеді. Олар күнде жалпак тастың үстіне келіп отырғанда еріксіз Боранбайдың үйінде не болып жатқанын көріп бақылайтын. Таң сәріден кешегі ішкен арактың ұтыын кетіру үшін есік алдында құдықтан алған мұздай сүйк сумен жуынып жататын.

-Ішкіш, алкаш алда-жада қазаға ұшырасаң шиттей бес баланды кім асырайды деген әйелінің шіңқілдей ұрысқан дауысы естіледі.

-Әне әйелі шығырып жатыр, - деді Ербол сүйсініп.

Біраздан соң тыл тыныш ауаны Боранбайдың тракторының моторының жұмыс істеген дауысы тілгілейді. Одан соң тіркемесін салдырлатып орнынан жылжиғы. Ал кешке таман қайтадан бұлғандап келе жатқан Боранбайдың тракторы көрінеді.

-Көрмейсің, ең аяғы Боранбайға шейін елге көң тасып пайдалабады, - деді Ербол қызғанышты дауыспен.

-Боранбай бұлай іше берсе түбі бірденеге ұшырайды - деді Серік.

Ертеңінде Боранбайдың есік алдына шығып құдықтың мұздай сүйк сұна жуынып жатқанын көрді.

-Басы ауырып тұрған шығар, - деді Ербол.

Талайдан бері ашық аспанды бұлт торлап, түске таман тез өтетін нөсер жанбыр құйып өтті. Ауада жаңа шығып келе жатқан көк шөптің балауса иісі анқып қоя берді. Сол күні жұмыс та жаксы жүрді. Енді жуынып, киініп кеткелі жатқанда көшені басына көтеріп дырылдан келе жатқан Боранбайдың тракторы көрінді. Бұл жолғы жүргісі бұрынғыданда екпінді. Олар аузын ашып үлгерген жок сарт еткізіп электр бағанасын сокты. Трактор тіпті аударылып кете жаздап әзер тоқтады. Бағана қисайып қалды. Кабинадағы удай мас Боранбай не болғанын біліп болжаудан қалған сияқты.

-Не істедің? - деді Ербол трактордың кабинасының есігін ашып.

-Мен бағананы қағ... қағып кеткен сияқтымын. Мандайы көгеріп кеткен. Эншейінде жым жырттыныш көше лезде уда шу болып кетті.

-Боранбай бағананы қағып кетіпті- деді біреу айқалап.

-Милиция шақыру керек.

-Өзінде көз бар ма, алдыңда тұрған бағананы байқамай.

-Аракқа тойып алса қайдан көрсін.

-Шатақ келе жатыр, енді көкесінді көрсетеді, деді біреу.

Серік Шатакпен бір сыныпта оқыған. Осында жұмыс істеп жүргелі екі үш рет сыртынан көрген.

Мойнына шокпардай галстук тағып алғып, дәл бір дүниенің кілтін өзі ұстап тұрғандай аяғын алшаң басады.

-Бағананы кім құлатқан?- деді өзіне өзі сенімді кісінің дауысымен Шатақ.

-Боранбай байқаусызыда

-Қалай байқаусызыда және өзі ішіп алған сияқты.

-Ия аздап.

-Полиция айтады аз ішті ме көп ішті ме.

-Полиция шақыртпақшысың ба?- деді топ ішинен біреу.

Бұл сұрапқа Шатақ жауап бергісі келмегі. Маңызды кейіпімен қалтасынан қағазды суырып алды. Бір көзін сыйырайтып ойла-на сөйлемді.

-Әй Боранбай кенсеге жүр, полиция шақыртып акты жасаймыз.

-Ойбай жаптыратындей не істеп еді?- деп Боранбайдың әйелі сарнап қоя берді.

-Қатын, жап аузынды, қүйеуің күнде арак ішкенде қой деп неге айтпайсың,- деді Шатақ кісімси сөйлеп.

-Мен айтпай жүрмін бе, тіпті құлағына қыстырмайды

-Сенің байың осыдан екі жыл бұрын Кенсайдан шебімді әкеleiп бер дегенде, ананы- мынаны сұлтау етіп тілімді алмай қойып еді. Енді көкесін көзіне көрсетемін - деді Шатақ лепіріп.

Бұл көріністі сырттай қарап тұрған Серік шыдай алмай жан-дарына келді. Жұрттынышталы қалған. Тұрған топтың жүзінде таңырқау да, кекесін де, тіпті Боранбайдың көң сатып ақшаны шаш етектен тауып жүргенін қызғанғандар табалап қарайды.

Боранбайдың мандайы қып қызыл болып қанталап кеткен. Бірақ оған ет қызуымен назар салып тұрған Боранбай жок.

-Шаке, Боранбайдың тракторын алғып қойсын делік, сонда оның шиттей бес баласын кім асырайды? Әріберіден соң қисайған бағананы түзеуге болады ғой,- деп Серік Шатактың иығына қағып.

-Айттым ғой мен саған ішкеніңді қоймасаң бірденеге ұрынасың деп Боранбайдың әйелі күйеуінің жағасынан алып сілкілей бастады. Біраздан кейін жейдесі дыр етіп жыртылып кетті.

- Эй қатын қойсаншы, байынды жаңа көріп пе едің?- деді біреу.

Серік топқа қарады. Күнде бола бермейтін тегін концертке жүрт мәз. Осы тұрғындардың біреуі Боранбайға көрші, екіншісі жақын жолдасы, танысы. Бірақ ешкайсысы Боранбайды жақтал сөйлеген жоқ. Серік тағы Шатаққа қарап:

-Шаке біз бөрін көрдік.

-Неменені?

- Трактордың алдынан қара мысық жүтіріп өтіп, соны қағыл кетпеймін,- деп бағанаға соғылды.

Шатақ Серіктің бетіне бажырая таңырқай қарады.

-Эй сен немені шатпырактаң тұрсың?- деді Шатақ.

-Шаке шынында да мысықтың кеселінен Боранбай бағанаға соғылды. Сенбесен мына жанымдағы жігіттерден сұра,- деді Ербол.

-Ия қара мысықтың кеселінен,- деді сөз төркінін түсінген біреу.

-Боранбай кінәлі емес,- деді топ ішінен біреу.

-Жоқ, жоқ болмайды, бұл ертең кісі басады,- деді Шатақ лепіріп.

-Шаке айттым ғой, біз қисайған бағананы түзейміз, Боранбай да өзінің жақсылығынды ұмыта қоймас,- деді Серік.

-Ия сүйтсін, жігіттер көмектесеміз деп тұр ғой,- деді топтан біреу.

Тұрган жұрт жақтаған соң Шатақта жібін деді.

-Эй Боранбай ақырғы ескерту -деді Шатақ.

-Әрине Шаке- деп Боранбай үшін Серік жауап беріп.

Қызықтап тұрган топ біртіндеп тарай бастады. Боранбай айығып кетіпти.

-Жігіттер рах... рахмет,- деді Боранбай міңгірлеп. Шатақ қағазын мұқият бұктең қалтасына салды.

-Ал жігіттер неменеге тұрмыз, Боранбай троспен тартсын, ал біз бағананың түбін бекітеміз,- деді Серік білегін сыбанып.

Лезде бағананы түзеп болды. Бұл кезде күн үясына бата бастаған. Боранбайдың әйелі жасаған тамақты ішіп қайтқан кезде кеш караңғылығы маңайды түмшалай бастаған.

Арада ай өтті. Жұмыс тоқтағанда бар бітіретіндері жалпак тастың үстіне отырып алып Боранбайдың үй жағын бақылайды. Боранбай берген уәдесін ұмытқан. Күнде кешке таман тракторын гүрілдетіп көшенні басына көтеріп бұраландап келе жатады.

Бірақ бағананың жанына өткен кезде баяу жылжып өтеді. Қанша айтқанмен жүргегі шайылтып қалған екен. Жаксылығы есіне түскенде жігітерді анда- санда шәйға шақырады.

ТІРШІЛІКТІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ

Ұзак қыстан жалыққан қала тұрғындарын бір желпіндіріп тастағысы келгендей кейде жылы қоқтемге бергісіз шуақты күн тұрады. Қыстай жата-жата жамбастары ауырған қала тұрғындары дәл мейрамдағыдай көшеге өре шығып мәре-сөре болып қалады. Күн демалыс болғандықтан Тоқсан үйқысын қандырып кештеу тұрған. Қыстап қысылмай шыққандықтан көніл күй марқа. Есік алдына шығып біраз тайрандап жүрді. Ашық аспан шуақты күні көніл күйіне жақсы өсер етті. Тек біраздан кейін гана күнделікті күйбең тіршіліктің қамын ойлады. Қора жайын көзімен шолып өтті. Жылда көктем басында күзге шейін істеп тастамақ болған жоспарын өз әлінше құрғанмен де, неге екенін білмейді көп жұмысы іске аспай орта жолда қалады. Мүмкін жұмыс басты болып уақыт жетпегеннен бе, әлде салғырттыққа бой бере ме, онысын өзі де білмейді. Еріксіз көзіне үйдің коршау тактайынсыз өр жерден сынып, тот басқан сыммен шандып байланыпты. Қора тәбесіндегі шөп те түгесілуге жақын. Ал қыс аяғы ойда жоқ жерде созылып кетсе не болады?

Біраз тұрғаннан кейін күн шуағынан, көше шуынан көнілі көтеріліп сала берді. Көзіне леп- лезде есік алдына жиналып қалған қардың ерінді суы көрінді. Арықты аршып ағызып жібермесе тұнгі аяздан қатып көк тайғақ мұзға айналуы мүмкін. Корадан сүймен лом темір алып арықты арши бастады. Қакпана айқара ашып тастағандықтан көшеден әрлі- берлі өткен кісілерді байқайды. Анда- санда ерінді суды шашыратып машиналар өтіп бара жатады. Біраз жұмыс істегеннен кейін денесі қызып сала берді.

-Сөламатсыз ба?- деді тосыннан біреу. Жалт бұрылып қарғанда өзіне тақау келіп тұрған ұзын бойлы жас жігітті көрді. Кім кісінен бұл жақтың адамы емес екені бірден білінеді. Әсіресе суыр малақайының жүні күн сөулесімен жылтырап кісінің көзін тартады.

-Мен сізден бір танысымның үйін сұрайын деп едім.

-Кімнің үйі керек еді? Мен бұл маңайда тұратын барлық адамдарды танимын -деді Тоқсан.

-Аты тілімнің ұшында тұр, бірақ ұмытып қалыптын- деді бейтаныс жігіт.

-Оқасы жоқ, анау көк шатырлы үй. Үйдің үйесі бір кезде аудан орталығының сауда базасының менгерушісі болатын. Аты Тортай, содан соң жекешеліндірілгенде қалада он шакты дүкен ашты. Былтыр ұлы үйленгенде ауданның бетке ұстар азamatтарын шакырып дүрілдетіп той жасаған. Тіпті телевизорға түсірді. Тойында мен де болдым,- деді мактанышпен Тоқсан.

-Жоқ, ол кісі емес,- деді жігіт.

Тоқсан бейтаныс жігітке өкінішпен, бірақ сұыр малақайына күрметпен қарады. Өзінде осындағы малақай жоқ болғандықтан, көңіл түкпірінде қызғаныш оты тұтанды.

-Мүмкін анау ак шатырлы үй шығар? Аты Шәкен. Асфальт заводының директоры. Ауласы тіпті қорасының ішіне шейін асфальттап тастаған. Маған да біраз көмектескен - деді Тоқсан.

-Жоқ, жоқ ол кісі емес,- деді бейне кінәлі адамдай жымиып бейтаныс жігіт.

Тоқсан жігітке енді сын көзімен қарады. Бірақ сонда да су жаңа сұыр малақайына қызыға, қызғана да қарады. Күн одан сайын биік көтеріле түсті. Көше шуы өсе түсті. Үйдің шатырынан акқан тамшы судың дыбысы естілді.

-“Апрай сонда бұл жігіт кімді ізден жүр? Мүмкін Сайынға келген шығар. Анау шетте мыжырайған там үйде тұрады. Үйінде түк жоқ болса да өзі кеуделі. Тіпті көрші тұrsa да, жаңағы өзі айтқан адамдар оны қонаққа шакырып көрген емес. Окымысты дейді. Кім біледі, оқу соқты болып маңайындағы тіршілік ағынан шет қалды ма екен. Әйтеуір өзімен- өзі жүрген жан. Бағанадан бері көзіне неге қарамаған иә Сайынды ізден жүр”.

-Мүмкін анау шеткі тоқал там шығар,- деді немкетті иегімен нұсқап. Аты Сайын.

-Иә дұрыс айтасыз, аты Сайын. Іздегінім сол кісі еді,- деді қуанышын жасыра алмай.

Енді Тоқсан жігітке өкінішпен қарады. Тіпті біреудің сұыр малақайын тартып алып киіп жүргендей көрінді.

-Рахмет, деді жігіт тоқал тамға қарай асыға бет алып.

Тоқсан бейтаныс жігітті жаратпаған қалпымен шығарып салды. Жерде қар сұы көліктейді, бетіне күн сөулесін ойнатады. Тоқсан қолындағы сүймен темірмен дәл біреуден өшін алғысы

келгендей жерді үрғылай бастады. Біраздан кейін тыныс алмак болыш токтады. Көктем күніне бергісіз күн шуағы жерге төгілді. Бірақ нағыз қыстың күні түгелісуге әлі талай уақыт бар еді.

БАЗАР КҮНІ

Жексенбі күні болғандықтан Ерсайын кештеу тұрды. Есік алдына шыққанда күздің тамаша жылы жайсан қуні екенін көріп қуанып қалды. Бой жазу үшін есік алдында талтандалап біраз жүрді де үйіне келіп шайға қанып, киініп сыртқа қайтадан шықты. Көшке бойындағы ағаш жапырактары сарғыш тартқан. Ауа құрғак. Солтүстік жақтан болар болмас ызгар білінеді. Бірақ күн көтерілген сайын жыли түсті. Аспанда бір түйір бұлт жоқ. Болар болмас желден ағаш жапырактары жайлап жерге түседі. Жердің беті сарғыш құрак көрпедей көз тартады. Ерсайын осындай күздің күнін ұнататын. Көктемдеңідей алдағы күнге орындалмайтын мақсат қоймайсың. Ал жаздың күні мәнгі созыла беретіндей алдамшы сезім де жоқ. Откен уақытқа қанша қанағаттанбағандық сезім болса да бәрібір осы күніңе шүкіршілік етесің. Ерсайын өзіне-өзі риза тепе-тендік күйде болды. Бұл сезім өзінің жұмысына деген қанағаттанғандық, өзінің қазіргі тұрмыс-тіршілігіне деген қанағаттанғандық. Осы көніл күйіне күздің ашық жайсан қуні де себеп болғанын сезеді. Үйінен ұзған сайын базарға кетіп бара жатқан кіслер легі көбейе түсті. Арасынан таныстарын көріп бас изеп амандастып қояды. Кенет көшениң киылышынан өзінің қызметтесі Сабыртайды корді.

- Ереке, қалыңыз қалай болыш жатыр?- деп өзімен елпендей амандасты.
- Жаман емес.
- Тәрізі соғым сатып алуға бара жатқансыз ғой,- деді Сабыртай қалжындал.
- Е, несі бар, алсак аламыз.
- Өз жағдайың қалай?
- Қалай болушы еді, анау құнгі жиналыстан кейін тұнгі үйкідан қалғанмын.
- Бастықтың саған әділетсіздік көрсеткені рас.
- Отырғандардың біреуі аузын ашпады ғой мені жактап,- деді Сабыртай нали сөйлеп.
- Олай деп ойлама, реті келсе айтамыз- деді Ерсайын кеудесін көтеріп.

-Тілеуіңізге раҳмет Ераға.

Осылай өнгімелесіп бұлар базарға тақап қалғандарын байкамай қалды. Адамдардың нөпір легі өсе түскен. Базар қақапасының алдында ұзыннан - ұзак, қаз-қатар тізілген машиналар көрінеді. Ерсайын көнілін думанды тойға келгендей албырт сезім баурап алды. Өзі де жиын, той думанды жақсы көретін.

Кенет..., кенет...

Иә кейін есінде түскенде тіпті үйкісі шайдай ашылады. Бастығы базардан шығып өзіне қарсы келе жатыр екен. Ерсайын тіпті Сабыртайдың жанынан тұра қашқысы келді. Кайдан кездесіп еді осы даукас пәллеге. Алғашында бастығы тіпті байкамай етіп кететін шығар деп те ойлады, бірақ қарсы келе жатыр, бұрылым кету ойында да жоқ. Ерсайын Сабыртайдың пәле болып жабысқанын қайдан білсін. Базар күні екеуі әдейі жолығып, шүйркелесіп сөйлесіп келе жатыр деп ойлауы мүмкін ғой. Кенет өзіне өзі риза болған марка көніл күйі леп лезде сейіліп сала берді. Ерсайының есі шықты, тіпті мандайы тершіп кетті. Қалтасынан орамал іздей бастады. Қырсық болғанда таба алмады. Төс қалтасында екен, ала салып дәл ет жеп, сорпа ішіп терлеп отыргандаі бетін сұрте бастады. Мұнысы жанындағы тас кенедей жабысып келе жатқан Сабыртаймен сөйлесіп келе жатпағандығын көрсету еді. Ерсайынға аспаннан қара бұлт төніп күн көзін пернелегендей болды. Базар шуынан бүкіл өлем тапырағы шығып жатқандай болды. Бейне біреу өзін тергеуге алып бара жатқан қылмыскердей сезінді.

-Не болып қалды?- деде Сабыртай түк түсінбей.

-Жүрегім,- деді Ерсайын міңгірлеп.

-Онда токта демінді ал.

-Жоқ, жоқ қазір кететін шығар.

Енді түк сатып алмаса да елмен бірге желігіп базарға келгеніне өкінді. Міне ғажап қарсы алдында жаңа ғана келе жатқан бастығы жоқ. Қайда кеткен, әлде солай болып көрінді ме екен? Елес болуы мүмкін емес қой. Жарайды бетін орамалмен сұрткенде көрмей қалды, бірақ Сабыртай неғып байкамады.

-Жаңа алдымызда бір кісі келе жатыр еді ғой,- деді Ерсайын міңгірлеп.

-Отіп кетті, айтпакшы біздің бастықтан аумайды.

-Апырай - деді Ерсайын енді еркін демалып. Өзін бейне тосын қауіптен құтылған адамдай сезінді.

-Ту тіпті ыстықтап кеттім ғой.

-Қалай жүргінің ауырғаны басылды ма- деді Сабыртай та- ныркай қарап.

-Е, үйреншікті ауру ғой қойды- деді Ерсайын

Енді ғана көңілі жайланаң орнына түсे бастады. Күннің кызының, базардың көнігі тіршілік тынысын, күзгі күнгі жапырақтардың шіріген дымқыл иісіне дейін сезді. Жаңағы шайқалған көңіл күйі қайтадан өзіне жайлышынан түсінгенде тендердің қалпына енді.

СЕНБЕДІ

Тұнгә таман маңайды жым- жырттыңыштық буды. Аспанды аксүр бұлт торлат күн сұып кетті. Біраздан кейін жерге ұлаша қар жауа бастады. Таңертең тұрған Шаймерден жер бетін аптақ қар басқанын көрді. Бір ақ күнде жердің бейнесі өзгеріп сала берген. Көшенің ойлы-кырлы жерлерін қар тегістеп тастапты. Сенбі күні болғандықтан көшеканырап бос жатыр десе болғандай. Қар бетіне өлі із түспеген. Шаймерден өзгеріп кеткен көшеге ойланғанда қарал қызырып жүріп кетті. Кері бұрыльып үйіне такай бергенде артынан машинаның ғүрілі естілді. Жалт бұрыльып қарағанда кәдімгі мастерды ұстап алтын таситын полицияның жеңіл машинасы, және бір таңқалғаны өзінің үйінің жанына келіп тоқтай қалды. Кабинадан полициямен бірге түскен адамды таныды, көршісі Сабыртай. Қакпаны ашып аулаға кіргенде көршісінің қолын сермен сөйлем тұрғанын көрді.

-Сезіктенемін, неге сезіктенбеймін, сиырым жоғалған күннің ертеңінде әйелі келіп үйімнен сұт алтып тұр,- деген Сабыртай-лың сөзін естіп қалды.

-Көрші болғаннан кейін, сиырыңыздың жоғалғанын естіп айтқан шығар деді полиция қызметкери.

-Жоқ қазақ текten жақсылық жасамайды,- деп даурып болмай қойды Сабыртай.

-Не болып қалды?- деді Шаймерден жандарына келіп.

-Міне езі де келді,- деді Сабыртай.

-Азамат мына көршінің бір жұма бұрын сиырын жоғалтып алыпты, соны сізден көріп арыз жазып әкелді. Сол бойынша тексеріп келіп едік.

Шаймерден алғашында сасқанынан сөз таба алмай қалды. Нені, нені дей берді.

-Әнен көрмеймісің сасқанынан тұтығып сөйлей алмай қалды.

Мен сендерді текке өкеліп отырған жоктын, тіпті сиырымның терісі осы үйдің қорасынан табылса тұқ таң қалмаймын.

-Тексеріндер, - деді Шаймерден амалсыздан.

Полиция қызметкерлері қораны, шатырды тексеріп тұқ таба алмай есік алдына қайта шықты. Бағанағыңдай емес бұлт арасы ашылып, көкшіл аспан көрінеді. Күн жыли түскен сияқты.

-Мүмкін қырдағы туысқандарына салып жіберген шығар,- деді Сабыртай.

-Егер сіз жала жапсаныз занды түрде жазаланасыз, - деді полиция қызметкери.

-Неге жала жабамын, бағана сезіктенемін деп айттым ғой,- деп Сабыртай болмай қойды.

-Әй көрші мынау не, масқара, ғой,- деді Шаймерден енді есін жиып.

-Масқараны ұсталғанда көресің, - деді Сабыртай кіжініп.

-Кой, көрші.

-Көреміз әлі,- деді Сабыртай сұқ қолымен өзін нұскап.

Шаймерденнің бағанағы өмірге деген іңкөр сезімі леп лезде сейіліп сала берді. Аспанда бұлт арасынан күн сөулесі көрініп, күнде ери бастады. Полиция машинасы жүріп кеткеннен кейін Шаймерден есеңгіреп біраз тұрып қалды.

-Айттым ғой мен оларға жолама,- деп әйеліне дүрсे қоя беріп үйіне кірген соң.

-Не болып қалды?- деді әйелі түкке түсінбей.

-Ана Сабыртай жоғалған сиырын бізден көріп полиция алып келіпти.

-Астапыралла не болған, бар жазығымыз емшектегі балаларын аяп сұт бергеніміз бе,- деді әйелі көзінен шарасы шығыш.

Шаймерден тіпті үй ішінде тынышталып отыра алмады.

-Адамдар осы қызық жақсылық жасасаң түсінбейді,- деді Шаймерден.

-Жарайды тыныштал, одан да отын бұтасаңшы,- деді әйелі.

-Оның рас

Есік алдына қайта шыққандай күн одан сайын жыли түскен.

Шаймерден қызба мінезді адам болатын. Бірақ ашық аспан, күншуағында тұрып, төбеден тамған кар сұнының тамшысын естіп жаңағы ойда жокта пайда болған ашу ызасы басыла берді. Біраз отын бұтағаннан кейін мұлде ұмытты десе болғандай.

ТОЙ

Кеңес інісінің үйлену тойына үш күнге сұраныш келген.

Қыстың күні. Жаңа жаутан қар күн сәулесімен жарқ- жүрк етіп көз қарлықтырады. Үзғарлы сұық адам денесін тітіркендіргенімен де бәрібір таңертенті күн сәулесі енді алаулап шығып келе жатқан кезде ерекше түрленіп, терезеден көрінетін қыраудың суреті, ағаш бұтактарына қонған мамық қар кісі назарын өзіне тартады. Мұндай кезде адам бойында жан сергектігі пайда болып, осы күнделікті тым асығыс өбігерлі өмір ағынына сын көзімен қарайды. Кеңес өзі туып- өскен қаламен жыл сайын байланысы азайып бара жатқанын уайымдап ойлайтын. Ондағы өмір өзінің бала кезінен өрі өзгермегендей көрініп, өтіп кеткен жастық кезіне бір сәт болса да қайта оралғысы келетін. Бірак қала танымастай болып өзгеріп бара жатқанын білетін. Өзі де күндіз- түні істеген жұмыстан шаршап-шалдығып жүргендіктен, туған жеріне бой сергітіп қайтатын мүмкіншіліктің болғанына қуанды. Тіпті қала сыртына серуенге шығып, қырдың таза ауасымен демалып, талай жыл жүздеспеген туыстарын көріп, мауқын басқысы келді. Самолет жерден көтерілісімен көніл-күйі жайланаңып, көптен бері көкірегінде жүрген сезім сыртқа лап берді. Мүмкін алыстан келе жатқан адамның туған- туыстарына деген сағыныш па?

Аэропортта таныстарынан ешкімді кезіктірген жок.

Кең көшениң бойымен ұзақ жүріп отырып, ақыры өзіне таныс үйдің жанына келді. Қакпадан кіре бере есік алдында түрған бірнеше женіл машиналар көрінді. Сенекте толған аяқ киім. Бейтансыс, егде тартқан адам есік ашып, кіріңіз деді.

Төргі үйде ұзын столдың басында дабырлап отырған кісілдер сырттан кіріп келген Кеңесті байқамай да қалды.

-Кеңес келді, - деді біреуі қуанышты дауыспен. Жұрт жамырай орындарынан тұрды. Танитыны бар, танымайтынын бар-барлығы жалпылдап амандастып жатыр. Төргі бөлмеден күлімсіреп інісі шықты.

-Апрай- ай, телеграмма бермедин бе, карсы алар едік қой.

Жұрт стол басына қайтадан отырды. Кең жастархан үстінде ине шаншар жер жок.

-Астаналық қонаққа толтыра құйындар,- деді біреу.

Кеңес ішімдікке көп құмар емес. Бірак, асабаның лимонад ішуге арналған фужерге аракты толтыра құйып жатқанын көріп зәресі ұшып кетті.

-Оныңыз не, көп қой.

-Ештеңе етпейді, алыстан келдіңіз. Оның үстіне тоңып қалған шығарсыз, жылыныңыз. Тәйірі, ер адамға екі жұз грам арак сөз бе екен,- деді арак құйып отырған семіз сары. Қызып алған жұрт бұл сөзді қолпаштап ала жөнелді. Кеңес ыңғайсыздана күлді де, бейне у ішетін адамдай көзін жұмып альп жұта бастады. Фужерді тауысқанша тұншығып өліп кете жаздады. Айлар бойы аузына тұқ алмаған адамның екі жұз грамм арақты ішіп жіберуі онайға сокқан жок. Бірден басына шықты. Алғашқы сөтте біраз көңілденгендей болды. Жұрттың өзіне ықылас, ынтамен қарағанын сезіп отыр. Масайып қалмасам деген ой келді. Жаңағы өзі келгендері дабыр- дұбыр сөз қайтадан жалғасты. Жанындағы отырған кісілермен таныса бастады. Өзінің лауазымды қызметін айтқан соң олар одан сайын жалпылдай түсті. Қасындағы жігіт жатып жабысқан соң тағы алып қоюға тұра келді. Енді ол өзінің шын масая бастағанын сезді. Дастарқан басындағылардың көбісі арақты қымыздай сіміріп отырғанын көріп, таңырқады. Әсіреле, босаға жактағы кемпірдің рюмкеге толы арақты тартып жібергенде көңілін жайсыз сезім баурап алды. Неге екенін білмейді, тойға бекер келдім деген өкінішті ой қылаң берді. Бұл көңіл- күйін жанында отырған жылпос жігіттің сөзі де бөле алмады. Өзін бейне тұзу жолмен келе жатып адасып кеткен жолаушыдай сезінді. Жол соғып шаршағаны да бар, бірден мөлшерсіз арақ ішкені қосылып, бойы ауыр тартып, үйкысы келді. Қызып алған жұрттың орнынан тұратын түрі жок. Жұмыс күні болса да ешқайда асықпай, еркін отыр. Есік алдына шығып, таза ауамен демалып, бой сергіткісі келді, бірақ жайбаракат отырған жұртты баса- көктеп шығып кетуге үялды. Енді біраз соң жанындағылардың сөзін тыңдауды койды, тек басын шұлғи берді. Дастарқан үстінде бағанағы өзі келген кездегі самсаған бөтелкелердің талайы босады. Біреу өн бастамақ болып еді, қостаган ешкім табылады. Інісімен де өлі сөйлесуге жағдайы болмай тұр. Ақыры жұрт орындарынан тұрып, сыртқа шықты. Кеңес те тұрды.

Уақыттың тез өткеніне таңырқады. Күн қызара талмаурап көк жиекке құлаған. Үйлері кала шетінде болғандықтан көзіне анық көрінген жота мен тау етектеріне кеш көленкесі үйірліпті. Аяз қатая тұскен. Есік алдында арлы- берлі жүгіріп таза ауамен демалып, біраз сергіп, бой жазып қалды.

Кеңес қанша тырысса да сергімеді, оның есесіне өміріндегі көленсіз жайлар есіне тұсіп, көңілі нілдей бұзылды.

-Үйге кірмеймісің бе, тоңып қалдың ғой- деді інісі келіп. Анасы өз бөлмесінде екен. Бұрынғыдай емес, картайып шөгіп кеткен. Бірден- ақ науқастанып жүргеніне көзі жетті. Ауру адамға мына әбігер- шу онай емес қой. Бірақ сонда да өзін сергек ұсташа тырысып- ақ отыр. Кеңес апасымен сөйлесіп болып ортаңты бөлмен-ген шықканда, үй-іші адамдарға қайта тольп кетіпті. Кайтадан дастарқан жасалыпты. Бөлме арасында етженді қызыл шырайды келіншек зыр жүгіріп жүр. Еркек адамға сұқтана қараған көз кара-сында женілtek әйелдерге тән ойнақылық бар. Дастархан басын-дағы туған- туыскандары өзге жүртты шығарып салып, енді кенірек отырмақ сыңайы бар. Өзінің немере ағасы Құдайберген орнынан тұрып, Кеңесті жанына отырғызды да:

-Ал, бағана жолдана шаршап келген соң сөз бермек еді. Еңді тілегінді айт. Бөтен ешкім жок, бәрі өзіміз- деді.

Кеңес сөйлеп болды да, рюмкаға жай аузын тигізіп дастарқ-ан үстіне қоя салмақ еді, отырған жүрт қолқалаған соң еріксіз ішүіне тұра келді.

-Сакен әuletінің барлық баласы ер жетті. Міне, ең кеңжесі үй болып, шаңырақ көтерді, - деді Құдайберген.

Кеңес жерлестерінің өзінің астанадағы тұрмыс- тіршілігі мен қызметін тым жоғары бағалайтынын біletін. Бірақ осы күнгі ла-уазымды жұмысқа жеткенше әркімге жалтақтап, тіпті жас кезінен бойында бар тамаша касиеттерін жоғалтып алғанын білмейді ғой. Соңғы кезде өзінің рухани токырауға үшырап жүргенін біletін. Кейде астанадағы үй- жайын қызметін тастанап, өзінің туған қала-сына қайтып оралғысы – ақ келетін. Бірақ оған кеш.

Күйрдақ желініп, шай ішіліп болған соң тұн ортасына таман ет жеу үшін қайта отырды. Сілесі қатып, шаршағаны сондай отырған жерінде үйықтап кеткісі келді. Тек жатар алдындаған есік алдына шықты. Құрғақ сұық аяз бойын сергіткендей жүре бергісі келді. Аспан жүлдізды екен. Аппак мамық қар боза-мықтанып көрінеді.

Таңертең ерте оянды. Үй - ішін жым- жырт тыныштық бас-кан. Тұндегі арақ өтіп кетіпті. Есік алдына шығып, бой сергітіп алған соңған біраз женілденгендей болды. Одан соң киініп алып көшे қыдырды.

Аспанды бұлт пернелеген. Қала шетінен басталатын тау шо-кылары көзге бұлыңғырланып көрінеді. Ауада жаңа жауған қар иісі анық сезіледі. Қанша өзін- өзі қамшылағанымен кешегі жолда келе жатқан кездегі сергек көніл- күйі оралмады. Жаңа

жауған көбік қарды омбылап бірталай жүрді. Аула ішіне кіргенде үйдегі ерте оянған жалғыз өзі ме деп ойласа, кора жакта шаруа қамымен жүрген әкесін көрді. Әкесі қалада да қыр қазағының мал ұстайтын әдетін қойған жок. Кенес жанына келгенше жұмысын доғармады. Қартайса да, өлі қимылы ширак.

-Кенесжан, жата түрмадың ба? - деді айырмен жерде шашылып жатқан шөпті жинай беріп. Үйге кіргенде жұрт орындарынан тұра бастапты. Күбір- күбір сөз бен күлкі естілді.

-Кеше аздап тартып жіберіппін - деді Құдайберген қарқылданап құліп.

Конактар таңертеңгі шай ішу дастарқан басына жиналды. Тағы да рюмкелерге арак, құйылды. Кенес бас тартып көріп еді, дастарқан басында отырған туыстары тақымдап болмаған соң еріксіз ішін алуға және бірнеше рет қайталауға тұра келді.

Біраздан соң жұрт кешкі той қамына дайындалуға орындағынан тұрды. Абыр- дабыр басталып кетті. Кенес танымайтын бөтен әйелдер жұр. Шешесі жатқан бөлменің есігін ашқанда бетін ыстық леп шарпыды. Бөлме іші моншадай ысып кеткен. Апасы өзінің сырқаттанғанын сездіргісі келмей, ұлының үйленгеніне қуанғысы келгенмен де, бәрбір көзінен үрей табы сезіледі.

-Апа, желдеткішті ашсам қайтеді?

-Суық тиіп қала ма деп қорқамын.

-Бөлменіз тым ыстық екен.

-Ескі науқас қой, ештеңе етпес, мағана аландамай дем ала бер.

Кенес есік алдына шыққанда аспанды қалың бұлт торлай бастапты. Құн борайтын сияқты. Қала шетіндегі төбелер көзге бұлышырланып көрінеді. Бейне аспан кеңістігі тарыла тұскендей. Келген кездегідей емес, маңайына бір түрлі жатырқай қаралды. Бала кезіндегі кен көшелер тарылып, үйлер аласара тұскендей. Бәрінен де қапырық бөлмеде науқастанып жатқан апасына жаны ашыды.

-Анам науқастаны жатқан сияқты - деді әкесіне

-Е, балам, кәрі адам болған соң құнде ауырады. Кемпірдікі белгілі жай гой.

-Әкесінің қимылы ширак. Корал толы мал. Өз есебі түгел. Жас келіні туралы:

-Жақсы жерден. Құдам да осал кісі емес,- деді тығыздай сөйлеп. Әкесінің бұл сөзі Кенеске ұнамады.

Күн райы бұзылды.

Тұске таман үйдің жанында әбігерленіп жүрген кісілер көбейді. Арапарындағы бір- екеуі өлден ішіп алған сияқты, аяқтарын шалыс басады. Кенес арлы-берлі жосылып жүрген адамдардың арасында өзін қоярға жер таба алмады. Тұскі тамақта да жаны жай тауып тынышталмады. Ыстық бөлмеде қиналып жатқан шешесін көз алдына елестетеді. Өзінен басқа ешкімнің қаперіне ештеңе кіріп- шығар емес, даурыға сөйлеп отыр. Тұстен кейін үйдің жаңына екі “Волга” мен бірнеше женіл машина келіп тоқтады. Күннің бұзылғаны анық болды, жел азынай соқты. Аспанда қар қырышықтары ойнақ салады. Бұл алай- дүлей бораның алды ғана еді. Өлден- ак көрші үйдің бейнесі бір көрініп, бір жоғалып кетеді. Есік алдындағы қаптаған көнілді жүрттың елейтін түрлері жоқ боранды. Жастардың кейбірі тіпті жалан бас. Бәрін басқарып жүрген Құдайберген.

-Ал қонақтар машинаға отырайык. Жұрт машиналарға отыра бастады.

-Кенес,- деді Құдайберген екінші тұрған “Волганың” есігін ашып. Қатар тұзеген женіл машиналар, ұзын көше бойымен зырлай жөнелді. Боранның катая тұскені анық сезілді. Алда кетіп бара жатқан “Волганың” сұлбасы көрініп, бір жоғалып кетеді. Құдайберген кеңестің жаңында отырған қызыл шырайлы толық келіншекке дөрекі қалжындал, қарқ- қарқ құледі. Ақыры кішігірім совхоз бөлімшесінің клубына үксайтын данғарадай үйдің жаңына келіп тоқтады. Есік алдында күтіп тұрған адамдар көрінді. Барлығы улап- шулап күйеу жігітті карсы алды.

Шашу шашылып, өлең айтылды. Есік алдындағы жұрт үйге кірді. Кең бөлменің ортасына стол жасалыпты. Шампанның тығындары атылып күйеу бала мен келінге ізгі тілектер айтылып, тост көтерілді. Ақыры жас жұбайлар бастаған топ қайтадан машиналарға отырды. Жаңа ғана журіп өткен жолды лезде қар басыпты. Женіл машиналар қала сыртына салтанатты түрде қыдыруға шықты.

Боран үйтқып тұр...

Құлкі мен сөз сап тиылған. Тіпті өрқашан көнілді жүретін Құдайбергеннің өзі тым- тырыс. Кенеске бұл жүріс үнады. Мына азынай соққан боран жан тыныштығын өкелді. Женіл машиналар бейне мына ақ түтек боранның шырмауынан құтылу үшін барынша ағызып келеді.

-Әй, мыналар қайда бара жатыр? Тоқтат кейін қайтамыз,- деді Құдайберген шоферға.

Кенес отырған “Волга” алдында кетіп бара жатқан майналадардан озып барып тотады. Мұндай күнде жол жүргендерді жаратпағандай екпінді жел түрлі- түсті ленталар мен шарларды жүлкөлай бастады. Жастардың ойында дәнене жоқ, мәз- мейрам.

-Қайтындар. Осы қылдырғандарың жетеді. Күнді көрмейсіндер ме?
Женіл машиналар легі кері бұрылды.

Олар үйге жеткенде маңайды кеш қарандылығы басыпты. Есік алдында күтіп тұрған шулы топ қарасы алды. Тағы да шашу шашылып, жар- жар айттылды. Үй- іші бейтаныс адамдарға толып кетті. Той басталар кездегі өбігер ғой. Кенес өбден шаршады. Апасының халін білмекші болып, бөлмесіне кірді. Ана баласын көріп күлімдеді.

-Жағдайыңыз қалай?- деді Кенес.

-Шүкір, маған аландама...

Көңілін көтергісі келіп, кіріп- шығып жүрген жүртқа сергек қарағысы- ақ келеді.

Той басталды. Жүрттың бәрі шат- шадыман күйде жүргенде жалғыз өзінің томсырайып, көңілсіз болғаны өбес екенін сезінгенімен де, бәрібір қабағын аша алмады. Мүмкін жайдарды жүрер ме еді, шешесі ауырып жатпағанда.

Әлі өмірден таршылық, қындық көрмеген жастар мұның жағдайын түсініп білмес те. Өзінің көңілсіз отырғанын сездірмей жанындағы отырған кіслермен сөйлеспек болды. Үзілісте топырлаған жүрт сыртқа шығып бара жатқанда әкесі Кенесті шақырып:

-Кенесжан шешенің жүрегі қысылып жатыр, -деді абдырап.

Кенес шешесінің болмесіне кірді. Анасының беті аппақ қудай болып кетті. Екі иінінен өзер демалады.

-Дәрігер шақырайық- деді Кенес.

Дәрігер келгенше анасының жанында отырды. Төргі үйден дабыр- дұбыр айқайлаған сөз бен музыка үні естіледі. Жастар бір отырыстан кейін серпіле билеп жатыр. Ақыры дәрігер де келді. Ештеңе айтпаса да, аурудың қауіпті екені жүзінен білінді.

-Тыныщтық керек,- деді ол,- тыныштық.

-Мүмкін қонақтарды тезірек үйлеріне қайтарсак қайтеді,-деді Кенес.

-Әкесі шошып кетті.

-Оның не Кенесжан, масқара ғой. Шешендікі ескі ауру, бір түн шыдар, дәнене етпес.

-Ештеңе етпейді, енді женілдендім,- деді анасы.

Ауыз үйге шыкканда Кеңестің білегінен Құдайберген шап беріп үстап алды.

-Сені іздеп жүр едім. Құдалар күтіп отыр. - Кеңестің сөзін тындамай, дедектетіп бір бөлмеге алып барды. Бұл үлкендердің данғаза шудан оңашаланып отырған бөлмесі еken. Бас құда өзінің жанынан орын берді. Отырғандар шетінен етженді. Құдасы ыстықтап жейдесінің түймесін ағытып тастаған. Ерек-әйел бәрі қызып алған. Кеңес те еріксіз алдындағы рюмкасын қинала көтерді. Оған риза болған құдасы ток құлқімен кенқілдей құлді. Үй іші сөз бен құлкіге толды. Кеңес құдасының сөзін ықылассыз тындағы, бірақ үйып отырғандай, басын шүлғи берді. Бәрі де төрдегі семіз, қара бұжыр адамға елпектей түседі. Осы бөлмедегілердің бәрі тойда отырса да, өздерінің қызмет жағдайын естен шығармайтын сияқты. Төрдегі отағасы құлсе, бәрі де құлуге тырысады.

Канша уақыт өткенін білмейді. Бірақ көп отырғанын біледі. Отырған қонақтар орындарынан тұрып, далаға желпініп келмекші болғанын біледі. Есік алдында үйге бір кіріп, бір шығып жүрген жастар көрінеді. Кейбіреулері қызу. Үйдің бұрышында бір мас жігіттің жолдастары сүйреп әкетпек болады, бірақ ол көнбей әлек. Думан жалғасуда. Шешесіне кірді. Бөлме ішіне көмекі жарық түсірген тұнгі шам жаныпты.

Аласы енді ғана жаны тыныш тауып, рахаттана дем алып жатыр. Бірақ көрші бөлмедегі шудан үйшіктай алмай жатқаны байқалады. Кеңестің кіргенін сезіп көзін ашты.

-Қалыңыз қалай?

-Шүкіршілік... - деді анасы, - маған аландама, балам.

Кеңес анасының мазасын алмас үшін шығып кетті.

Шу үдей түскен. Бірінің сөзін бірі тындаған жүрген жұрт жоқ. Ақыры тұн ортасында дастарқан үстіне буы бүркыраған ет тартылды. Қонақтар стол басына кайтадан отыра бастады. Бас құданың алдына бас қойылды. Тағы да рюмкаларға арак толтыра құйылышп, тағы да тілек айтышп, арак ішілді. Тартынып ішіп отырған ешкім жоқ, бәрі аянбай сілтеп отыр. Кеңес өзінің маңайында болып жатқан жайды саналы түрде болжап білуден қалды. Бірақ өзін-өзі үстауға тырысып бақты. Бас құда әлі тын, былқ етер емес.

Кеңес өзінің масая бастағанын сезіп, арактан бас тартпақ болып еді, құдасы шын ренжитіндей сынай тарынтақан соң, алып отыруға тұра келді.

Таңертең оянғанда бөлме іші жым-жырты тыныштық басқан. Ең алғашында қай жерде жатқанын білмей, біраз таңырқады. Сонан соң ғана санасы айқындала бастады. Есіне кешегі той түсті.

Маңайына қарап еді, еденде, төсек үстінде үйіктап жатқан кісілерді көрді. Сағат тоғыздан асып кетіп, бірақ үй ішінде әлі тұрган ешкім көрінбейді. Басы қорғасындау ауыр.

Боран әлі басылған жок. Бірақ кешегі адам жығардай екпіні біраз саябырлағанмен, жаяу борасынға айналған.

Кенес көңілсіз кейіппен маңайды бағдарлап қарап бірталай тұрды. Бойы тоңазып үйге кіргенде өзге жұрт та орнынан тұрыпты. Үй- іші былығып жатыр. Әр жерде шашылған киім- кешек, бос бөтелке, жағымсыз иіс, әр бөлмеден кешегі мөлшерсіз ішкен арактан бет- аузы мыж- мыж болып тұрып жатқан кісілер. Конактар киініп, далаға шығып келіп біраз ес жигандай болды. Күбір күбір сөз бен құлқі естілді. Ортаңғы бөлмелеге қайтадан шайға отырды. Сөздің көбі той жайында. Тойға келгендердің отырлып тұрып, ішкені, жегені әңгімелеге тиек болды. Одан соң құданын арақ ішісі марапатталды.

-Міне сабаз, нағыз еркек,- деді Құдайберген таңырқап басын шайқап.

Дастарқан үстіне елдің сонынан керіліп, созылып інісі келді. Кенес інісінің кешеден бері ауырып жатқан шешесіне бір кіріп, шықпаганын есіне тұсірді. Сол сөт інісін жек көріп кетті. Енді ғана байқады, інісінің отырысында сырт көзге ерсі пандық бар. Құлкісі де жасанды. Өзін - өзі ұстасуы жас адамға лайықсыз. Әлде, бас қудаға ұқсағысы келе ме? Толық бетінде ой мен жан толғанысының тіпті табы да сезілмейді. Тағы да алдындағы рюмкеге толтыра арақ құйылып еді, бұл бас тарты. Отырған жұрт қанша қолқаласа да көнбеді. Шайдан соң Кенес анасының болмесіне кірді. Жалған тіршілік- ай десенші. Енді ғана кейуананың жаны тынышталып, еркін дем алып жатыр. Кенесті көріп құлімсіреді.

- Жағдайының қалай?
- Шүкіршілік.
- Бүгін кешкі поезбен кетемін,- деді Кенес.
- Дем ала тұрмадың ба?
- Жоқ, апа, жұмыстан кешігем ғой..
- Жиі келіп тұрсаныш.
- Міндетті тұрде, бір айдан соң жағдайынызды біліп кетем..

Кенес есік алдына шықты. Боран басылған. Күн жоғары көтіріліпті. Көніліндегі кірбің ой сейілгендей.

Ол кешке поезға отырып, үйіне қайтып келе жатты. Келе жатқан кездегідей смес, көнілі құлазып қатты шаршаганы салыңқы қабағынан анғарылып тұрды.

ЦЕМЕНТИШ ТОҚАН

Жекетай даға шығып таза ауамен кеудесін кере демалды. Коніл күйі де көтеріліп сала берді. Тек біраздан соң Тоқаңмен кездесетін уақыт жақындағанын сезіп аяғын ширағырақ басты. Гараждың есігін ашқанда, бензин мен бояу ісі лап берді. Сатып алған ескі машинасын жөндеп ит өуреге түскен. Тілін білмеген соң қын екен.

Көрші гараждың есігі жабылтып, одан шыққан шетелдік машина тым жеңіл ағыза жөнелді. Ауада бензин иісі сезілді. Бірақ Тоқаң әлі жок. Ақыры бір сағаттай күтіп, күдерін ұзген соң базарға қарай бет алған. Мүмкін сол жақтан кездесіп қалуы мүмкін. Базар тарқай бастапты. Алыстан қарағанда кісілер жиын тойдан тарқап бара жатқан сияқты. Көбі жол арбаға жүктөрін тиеп сүйреп бара жатыр. Кейбіреулерінің күні бойы тік тұрып тапқан табыстары тіпті күнделікті тамақтарына жетпей жататын кездері болады.

Алыстан Тоқаңды көрді. Зор денелі еңгезердей кісі. Басынан өзбек тақиясын тастанмайды. Түрі маңғаз, көз қарасында айналасындағы тіршілік ағынына немқұрайлық сезіледі.

-Тоқа - деді Жекетай сарыла күткен адамын ойда жоқта кездестіргеніне қуаныштын жасыра алмай.

-А- деді Тоқаң сол сабырлы қалпынан таймай. Тіпті кешегі пәлен уақытта келем деп уәде еткенін ұмыткан сияқты.

-Ой, Тоқа күткізіп қойдыңыз ғой.

-А. Одан маңызырақ шаруа күтіп тұр.

Жекетай бір жағынан Тоқаң сияқты маңғаз адамды күттірген қандай шаруа екенін білгісі келді.

-Қазір- деді Тоқаң, Жекетайдың тықырышып күтіп тұрганын сезіп.

-Бұл кезде базар сөрелері босаған. Эр жерде шашылып жатқан қағаз, қоқсық көрінеді. Тарап жатқан жұрттың түрі шаршаңқы. Теніз жақтан салқын леп соқты. Біраз уақыт өтті. Тоқаң терезесі аңғал- санғал ашылып жатқан құрылышқа кірпік қақпай қарайды. Ішінде жүрген кісілер көрінеді. Қимылдарынан зор науқанға дайындалып жүрген адамдардың кейіп сезіледі.

-Тұра тұр. Қазір келем- деді. Тоқаң өз денесіне лайық емес жікті қимылымен те жүріп кетті.

Жекетайда артына ілесе келіп, терезеден ішке сығалады. Бос ғұлменің бұрышында кірпіш үйіндісі жатыр. Үлкен күбінің үстінде тақтай төсөлген де, үстінен газеттен дастархан жайылып, бұрыш-

тары мыжырайған пластмасс стакандар қойылған. Ортасында кабығы аршылған пияз көрінеді. Жас жігіт тісімен кеміріп бөтелке тығынын ашып жатыр. Дәл қорқаулана сүйек кемірген аң сияқты. Оны қоршаған серіктері демдерін іштеріне тартып қарап қалыпты. Бейне сиқыршының қимыльна қызықтап қарап тұрған балалар сияқты.

Бөтелке тығыны ашылғанда, бейне сырттан біреу бүйрық бергендей барлығы стакандарын қолдарына алды. Сарқырап акқан бұлақ сұнының дауысына ұқсас дыбыс естілді. Барлығы бір мезгілде стакандарын аузыңа төңкере салды. Осы көріністі көргеннен кейін Жекетай, Тоқаң байқап қалмас үшін алысырақ барып тұрды.

Сол жақтан біраздан соң Тоқаң шықты. Бағанағыдай емес жүзі жайдары, Жекетайға жақын туысын сағынып барып жүздескендей елжірей қарайды.

-Тоқа шаруаңызды бітірдіңіз бе?

-Иә, жігіттермен сөйлесіп. Зор шаруа күтіп тұр.

-Тоқа анау машинаның тетігін қарап бермеймісің бе?

-Иә, есімде, ертең келем.

Ертеңінде емес, арада бір жұма өткенде аяғын санап басып әзер келді. Жүзін да адам айтпас некұрайлылық сезінеді. Машинаның моторына ойланған қарап, біраз тұрды.

Бірақ көңілі басқада.

-Иә, көріп, сезіп тұрмын. Былай болсын, менің керемет моторист жолдасым бар, сол карасын. Өзің жөн білетін жігіт сияқтысын, ағанның басы ауырып тұр.

-О, не дегеніңіз Тоқа.

Тоқаң қалтасынан шеті мұжылған тұзды құртты сұрып алды. Шалбарының ышқырын көтеріп қойды.

Ал жарайды деп, стаканды аузына төңкере салды.

Жаздың күндері созылып жүре берді. Қолдан сатып алған ескі машинаның ана- мына жері бұзылып есін шығарды. Тіпті сатып алғанына да өкіне бастады. Өзінің машина тілін жақсы білетін танысы Тоқаң ғана еді. Сондықтан андығаны Тоқаң болды. Ал Тоқаң ерте тұрып алып базарға барады. Жүзіне қарасаң төрт түлігі сай адам сияқты. Өзге жұрттың қаракетті тіршілігін сырттан санап бақылап қарап тұрғандай.

-Тоқа,- деді Жекетай. Жоқ естімеді.

-Тоқа.

-А сенбісің?

-Тоқа, екі күн болды, өзінді іздегеніме.

-Кеше танысым қайтыс болып, соны жерлеуге бардым.

-Оның алдындағы күндері ше?

-Шаруа, өзің білесің шаруа.

-Тоқа машина тағы бұзылып қалды.

-Көрүте болады. Айтпакшы бүгін бара алмаймын, - аздап ішіп адым.

-Машина жүргізбейсіз ғой.

-Жоқ сонда да.

Арада бір жұма өткеннен кейін Тоқанды көше қылышынан кездестірдім. Сол баяғы маңғаз қалпы.

-Тоқа!

-А, есімде, жақсы танысымды алып барамын, бүгін күте ғой.

Сол айтылғаннан соң жарты ай бойы көрінбей кетті. Бұл жаздың бел ортасынан ауған кезі. Базарда көкөніс көбейе бастады. Нағыз шаруашылықтың қызған уақыты. Көлігі бар жұрт жан-жаққа шапқылап табыс тауып жатыр. Тоқанның не бітіріп жүргенін кім білсін, қашан көрсөн де маңғаз қалпы.

Түріңе қарасаң күнделікті күйбен тіршіліктен тым биік ойда жүргендей. Бұл адам үшін көніл аударлықтай маңызды мәселе қалмағандай.

-Тоқа.

-А..

-Қайда бара жатырсыз?

-Бір танысымның жетісіне.

-Тоқа! Қайда бара жатырсыз?

-Қайтыс болған жолдастымның қырқына.

Айтысина қарағанда түгел жора- жолдастары о дүниеге асырыс аттанып бара жатқан сияқты. Бұл жәйсиз хабарды басын аспанға қарай шалқайтып, самарқау айтты.

Біраз тыныштықтан кейін- інішек ағаңды бір жарылқап тастасан... - деді.

Бұл сөзді ешкім естіп қалмасын деп ақырын айтты. Элде кімнен қауіп төнгендей жан- жағына қарап қойды.

-Не керек еді, - деді Жекетай сөздің төркініне түсінбей.

-Бас жазсам- деді Тоқаң міңгірлеп.

-Жүріңіз.

Арак ішкеннен соң жүзі жайдарланып, мейірлене түседі, мұрнының ұшы шып- шып терлейді.

-Тоқа!

-А..

-Анау күнгі шаруаны тәмамдал тастамаймысың?

- Есімде
- Жарты ай өтті ғой.

-Иә.

-Жекетай сен ренжіме, әлі сол ескі машинамен талай жерді жүресің.

-Тоқа қашан?

-Жекетай қазактың мақалы бар емес пе? Асықлаған арбамен қоянға жетеді деген.

Машиналар арлы- берлі ағылшып жатқан тас жолдан ыстық дәп бетке ұрады. Көше шуы өсе түскен. Осы тыныс тіршілігін тыңдал біраз үн- түнсіз тұрып қалады. Тәрізі арак ұтыы алпыс алты тамырына құйылғанын күтіп тұrsa керек. Көнілі жайдары. Әр нәрсенің бабына терең бармай бейне тайғанак мұздың үстінде сырғанағандай басын ғана шалады. Эдепте Тоқаң сияқты көніл күй бір кезде атак данқтан басы айналған спортшы да болады. Бағы тайған соң не істерін білмей әуре сарсанға түседі, бос сандалып уақытын өткізеді ақыры ішкілікке салынады. Несін айтасың ол кездегі тұрмыс тіршілігі Тоқана жұмактай болып елестейтін сияқты. Расында да солай еді. Сұрауы жоқ тегін дүние, жаңа салынған даланың құрылышы қарқындал жүрген уақыт. Жұрттың жаппай саяжай салып жатқан кезі.

-Жекетай, цемент сатып ақшаны уыстап шашқан кездеріміз болды, деді Тоқаң.

-Тоқа, қамтып қалмадыңыз ба? Қазіргі тұрмыс тіршілігінде керек болар еді ғой.

-Е, мұндай заман болады деп кім ойлаған, - деді Тоқаң кейісті дауыспен.

Тоқаң жан- жағына ойланған қарап қалды.

Кейін байқады, Тоқаң өткен өмір туралы әңгіме айтқанды жақсы көреді екен. Ондайда желпінің аспанға самғап үшқалы тұрғандай қомданып алатын.

-Жекетай айтпа, ол кезде маған өтіп бара жатқан кісілердің көбі бұрылып сәлем беретін. Бұрынғыдай емес аққөніл адамдар азайып барады. Арада талай күн өтті. Жекетай машинамен кетіп бара жатып Тоқаңды көріп жаңына келіп тоқтады.

-Қайда кетіп бара жатырсың?- деді Тоқаң.

-Шенгелдіге, бірге жүр.

-Баруға болады ғой, бірақ асығыс шаруа бар еді.

-Ой Тоқа сіздің шаруаңыз он бес күнге созылады ғой, кейінге калтырмайсыз ба?

-Ә, онда кеттік,- деді Тоқаң машинаға отыра беріп. Тоқаң жол

жүргенді сағынып қалыпты. Тас жолдан көз алмай қарайды. Тәрізі өзінің осы жолмен жүрген кездері есіне түскен сияқты. Кері кайтқанда рульді Тоқаң берді. Көзқарасында мағына пайда болды. Жолдың ойлы- шұңқырлы бұрылатын жерлеріне жіті назар салады. Шебер жүргізуші екені сезіледі.

- Тока, молодец,- деді Жекетай мактап.
- Тоқаң құліп жіберді де:
- Тым мактап жіберген жоқсың ба?- деді.
- Жоқ шыным.

Оған жас баладай қуанып қалды. Арада бір жұма откеннен кейін көшеде өтіп бара жатқан Тоқанды көріп, Жекетай тағы да токтағы. Жаңындағы серіктептері де тәрізі, өзі сияқты жұмыссыздар болу керек. Қызыра бөрткен түрлерінен ішіп алғандары сезіледі. Арттарынан тосып токтағандықтан олар байқамай қалды.

- А, Жекетаймысың ?-деді Тоқаң самарқау дауыспен
- Отырыңыз Тоқа, үйіңізге шейін апарып тастайын.
- Тоқаң жауабын бірден бере алмай, кіrbіктеп қалды. Тәрізі жаңындағы жолдастарын тастап кеткісі келмеді ме екен.
- Серіктептеріңіз де отырсын.
- Жоқ, Тоқа өзіңіз отырыңыз- деді серіктептері.
- Онда жарайды, інішегім әдейі токтаған соң отырмаса болмас,- деді Тоқаң.

Кабина ішін арзан арак иісі алыш кетті.

- Тока бүгін туған күніңзбе еді?
- Е, Жекетай жұмыссыз адамға күнде туған күн ғой, оның үстінен істейтін шаруа жоқ, қол бос. Кабинаның ішінде үнсіздік орнады. Тоқаң ауыр күрсініп койды.

-Тока ертең машинаның моторын қарап бермейсіз бе?

-Болады.

Сөздің шыны керек. Тоқаң өзі келіп қарап берді дегенге сенбеді. Расында солай болды. Сол күннен бір ай жоғалып кетті. Бірде күздің жауынды сұық күні кездестірді. Машинасын гаражға қойып үйіне жаяу келе жатқан. Жер тайғақ. Алдында екі жағына теңселіп кеті бара жатқан Тоқанды бірден таныды. Құлаған болу керек, арқасы былғаныш.

- Тока.
- А сенсің бе, бір танысымның жылынан келе жатырмын.
- Иманды болсын.
- Е жарықтықтың жаны жанатта шығар, біз ғой әйтеуір жер басып жүргенімізге мәзбіз.

-Не болды Тоқа сонша күйзелетіндегі деніңіз сау оданда шүкіршілік демеймісіз.

-Солай ғой, бірақ одан қандай пайда? Жекетай бұл сұракка жауап бермей тосылып қалды.

-Тоқа үстіңіз су болды ғой, тезірек жүрмеймісіз?

-Кайда асығам, үйде аюдай ақырган әйел күтіп отыр.

-Жағдайды түсінетін шығар, сіз әдейі жұмыссыз жүрген жоксыз ғой.

-Бір жыл жұмыссыз жүрсем түсінер, бірақ табандай бес жыл жүрсем түсіне қоймас.

Жауын тамшысы бетін айғыздап акқан жасқа үқсайды. Ұзын көшеде екеуінен басқа ешкім жок қаңырап бос жатыр. Тек үйдін тасасында тұрған қаңғыбас ит көрінеді. Бұл жаздың жаймашуақ күндерінің қайтып оралмай кеткені еді. Осы көріністің өзі адам көңілін құлазыттып жібереді. Тоқанның жан күйзелісте келе жатканы бірден сезіледі. Сөздің шыны керек Жекетай аздал сескеніп қалды. Асығыс қоштасып, үйіне қарай тезірек бұрылып кетті.

Көпке шейін қар жаумай солтүстік жактан өтімді ызгарлы жел соқты да тұрды. Анда- санда үшқындал қар жаутанмен арты жылымықтанып тез еріп кетті. Кейіннен күн сұып жер көк тайғақ мұзға айналды. Күнде қакпа алдында тұрып, арлы- берлі өткен жұртқа қарап тұрғаны. Көзқарасында бұрынғыдай емес немкүрайлық пен катар да сезіледі. Көбінесе жалғыз болмайды, жанында өзі сияқты жұмыссыз серіктеп. Киімдері жұтаң күн сұық болғандықтан бозарып тонып кеткен.

-Тоқа қалыңыз қалай?

-Ә, Жекетаймысың, танысым келуші еді, шаруа бар еді.

-Дұрыс Тоқа, жолыңыздан қалманыз.

-Жоқ шұғыл шаруа болса уақыт табуға болады, нең бұзылды?

-Тежегішке түтік темір керек еді.

Мениң гаражымнан қарауға болады, мүмкін табылар.

-Тоқа сізде гараж бар ма еді?

-Бар ғой, женіл машина да болған.

Жексенбі күні болғандықтан жұрт базарға өре шыққан. Әлде асығыс шаруасы жок болғандықтан Тоқанның аяқ алысы тым сылбыр. Әркідірік таныстары кездессе тоқтал, амандастып ұзак сойлесіп тұрады. Тіпті өзін кісі күтіп тұрғанын ұмытып кететін сияқты.

-Тоқа!

-Казір, бір зор шаруа күтіп тұр.

Олар ақырында ұзыннан ұзак созылған гаражға келді. Темір есіктің бояуы кеткен. Ашқанда іштегі май иісі сыртқа лап қойды. Мұндай былықты Жекетай ешқашанда көрмеген болатын. Не жоқ дейсің. Тіпті бұзылған үйдің тақтайы да жатыр.

-Тұра тұр мен кішкентай жинақтайын, - деді Тоқаң.

Біраз ойланып тұрды да жерде жатқан білік темірді алып, қабыргадағы сөренің үстіне тастай салды. Тағы да жылдар бойы жиналған осы былыққа ойланған қарап тұрды, асығар түрі жоқ. Біраз тұрганнан кейін қолын бірақ сілтеді: -Әй жата берсін.

-Тоқа біраз жинаңыз, күте тұрам ғой.

-Жоқ кейін бір ретке келтіремін, керек нәрсенді өзің қара.

Сонда ғана Тоқанның адам айтпастай болып, жалқауланып кеткенін сезді. Күнде адамға берері жоқ сандалыс. Бос сөз, сырттай өзіне әзірге беймәлім өмір ағысын бақылау. Жұмыс іздеуді қойған, бірақ өзге елдер құсап тыртындалп күн көріс үшін күреске түскен жоқ. Айтысъына қарағанда әйелі мен баласы асырап жатқан сияқты.

-Тоқа бір іс бастамаймысыз?

-Қандай іс?

-Ең жоқ дегенде ұсак- түйектен, бұрынғыдай шашылып жатқан бос дүние жоқ қой.

Тоқаң ойланып қалды. Қатты ойланғаны сондай маңдай терісі қатпарланып кетті.

-Тоқа талтым.

-Сізде аздап...

-Ә, жарайды. Қалтасында тұзды күртты тексеріп, шалбарының ышқырын көтеріп қойды. Көзінде қуаныш оты жарқ етті. Жуынған сияқты бет аузын сипады.

-Ал кеттік деп, жұз грамды аузына төңкере салды. Тоқанның бетінен біраз күлкі тепті. Бірақ жұз грамм арақ мұндай кісінің жемсауына жұқ болмасы анық, оны Жекетай сезді.

Біраз сөйлесіп көңіл күйін көтергісі келді. Бағанағы аяздың сағы сынған. Күнгей жердегі жатқан жұка қар ұнтақтары болар болмас жіпсіп ери бастады.

-Жекетай ана екі қабат үйді көрдің бе?

-Неге көрмеске Тоқа, осы қалада жаксы салынған үйдің бір ғой. Өзі кімнің үйі?

-Осы қаладағы жол полициясының бастығының үйі. Қазір зейнеткер.

-Оны неге айттыңыз Тоқа?

-Осы үйді салғанда цементті өзім тауыш бергем.

-Тегін бе?

-Иә.

-Апрай , бұныңыз ерлік болған екен, тіпті шын түк бермеді ме?

-Рас кейде қакпас көнілі түскенде ас суын берген. Бірақ казак бастық өзінен төмен адамға малайы сиякты қарайды ғой.

-Ой Тоқа кетті ғой, неге көніл- күйінізді бұзасыз? Сізде тегін істемеген шығарсыз. Қай жерде болсаңыз да алдыңызда жасыл светофор жанған шығар, жолыңыз ашық дегендей.

Бұл теңеу Тоқаңа ұнады, күліп қойды. Көзінде куаныш үшкіны сезілді.

-Тоқа тағы жұз грамм?

-Ой несіне сұрайсың.

Жұз грамнан кейін Тоқанның жұзі жайдарланып, сабасына түсті. Маңдай көніл- күй цемент сатып ақшаны уыстап шашқанда болған шығар. Ол кезде сұрауы жок дүниенің кадірін кім білді ғой дейсін. Иесіз дүниені шашып үйренген Тоқаңа қазіргі заманғы тұрмыс- тіршілік түсініксіз болуы өбден мүмкін. Бірақ бүгінгі Тоқанның көніл- күйі ерекше еді, қоштасарда қолын қатты қысты.

Қыстың боранды, аязды күндері келді. Жаңа жылдан кейін қар жауып, боран соқты. Жылу жөнді берілмей, үйлер анырал суып кетті. Қар тілерsecten келетін көшеде кісілер аз, бірақ көп қыдырып жүре алмайсың да, қайтадан моладай сұық үйге кіресін. Еріксіз жаздың май тоңғысыз шуакты күндері тез келсе деп армандаисың. Енді Тоқаңды сирек көретін болды. Бірде өтіп бара жатып көше бұрышында бозарып, тоңып тұрған Тоқаңды көрді.

-Тоқа!

-А, Жекетаймысың?

-Калыңыз қалай болып тұр?

-Көріп тұрсың ғой, хал қатканский

Бұл кезде Жекетай машинасына жылы гараж іздел жүрген.

-Тоқа гаражыңыз бос па?

-Иә, бос

-Машинамды қойсам деп едім.

-Қойсан қой.

-Акысын?

-Е, бересін.

-Кілтін қашан бересін?

-Ертең.

-Ой Тоқа сіздің ертеңіңіз жарты айға созылады ғой.

-Қазір бір зор шаруа күтіп тұр.

-Тоқа сол шаруанды өзім- ақ істеп берейін.

-А, онда жарайды.

Тоқаң қалтасынан шеті мұжылған құртты суырып алғып, шалбарының үшкүрьын көтерді. Бұл кейіпімен қанатын қомданып үшқалы тұрған алғып құсқа үқсалды. Үшқалы тұрғаны да рас болатын. Аракты ішсе болды, берері аз сүргілт өмірден жоғары көтеріліп үшшіп кететін сияқты. Ал мұндайда алдында зор мүмкіншілік күтіп тұрғандай сезінетін.

-Жекетай ағаң да бұл дағдарыстан шығар. Анау күні бір жақын туысым келіп кетті, бір зор шаруа үйымдастырып жүрген көрінеді.

-Тоқа сенесіз бе?

-Неге сенбеске, бұрын басшы қызметте болған.

-Ал қазір ше?

-Сыбайластары жетерлік.

-Тоқа өзінің жұмысы бар ма?

-Жоқ.

Жекетай үндемеді. Тоқанның мына азынаған суық қапас бөлмен бой жазу үшін шығып кеткенін сезеді. Өздерінен басқа жұрт көп тұрақтамай асығыс кетіп бар жатыр. Жаңа ішкен арактың бұрыма, Тоқаң тіпті көйлегінің түймесін ағытып тастаған. Біраз тұрғаннан кейін Жекетайдың бойы тоқази бастады. Кетейін десе Тоқан жіберер емес, әлі сөйлем тұр.

-Інішек өмір қиуын келтірсе адам көзін ашып жұмғанша байыл шыға келеді. Менің танысым болды, темір- терсектен бастаған, қазір байып алды.

-Тоқа кештеу қалдың ғой, қазір жағдай өзгеше ғой.

-Болады жол табуға оған әлі сенімімді жоғалта қойғам жоқ.

-Жоғалтпаңыз оныңыз дұрыс.

Баганағы ашық күн бұлыңғырана бастады, үшқындалп қар жауды. Тоқанның кететін түрі жоқ.

-Інішек Тоқаң рейстен келгенде, жігіттер артынан шұбытылып жүретін.

-Неге?

-Калтам толған ақша, ол кездегі сырахана базарға үқсайтын, есінде ме кенес үкіметінің кезегі.

-Есімде.

-Ой жаздың күні қебікті суық сыралыны ішкенге не жетсін?!

-Жоқ айтып не керек, өз өміріме өкінбеймін тек казіргі жағдайым қынжылтпады.

-Жаңағы ішкен арақтың буы тарай бастаған сияқты.

Ал жарайды інішек кеттім.

Жер тайғанақ болғандықтан ба, Токан тайғанап құлап қала жазда-
ды, басындағы құлақшыны үшшіп кетті. Жекетай тез жүгіріп барып
алып берді.

-Ағаң аздап масая бастаған ба?- деді Токан тілі күрмеліп.

-Жер тайғанақ- деді Жекетай жұбатып. Тағы да құлап қалма-
сын деп алысқа ұзағанша артынан қарап тұрды. Жел соғып қар-
лы боран басталды. Токан лезде көзден тасаланды. Жекетай
әбден жаурап толып қалғанын сезді.

Көптен көрмеген адамның бойындағы өзгеріс тез сезіледі. Ызғар-
лы сүйк қыс біттестей болып тым ұзакқа созылды. Қар мол жауып,
әлсін- әлсін боран сокты. Тәжірибесіз журғізуі болғандықтан Же-
кетай машинасын қыстай қантарып қойды. Сондыктан Токанды
көп ізdemеді. Тек көктем басында көшеде кетіп бара жатқанын байк-
ады. Алғашқыда таныс адам сияқты болып көрінді. Аяғын ширагы-
рак басып тақап келгенде Токанды таниды. Бір жағынан бұл адам-
ның бет келбеті тым мосқалданып кеткен сияқты болып көрінеді.

-Тока!

Озіне қарағанда арық етінен арыла бастапты, ұрты салбы-
раңқы, киімдері біршама тозған, оған қарап Жекетайды да ауыр
сезім баурап алды.

-Тока мүмкін?

-Болады. Шалбарының ышкырын көтеріп, қалтасынан шеті
мұжылған тұздалған құртын сұрып алды. Бірақ жүзінен бұры-
нғы қуаныш сезілмеді. Тіпті жұз грамм таза спиртті тастап
жібергеннен кейін де тұнжыранқы қүйінен арыла алмады.

-Жекетай қалай машинаң жүріп тұр ма?

-Шүкіршілік

-Гараж сатып алғын келе ме?

-Әзірге акшам жоқ болып тұр.

-Онда бір жігіт сатып алайын деп жатыр.

Бұл сөзді Токан немкетті айтты. Отіп бара жатқан адамдарға.
айналасына, тіпті өзіне қойылған сұраққа көнілі толмағандай.

-Тока?

-Ау

-Жағдайыңыз онша болмай тұр ғой?

-Оның рас

-Әлі жұмыс тапқан жоқсыз ба?

-Тапсам осылай жүрем бе?
 -Жекетай сен маған бір сұраққа жауап берші.
 -Айта беріңіз
 -Жалғыз мен ғана емеспін, бүкіл таныстарымның барлығы жұмыссыз. Тіпті жұмыссыз жүрген дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер бар, бұл қалай сонда?
 -Тоқа сол сұрағыңызға мен жауап бере алмаймын ғой, өрине дұрыс емес.

-Мен соңғы кезде көп ойланатын болы жүрмін.
 -Оныңыз дұрыс Тоқа.

Бірақ сол кезде жандарына женіл машина келіп тоқтай қалды. Әдетте мұндай женіл машиналарда аяқ астынан байғандар жүреді. Эйнектері қара, іште кім отырғаны белгісіз. Кабинадан үзын бойлы сымбатты жігіт шығып жандарына келді.

-Ағайлар, қалалық байланыс торабы қайда?- деді. Эзер қазаша сөйлемді, бұлай жаңадан үйренген шетелдіктер осылай сөйлеуі мүмкін.

-Эй нақұрыс тілінді тістемей неге жөндеп сөйлемейсін?- деп Тоқан гүр ете түсті.

-Ой Тоқа!

-А что ты крутой, неге жөндеп жауап бермейсіз?

-Мен саған крутойды көрсетемін, тойынған немелер,- деп Тоқан одан сайын долдана түсті. Жекетай аузын ашып үлгермеді, Тоқан жігітті жағынан бір салып өтті. Сол кезде машинаның есігі ашылып, еңгезердей жас жігіттер атып шықты. Одан соң барлығы көзді ашып- жұмғанша болды. Жұдырықтар сарт- сұрт етті. Жекетай орнынан тұрғанда жаңынан кимылсыз серейіп жатқан Тоқаңды көрді. Шошып калды, жағынан шапалақтаған ынырсып көзін ашты.

-Тоқа тірімісін?

-Көріп тұрсың ғой, өлгі жүгірмектер қайда?

-Қайда болушы еді , кетіп қалды.

-Апрай иегімді сындырып жіберген жоқ па?

-Тоқа өзің ғой тиғен.

-Оның рас, иегім,- деді Тоқан.

Жекетай үнде меді, бәрінен де аяқ астынан бейтаныс біреуден таяқ жегені өтіп кетті.

-Тока мінезіңіз бұзыла бастаған екен.

-Оның рас Жекетай, оны өзім де сезіп жүрмін. Бәріне кінәлі жұмыссыздық.

-Сіздің жұмыссыз жүргеніңізге бейтаныс жігіттер кінелі ме?

-Әрине жоқ, бірақ таңертең ерте оянып кетемін. Алғашқыда жұмысқа бару керек сияқты болып көрінеді, тіпті кешігіп қалған сияқтымын, асығыс атып тұрамын. Біраз уакыттан кейін өзімнің жұмыссыз жүргенім есіме түседі, амалым құрып отыра кетемін. Ұзак күнді қалай өткізу керек екенін ойлаймын, киініп есік алдына шығамын, одан базарға барамын. Онда өзім сияқты жұмыссыз таныстарымды кездестіремін. Тыңдасаң сөздерінде дәм жоқ, айтқандарының көбі өтірік, іздегендері арак, әйтеуір ебін тауып күнде ішіп келемін. Бос сенделіп жүргеннен шаршайсың, одан соң үйде әйелің етінді жеп үрсады. Күнде осылай қайталанады.

Тоқаң жалаң бас, шашы қобырап кеткен, неге екенін білмейді, өзбек тақиясын қолына ұстал алған. Жаңағы төбелестен аузы дүрдиіп ісіп кетті. - Тоқа үстінізді қағыңыз, мүмкін тастап жіберерсіз?

-Болады Жекетай одан басқа не қалды? Қалтасынан шеті мұжылған тұзды құртын алып, шалбарының ышқырын көтеріп койды. Арак ішкеннен соң біраз үн-тұнсіз отырды, тәрізі арак шарпынысын бойға тарағанын күткен болар. Өзбек тақиясын басына дұрыстап киді.

-Жекетай мен үшін таяқ жедің ғой.

-Ештене етпес әйтеуір аман қалдық ғой. Оның рас, апымай өздері не қылған шапшаң. Бірақ Тоқаннның не айтайын дегенін Жекетай тыңдағысы келген жоқ, асығыс қолын ұсынып қоштасты да кетіп қалды. Енді Тоқаңды алыстан көргенде қашқалактайтын болды, тіпті қарсы келе жатса бұрылып кетеді, байқасада жорта көрмеген болады. Бірде бір топ адамдардың арасында тұр екен. Тоқаң сөйлеп тұр, “мен цемент тасығанда” деген сөзін естіп қалды. Тағы бір жыл өтті. Тоқаңды бір топ кіслердің арасында тұрғанын көрді, “мен цемент тасығанда...” деген сөзін естіп қалды, өтірік байқамағансып өтіп бара жатыр еді Тоқаң!

-Жекетай- деді.

Бірақ Жекетай бұрылмады да, сәлем де берген жоқ.

КОДАР

Су моторы тиелген жүк машинасы орнынан зорға жылжыды. Кабинада отырған үшеуі де үн-тұнсіз. Қой қыстауына қарай бет алды. Жаз айы. Аптап ыстық желден бүкіл манай кеуіп кеткен.

Қала шетінен біраз үзап кеткен соң- ақ шөліркеген Мұрат жаңында отырган серіктерінен су ішуге тоқта деп айтуға үялды. Баратын жерлері біршама қашық, жүз шақырымдай. Тас жолы ирелендеп сұрғылт тәбенің арасымен жүрді. Қарсы ағылған машиналар сирек ұшырайды. Жаңындағы серігі жол жүрер кезде аракқа сылкия тойып алған еді.

Енді қалғып- шүлғып отыр. Кісінің қолқасын ататын жағымсыз иіс кабинада шалқып тұр..

Мұрат кабинаның шынысын түсіріп басын сыртқа шығарып отырды. Қарсы соққан желдің екпінінде ыстық от жалынның шарпындысы сезілгендей болады. Ауада курап сөнген шөптің иісі анық білінді. Бірақ дала көрінісіне көз салып отырған серіктері жок. Шофер жігіт рульге жабысып алып жолдан көз алмайды. Тас жолға түскен соң машинаның журісі ширады. Осылай үн- тұнсіз отырып талай жерді еңсеріп тастады. Ақыры жолдан шығып таудың етегіне бұлактың жағасына келіп тоқтады. Қөктемде күңіреніп акқан асау бұлақ енді өлеусіреп болар болмас сыват береді. Ағтаған күннің ыстығынан мұның да судар күні алыс емес. Олар сұық суды ішіп шөлдерін басып, бұлактың бойында талдың көлеңкесінде отырып демалды. Бірақ көп отыра алмады, ауа қаптырық еді.

Ағып жатқан бұлақ сұынан ішіп сусындағысы келгендей тал иіле түскен. Маңайы жым- жырт тылсым тыныштық буған. Олар кайтадан жолдарын жалғастырады. Машина ұлпауыт майда то- пыракты қара жолмен жүрді. Олар осылай ыстыққа қакталып әбден шөлдеп, шалдығып, әбден зығырдан болған- ды. Алыс- тан тау етегінде өздері келе жатқан қойшының қыстауы корінді. Машина бірден бастау басына барып тоқтады. Олар шопанның қыстауынан жүгіріп шығып келе жатқан қара жігітті корді.

- Бitemір, тағы өздеріңе көмекші әкелдік.
- Ой жақсы болды ғой.
- Кодар қайда?
- Ұйықтап жатыр.
- Оятсаныш?
- Жоқ ұйықтай берсін.
- Қорқып тұрсын-ай жігітім. Өзінді кім сабаған. Көзінің алды кокленбек кой.
- Жай ойнап жүріп. Ал жарайды көп сөйлеп не керек. Одан да науаны түсірейік,-деді Бitemір бәйек болып. Мұратқа жалтак қарап кояды. Олар бетон науамен, су тартатын насосты түсіргенде, уакыт

түстен ауып кеткен. Күн алтап күйдіріп барады. Шопан үйінін өйнегі сынған. Аула іші былыққан. Бөлме іші де ыбырсып кеткен. Еденде шашылып жатқан темекі тұқылдары көрінеді. Төрдегі жиналмалы төсек үстінде еңгезердей сары жігіт ұйықтап жатыр. Дабырлай кірген жұртты көріп басын көтеріп біраз отырды. Ешкімді көзіне де ілмеді, орынан тұрып далаға шығып кетті.

-Міне Қодар деген жігіт осы. Бitemір мінезін жақсы біледі. Абай бол. Ашуы жаман, тіпті біздің бастыққа бөтелке ала жүтірген. Үйреніп кетесің,- деді жанындағы бірге келген серігі.

-Бitemір шай қойшы шөлдеп кеттік.

-Шай дайын,- деді Бitemір. Құйбендеп қүйеден қап- қара болып кеткен шәйнекті алып келіп. Жуылмаған қара қожалақ кружкаға құя бастады. Завхоз жігіт бір жартылық арақты сұрып алып.

-Жігіттер, сендер үшін әкелдім, бір мезгіл бой жазындар. Арақты көріп Бitemір бәйек болды да қалды.

-Ой ағасы, ой әуре болып, мынадай ыстықта не керегі бар еді,- деп қуанышты дауыспен. Қодар келді. Оған отыратын орындықты Бitemір алып келді, Қодар дәл тағына отырған патшадай жалп етіп отыра кетті де, завхоз жігітке:

-Әй, Божбанбай, темекі әкел,

-Әкелдім.

-Ой молодец. Мынауың кім деп Мұратты иегімен нұскап.

-Ә, бұл жігіт әскерден жаңа келген.

-Ә, дұрыс жақсы аспазшы болады. Әй, Божбанбай тамак әкелдің бе? Анау қатын құйрықты бастығыңа айта бар. Мынадай быламықтан аштан өлеміз.

-Ой, Қодеке бәрін әкелдім. Міне шұжығың, консервің, наның дегендей. Тек жұмысынды істей біл. Ал мынаны батырлық үшін деп тартып жібер,- деп Қодардың алдындағы стақанға толтыра қүйді. Қодар арақты су ішкендей шімірікпей тартып жіберді.

-Біз осы жұманың аяғына таман жұмысты бітіреміз,- деді Бitemір.

-Міндегі түрде келіп көшірісіп кетеміз, - деді завхоз жігіт. Ақыры машина жүріп кетіп үшеуі қыстақта қалды. Аптаған ыстық күйдіріп барады. Маңайды тылсым тыныштық басқан.

-Ұйықтап ал. Біз әуелде ыстықтың беті қайтқан соң жұмыс істейміз,- деді Бitemір. Мұрат өзімен бірге әкелген бөстекті жерге салып жатқанмен де көзі ілінбейді. Жанындағы жолдастары лезде корылдап кетті. Тұс ауа орындарынан тұрды. Далаға шықканда ыстық лебі басыльшты. Суық шаймен нанды жеп алып

жұмыс басына бет алды. Қодар жердің шаңын түркыратып жүріп келеді. Екі қолы қалтасында. Аузында темекі. Олар сүймен темірмен бетон науаларды жылжыта бастады. Қодар жұмысты жақсы істегенімен көп боктайды екен. Тәрізі балағаттамаса жұмыс жүрмейтіндей. Дегенмен де күн ұяға кіргенше талай шаруаны бітіріп таstadtы. Бетон науаларды, койып араларында жігі ашылмаған жерлерін сылап та үлгерді.

-Ал Бitemір, тамақ дайында. Сен мынадан, үйрен,- деді Қодар Мұратқа.

-Мынаның сөзі маған ұнамайды,- деді Мұрат Бitemірге.

-Ой, акырын сөйле, естісе ондырмайды өгіздей күшті,- деді Бitemір сыбырлап.

-Естісе ести берсін.

-Өзің білесің ғой тек, ескертkenім ғой,- деді Бitemір.

Тамақ жасайтын пеш есік алдына екен. Бitemір есқі жәшіктерді сындырып от жакты. Олар тамақ әстеп әуреленіп жүргенде Қодар есік алдына шентиіп тұрып темекі тартты. Пештің мұржасына қою қара тұтін бұйраланды. Ботқаның дәмі мен исі сезілгенде Қодар өмірші дауыспен:

-Болды шай жасандар,- деді. Ботқа толы табақты Қодар өз алдына тартып алып соға берді. Тамақты да былапты жейді екен. Бitemір де көбірек асан қалуға тырысып бақты, ал Мұрат аш қалды. Табақ лезде босап үлгерді. Тамақ ішіп болған соң, Қодар сыртқа шығып кетті.

-Бүгін қалай тамақ жасауды көрдің ғой. Ертең сен көмектесесің.

-Ал Қодар?

-Қодар тамақ жасамайды. Тіпті көйлегін мен жуамын.

-Жігіт басымен масқара ғой мұның.

-Не істейсің? Әлім жетпейді. Қарсыласып көріп едім, соғып салды. Милицияға айтуға намысым жібермейді. Байқа, отырып келген. Бұл сөзден Мұраттың бойы жайсыз сезім баурап алды. Үндеген жок. Кеш батты. Маңай тым- тырыс үйкө құшағына берілген. Алыста жалт- жұлт етіп жанған оттар көрінеді. Аспанда жүлдyzдар көп екен. Күндізгі жол соғып шаршап келгендіктен Мұрат ұйықтап кетті.

-Әй, молодой, шәй қайнат,- деген Қодардың ғүрілдеген дауысын естіді таң бозынан. Мұрат үстіне түскен аяқ киімді алып сыртқа лактырып жіберді.

-Әй, ботинканы әкеліп бермесен таяқ жейсің!

-Өзің аласың керек болса.

Далаға шыққанда шыққан жер беті дымқылданып түр екен.

Мұрат шай қайнатып жатқанда, Битемір келіп:

-Аяқ киімін апарып бер. Қайтесің ерегесе беріп.

-Өзі алсын. Көремін кімді кім соғатынын.

-Тың- тыныш жұмысымызды істеп жүр едік, сен кайдан келдін.

Әне, өзі келе жатыр,- деді Битемір қорықканынан шырылда.

Мұрат үйден шығып келе жатқан Қодарды көрді. Шашы үргіллік кеткендіктен түрі қоркынышты болып көрінеді.

-Молодой, әкел жаның барында ботинканы. Әйтпесе.. деп жүгіріп келген бойда Мұратты жактан салып жіберді. Мұрат екінші жұдырығын денесіне дарытпай, секіріп кейін шігінді.

-Ал қашасың, бірақ қайда баrasың? Жаның барында шығыл аяқ киімімді әкеліп бер.

Ашуланып долданған Қодар алдыға тағы үмтүлғанда, иектің астынан сарт ете түскен жұдырықтан шалқасынан құлады.

-Ой, байқасандаршы бір- бірлерінді өшіктіре бермей,- деп Битемір жерде жатқан Қодардың басын көтерді. Қодар есін жыл алып орнынан тәлтіректей түрді да, қайта үмтүлді. Мұрат ішінен тағы соғып үлгерді. Қодар қайтадан елпен еті жерге құлап түсті.

-Ойбай өлтірдің ғой,- деп Битемір айғай салып.

-Ештеңе етпейді, үстіне бір шелек су құйсан тұрып кетеді.

Арайланып таң атып келе жатты. Мұрат шәй жасал болғанда Битемір келді.

-Жаман ұрып тастапсың. Шайға шакырып едім келмей қойды.

-Өзі біледі.

Мұрат масаттанған сезімін жасыра алмады. Мұндай сезім тұнғыш рет рингта алғашқы жеңігенде пайда болып еді. Мүмкін мұндай сезім Қодарды әділдік үшін соқтым деген болар. Битемір екеуі шайға қанып алып жұмысқа шыққанда да, Қодар көрінбеді. Құн қызара бастады. Оңтүстік жактан аптап анызак жел соқты.

-Сені байқаусызда ұрып- жықпасын байқа, -деді Битемір тұсқі темекі тартуга отырғанда.

-Тағы таяқ жейді,- деді Мұрат. Олар тал түсте келгенде Қодар төсекте теріс қарап жатыр.

-Әй, жігіттер бұларың ұят болды. Ер жігіт шекіспей бекіспейді дейді, ғой қазекемнің мақалы,- деп Битемір екеуін татуластырмак болып сайрап қоя берді.

Тұске таман құн одан сайын ыси түсті. Олар көлеңкеге бас сауғалады. Бірақ ешкайсысы ұйықтамады. Түстен кейін Қодар

жұмысқа шықты. Неге екені белгісіз жұмыста көңілсіз жүрді. Аспанды ақшылтый бұлт кернеген. Ал кешке таман өткінші жаңбыр жауып өтті.

III

Арада бір жұма уақыт өткен соң оларды келесі шопан қыстауына көшіріп апарды. Сай ішінде. Тоқ жіліктен келетін ну қамыстың арасын сынғырлай бұлақ ағып жатыр. Тамның маңында зәулім төрек те өскен. Қыстау мен қораның маңы тап- таза жинақы. Өз шаруасына мығым шопанның қыстауы екені сезіледі. Олар келе салып машиналарына қызықтап қарап тұрды. Қодар жаңа жерге келгенде де өзгере қойған жок. Жұмыс ешқандай сөзсіз үн- тұнсіз істеледі. Кейде Қодар әлде кімге кіжініп боқтайды. Тәрізі ішіндегі ашу- ызыны шығарғысы келгені болар. Бірақ бұрынғыдай қодырандауды қойған. Тіпті енді одан Бitemir қорқуды қойған сияқты. Кейде кешке таман арықтың бойымен төмен түсіп кетіп қалады. Жұмысты елден ерекше өршеленіп істейді. Бірақ та бұрынғы дөрекілігін көрсетуге Мұраттан сесскенетіні белгілі болды.

-Сен үшін біз тамақ жасаймыз, ертең сен кезекшісің, - деді Мұрат кешке. Ертеңінде есік алдында от жағып жүрген Қодарды көрді.

-Әй, Қодар- ай, қодырандап жүріп тамакты дұрыс жасамай-сын ғой, - деді Мұрат қалжындал.

-Уақыт өткен сайын Мұрат жігіттердің өзіне деген қарым- катынасының өзгергенін сезбей қоймады.

Ен бірінші байқағаны өзіне деген сый құрметі күн сайын артып бара жатты. Тамакты өзіне ең бірінші салады. Қодар төрдегі өз орнын ұсынды. Жұмыста айтқанын екі етпейтін калге жетті. Қодар да бұрынғы сайқы міnez дөрекілігін қойған. Қайта жүрттың ішек- сілесін қатыратын күлдіргі анекdot айтып қояды. Мұратта өзінін аяқ астынан мынадай беделге ие болғанының себебін түсінбейді. Жақсылық пен жаманшылық арасындағы қресте кейде жақсылықтың таразасын басу үшін күш жұмсал қойғанды дұрыс санайтын. Егер өзі Қодардан таяқ жегенде бәрі баска болар еді. Осылай жаз аяғының күндері көзге байкалмай жүре берді. Оларды келесі шопан қыстауына көшіре келген жігіттер Қодардың дөрекі міnezінің басылғанын көріп танықай қалды.

-Қодарға не болған?- деді завхоз жігіт таңырқап.

-Түк те болған жок. Тек Мұраттан таяқ жеп қалды,- деді Бitemir онаша қалғанда.

-Бәсе. Тура ұзатылғалы тұрған қыздай сыйылып түр ғой. Аюға намаз үйреткен таяқ деген сөз дұрыс болған ғой,- деді қарқындақ күліп.

-Мұрат сен он күннен кейін қайтып оралсын,-деді бастық. Курсқа жібергелі жатыр,- деді завхоз жігіт кетерінде. Бұл сөзді естігенде Бitemір мұңайып қалды. Мұрат осы бір ай ішінде жұмыска, жанындағы серіктеріне үйреніп қалған болатын. Әлі де істей түрғысы келді. Бірақ кету керек екенін де біледі. Бәрінен де жігіттермен ортақ тіл табысып жұмыс жақсы жүріп жатқан кезде тіпті кеткісі де келмейді.

Аз уақыт ішінде мына алдында көсіліп жатқан бозғылт төбелер мен далаға көзі өбден үйренген болатын. Құз басы. Мұндай кезде адам көңілін ешкімге айтып бере алmas арман мен мұн басады. Уақыттың адамға байқалмай тез өтіп кеткенін Мұрат енді ғана сезгендей болды. Неге екенін өзі де білмейді, әлденеге көңілі толмайды. Тіпті Қодардың өзіне қарап күлімсіреп тұрғанын көріп, енді көңілін аяныш сезімі баурап алды. Енді анау кездегі төбелесте өзінің Қодарды ұрып жыққанына өкінді. Окуға кетеді. Мүмкін ешқашан да көрмес, кездеспес те, бірақ Қодар өзін қандай оймен есіне тусіреді. Құн талмаурай батып бара жатты.

Мұрат тіпті Қодардан кешірім сұрағысы келді. Кешкі тамакта көңілді ішілді.

-Жігіттер ертең мен кетемін. Мүмкін артық кеткен жерім болса, айып етпендер,- деді Мұрат.

-Жоқ, айып не?- деді Қодар.

Мұраттың көңілі енді жайланды, жаңағы сөзді жігіттердің шын ізетті пейілдерімен айтқандарына сенімі мол болды. Манайды кеш қарандыры баурап алды. Аспан жұлдызды. Тіпті бойды тоңазытып салқын леп есті.

Ертеңінде Мұрат тұске таман жүріп кетті. Жігіттердің арасында өзі бар кездегі сыйластық болатынына сенімі мол болды. Біраз машина ұзап кеткен соң Қодар Бitemірді теуіп жіберіп:

-Немене, екі туып бір қалғаныңдай молодойдың артынан телміре қарап қалдың? Жаның барында тамақ дайында,- дел ақырып қалған. Ол әрине көнген жок.

АЙЫРБАС

Әсия баласы қайтыс болған соң екі бөлмелі үйде сопайып жалғыз қалды. Бастапқы кезінде елегезіп, үйге сия алмаған соң көрші үйдің қызын қасына алып жатып жүрді. Бірақ кейіннен өзінің бұл шарасыз жағдайына мойынсұнып көндігүіне тұра келді. Құндіз үшінші қабаттағы үйіннің балконынан сырттағы мазасыз тіршілікті бақылайтын. Ақ таңдан қара кешке дейін ерсілі- қарсылы ағылған машиналар легі бір толастамайтын. Ал, тратуарда әр түрлі киім киген адамдардың кетіп бара жатқанын көретін. Мұндай уақытта өзінің жалғыздығын ұмытатын. Әсіресе, көктем кезінде өткінші жауын себелеп, жердің иісі анық сезілгендей айрықша көтерінкі көніл қүйде болатын. Ал жаздың орны ерекше еді. Мұндай мамыржай шуакты жаз күндерінде уақыт байқалмай тез өте шығады. Күз келіп, ағаш жапырактары сарғыш тартып, тағы да жаздың аяқталғанын уайымдап ойлайтын. Одан соң адамды мезі қылатын күзгі жаңбыр басталар еді. Мұндайда неге екенін өзі білмейді, ылғи өмірінде болған көленкелі жайлар есіне түсіп, көнілі жабырқайтын. Сонан соң балконның есіргі сонау жазғытурымға дейін ашылмастай болып тарс жабылатын. Одан соң сұықта ызгарлы жел құтырына сокқанда ағаш бұтактары дірілдеп, тоңып, бейне бір сәт болса да үйге кіріп жылынып алуға жақын тұратын. Ызгарлы қыстан терезе әйнегін қырау әшекейлейтін. Қанша қыстың құні таусылмайтын болғанмен де бәрібір сағынлырып барып, көктем келетін. Балконның есігін ашқанда сырттағы таза ауа бөлме ішіне лап беретін. Мұндайда Әсия қапастан шыккандаі сезінетін өзін. Әп- сөтте ақ қыс бойы жанын жеген үайым сейіліп сала береді. Күн жылынған соң есік алдына шығып, шуактап отырғанды жақсы көретін. Осынау бес қабатты тұрғын үйдің тұрғындарының тұрмыс- тіршіліктері көз алдында отіп жатады. Міне, малына киінген толық әйел бұған назар салмай өте шықты. Одан соң үйден жүгіре шыққан жап- жас қыз кенет кідірістеп, жан- жағына ойланған қарап кетіп бара жатты. Қызға осынау шуакты күндері мәнгі тұратындаі көріне ме? Көрші подъездің алдына түрлі- түсті лентамен өрнектелген жеңіл машина тоқтады да, іштеп бақытты жас жұбайлар шықты. Келесі қуні өзі тұратын подъездің екінші қабатындағы жас мөлшері қырықтардағы еркек шықты. Бұл адамның ішетінін және әйелімен ажырасқанын естіген. Есік алдындағы аулада ойнап жүрген бағалардың шаттанған даусы естіледі. Осыларға қарап көктемнің

алғашкы күндерімен қоса өмірге деген інкөр сезімі арта түседі.

Жаздың ыстық күндерінің бірі еді. Әсия дүкенге барып қайтып келе жатты. Сол кезде атын атап біреу шақырғандай болған соң сонына бұрылып қараған.

-Апай, мені танымадыңыз ғой деймін,- деді әдемі құлімсіреген бейтаныс әйел. Әсия аздап шырамытқанымен, жыға танымал еді.

-Оныңыз рас,- деді мойындал.

-Мен КСК-да есепші болып істегенмін. Сізді содан білемін. Атым Қатипа.

Әсия енді таныды. Даусы жылы бейтаныс әйел өзін бірден баурап үйіріп барады.

-Қарағым танымағаным рас. Бір көрген біліс, екі көрген таныс деген емес пе. Уақытың болса үйге кіріп шәй ішіп кет.

Әсияның үйіне кіргеннен Қатипа тым жұпны бөлме ішін көзімен тінте шолып өтті. Шәй үстінде екі әйелдің әңгімелері қыза тұсті.

-Апай, қазіргі жастар үйленгенмен де, кас қағымда үй болып кетуі қын екен. Амал нешік, шамамыз келгенше көмектесеміз ғой,- деді Қатипа.

-Қатипаның әлі өжім шалмаған жүзіне қарап ешкім үйленген баласы бар жеп ойламаса еді. Құлгенде алтындаған мандай тістері жарқырай түседі. Қолы толған алтын жүзік. Сынай қараған адамға сыңғырлаған құлқісі жасандылау болып көрінуі де мүмкін. Бірақ, Әсия бөтен ойдан аулақ еді. Қатипа бірден ұнады. Тіпті уақыттың екеуара әңгімелесіп отырап қалай өтіп кеткенін білмеді. Шәй ішіп болғандарына бір шама уакыт өтседе әңгімелері таусылар емес.

-Апай, мен сізді ертең таныс дүкеншіге таныстарамын. Керек- жарак заттарыңызды алып тұрасыз.

Қатипа содан күн батып кеткен кезде қайтты.

Қатипа шынында айтқанда сөзінде тұрып бірнеше күннен кейін келді.

-Апай, сіз осы уақытка дейін өмір сүрудің үйренбепсіз. Неге дүкенге келіп керекті заттарыңызды алып кетпедіңіз?- деді өзінен-өзі риза кейінте.

Қатипа бұдан кейін де апта сайын келіп жүрді. Құр кол кемейді. Бірде таптырмайтын үнді шәйін әкелсе, бірде көйлектің мата әкеледі. Мұндай қымбат сыйлықтан Әсия өзін ынғайсыз сезіне бастады. Қалай алғыс айтарын білмеді. Күн өткен сайын

Қатипаға үйрене бастады. Тіті Қатипа келер уақытта қобалжып, асыға күтіп отыратын болды. Келе алмаған кезде ренжіп, көңілі пәсейіп қалатын. Қатипаның әңгімешілдігі, адам жанын түсініп, тілті кейде керек жерінде ұн демей отыра алатын. Әдетте құндізгі адамды аландастып, абыр- сабыр болып жатқан көше шуы басылып, кеш қарандырылығы манайды түмшалап альп, өзінің жалғыздығын сезіне бастағанда келетін. Қатипаны көріп бірден сергіп сала берді. Қатипа айтқан әрбір жаңалыкты қөпке шейін ұмытпайтында жанына сактауга тырысатын. Тіпті аз уақытта жақын тартып тұған сіндісіндей болып кеткен Қатипаның қуаныш- қайғысына ортақ болғысы келетін. Мұндай әңгімeden кейін өзінің бойында қөпке дейін суалмайтындаид қуаныш оты қалатын. Жаздың күні өзінің ашық жайдары шуакты күнінен өткінші нөсерлі жаңбырмен байкалмай жылжып жүре берді. Бір күні Әсия балконға шыққанда ағаш жапырактарының сарғыш тартқанын көрді. Одан толассыз жауыннан ауа дымкестене, ағаш жапырактары түсіп, күн сұып кетті.

Қыстың шыңылтыр аязды ашық күні тұрды. Дәл бір мерекедігей көшеде кісілер көп. Әсия бой сергіту үшін қызырып келіп, енді шешіне бергенде Қатипа келді. Әдеттегідей көнілді, сөйлей кірді.

-Кайта киініңіз, апай сіздің біздің үйден дәм татуға шақыруға келдім. Әсия акырғы рет қашан қонақта болғанын ұмыттып қалған. Олар жана ақша қар жауған көшемен келе жатты. Аяқ астында қар сықырлайды. Қатипа толассыз сөйлемеп, қалжында-умен болды. Әсияның көніл күйі керемет көтеріңкі. Қатипаны Әсияны талайдан көрмеген туысындаид қуанышты ықыласпен карсы алды. Әп- сөтте- ак өзінің жалғыздығын, қанша күндер жанын қинаған сүренсіз көніл кіrbіні бірден сейіліп сала берді. Әсия ешқашан осындаид, алансыз күлмеген еді. Ешқашанда осындаид бақытты сезініп, өзіл- қалжың айтпаған болатын. Дастархан үстінде әдеттегідей жақын араласып жүрген туыстарындаид көнілді отырды. Әсия өзге жүрттың тұрмыс- тіршілігіне көз салатын сұғанқықтан аулак болатын. Бірак бірден Қатипаның өте жақсы тұратына көзі жетті. Тым қабат шетелдік гарнитур, іші толған хрусталь, қабырға мен еденге тәселген кілем. Қатипаның ұлы Ұзын бойты, бүйіра шашты сұлу жігіт, өте әдемі күледі. Келіні де өте өнді екен. Кейде қанша сөз жүрекке жылы ізгілікті сөз айттығанымен де бәрібір адам өлең айттып бой жазысы келеді. Әсияның осы халін сезген Қатипа әдемі қоңыр дауысмен ән бастады. Әсияның бойы шымыр етті. Жоқ, өмірінің тез өтіп кеткеніне

ешқандай өкініш, өксік болмағанмен бәрібір жастық шағының шуақты күні көз алдына қолбендейді.

Бұл отырыстың жайлы болғандығы сондай, уақыттың қалай өте шыққанын білмей қалды. Үй іштерімен тұрып ізгі тілек айтып шығарып салды. Тұн айлы жүлдyz екен. Аздаған шынылтыр аяз бойын сергіте түседі. Кеудесін толассыз кернеген куаныштан үйнен қалай келгенін сезбей қалды.

Арада бір ай уақыт өткен соң Әсия да Қатипаны үй ішімен дәм татуға шакырды. Құрметті қонақтарын лайықты қарсы алу үшін мұқият дайындалды. Бауырсақ пісіріп, үнемдеген біраз ақшасына қымбат шетел шарабы мен қазы сатып алды. Дастархан үстінде тамақтан ине шаншар жер қалмады. Қонақтар кешікпей уақытында келді. Талайдан бері үйі осындай күлкі мен сөзге толмаған еді. Қонақтар үй ішін мұқият қарап шықты. Тілті балконын ашып көрді. Бөлмелерінің кеңдігін, балконның орталық көшеге қарағанын мактап ала жөнелді. Әрине, тым жұпны жиналған үйде мақтайтын түті жоқ екенін Әсия түсінеді. Тосыннан туысынан жақын адам тапқанына қуанып, құдайына рахмет айтумен болды. Қатипа да қонақтын деп қолын кусырып отырмады, тамақ жасасып, зыр жүгірді. Дастархан үстінде әнгімемен талайдан бері ұмытылған өлең айтылды. Өте тамаша отырыс болды. Қонақтар рахмет айтып кеткеннен кейін Әсия есіктің жактауына сүйеніп жыламсырап алды. Әсияның биылғы қысы алдыңғы жылдағыға қарағанда тез өтті. Жылдағыға қарағанда қыстың сұық күндерінің ызғарын жөнделп сезбеді. Тілті жылдағыға қарағанда көктем күнін үздіге күтпеді. Ызғарлы да сұық қыстың қалай тез өткенін білмей қалды. Қар еріп, арыкты су алып, жылы шуақты көктем келді.

Бір күні таңертең балконнан ағаштың жапырақ жайғанын көрді. Бұл нағыз көктем күнінің келгені еді. Үйде омалып отырмай жиі қыдыруға шығатын болды. Орталық кең көшеге түсіп алып, асықпай жүретін. Неге екенін білмейді, көше шуы мазасын алып, жүйкесін тоздырмады. Салынып жатқан жаңа үйлер көрінеді. Әдетте мұндай бой жазығы қыдырғаннан өзін сергек сезінетін. Кейде талмаусырап шаршағанда дем алатын оңаша жері бар. Орталық көшеден онша алыс емес, тоза бастаған ескі бак. Акация ағашы қоршаған орындыққа отыра бергенде ақ жаны жайланағы сала беретін. Бұл арадан тынымсыз қала шуы талықсып жететін. Тек жел соғып, сыйдырлаған ағаш жапырақтарының сыбыры естілетін. Мұндай сөтте бойын женіл мұн баса-

тын. Эсірсе, өмірінің ең жакын қуанышты күндерін есіне тұсіретін. Жылдағыға қарағанда әлдекандай қызығырақ болып көрінеді. Мүмкін бұрынғыдай өзінің жалғыздығын сезінбейтіндіктен болар.

Қатипа әдеттегідей күнде келіп отырды. Келген сайын Эсия өзіне бірдеме айтқысы келіп жүргенін сезді. Бірақ айта алмады. Бұл өзіне тым өткір бүндай сенімсіздігіне таңырқай қоймады. Тіпті Эсия айтса қолка салар еді, бірақ սұрағын бұлжытпай орындаі алмай ма деп қауіптенеді. Тіпті не сұрайтынын да іштей сезеді. Өйткені, Қатипа сонғы кезде ұлы мен келінінің тар үйде жас баласымен қысылып отырғанын айтумен болды. Эсия бұл сезін неменеге мензейтінің жақсы тұсінеді. Шыны керек, көніл түкпірінде жайсыз сезім де қылаң берді.

Жаздың жауынды- шашынды күндері еді. Бөлме іші қою қаранды. Қатипаны Эсия әдеттегідей ықыласты көнілімен қарсы алды. Оның әлденеге ренжігенін сезді.

-Қатипа сіңілім, көп капаланба. Ұлың мен келінінің жайлары болмай журсе, менің үйіме айырбастандар,- деді жаны ашып кетіп.

Қатипа бірден сыр бермеді. Жауап бермей үн- тұнсіз кете барды. Бірақ, әдеттегідей күн де келіп журді. Қайтадан бұрынғы қалпына тұсіп, реңі өзгере бастады. Еріксіз осыдан жиырма жыл бұрынғы жай есіне тұсті. Жаздың бір күнінде өздерінің там үйден осында ауысып келгендері ойына оралды. Бұл өміріндегі ең бақыты күн болатын. Қүйеуі ордер алып, жас баладай қуаныш жүгіріп келді. Тіпті жұмыс киімін шешуді де ұмытып кетіпти. Бөлменің есігін ашқанда беттеріне бояу иісі сіңген ауа лап берді. Олардың қуаныштарын сөзбен жеткізу мүмкін емес еді. Иә, ол уақытта өтіп кетілті. Мына кең қөшелер, анау қабат- қабат үйлер жоқ болатын. Эсия балконнан осынау көріністі бақылап біраз тұрды...

Арада бір ай уақыт өткен соң Эсия үйді айырбастайтыны туралы айтқанда Қатипа өуелде келіспейтіндей сыңай таңытқанымен де кейіннен көнді. Эсия үйді айырбастау үшін бір қағаздарды реттеуді өз мойына алды. Ертеңінде Қатипаның ұлы келді.

-Алай, мен үйді жөндейтін едім. Сол үшін шакыртқан кісілерім бөлмелерді көргісі келеді.

-Көрсін, төрлетіндер.

Жөндеуші екі адам бөлме ішін өлшей бастады. Ал келесі күні таңертең жөндеуге кірісті.

-Алай, мына бөлмені жөндесек деп едік, келесі бөлмеге ауыспайсыз ба?- деді Қатипаның ұлы жымышып.

-Ауыссам, ауысайын, тіпті сендерге бөгет жасамас үшін біраз қыдырып келейін. Ол бұдан кейінгі уақытта үйіне сыймай өзін артық сезіне бастады. Бөлмедегі бояу иісінен басы ауырды. Үйді жөндеп жүрген адамдар тұскі демалыс кезінде ас үйге кіріп арак ішті. Қатипа үйіне күніне бірнеше рет келетін болды. Тіпті қуанышын жасырмады. Кешке таман Эсия төсекке өбден шаршал құлағанда Қатипаның ұлы мен келіні кітап жинайтын шкафты қайда қоятыны туралы кеңесумен болды. Эсия екі жастың жастықтарына қарамай, аса дүниекүмарлығына таң қалды. Алайда. Қатипамен бұрынғысынша ықыласты араласып журді. Көшедегі қыдыру көңіліне бұрынғыдай қуаныш әкелмеді.

Күздің күні биыл ерте түсті. Эсияға көше бояуы ешқашанда осындай кісінің көңілін құлазытатында болып көрінбеп еді. Бірде үйіне оралғанда бөлмелерін тіпті танымай қалды. Қабыгалар әдемі түсті қағазбен қапталып, сырланған еден жылтырап жатты. Өзінің азын- аулақ заттары бір бұрышта елеусіз ғана үйліп қойылыпты...

Қатипаның айтуына қарағанда ұлының үйі қаланың орталық көшесінде екен. Десе де бұл жерден өте алыс. Екі автобус ауыстырып әрен җетті. Одан әрі қарай жаяу жүріп, темір жолдан өтіп барып сонында екі қабатты үйге келді. Жактауы жоқ баскышпен екінші қабатқа көтерілді. Ұядай ғана бір бөлме екен. Ас үйдің жартысын пеш алыш жатыр. Бөлме іші қаранды.

-Апай көріп тұрган шығарсыз, шағын ғана бөлме. Қыстың аязды күнінде пештің түбінде рахаттанып қою шайды ішіп отырғанға не жетсін,- деді Қатипа ерні- ерніне тимей жылдамдата сейлел.

Эсия мұнда көшіп келгенде күздің жауынды күндері басталған еді. Құңғұрт үйде өзінің жалғыздығын бұрынғыдан бетер айқын сезінді. Бөлмені ағартып, еденді сырлап, киім кешектерін жуып біраз уақытын откізді. Бірақ тағы да мазасыз, бітіп болмас тұнғылқ ойлар кайтадан оралды. Терезеден қала шетінің лас көшелері, сүрәнсіз көріністері көрінеді. Алғашқы тұні күн бұзылып, жел соғып онсыз да мазасыз көңілінің үйкі- түйкісін шығарды. Қатипамен кездескені, сүйек жакынында араласканы өнінде емес, түсінде болғандай. Осы үйде өмір бойы тұргандай елестетеді. Суық қыс аязды күндерімен апта бойы толастамайтын боранды күндерімен басталды. Қатипа үзакка дейін көрінбеді. Эсия оны сарыла көп тосты. Сағаттар бойы әр тerezeden автобус аялдамасы жаққа қарал үзак отыратын.

Алайда, күн өткен сайын сағынышты арта түскенмен, үміттің жібі үзілмеді.

Кешкүрм еді. Кешкі тамағын ішіп, Әсия ыдыс аяқты жуып жаткан. Осы кезде біреу есік қақты. Ол қобалжып, толқып есікті ашты. Қатипаның ұлы екен.

-Сәламатсыз ба, апай. Қалай тұрып жатырсыз?- деді жымы-ып, Әсияның қуаныштан жүрегі жарылып кете жаздады.

-Жоғары шық, ұлым. Әке-шешенің ден- саулығы қалай?- деді жіккаппар болып.

-Өте жақсы. Сізге келе алмай жатқанына кешірім сұрап жатыр.

-Әке- шешене сәлем айта бар.

-Айтамын апай.

-Өздерің қалай тұрып жатырсында?

-Өте тамаша. Апай, ренжімесеңіз бір нәрсе алып кетейін деп едім.

-Ала ғой, балам.- деді Әсияның әлгіндегі тасыған көңілі су сепкендей басылып.

-Дипломатынан кішкентай сүймен темірді алып, киім ілгішті босата бастады. Әсияның есіне жақында ғана теледидардан көрген үй тонайтын қаракшылар туралы фильм тұсті. Қатипаның ұлы киім ілгішті босата бастағанда шегемен бір кірпіш қопарылып тұсті. Киім ілгішті алы енді жерде жаткан кірпішті еңкейіп ала бергенде Әсия:

-Балам, бұл осы үйдің сынық кірпіші. Алмай- ақ қой, - деді катқыл дауыспен...

Қатипаның ұлы кеткеннен кейінгі неге екені білмейді Әсияның жан жарасы бірден жазыла берді. Енді өткен шуакты құндердің елесін есіне ала бастады.

Осы үйге көшіп келгеннен соң алғашқы күні орыс кемпірін көрген болатын. Тұр-әлпетінен мейірімділік сезіледі. Бірінші қабатта тұрғандықтан жиі кездесетін. Кейде дүкенге бірге баралы. Бір күні автобус аялдамасында танысып, әңгімелесті.

-Бұрын қайда тұрып едіңіз, көрші?

-Қаланың ортасында.

-Қызық екен. Ана қара келіншек туысыныз емес пе?

-Жоқ.

-Онда сізді де алдаған екен ғой?

-Жоқ өзім келістім...

Әсия, кейде ауырып- сырқағанда дүкенге барып керек жарак заттарын бірінші қабаттағы орыс кемпіріне өкеп беретін. Қыстың сұық құндерінде пештің түбіне отырып алып ұзак әңгімелесетін. Мұндай кезде Әсия өзін тамаша сезінетін.

Эсия уакыт өте келе жаңа қонысына да бойы үйрене бастады. Таңертең оянғанда үйліп жатқан қар үйіндісі көрінеді. Әсіресе, ұнағаны қалаңың шет жағындағы таза ауа еді. Қатипаға деген өкпе- назы үмтүла бастады. Қыс қаша ұзак созылғанымен, кешікпей көктем келді. Ойдым жерлерге еріген қар суы жинала бастады.

Дөнес жерлерге көк шыға бастады. Мұндай күндері Әсия күн шуакта дем алып отырғанды жақсы көретін. Жаздың келе жатқанын қуаныш санайтын. Мына батпақ кеуіп, көк шығады, жердің иісі басын айналдырып, көңілін масайратты. Талайдан бергі көңіл хоңының жақсырып келе жатқанын ендіғана сезінді. Содан ба айналасына аса бір мейірімділікпен қарады. Сонау көкжиекте сілемденіп таулар көрінеді. Тоған судың бетінде күннің сәулесі шағылысып ойнақ салды.

Әсия орыннан тұрғанда өзін сондай сергек өрі жеңіл сезінді.

ҰНЕМДЕДІ

Таңертең аспан бұлыңғырланып тұрғандықтан жаңбыр жауа ма деп қауіптенген жұрт үйлерінен қалың киініп шықты. Бірак тұске таман күн жылдынып сала берді. Вагон жөндеу шеберханасының слесары Сейтен асханаға асықты, ыстық та бұып барады. Өзінің таңертең плащ киіп шыққанына өкінді. Кенет өзінің атын атағанда жалт қарады. Депоның үлкен цехында істейтін **Жантай** екен.

-Асханаға бара жатырмын.

-Иә.

-Онда кезекте тұрмай- ақ қой біздің жігіттер бар.

Сейтен акша ұсынып еді алмады. Столға барып орындыкка отыра беріп қалтасындағы жұз теңге ақшаны үқалап қойды.

Таңертең жұмысқа бара жатқанда әйелі “күнде жұз тенгеге тамак ішесің, үнемделмейсің” деп күнкілдейтін.

-Әй катын менің темекі тартпайтынымды ұмытып кеттің бе? -деп аузын жаптыратын.

Сейтеннің бойындағы ең жақсы қасиеті темекі тартпайтын еді. Қалтасында үнемделген жұз теңгені ақшаны қанағаттанған сезіммен тағы да сипап қойды. Тамақтанып болып сыртқа шыққанда күн одан сайын қыза түсіпті. Осындай көктемнің ашық күні жұмысты көтерінкі көңіл күймен баста-



ды. Әдетінше дем алып алды. Мұндай кезде жұмысты жапырап жіберетін. Бірақ жұмыс үстінде үнемдеген акшасы қуаныш әкеleмеді, кайта уақыт өткен сайын өзін ынғайсыздау сезінді. Мүмкін жұз тенгені үнемдегенге қуанғаны болар. “Не болып барамын?”. Бәріненде өзінің мұнша ұсақтальп бара жатқаны жаңына батты. Үйленбей тұрганда, күніне мың тенге шашсада қабағын шытпаушы еді ғой. Енді не болған өзіне? Жантайдың да бала- шағасы бар. Оның да өйелі жұмысқа бара жатқанда түскі тамаққа көп акша шығарасың деп күнкілдейтін шығар. Әлде жоқшылық жетіспеушіліктің өзі осындай жайсыз ойдан ба? Уақыт өткен сайын бойын салғыртық басты. Бағанағы көтерінкі көңіл- күйі бірте- бірте жоғалды. Біраздан соң тіпті жұмысы жөнді журмегендіктен көмекші жігітке үрсып қойды. Кенет бүгін жалакы күні екені есіне түсті. Иә, аванс беру керек. Бірден көңіл- күйі көтеріліп сала берді. Жұмыс бітуге тақаған кезде жақсылап темекі тартып алды. Ақша қолына тиген соң асығып басып Жантай жұмыс істейтін жерге келді.

-Саган келдім- деді өзіне таңырқай қараган Жантайға.
-Қарап тұрмын, жайша ма?
-Бүгін акша алып едім. Өзіңмен отырып көңіл жайын сөйлесейін деп едім.

Батар күн сәулесінен ағаш үйлер қызылт нұрға бөлениген. Ауа біраз салқындаған. Көшеде жұмыстан шығып үйлеріне қайтып бара жатқан жора- жолдастары көрінеді.

-Әй қайда бара жатырсындар?- деді.
-Өзіміз білеміз.
-Кулар- ай.

Олар дүкеннен бір шиша арақ алып, өздеріне таныс орыс шалдан стакан алып гараждың алдындағы орындыққа отыра кетті.

-Сонымен иенің құрметіне,- деді Жантай.
-Жайша өзіңмен кең отырып сөйлесейін деп едім.
-Сыйлағаныңа рахмет.

Бір стакан арактан (әлде шаршағандықтан ба?- мүмкін жаңын қинаған ойдан ба?) әйтеуір бойы жеңілденіп сала берді. Бағанағыдай емес күн салқындал маңайды кеш караңғылығы тұмшалай бастаған. Олар кең көсліп сөйлеп отыр.

-Айтпа жігітім күн көріс қындалап бара жатыр. Біздің үлкен цехта жұмыс істеу ауыр ғой. Ал жастар көп тұрактамайды, ауыр жұмыстан қашады. Бізден гөрі базардағы алып сатарлар көп акша табады- деді Жантай.

-Оның рас,- Сейтен қостап.

-Казіргі заманда бес баланы асырау оңай емес.

Осылай сөйлесіп отырып леп- лезде бір жартылық аракты калай тауыскандарын білмей қалды.

-Жаке, мүмкін тағы бір шиша арак алсақ қайтеді.

-Алсан ал.

Екінші жартылықты әзер тапты. Оның өзін қолдан екі есе бағамен сатып алды. Олар гараждың алдындағы орындыққа кайтып оралғанда, маңайды тұн қараңғылығы әбден басқан. Ауа салқын. Сейтен енді таңертен плащ киіп шыққанына өкінген жок. Енді әнгіме тиегі енді еркін ағытылды.

Адам қанша өмірден таршылық көрсө де бәрібір кейде осылай кең отырып сөйлескенге не жетсін.

Бағанадағыдай қала шуы басылған. Шығыс жақтан ай көтеріліп келеді. Маңайға бозамық жарық шашқан.

-Өзің ойлашы бірін тапсан екіншісі жок. Әйтеуір жетіспеушілік, кейде бәрін қолыңды сермел тастағын келеді - деді Жантай налып.

-Жоқ өйтуге болмайды. Тырысу керек бәріне. Шыдау керек. Олар екінші шипаны тауысып орындарынан тұрғанда түннің талай уақыты болып қалған еді. Салқын ауда дымқыл жер иісі сезіледі.

Ұзын көшемен бірге біраз жүрді де қоштасты.

-Ал сау бол.

-Рахмет. Үйде әйелде күнкілдеп жатқан болар.

Сейтен ерекше көтеріңкі көңіл күйде болды. Жоқ енді ешқашан бүйтіп ұсакталмайды. Тіпті үйіне қайтқысы келмейді. Ай сөулесі шашқан ұзын көшемен жүре бергісі келді. Талайдан бері аспандағы жұлдыздарға дәл бүгінгідей таңырқап қарамаған еді.

Мына қыншылықтардың бәрі уақыт өткен сайын ретінен келетін сияқты болып көрінді.

Енді біраз жүргеннен соң үйіне жақындалп қалды. Әсіре өзінің жұмыстан ішіп келетінін жек көретін әйелінің адудын мінезін білетін. Еріксіз аяғын абайлап басты. Қалтасында қанша акша жиганын санап еді, өзі түсте үнемдеген жұз тенгеден басқа майда тиындар ғана қалған.

Айтатын сылтау да қалмапты. Ақыры үйіне тақай бергенде қолына жұз тенгени алып терезе қакты.

Әйелі есік аша беріп:

-Осы уақытқа шейін жоғалып қайда жүрсің. Ішіп алыпсыңғой үятсыз,- деді ашуланып.

-Әйел үндеңе. Аздап ішкенім рас. Оның есесіне үнемдедім деп тұсқі тамактан қалған жұз тенгени ұсынып.

ЖАЛАҢ АЯҚ

Алдаберген өзінің қаладағы туысын айтып мақтанғанды жақсы көретін. Жақыны емес дәл өзі сол маңызды жұмыста істел жүргендей көпіре сөйлейтін.

- Калаға барсам болды, автобус тұрмак таксиге де отырмаймын.

- Сонда қалай аспанда үшіп жүресің бе? дейтін отырған жүрт оны қыздыра түсіп.

- Эй, түсінбейсіндер-ау. Туысымның ақ “Волгасымен” қызырамын. Қайда барғым келсе, сонда барам, ерік өзімде.

Шынында көршісі қалаға барғанда универмагтың аллында ақ “Волганың” жаңында тұрған Алдабергенді көрілті. “Волгасымен” талай жерді аралапты. Сол күннен бастап туысқанын айтып мақтанғанда ешкімге сөз бермейтін болды. Алдаберген туысынан “жаз ортасына ғаман мүмкін келіп қалармын” деген телеграмма алған соң мазасы кетті.

Жаз болса мол жауынды. Тамыздың ыстық күндері бағыттысымен көк қаулай шықты. Ауылда жаңа өсіп келе жаткан жусанның иісі аңқып қоя берді. Алдаберген құрметті қонағын лайықты қарсы алу үшін дайындыққа кірісті. Қаладан онша алыс емес, көрші совхозда тұратын туысының барып семіз қой сатып әкелді. Туысының көлетін күні жақындаған сайын тағаттыздана, мазасыздана түсті. Ақыры туысынан “келе жатырмын” деген телеграмма алды. Бүкіл көрші қолаң Алдабергеннің үлкен қалада тұратын інісінің ақ волгамен келе жатқанын біледі. Таңертең тіпті елең-алаңнан оянған Алдаберген өрбір дыбыска құлақ түріп мазалана түсті. Алғашқы рет жаздың күнінің ұзақ екенін сезді.

Таңертеңгі қызығылттанып, бейне тұнгі шықпен жұпар иісі аңқыған дымкер ауаны бойына сіңіріп, ауырлаған күн биікке котерілген сайын жеңілдей түскендей. Алдабергеннің екі көзі қошे жақта, бірақ туысы тұс кайта келмеді. Тек түстен кейін өзіне карай келе жаткан көршісін көрді.

- Сенің туысынды көрдім, - деді.

- Қайдан?

- Автобустан.
- Мүмкін емес.
- Неге мүмкін емес. Сенің інің бірақ неге екенін білмеймі автобустан түсіп қалды.

II

Мақсұттың туған қаласына барып келуді талайдан бе-ойлаған, тек биыл ғана сөті түсті. Балалық шағын өткізгө-қаласын сағынып та қалған болатын. Көп шусыз автобус-пен баруды үйғарды. Бірден вокзал басынан-ақ өзіне талай-дан бері таныс сағыныш сезімі баурап алды.

Автобус, машина таяп, қала көшелерін артқа тастап шық-каннан соң-ақ көз алдына масағына дән толып пісе баста-ған егіс даласы мен көгілдір таулар көрінді.

Бәрінен де өзіне таныс боз тәбелер көзіне ыстық басылды.

Жер сортан тартқандықтан күнгей жерлерінде әлдека-шан курап қалған. Көктемде ғана көпіріп тасыған бұлак-тардың, енді сай етегін айғызыдаған іздері ғана көрінеді.

Осы өзіне бала кезден етene таныс көріністен көнілдегі қасаң тартқан сезімі сыртқа леп бергендей. Талайдан бері бойын билемеген мамыражай күйден автобустың талай жерді енсергенін байқамай да қалды. Кенет көзіне қала шетінен орай аққан өзен түскенде автобусты тоқтатып түсіп қалды.

Жалғыз аяқ жолмен өзенге қарай жүрді. Маңайда жым-жырт тыныштық. Тек самал желғана бетін өбіп өтеді.

Өлкеге такай бере сылдырлап аққан судың дыбысы естілді. Көнілі де жайланып сала берді. Суық суға түсіп сергіп алды. Ақыры жалғыз аяқ жолға түскенде, майда топыракпен жалан аяқ жүргісі келді. Аяқ киімін шешіп тастап жаяу жүрді. Тек қазір ғана жаны жайланып дүние кеніп сала бергендей болды. Осы өмірде қанша адам өзін-өзі қапаста ұстап өмір бойы нағыз бостандықтың не екенін білмей кетеді десенші. Таба-нына тиген майда құмдауыт топырақ жанына жайлыш тиіп келеді. Талайдан бері өзінің жерге осындағы жақындығын сез-беген болатын.

Ана жібек жіптей созылып ағып жатқан өзен өзінің салкын суына қайтадан шомылып алуға шақырғандай, ал көк шөпте жатып алып мауқын басқысы келді де түрді.

III

Күн аясына батуға тақап, кеш көлеңкесі ұзара бастағанда Алдаберген шын мазасындана бастады. Шынында інісінің калаға жетпей өзеннің жағасында түсіп қалағанына енді сенді. Мүмкін жақсы білмегендे сенбес те еді. Бірақ інісінің үйіне дуние, жиһан жинамай кітап жинап, кейде жас баладан өзіне түсініксіздеу мінезін де білетін. Ескі Москвичіне отыра сап лезде қала шетіне ағызып шыға берді. Алыста жалғыз аяқ жолмен келе жатқан інісін көрді. Жалаң аяқ келе жатқанын көріп, тіпті жылап жібере жаздады. Бәрінен де енді көрші-колаңға “Волгасымен” жұмысқа барып қайтатынын айтып мактана алмайтын болды.

СЫБАФА

Мараттың кочегаркадағы уақытша жұмысы біткен. Көктем шықты, енді от жағу қажет емес. Оттықтағы күлді газартып жөндеп, сыпырып есікті жауып, кілтті мектеп завхозына ұстадты.

- Ал жігітім осы айдың аяғына шейінгі еңбек ақынды алып кетерсің.

- Рахмет.
- Был жазда тағы құрылышқа кетесің бе?
- Шамам келсе уақытша қаладан жұмыс табам. Эйелім жүкті.

- Табылады ғой іздесен.
- Табылатын шығар, - деді Марат.

Марат уақытша істейтін жұмыс іздей бастады, бірақ өзіне ыңғайлы жұмыстың реті келмей-ақ қойды. Өстіп жүргенде көшеден өзі сияқты кочегар жолдасы Нұрланды кездестірді.

- Мұнда бізге ыңғайлы жұмысты қайдан табуға болатынын Самат біледі - деді.

Саматта тұрактап жұмыс істемейтін жанның бірі.

Қыстай үйінде жатып көктемде ғана үй салуға жалданатын. Бұл орта бойлы толық денелі, тез сөйлейтін сары жігіт, бірден-ақ асты үстеріне түсіп сөйлеп кетті.

- Сол да сөз болып па? Нешеусіндер?

- Екеуміз ғана.

- Қарастырамын. Табамын. Ертең хабарын беремін. Әуре болмай-ақ үйлеріне жүре беріндер.

Күн аптап күйдіріп барады. Аспанның әр жерінде ақ шөкім бұлттар жүзіп жур. Марат ертерек келіп үй шаруасын бітіріп келмек болды. Қаланың шетіндегі тамына жеткенше әбден ыстықтап бітті. Эйелі сенекте шайды рахаттана ішіп отыр екен.

- Ту күннің ыстығы-ай, - деді кескен томарды ысырып отыра беріп.

- Жұмыс таптың ба?

- Ертең белгілі болады. Бүгін саған есік алдына пеш салып беремін.

- Салмасаң болмайды. Мына сенекке от жақсан да үй іші ысып кетеді. Шайға қанып біраз дем алып болып, есік алдына шыққанда күннің ыстығының біраз қайтқанын сезді.

Марат тез қимылдан пешті, лезде салып болды. Жерде жатқан ағаш жаңқаларымен жағып көрді. Пет мұржасынан қою түтін бүйраланып шыққанын көргенде көнілі жайланаңып сала берді. Мараттың қолынан келмейтіні жок. Етікші үста да, тіпті ағаштан түйме түиетін шебер. Қыстай кочегарканың оттығының алдына отырып, анау мынау қол жұмысын істей береді.

Марат қызыл арайланып батып бара жатқан күнге ойланға қарап түрдү. Неге екенін білмейді көніліне мұң жайлап алды. Біраздан соң улап-шулай киноға кеткен балалары келді.

Ертеңінде уәделі жерге келгенде өзін Нұрлан Саматтың күтіп тұрғанын көрді.

- Таптың ба?

- Енді таппағандан.

- Бәрі өздерін ойлағандай жігіттер. Жақсы жұмыс. Тек біраң акша тастау керек.

- Сол да сөз болып па, тек жақсылап жазсын - деді Нұрлан.

- Ол жөнінде кам жемендер. Бәрін өзім реттеймін. Бастықпен енбекақы туралы сөйлесіп мазалай бермендер.

Бұл темір жолдың арғы жағындағы моншаның жанындағы кішкентай мекеме екен. Ағаштан ұзыннан ұзын астық

пен шөп сақтайтын қойма салу керек. Марат жаздың күні қалай тез өтіп кететінін білмей қалды. Олар жұмысқа таң сәріден кіріспі, түскі ыстықта дем алыш, қас қарайғанша жұмыс істеді. Бірақ жұмыстан қанша шаршап келсе де, көңілінде қанағаттандық сезім бар. Күннің күндізгі аптаған жалыны сөнген. Ауда тұнған шаң тозаңнан батар сәулесінен қою қызылттанып тұрды.

Осы бейбіт кеш пен көніл күні өзі қолдаған өмірді қолданадай. Өзі өзге жұрт біле білмейтін занылышты ашқандай. Бәріненде жан дүниесіне ешқашандай, дүниеконыздық пен өзгелердегі алдына жалған максат қоймаған. Сондықтан адам өміріндегі күнделікті кездесетін өмір құбылыстарынан артық не бар. Міне кеш батып, аспан беті жұлдыздарға толды да, қайтадан күн сәулесі арайланып атып келеді де жаңа күн басталады. Өмірде күнделікті дыбыс тіршілігімен жыл мезгілі сайын ауысып тұратын алмасқан сан алуан сезім толқыны өзіне әрқашанда ыстық көрінеді.

Осылай сырт көрініске өзгеріс жок жаз күндері жылжып жүре берді. Жылдағыға қарағанда құрғап, онтүстіктен аптаған жел соғып қала шетіндегі беттері бозалып тартып күздің күні ерте түсті. Құрылышта бітуге тақаған кезде Самат келіп жетті.

-Ой жігіттер молодец. Жаңа гана бастықлен сөйлестін он мың тенге қосып жазсын деп келістім.

-Керегі жок осы істегенімізді жөндеп жазып берсе болады.

-Әй Маубас он мың тенге басынды жарып бара ма, әлде байып кетемін деп тұрсың ба? Жок үндемендер. Өзім реттеймін. Әйтпесе бұлдіресіндер. Тек мені бір тойдырсандар болады.

-Сол да сөз болып па?

-Онда келістік.

Ақыры жұмыс бітті. Ақшаларын алыш, өздері салған қойманың жанында Саматты күтіп отырғандарына талай уақыт болды.

-Саматты кейін табармыз. Ақшаны бастыққа беріп кетейік.

Қолына ақша ұстатқанда бастық таңырқап қалды.

-Не үшін?

- Бізге артық жазғаныңыз үшін.
 - Жігіттер оны кім айтты.
 - Самат.
 - Жок өтірік айтады. Ақшаларыңды өздерің алындар.
 - Көрдің бе иттің баласын, - деді Маратты ашу қысып.
 - Эне өзі келе жатыр.
- Самат асыға келген. Тұрі тұтығып кеткен.
- Жігіттер кешігіп қалыптын, ақшаларыңды алдындар ма?
 - Алдық. Сыбағаңызды да дайындалап қойдык.
 - Онда тезірек бере қойындар.
 - Мә. Мараттың темірдей жұлдырығы оның иегінің астынан сарт ете тұсті.

АЙЫП (әңгіме)

Бала күннен құлын-тайдай айқасып өскен Серік екеуміз араға жылдар салып туған жерге сағынышпен оралған бетіміз еді. Әрбір тәбе көзге ыстық, шағылына дейін балалық шактың ізін жаңғыртып, өткен өмір аталатын уақытты қаз қалпында қайталап тұрғандай.

- Еліңе есейіп, бастық болып оралғаның дұрыс-ақ, маған жақпай тұрғаны, мына мылтығың. Мұныңмен саяткер атана қоймассың, - дедім оның алдына өңгерген кіші калибрлі мылтығын нұскап.

- Сеніңше туған жерге өмірбаки сары ауыз балапан болып кала беруім керек шығар. Ал азаматтықтың айғағы - сері, саятшылық екенін жасыра аламыз ба? - деді бұл күнде беті майлана түскен ажарына мен-мендік үйіріп.

Осы бір әзіл шыны аралас әңгіме ішкі дүниемізге алалық салғандай көпке дейін үнсіз қалыстық. Ана иісті жұпар лебін кеудеге еселей құйып, көсіле түскен тау аңғары жана бір дүниенің сырлы бетіндегі көз жауын алады.

- Лирик мырза, бүгін тау қойнауына түнеу туралы идеяны шығарған өзің едің. Бекшойынның бітеуінде түнейміз. Бұйырса арқардың жаубүйрегіне тұмсығынды тықсам “саятшылығынан айналайын” дегенді өзің-ак айтарсың деп, -

айналаға бойлап қарап, жұтынып қойды. Айнабұлакта аттың ерін алып, тұскі ыстықты саялы көлеңкеде өткізген біз қайта аттанғанда екі бөлек бағыт алдық. Ол да Серіктің айтуымен болды. Алғашқы әңгімелегі кекесіннен тылмаған ол “Сен бәрін балаша қызықтап бір жетерсің. Мен сенің кешкі асынды ойластырайын” деген-ді.

Серігім қанша мүқатса да өзіммен-өзім қалғанда шынында да уақыттың қалай өткенін білмедім. Туған жердің өсем табиғаты бар болмысымен жалғыздықты ұмытырады екен. Бара-бара осы бір табиғатқа тән тазалық өз басымда бар ма деген салыстыруға ойысты. Шындалп келгенде қара басым олқы соғып жатқандай, көңіл күйінде алабұрту өлі де толыспаған өмір сырлары пайда болған.

Тау ішінде күн көкжиеқке ерте батып кеткендей көрінді. Бірте-бірте айналадағы заңғар шындар қарандылық құшағына жұмбак сұсту тұске енген. Серігімнің уәделескен жерінде таяғанда түн қарандылығын серпіп көтерілген алауды көрдім. Аттан түсісімен -ақ отқа өлденені қақтап отырған серігім:

- Кел, кел. Сезім қарын тойғызбайды, ақыл бүйірінді шығарады. Міне, ас дайын - деп кәніңі аңшылардай атып алған арқардың жау-бүйрекінен ұсына берді. Жол азығына кол салып отырған мен оның енбегін елемегім келіп:

- Өзің-ақ тойып ал - деп қабағымды шыттым.
Бірақ, Серік те қоймады.

- Айында, жылында көңіл көтереміз деп шығып көңілді ажырастырып қайтпайық, - деп шын ықыласын танытты. Алаулаған от басында әңгімелеріміз жараса қоймай да бұйығып отырғанда табан астынан ат дүбірі естілді. Сүйткенше болмай, орман құзетшісіне лайықты киім киген Мұрат келе калды. Екеуіне де ескі таныс. Алғашқы кездегі шын сағынған амандығы, жарқын көңіл-күй ұзаққа бармады. Жаққан отпен сойылған арқарға көзі түсісімен қараторы жүзі сүрлапып, үялы көзінде екеумізге деген жиіркеніш жалт ете түсті.

- Астанадан ауылға бүгін келді деп естіп едім. Ауылдан таба алмадым. Сағынып келгендерін ел мен жер емес, арқардың еті болды ғой - деді бір езулей осқырына күліп.

- Сені көргенде ежелгі дос құшағында бір жырғап каламын ба деп едім. Бірден өмірі танымайтын адам-

ша шабуылға шықтың-ау, - деді Серік өлдекімді алдағысы келгендең жылман құлкіге басып.

Мен ештеңе айта қоймадым. Мұраттың бірбеткей шыншыл мінезі бала жастан таныс еді. Біздің бүгінгі сәулетті совхоз орталығы болып отырған ауылымызда осыдан он жыл бұрын 15 шамалы ғана жер там баратын. Сегізінші кластан бастап осы Мұрат өз үйінің жанына елден ерекше тал отырғызып, оны баптаған. Ауылда көпшілігіміз-ақ “құм үстіне көк жасыл орнатамын деп өуре болуын қарашы десіп” мезгілсіз шақырған әтештей қарайтын едік. Бірақ ол ешкімді де тыңдаған жоқ, біз оныншы класты бітірген жылы оның үйінің алдында шағын бак пайдада болды. Сөйтіп жасына қарамай жұртқа мұрындық болған оның еңбегін басқалар да іліп әкетті. Бүтін село көкжелекке жамылдып тұр. Мұрат онды бітіргеннен кейін мен бәлен боламын деп арман да қумады. Ауылда қалып, ақыры орманшы болып шыққан.

- Сен Мұратты танымай отырсың ба? Өзінмен-өзің томсара қалдың ғой - деген Серіктің сөзі Мұрат жайлыштыңды кілт үзді.

- Танымай отырған жоқпын, ұялып отырмын. Бала жасынан-ақ сен сияқты жырынды емес болатын, - деді Мұрат қатал жүзін жылдытпай. Серік те сыралғы ескі танысын ыңғайға келтіру үшін өзінің жортакы өдіскей өзіліне басты.

- Міне, өмір. Досың баптаған орманға саялап, аңын атып, көніл көтеріп отырмыз. Бәрі Мұкеңнің арқасы -деп қакталған еттен алдымызға еселей түседі. Көнілашар ретінде шарабы да дайын екен. Жаратылышынан аз сөзді Мұрат асқада, шарапқа да қараған жоқ, әңгіме де өрістемеді. Мініп келген атының қанжығасынан қара сумкасын алып, өлдебір қағазға үнілді де бірнеше сөз жазғандай болды. Сөйтіп, екі парак қағазды Серікке ұсынды да:

- Колдарыңызды қойыңыздар, саятшы мырзалар - деді.
- Не үшін?
- Бұл не болғаны, Мұрат-ау? - дедік жарыса.
- Сауаттысындар ғой, оқып көрсөндерші. Біріншісі, от жақлайтын жерге от жаққандарың үшін, екіншісі, атқан арқарларыңыз үшін салынған айып. Ақшамен іс бітті демендер, ертең тиісті орнына жауап бересіндер дегенді қоса айтты. Ол бізбен қоштаспай желе жортып тұн қараңғысына сіңіл

кетті. Менің көз алдыма нағыз осынау даланың тазалығына тартқан өз ұлы, өз иесіндей оның бейнесі зорая берді.

- Досымыздың істегені мынау болса, қасымыз не істемек?
- деп Серік күйіне түсті.
- Жок, дос ісі әділ. Біз тартуға тиісті айып еді ол...

МОМАҚАН

Сіріңке қорабындай бір-біріне үқсас үйлердің арасынан тосынан көрген адамның көңіліне қуаныш әкелетіндей көкшіл теңіз қызығы көрінеді.

Нан заводының төбесінде жұмыс істеп жүрген Серікбол мен Ондасын жыртық жамау тесіктерінен түтін бүйраланып шыққанда жөтеліп қақалып алысырақ барып тұрды. Түйдектеліп шығып жатқан түтін көкшіл аспанға көтеріліп ұшып бара жатқан қара құстай көрінеді. Сол жақтан ыстық леп бетке үрады.

- Сәкे түтіннің беті қайтын. Соңан соң жұмысқа кірісерсіз. Олар бұлінген кірпіштің үстіне отыра кетті.
- Сәкे әңгіме айтыңыз. Түтіннің беті қайтқанша талай уақыт өтеді.

Серікбол көп сөйлемейтін адам. Оның үстінде адам шыдатпастай мынандай ыстықта қайдан кісінің әңгімеге ансары соға қойсын. Биік сорайған пештің мұржасынан аспанға қою түтін бүйраланады. Мұндайда Серікбол Ондасынның әңгімесін тыңдағанды жақсы көреді. Өзі Алакөл жағасындағы балықшылар колхозында жұмыс істеген екен.

- Нарық экономикасы басталғалы бері жағдайымыз нашарлап кетті. Балық көп ауласаң оны сақтайтын тоңазытқыш жоқ. Ал көршілес совхозда қант қызылшасын өсіретін. Былтыр жазда кісі басына жер бөліп берген. Не істесен соны істе дегендей. Жақында барып келсем арам шөбі қаптап өсіп кеткен. Оны отауға бұрынғыдай мектеп окушыларын апармайды. Ал өз акшаларымен отауға шамалары жетпейді.

- Сонда қалай жер бөліп берсе өз бетімен жұмыс істесін дегені де. Ал ел бұрынғы өмірді армандаиды.

-Кайдан арманда масын, жанар майдың бағасы шарықтап кетті ғой.

- Иә, оның рас, - дейтін Серікбол мойындал.

Біраздан соң наң заводының ашық тесігінен шықкан тұтін басылып олар орындарынан тұрды. Енді ол жақтан піскен нанның иісі сезіледі. Олар күрек, балғаларын алыш қайтадан жұмысқа кірісті. Ондасын қарулы жігіт, лақтырған то-пырақтарынан шаң-тозаң бұрқ-бұрқ етеді.

Аспанда бір шөкім бұлт жоқ. Құн аптап күйдіріп барады. Біраздан соң олар қайтадан көлеңкеде бой тасалады. Мұндай кезде Серікбол Ондасынның әңгіме айтқанын жақсы көреді. Әсіреле ауылындағы өмірін айтса деп тілейді. Ондасын керісінше өзі келген жақты ұмытқысы келетін сияқты.

- Ағай, көніліңізге келіп қалмасын, сіздің кезінде мүмкін ауыл жақсы болған шығар. Ал қазір бәрі өзгеріп кетті. Өрімдей жастар жұмыссыз, көше қаңғып жүр.

Бұған Серікболдың кезі жете бастаған болатын. Бірак бала кезден есте қалған ауыл көрінісін ұмыта алмайтын.

- Біздің үйге келіп тұрсаңшы, анау құні көрдің қайда тұратынымды - деді Серікбол жұмыстан қайтып келе жатқанда.

- Кейін уақыт болғанда.

- Жоқ созбаламай дәл қазір өзіммен бірге жүр. Ата - ба-бамыздың қонақжай дәстүрін ұмытпайык.

Бірак сол құні қанша жалынып сұраса да бармады. Арада бір жұма өткеннен, өзі ізден келді. Серікбол бейне алыстан туған інісі келгендей қуанып қалды.

-Әйел ет ас. Ондасын жоғары шық, отыр. Тоңазытқыштан арақ алыш шықты.

- Ағай, әуре болмаңыз, ішпеймін.

- Жоқ ол не дегенің. Бірінші рет үйдің есігін ашып тұрсын. алыш кой. Ондасын қиналыңқырап барып, өзер ішті.

Серікбол өзі алыс шалғай ауылда туып өсті. Ана жылы әкесі қайтыс болды. Азып-тозған ауылын көріп көкейіне өксік тығылды. Тау бөктерінде орналасқан он шакты үйдің кобі қанарап бос қалыпты. Бір кезде думан той үзілмейтін ауылда жым-жырт тыныштық.

- Ондасын келіп тұр, женген өзіміз сияқты ауылда өскен,

- деді Серікбол Ондасынды шығарып салып.

Сол қүннен бастап Ондасын жиі келіп кетіп тұратын

болды. Зат толы сөмкесін алып жетеді. Эйелі еден жуарда орын ауыстырайын деп еді әзер көтерді, тәрізі ыдыс болса керек. Шатағымыз қанша, немен айналысса онымен айналыссын. Қазір қолынан келгендердің бір сауда жасайды, - деді Серікбол әйеліне:

- Несіне шаптығып тұрсың. Жай айтқаным ғой, - деді әйелі өзіне таңырқай қарап. Серікбол бір адамға көнілі түссе оған шаң жуытпауға тырысатын. Және шын жүргімен кәміл сенетін. Сол мінезінен кейде опық та жейтін. Оңдасын сијакты өзі де алыс шалғай ауылдан келген. Айтысана қарғанда мұнда немере апайы тұратын көрінеді. Үш баласы бар. Қүйеуі ішкілікке үйір. Тұрмыстары онша емес.

- Ағай біраз қарызға акша бере тұрсаныз. Жалакымда беремін, Апайымның кіші баласының туған күні болатын.

- Ала тұр. Бұл акшаны жеңгең білмейді. Эйелдерді өзің білесің ғой, көп сөйлей береді.

- Ағай ол жөнінде саспаңыз. Өзіңізге әкеліп беремін.

Жаздың нағыз аттап ыстық күндері басталды. Әсіресе де мағынада күндері астананың халқы теңізге карай леп берді. Теніздің құмдауыт жағасы кара-құрым адамдардан көрінбейтін.

- Жұмыстан кейін неге суға түсіп алмаймыз?

- Уақыт қайда саяжайда жұмыс істеймін - деді Серікбол жұмыстан қайтып келе жатып.

- Мен кішкентайға ойыншық алғалы кеттім.

Ертеңінде жұмысқа бет аузы көгеріп келді.

- Апайымның үйінен келе жатып бұзықтармен төбелесіп қалдым.

- Апыр-ай - деді Серікбол жаны ашып.

- Өздері де сыбағаларын алды.

- Байқа. Қазіргі уақыттың жаман екенін білесің ғой.

Оңдасын сол күні нәрсе толы екі сумкасын әкеліп таstadtы.

- Аға тұра тұрсын сенбі күні келіп алып кетемін.

Сенбі күні Серікбол саяжайда жұмыс істеп кеш келді. Есік алдында өзін күтіп тұрған Оңдасынды көрді.

- Көп болды ма күткениңе?

- Біраз уақыт.

- Жеңгеңе айтып, нәрсенді беріп жүре бермедің бе?

- Жоқ аға үй иесі сізсіз.

- Ал мен мұнда келмесем қайтер едің?
- Онда келесі күні келер едім.

Ондастын үйдегі сөмкесін алғып кеткен сөң әйеліне:

- Ондастын қашан келді?
- Бағана бір сағат бұрын.
- Неге есік алдына тұрғызып қойдың, үйге шарқырмадың?
- Кетіп қалды деп ойладым.

Серікбол ренжіген сыңай танытқанмен де, іштей Ондастының бұл мінезіне сүйсініп қалды. Қандай инабаттылық жатыр десеңші. Ондастының біреудің ала жібін аттамайтынығыны көміл сенді. Оны көргенде, өзінің жас өспірім шағы көз алдына келеді. Өзі де көпке шейін қаланың тұрмыс тіршілігіне үйрене алмай жатсынып жүрді. Әрине үяндау, ешкіммен шатағы жоқ жігіттің қала тұрмысына бейімделуі киынға соқты. Тіпті әлі күнге шейін осы ортада жат сезінеді. Өзіне салса Ондастының ауыл баласына тән уыз қалпын сактағанын тілейді-ақ. Бірақ қазіргі аумалы-тәкпелі заманда адамның бойындағы жақсы қасиетін сактап қалуының киын екенін сезеді.

- Демалыста ауылға барып келмейсің бе? - деді бірде жұмыстан қайтып келе жатқанда.

- Ағай мына тұрған астанаға барып келудің өзі бір қиямет.
- Ал мен ауылға бару үшін айлық жалакы керек.
- Сонда да туған-туыстарына барып келгенің дұрыс қой.
- Өздері келсін керек болса.

Серікболдың айтатын сөзі тамағында кептеліп үндей алмай қалды. Неге екенін білмейді көніл түпкірінде торық-қанға ұқсас сезім баурап алды. Соңғы кезде адамдардың бір-біріне жат тартып бара жатқанын сезетін. Оған мүмкін заман кінәлі шығар, әлде өздері ме екен? Тіпті табиғатынан жұмсақ мейірімді өзінің де соңғы кезде қатығезденіп бара жатқанын сезетін.

Серікболдың ойы терең берілгендігі сондай, Ондастының қоштасуға ұсынған қолын байқамай қалды.

- Ал жарайды сау бол қарағым.
- Ағай сіз қызық адамсыз.
- Неменем қызық?
- Кейде адамға тұк берері жоқ ойға беріліп кетесіз.
- Е, қарағым адам болған соң ойлаймыз. Онсыз бола ма?

- Оныңыз да дұрыс шығар, одан да жеңгей айтқан саяжайды салмаймысыз?

- Бастап қойдым ғой. Өзінді көмекке шақырайын деп жүрмін.

- Келем. Көмектесейін, - деді Ондасын. Серікбол теңізге барып тұсуге демалыс күні ғана уақыт тапты. Жел сокқандықтан теңіз бетінде бүйрат толқындар пайда болды. Алыста көз үшінда бейне құстың қанатында болып қайықтардың желкені көрінеді. Суға шомылып, күнге қызырынып жатты.

Ауада шағалалардың өн салған дауысы естіледі. Тіршіліктің күйбені алыста қалды. Күндегі көше мен теңіздің шуы естіледі. Көзінді жұмсаң болды толқын өзінді іліп алып кететіндей болып сезіледі. Серікбол енді кетуге дайындалып жатқанда он шакты жігіттердің арасында Ондасынды көреді. Арақ ішіп жүргенін бірден білді. Жұзі қызара бөртіп алған.

- Ағай деп алып жатырмысыз?

- Иә.

- Мен де.

- Көріп тұрмын.

- Ертең тағы затымды апарып қойсам.

- Мақұл.

Ондастының мынадай жүрісіне қарап Серікболдың көңіліне секем кірді. Алыска ұзап кеткенше қарап отырды. Теңіздің жағасына келгеніне талай уақыт болыпты.

Ертеңінде Ондасын жұмысқа кешігіп келді.

- Кеше кеш келіп үйіктап қалыптын.

- Байқа бір пәлеген ұрынып қалып жүрме.

- Оныңыз дұрыс.

Сол күні үйіне сөмкесін өзер көтеріп келді.

- Ағай тұра тұрсын. Сенбі күні келіп алып кетем.

- Мақұл. Отыр. Шай іш.

- Жоқ аға. Жігіттер күтіп тұр.

Қызара бөртіп күн ұясынан енді ғана көтерілген. Қала көшелерінде бірен-саран жаяу кетіп бара жатқан кісілер көрінеді. Теңіз жақтан жанға жайлы самал жел еседі. Күн сөулесі теңіз бетін қызығылт нұрымен жалап өтті. Серікбол Ондасын екеуі саябақта жұмыс істеу үшін ерте шыққан болатын. Автобус ойлы шұңқырлы жолмен қала сыртына шыққанда күн әжептәуір биік көтерілген.

Автобустан тұсken соң біраз жаяу жүріп бойларын сергітіл қалды.

Олар жұмыста бастамас бұрын сөз айтпай келіскең кісідегі жерде үйіліп жатқан кірпіштің үстіне отыра кетіп темекі тартты.

- Ал кірістік - деді Серікбол.

Ондасын бұл жерде шаруаға ептілігін танытты. Тұске таман сынған кірпіштерден жер ошақ жасап ет асты.

Қаланың у-шуы жок, тыныштық. Ондасын өзінің ауылда осы кезде шаруашылық қамымен жүрген кезі есіне тұсken шығар. Өзі де жас кезінде әкесімен бірге сан рет шалғы тартқан.

- Жұма сайын келсе - деді Ондасын.

- Келсең кел кім бөгет жасайды.

- Шынымды айтсам бос уақытымды магынасыз өткізем. Жанымдағы жора жолдастарым арак ішкеннен басқа түк бітірмейді. Одан қалса төбелес. Айтып не керек.

Серікбол Ондасынның әңгімесін үн-тұнсіз тыңдады. Сол күні талай шаруаны бітіріп тастады. Көңілде марқайды.

- Ағай мен жұмыстан шығайын деп жүрмін.

- Оның не?

- Неменесін істеймін? Жалақы бермегелі үш ай болды.

- Оның рас. Сонда не іstemексің?

- Жолдасым бір табыс көзін тапқан сиякты.

- Не деймін. Өзің білесің.

Автобус аялдамасында кісі шоғыры көрінеді. Ондасын, Серікбол соларға келіп қосылды.

Ондасын айтқаныңдай жұмыстан шығып кетті. Бұл уақытта нан пісіретін жеке меншік наубайханалар жауыннан кейін қалтап шығатын санырауқұлақтай көбейген. Ал нан заводының жұмысы тұралап, қарызға белшесінен бата бастаған. Серікбай жалақының орнына күнде үйіне сапасыз піскен нан алып қайттын болды. Айлап жалақы алмағаннан кейін өрине тұрмыстары да нашарлай бастаған. Ақыр аяғында завод жабылып, өзі жұмыстан қысқарып тынды. Алғашқыда тіпті сауда жасамак болды. Бірақ қолы қысқа болғандықтан, бұл көсібін ары карай жалғастыра алмады. Ондасын анда-санда үйіне келіп тұрды. Айтқанына караганда кәсіпкерлікпен айналасып жүрген сиякты. Табысы жаман емес дейді. Кейде шетелдің жеңіл машина-

сымен жүргенін көреді. Тұрі де бұрынғыдай емес, өзіне-өзі сенімді адамның кейіпі сезіледі. Кейде қолынан келген сый-сияптың жасайды. Сөзінде, жүріс-тұрысында осы күнгі төрт тулігі сай адамдарға еліктеу бар.

- Эй ағай, әлі өмір сүруді үйренбекенсіз.
- Енді қайтемін, - деді Серікбол шарасыздықтан қолын жайып.
- Осы баланың жүріс-тұрысы сезік тудырады - деді әйелі Ондасын кеткеннен кейін.

- Онда елдің бәріне құдікпен қарауға болады ғой - деді Серікбол жаратпай.

- Сонда да, - деді әйелі.

Серікбол үндеген жоқ. Жұмыссыз жүргендіктен кедейліктін ашы дәмін тата бастады. Күнде таңертең ерте тұрып көше қызырып кетеді. Тұске таман өзегі талып шаршап қайтады. Кайда барса да қаптаған жұмыссыздар. Тіпті Ондасыннан көмек сұрағысы келді.

- Ағай сіздің жасының келмейді ғой, - деді бір айтқанда.
- Жоқ, жоқ тұсінемін. Қазір жасы бел ортадан асқан адам кімге керек?

- Женгейге керексіз, - деп Ондасын құлкіге айналдырып.

Қыстың тұнжыраған көңілсіз күні болатын. Қар, жауын, боран соққан. Оның үстіне үй жағылмай анырап суып кеткен. Тосыннан есік ашылды. Екі милиционердің ортасында Ондасын тұр.

- Кіруге бола ма? - деді милиция капитаны.
- Иә.
- Ағай, мына жігіт осы үйге үрланған заттарын әкең қойғам дейді.
- Иә, әкең қойған - деді Серікбол шошып кетіп.
- Корсетіңізші.
- Ондасын соңғы келгенде екі үлкен сөмкесін әкеліп қойған болатын. Соны көрсетті.
- Міне тұр.
- Ішінде не бар екенін білемісіз?
- Құдай сақтасын.
- Қазір ашамыз, өзіңіз күә боласыз.

ШОЛАҚ

Қайрат үйіне қарай асыға аяңдап келеді. Түрі катқылданып кеткен. Маңайында бағдарлап қарамайды. Тіпті бетінде болар-болмас мұз қабыршақтары қата бастаған ерінді суды жалап өтеді. Үйіне кіре аяқ киімін шешіп тастап төр үйдегі диванның үстіне жантая кетті. Тек кешкі шайды ішкенде аздап сөйлей бастады.

- Маған тиесілі машинаны өскерден былтыр ғана келген бок мұрынға берді.
- Туысы бар шығар, - деді әйелі.
- Эрине.

Үй ішінде тыныштық орнады. Бейне ерлі-зайыптылар арасында бір-бірін жұбатып айтатын сөз қалмағандай. Ертеңінде көктем күні бұзылып сала берді.

Аспанды бұлт перделеп, жауын жауып, бүркасын соқты. Көктемгі қарбалас кез болғандықтан автобазадағы жұмыс толастамады. Қайрат болса өзіне істейтін түк шаруа жоқтай сенделіп жүрді де қойды.

Сан қолдан өтіп, қырық қурау болып жамалып, жөнделген машинасын қанша шұқыласа да маңдытып жүрмейтінің көзі жеткендей еді. Алайда автобаза басшыларына өкпесі уақыт өткен сайын ұмытыла бастады.

Алайда ол ұзаққа созылмады. Жаз басында машинасы қайта бұзылды. Автобаза қаңырап бос қалған. Бейсаут жүрген ешкім көрінбейді. Бір бөлшегі табылса екіншісі жоқ. Ескі машинаны салдырлатып жүріп жаз құндерінің қалай өтіп кеткенін білмей қалды. Егіс науқаны басталғанда Қайрат қаңырап босаған автобазада жалғыз қалды. Тіпті жұмыстан шығып кеткісі де келді. Алайда ыңғайлы жұмыстың реті табылмай-ак қойды. Мына дыр-ду қызығы көп өмірден өзі шеткери қалғандай. Алыс командировкадан шаршап-шалдығып келген жора-жолдастарына қызыға қарайды. Күздің соңында жігіттер автобазага орала бастады.

Өзге жүрт көнілді. Кейде жұмыс аяғында дәл тойға барғандай топтасып сырханаға барады. Көніліне секем алғандықтан ба, әйтеуір ондай жиыннан сырғақтап, өзі шеткери қала береді.

Бірақ бұрынғы жылдарда ешкім атын атап шақырмаса да ілесіп жүре беретінін ұмытқан сияқты. Одан соң күздің лайсаң жауынды кездері басталады. Көктемнен бері сонынан түскен көңілсіз айлар қайтып оралды. Бәрінен де он шақты жыл табандап істеген еңбегін ескермей жаңа машина бермені жанына батады. Бас инженердің тек өздеріне жакқан шоферларға ғана жағдай жасайтынын біletін. Тіпті пара берер еді, оған ақшасы жок. Осындай ойлармен арпалысып кей түндерді үйкесіз өткізетін. Әсіресе жұмыстан қайтып келе жатып өзінің жанын жеп жабырқатқан оймен мына айналасында болып жатқан өмірдің қуанышты сәттерін байқамай қалатында. Үйге келген соң да тіпті үн-тұнсіз шайын ішіп жатып қалды. Бұрынғы жайдары мінезінен айрылып, түйықталып бара жатқандай. Адамның мұндай кезінде, ойна не келіп кетпейді дейсің. Осы жасқа келгендегі өмірі кез алдынан көлбендең өте береді. Әкесіз өсті, шешесі қайтыс болғанда бар-жоғы он жаста ғана еді. Жамағайын туысының үйінде тұрды да, әскерден соң үйленді. Ел қатарлы өмір сүрем деп қанша тыраштанғанмен де бәрібір бойкүйез қоңыр тұрмыстан арыла алмады.

х х х

Ойда жоқ жерде қыстың басында жаңа машина алды. Оның өзіне әйелінің жақын бауырының арқасында қолы жетті. Бірден көніл қүйі көтеріліп сала берді. Бұрынғы әлдекімге деген өкпесі жойылып, жұмысқа көнілді баратын болды. Енді қандай алыс сапарға да қауіптенбей шыға алады. Әсіресе қала сыртынан басталатын кен жазық егістік жер мен құба жон, төбелер, көз тартып көнілін қуанады. Осы кезде қызметтес жігіттерден бойын аулақ сала бастады. Өзге жүртта шатағы жоқ өзімен өзі. Бас пайдасын көбірек ойлайтын болды.

Алыс ауданға командировкаға бара жатып үйіне, көмір, ағаш кірпіш түсіріп кетеді. Тіпті өстіп қолға түскеннің басын құрастырып үйін жөндеп алмақ ойы да бар. Алыс сапарда берері жоқ күнгірт ойдан гөрі, өзінің барған жерінде арзанға қой сатып алуға болатынын ойлады. Алдында шексіз көсіліп жатқан кен дала мен қар жамылған асқар тауларды

байқамай қалады, бар назары екі тар тас жолда, ойы астана кестен. Кейде өз мінезінің осынша аз уақытта тез өзгеріп кеткеніне таңырқайды.

Бірақ дәл қазір өміріне дән риза. Сонда да кейде өзімен өзі онашада жора жолдастарымен болған сол кезді аңсай есіне түсіреді. Армансыз ішетін кездері тіпті артықтау кеткен кездері болған шығар, бірақ әрқашан көнілді болушы еді. Кайраттың өзгелерден ерекшеленіп бөліне бастағаны жаңа машина алғанинан кейін ғана белгілі бола бастады. Оның бұрын ашық-жарқын жайдары екенін білетіндерге таңырқағаннан басқа амал қалмады. Ашық қол жігіттің көз алдарына қонданып бара жатқанының есебін таба алмады. Кайраттың мінезі шынында өзгерген еді. Бұрын Командировкаға барған кезде “жүкті тез түсіріп алындар” деп едірейе қарап тұратын. Енді өзі қоса түсіріп, тіпті әлдекімнің үйін көшіріп тастап барған жерінде беделі күрт көтеріле бастады. Әсіресе көктем мен жаз басында бүкіл маңай жасыл желекке боленген кезде жол жүрген қандай тамаша. Көз алдында көрінген анау жасыл белесті асып түссен алдындан жер жаннаты ашылып сала беретіндей көрінеді. Расында да адам биік жота, тәбе, тауға көтерілген сайын, сонау еністе неше алуан түсті бояу тоғыскандай. Кайрат күн-тұн демей дамылсыз жол жүреді.

Кейде шаршаған кезде үлактың жағасына токтайды. Маңайды жым-жырт тыныштық басқан, тек сынғырлап, ағып жатқан үні естіледі. Көк иісі мұрын қытықтайды.

Кайрат бір сәт дамылдап алып, тәтті үйкі құшағына бой бермей жолын жалғастыратын.

III

Өзіне әсіресе машинасына сенген Кайрат жолға жалғыз шыға беретін болып алды. Бүгін де таңертең жүк тиеп алыс ауданға жол тартты.

Жаңа жауған ұлпа қар борап, аяздан қатып қасаттана бастаған. Ызғар бетті шорайды. Көз қарықтырар күннің ашық нұры, қызу емес дірдектеп тоңдыратын сұық ызғарды үшқындалап жатқандай. Бірақ жаңа машинаның жылы кабинасында бұның бірін сезіп жатқан Кайрат жок. Қайта жылы жерде мына күн нұрына көміліп сан миллиондаған үшқын шашып жатқан қардан, бүкіл маңайға жылу тарап жатқандай.

Кыс өзінің қатығез қаталдығын сездіргісі келмегендей тіпті.

Қайрат бет алып келе жатқан бөлімшеге түске таман жетті.

Жүгін түсіріп алын енді кері қайтатын кезде кеш батуға айналған. Тау етегіне көлеңке үйірлген. Ұлпа қар батар күн кан қызыл сөулесін сіңіріп жатқандай. Тек енді ғана болар-болмас талықсып шаршаганын енді сезді. Сондықтан тезірек үйіне жету үшін машинаның жылдамдығын өсіре түсті. Кенет дәл бір мылдық атқандай тарс еткен дыбыс естілді. Машинасын тез тоқтатып, жерге түскенде алдыңғы дөңгелегінің жарылып жатқанын көрді.

Бірден-ақ аяздың қатайып бара жатқанын сезді. Эдептегі жіті қымылмен домкратпен машинаның бір жағын көтеріп, жарылған дөңгелекті сұрып алды. Жаңа дөңгелекті әкеп енді қолымен темірін сипай бергенде, кенет жер сілкінгендей машина теңеліп кетті де, сол қолының үстіне от басып алғандай болды. Бейне денесін солқылдатып сан ине бойына тарап кеткендей болды. Тек көзін ашқанда, домкраттан тайып қулаған машинаның білік темірі қолын басып қалғанын көрді.

Алғашқыда қолын жұлып алғысы кеп жұлқылады тынышталғысы келгендей, мүмкін тіпті қас-қағым сәтте бар ерік құшін жинап көзін қайта ашты. Тіпті жаншылған қолына карауға дәті шыдамады. Бағанағы қарға сіңген күннің қан қызыл сөулесі енді сөне бастаған. Дөңгелек ауыстырам деп сырт киімін шешіп тастаған еді. Жаурап тоңа бастады. Жаншылған қолы солқылдатып әкетіп барады. Бейне дамылсыз электр тогымен үргылап жатқандай. Біраз уақыттан соң барып манағы абдырап есенгірген кездегідей емес, санасы айқындалып, өз жағдайын бағдарлайтындағ қалғе түсті.

Маңайды кор қараңғылық түмшалай бастаған. Аяз минут сайын катая түсті. Тас жолға дейін әлі де жиырма шақырымдай жер бар. Алыста жатқан ауылға енді тіпті жақын арада емес-ау, тіпті жұманың ішінде ешкім қатынамауы мүмкін. Бұлай жата берсе таң атқанша үсіп қалуы мүмкін. Оған мына тұнгі ызғырық аждаһаның демі сияқты көрінді.

Құтылудың амалын жанталасып іздей бастады. Бірақ қанша ойласа да бәрібір түйікка келіп тірелгендей. Сакылдаған аяз енді өзін бүріп барады. Сау қолы тоңып бара жатқан

соң қалтасына салып жылтытты. Бірақ уақыт өткеннен соң барып қолын кесіп тастамаса болмайтын шығар деген ой келді. Алғашқы сәтте бұндай шешімді ойна алғысы да келмеді. Уақыт өткен сайын маңайындағы дүние бұлдырап бара жатты.

Өзін өзі қамшылап сау қолымен жанталасып қалтасындағы бәкісін іздей бастады. Тонған саусақтары өзер икемге келеді. Бәкісін ашып алған соң әлденені есіне түсіріп ойланғысы келгендей көзін жұмып біраз жатты. Тіпті қолының жан шыдатпас солқылдан ауруы да бағанағыдай емес, біраз басылған сияқты, тек болар-болмас сыздайды. Бірақ өзін аймалап жайсыз құшағына алған аяздың сұық демін айқын сезеді. Енді біраз уақытты өрекетсіз жіберіп алса болды одан әрі қараңғы қоюланатынын. Бар ерік күшін жинап алды да, қолын кесе бастады...

Әсіресе таңғы аяздың тиген жерін қарып түсетіндей ызғарлы лебі бет қаратпайды. Енді таң шапағы бозамық тартып болар болмас біліне бастаған. Тас жолдан өтетін машиналар өте сирек.

Тас жолға қарай мас адамдай тәлтіректеп келе жатқан адам көрінді. Бұл Қайрат еді.

КОЖАЙЫН

Кожайындар сол жылы қыстың басында Шәуешектен көшіп келді. Күздің жауын шашынды, лайсан кезінен кейін, қар жауып бірден боранды аязды қыстың күндері басталып кетті. Есік алдындағы қарды күреудің өзі киында түсті. Оларды інір қараңғысында әкем ертіп келді. Кожайын қапсағай денелі ірі адам еді. Ал жанындағы жас жігіттер балалары еken. Сол кезде үлкен ұлы Төрежанның жасы жиырмадан жаңа асқан. Әкейдің мүнша көп кісі ертіп келгеніне таңырқай койған жокпзыз. Үйткені әкей үйге жалғыз сирек келетін. Қыстың басы болғандықтан жүрттың соғым сойып бір-бірін қонакқа шакырып жатқан кезі.

Біздің үй де семіз торы бие сойып етке қарық болып жатқанымызға бір жұмадай уақыт болған. Шешем кіслер кел-

ген соң астың қамымен болды да қонақтар шешініп төрге шықты. Әкем қонақжай, әңгімешіл адам еді. Бізде осындай қонақ келген кезде өзімізді еркін сезінетін едік. Әкей күнегідей ақыл айтып, мазамызды алмайтын. Ойымызға не келсе соны істейтін едік. Сол күні тыстағы ұскірік аязға карамай біздің үй моншадай болып ысып кетті. Келген кезде қысылып, қымтырылған қонақтар да үй иесінің өздеріне ілтипатын сезіп, біраздан соң шешіліп емін-еркін отырды. Алғашқы келген сәттегі сыпайы аман-саулықтан соң, шай үстінде біртінде әңгіме тиегі ағытыла бастады. Қожайын әңгімешіл екен. Өздері келген жактағы өмірлерін айта отырды. Мына екі ұлынан басқа келинмен өзінің бәйбішесі кештегу келмекші. Әзірge өздері орын теуіп алмақшы.

- Егер күн көріс жағын уайым етсендер, оларың бекер. Мынандай тепсе темір үзетін ұлдарыңмен әлі-ақ жүрттың алдына шығарсындар. Біздің есік алдындағы тамды босатып береміз, ағайыншылап тұра беріндер - деді әкем.

Айтқандай Қожайын бір жұмадан кейін үй-ішімен көшіп келді. Біздің үйдің алдында осы уақытқа дейін қаңырап бостұрган тамның мұржасынан сол күні кешке түтін бүйралаңып шықты. Қожайынның азамат екі ұлы біздің шамамыз келмей жатқан қарды лезде қүреп тастады. Сонымен біз кешке жалғыз болмайтын болдық. Әкей ақ көніл, әңгімешіл адам еді. Оған сезін тындалап, колпаштап отыратын адам кажет. Мына Қожайын сондай адамның бірі болды. Мұндай кезінде әкем өзін елден аскан шешен, сөз тапқыш, мыскылшыл болып сезінеді. Қөршілеріміз біздің үйге де, өмірімізге де өзгеріс әкелді. Бұрынғыдай емес, үй іші көнілденіп жандана түскендей. Бізде ет молырак асылған кезде Қожайындар келеді. Олар алғашқы кездегідей емес, біздің әке-шешейдің ақ көніл ашық дастарқанына бойлары үйреніп қымсынбайтын болды.

Сонымен екі үй жакын туыс адамдардай араласып кетті. Алғашқы кезде Қожайындар біраз таршылық та көрді. Әкей үйдегі жалғыз тайыншасын сойып берді. Сол жылы сирымыз ерте бұзаулап, біздің үйден сүт алып тұрды, бірақ бұның бәрін қарыз деп атап айтпағанымен де Қожайын әр кез алғысын айтудан жалықпайтын. Мүмкін дәл мұндай қайтаратым тілемейтін көмекті бұрын алып көрмегендіктен бе екен?

Әкей мынандай сөзден кейін өзін ыңғайсыз сезінетін.
- Жок, Бәке сен бізге қарыз емессің.

Мен сонда ғана Қожайынның шын аты Беймен екенін білдім. Үйткені үй іші оны Қожайын деп атایтын. Қожайынның қолынан барлық іс келетін. Егер қолы бір шаруага тисе, оны тап-түйнақтай етіп істейтін. Қыстай ұлдары тракторшылар курсінде оқыды да, көктемде егіске шықты. Сол жылы жаз ортасында белі жіңішке арықт өзен көктем кезінде арнасынан аса төгіле акты. Шөптің шығысыда керемет болды. Қожайынның үй іші де табыссыз болған жок. Күздे оларда бір сиыр, бес қой пайда болды. Біздің ескі кораның үсті сықырлай шөпке толды. Қожайын да өзім дегендегі өзіздей күші бардың керіне салып дем алмай талмай жұмыс істеді. Үйдің айналасы қоршалып ескі тамды жөндеп, әжептәуір үй болып кетті. Әсіресе іштерінде еті тірі пысық келіні Рымжан еді. Бауырына кіріп кететін бауырмал. Сөйтіп, олар бізге жақын туыстай болып бауыр басып кетті. Әдетте мұндай тым етене жақын араласып жатқанда жанжал мен келіспеушілдік әйелдерден шығады, алайда біздің шешей момын өте мейірімді жан еді. Бір кеште Қожайындар біздің үйде болады, не біз олардың үйіне барамыз. Қазан толы ет асылады да, әңгіме тиегі ағытылады. Қыстың сұықтығы, шаруашылық жайы сөз болады. Мұндай кезде әкей өзін керемет іскер сезініп, өзгелердің көрмей жүрген шаруашылық жетіспеушілігі туралы сөйлейді.

- Иә олар сөйтеді. Жиналыста көзге шұқып айтпасан түсінбейді. Өзің сенбесен барып көр. Қар түскенге дейін жиналмаған мая шөп келесі жылы шіріп сол жерде жатады.

- Иә, Сәкен дұрыс айтады - деді Қожайын.

Оның былтырғы біздің үйге келгенде елпілдеп отырған көңілі басылып қалған сияқты, бірақ оның есесіне өте жақын туыстардың арасында болатын өзімсінген жаңа қарым-катынас пайда болған.

Екі үйдің ара катынасында ешқандай бакай есеп жок. Оның есесіне бірін-бірі сыйлағанда асып түскісі келетін. Үлкендер біздің үйде болғанда Қожайынның үйіне барып, емін-еркін ойнай беретінбіз. Ол кезде үйінде, дөңгелек стол мен беті қаланған үлкен сандықтан басқа ештеңе жок еді.

Ал оның есесіне үй қабырғалары мен еденде төсөнген тұс киіз, кілем, төсөнштер асыр сап ойнағанға қолайлы болатын. Сол жылдары кісіні жалықтырып өтетін біздің жақтың ұзак қысының қалай тез өтіп кететін білмей қалған едік. Жазғы тұрым Кожайының ұлдары егіске жұмысқа кетті де кайтып күз түскенін байкамап қалдық. Келесі жыл күзде Кожайындарда екі сиыр, он шакты қой пайда болды. Шөп түсіргенде Кожайын біздің шөпке коспай бөлектеу үйді. Бұған әкей өжептәуір ренжіп қалды.

- Біздің жалғыз сиыр шөбін жеп қояды деп ойлады мекен? - деді.

- Койшы не болса соны көніліне ала бермей деп шешем кесіп тастады.

Ол кезде жүрттың малға, шөпке таршылық, көрмейтін кезі. Кез-келген сай-саланы шапсан ғарба шөпті емін-еркін ала беретін. Ескі шөпті сиырлардың мұрнын шүйіріп жемейтін кез. Әкемнің ренжігенін мен шынында орынды көрдім. Осындағы болымсыз ұсак жайттар адамдар көніліне кібіртік ой туғызып, ара-қатынастарына сенімсіздік тудырады.

Мынандай жақын туыскандай қарым-қатынастан кейін Кожайының бұл ісі ағаттық еді. Бөлектенген тек шөп қана смес, басқа жағдайларда да Кожайын бізден сырғып бойын аулақ сала бастағанын сездім. Отken жылы есік алдының қарын Кожайын екі ұлымен қосылып әп-сәтте аршып тастайын еді, ғана бізден үйге шейін ғана аршиштын болды. Ол кезде үйдің үлкені мен бар жоғы он екі-ак жастамын, әкей жай сөзге ешкімге ғалс бермегенмен шаруашылық жағына жоқ адам. Есік алдының қарын күреу, су әкелу, малдарға карау менің міндегім. Әсіндай сырт көзге көрінбейтін ұсак жайттар болмаса, екі үйдің қарым-қатынастары өзгермеді десе болғандай. Бұрынғысынша, жақын туыстардай қояна-қолтық араласып жатты. Күнде ғолмағанымен де, жиі-жиі бір біріміздің үйімізден тамақ ішіп, әнгіме-дүкенмен қыстың ұзак кештері байқалмай тез-тез ткізетін. Екі үйге келген конактар да ортақ. Әкей тамакқа той-шып көнілі жайланған соң, өзінің таусылмас әнгімесін айтатын. Гөр алдында жерге аунап асыр салып ойнағанымызда Рымжан наттай қабак шытып ренжитін болды. Кожайын да былтырғыдай емес, әкейдің әнгімесін шын көнілімен беріле үйшіп тыңдауын қойған сияқты.

Жалпы әкей сырын ішіне сақтамайтын адам еді. Біреудің ұнамайтын қылышын бетіне айтып тастайтын. Әсіресе әкейдің осы біrbеткей ашықтығы Қожайынға ұнамайтын. Осындай сөз болғанда бейне біреу естіп қоймады ма дегендей жан-жағына қарайтын да, тіпті өтірік жөтелетін, кейде әлденені сылтау етіп далаға шығып кететін. Әсіресе Қожайын өзіне пайда түсер кезде жандана түсетінін байқадым. Әкейдің ол кезде қолынан іс келетін, бірақ бас пайдасы үшін бірдеме істегенін сирек көретінмін. Не пайда түсіргенін білмеймін, бірақ Қожайынның әкейді пайдаланғаны сөзсіз. Сөздің шыны керек, Қожайын ұлдарымен еңбеккор адамдар еді.

Қожайын жұмыстан бос кезінде сиыры мен қойлары тұрған қорадан шықпайтын. Ал ұлдары бөлімшеден мен малишылар қыстауынан, келген сайын қур қол болмайды шөп. мөшек-мөшек жем арта келетін. Тіпті алыс жайлаудан арзан қой сатып алуды ұмытпайды. Мұндай уақыттарда Қожайынның дауысы шығып кутындағ қалатын. Рымжан келін пысық. Біз алғаш көшіп келгенде үй шаруасы Салима бәйбішенің қолында ма деп ойлап қалып едік, жоқ келіні Рымжан ұяңдығын жойып, тілі шығып біздің көз алдымызда күрт өзгеріп сала берді.

Енді Қожайындар да алғашқы кездегідей емес, әкейден ақыл сұрауын қойған сияқты. Тіпті осы өмірге деген икемділігі мен құлышы әкемнен асып кетті. Тек өздерінің етene жақын туыстарының жоқтығы болмаса ешқандай таршылық көрмей ел катарлы өмір сүрді.

- Эй, Сәке - ай сіздің айтқаныңыз келеді.

Қожайын анда-санда әкемнің алғаш келген кездегі сөздерін есіне түсіреді. Әкем оған мәз болатын. Енді екі үйдің арасында сырт көзге байқалмайтын өзгеріс пайда болды. Шешем қанша аккөңіл анқау болғанмен бұл өзгерісті сезбей қоймады. Қожайынның үй ішімен бұрынғыдай еркінсініп өзімсініп араласа беруден тартқыншақтай бастады. Мүмкін іштей Қожайындардың бұрынғыдан өзгергенін білді ме екен. Алайда біздің үй-іші олардың шаруақорлығын, еңбеккорлығын, дастарқандарының молдығын елге жарияладап жүрді.

Бұл екі үйдің туысқан жақын адамдай, сыйластық, өзара туысқандық бірлестікпен өткізген ақырғы қысы еді. Келесі жылы көктемде олар қырға малға көшпек болды. Қанша айтканмен совхоз орталығында көп мал ұстауға мүмкіншілік бола бермейді. Сол жылы оларда үш сиыр, жиырма шақты қойы болды. Күзде Қожайын базарға барып біразын сатты. Қожайындар қыстаған ақырғы жылы екі үйдің арасындағы қарым-қатынас суи бастады. Сол жылы біздің сиыр қысыр қалып, соғымға арық өгізше сойылды да, ал шөбіміз қырат жерден табылған сойдақ шөп болды. Ал Қожайындар соғымға семіз байтал сойды. Енді бұрынғыдай қазак-ошак араласып жататын кез өтіп кеткен. Бұны сезіп мен де бұрынғыша еркінсуді қойдым.

Қожайындар қырға көшіп кететін жылы қыста кар жуқа түсті. Көктем де ерте шықты, жер беті тез кеуіп, күнгей жақ тәбе беттеріне қылтанақ шөптер қаулай шыға бастады. Қожайындар жайлауға жаз басына көшті. Көшерде әкем жалғыз қойып сойып, қонақ асын беріп қимас көңілімен көзіне жас алып шығарып салды. Қожайындар да алғысын жаудырып, біздің ескі тамда үш жыл қыстағандарын ешқашан ұмытпайтындарын, осында келген сайын сокпай кетпейтіндерін айтты. Рассында да алғашқы жылдары сөздерінде тұрды. Совхоз орталықтарында жақын-жақын таныстары жок болғандықтан, біздің үйге түсіп жатады. Олар келген сайын үй-іші өбігерленіп әуреге түсіп қалатын. Алыс жайлау қырдан келген Қожайын бойына қыр гүлінің иісін бойына сініріп келгендей болатын. Тіпті бұрынғыдай емес кең пейілденіп, мінезі де өзгере бастаған сияқты. Екі үйдің арасында соңғы кезде пайда бола бастаған, кірбінен көлеңкелі көңілсіз жайлар сейіліп, бұрын ашық-жарқын қарым-қатынас қайтадан пайда болғандай. Біздің үй іші Қожайындарда көпке шейін келмей қалса ең бір қимас жақын таныстары сияқты сағына күтетін. Қожайындар малға шыққанда қыыншылық та көрді. Тіпті алғашқы жылдары тым асығыс көшіп кеткендеріне өкініште білдіре бастады. Бірақ кейін көндігіп үйреніп кетті. Әсіресе жаз жайлауы, таза ауамен, табиғатпен етене жақындығы кімді болса да қызықтырмай қоймас. Бірер жылдан соң кең даладағы самарқау тіршіліктері өздеріне үнай бастаған еді. Қожайын келген сайын біздің үй ішін қонакқа шакырумен болды.

- Сөке келіп өздеріне арналған сыбағаларынды жеп кетпейсіндер ме, - дейтін Қожайын келіп кеткен сайын.

Келесі жылы біз уақыт тауып жайлауға бардық.

Бірден даланың кең төсін қақ жарыш ағып жатқан өзенмен, алыстағы сенгір таулармен, көк иісімен, ағараңдап көрінген киіз үйлермен, жайылып жүрген қойлар көзге шалынады. Қожайындар бізді куанышты, ықыласпен қарсы алды. Біз жайлауда бір жұмадай дем алып жаттық. Одан соң екі үй арасындағы дағдылы туыстық қатынас көпке шейін орнады. Олардың еңбегі өсіп, Төрекан жоғары наградаға ұсынылып, бүкіл совхоз дәкейлерін шақырып дүркіретіп той жасады.

Ол тойға әкей де барған, риза болып қайтты. Ол кезде Қожайынның қартайып қайраты кеміп, үй басы Төрекан мен Рымжан бола бастаған еді.

Төреханда бұрынғыдай емес, кеуде қакты өркөкірек бөтен мінез пайда болды. Аудандағы орденді шопан жиі-жій жиналышқа, кенеске барады. Ондайда, қойын бағуға інісін тастап журе беретін сияқты. Қожайын болмаса, Төреханның біздің үйге келуін сиреткен еді.

Әкей барлық пәлені тілінен тауып, жұмыстан босап, тұрмысымыз нашарлай бастаған кез. Оның үстіне, күйгелек болып кеткен. Өзге кісіге өзінің ойын, тілегін, мұнын шакқан соңғана жеңіл сезінетін сияқты. Эрине тұрмысы түзеліп, көш алдына түсе бастаған Қожайын үшін мұндай әңгіме тыңдау жайлы болмағаны сөзсіз. Қожайын бұрынғы елгезектеніп әкейдің әрбір сезін қолпаштап, анда-санда өтірік те болса, шек-сілесі қатып құлуін қойған. Оның орнынан түбі жоқ шексіз қалың ойға батқандай, әкейдің сезін қабағы түсіп тыңдайтын болған. Тіпті осындағы көңілсіз әңгімeden күтылғысы келіп тезірек кетуге асығатын. Ол кезде Қожайындардың жалғыз біз емес, басқа да түстеніп қонып жататын үйлері көбейе бастаған, ал Рымжан мен Төреханның біздің үйге бас сұқпағанына талай уақыт өтіп кеткен. Төреханның үйіне де қырға шыққан бастықтар соқтай кетпейді екен. Кең жайлау, таза ауа, ақ отау және елпілдеп қызмет істеп тұрған Рымжан сияқты өнді келіншек. Төреханда өзін әлде кімдерге еліктеп салмақты ұстай бастаған. Сырттай окуға түсіп, бір күні ферма менгерушісі болып шыға келді. Сол жыл-

дан бастап екі үйдің арасындағы қарым-қатынас мүлде тынды тәсе болғандай еді. Кожайын өзі қарасын көрсетпей кетті. Ақыт өте берді. Экей алғашқы кезде оларды жақтап отырғанмен де кейін онысын қойды. Жылдар жылжып жүре берген. Біз аудан орталығына көшіп кеткенбіз. Экей ескі науқасынан сыйтыс болған. Қыстың ашық күні еді. Орталық дүкен алдына ашина тоқтай қалып, ішінен кеспелтек денелі Төрекан шыға элді. Менің көргенде қас-қағым сәт сәл кідіргендей болды да ылдам басып дүкен ішіне кіріп кетті. Мені таныды ғой деймін, әйтпесе антарылып қарамас еді. Оны менде таныдым.

ОЙЫНШЫҚ

Сағымбек күнде келіп бақтың ішінде қыдырып келіп, үріндикқа отырып тапжылмай қимылсыз ойланып отыратын еді. Мұндайда көңілін кетпестей мұн жайлайды. Отken әмірі еріксіз көз алдына көлбенде өте беретін...

Ол кезде осы кішкентай қаланың шетінде тұратын еді.

Сағымбек осы кішкене қаланың, ұсақ мекемелерінің бірінде жай қатардағы қызметкер. Жұмыска уақытысында барып қайтады. Ешкіммен шатағы жоқ біртоға жігіт. Өміріне өзі дән риза. Рас, айлық еңбек ақысы мәз емес. Оған қайырып бас ауыртып жатқан ол жоқ. Мүмкін өзі істеген мекемедегі ең төмен еңбек ақысын алғандықтан болар, ойтеуір салқын сөз айтқан ешкім жоқ. Өзімен-өзі болып, ешкімге шатағы жоқ жаңда елдің жұмысы қанша. Ол кезде қызметтен келген соң айналдыратыны төрт жасар ұлы Сарсен болатын. Баласы ойыншық көрсе бәрін ұмытады.

Өзі әкесіз жетім өскендіктен бе ойыншық әперген сәттегі баласының қуанышына ортақ болуы оған ғажап дүние. Бала жүргегінің шыққан пәк қуаныштан өзі де, бала болып кететін.

Әдетте жұмыстан шыққан соң міндетті түрде дүкенге соғады. Көргенде көз тұнатын әртүрлі боялы ойыншықтар. Сағымбек алғашқы жылдары қолына түскенін сатып ала беретін бірақ кейін тандауды да үйренді. Жақсы ойыншық сатып алғанда үйіне асығады.

Бір-біріне ұқсас тыныш күндер тізбегі біртіндеп ақырын, баяу жылжып жүре береді. Қатал аязды боранды қыстан кейін күн жылымықтанып көктем келеді. Жер беті жаса-рып, ауада көк иісі анқиды. Мұндай уақытта баласын жете-леп қыдырып кететін.

Үйінен сөл алыста біршама биіктеу төбенің басына шығатын. Ұлы екеуі жалпақ тастың үстіне отырып алып, жан-жағына қарайтын.

Уақыт өткен сайын осындай өткен біркелкі уақыт легінен жалыққандай көңілі өлде неге елегізіп, өзінен-өзі мазасыз күй кешетін. Бұл кезде баласы мектепке бара бастаған еді.

Сағымбек күн сайын баласының ойыншық әлемінен алыстап бара жатқанын сезді.

- Папа неге Қайраттың папасындай машина сатып алмайсың? - дегенде баласының ересектер әлеміне аяқ басқаның кезді. Енді үйінде өзін жалғыз сезінді. Әйелі де мазасын алатынды шығарды.

- Елдің еркектері табыскер. Сені де осы жұрт осы үйде ерек бар - дейді ғой, - дейтін.

Бұл онаша тып-тыныш өмірдің таусылғанының алғашкы белгісі еді.

Тек сол кезде ғана өзінің өзге жұрттан әлдеқашан артта қалғанын сезді. Ешқайда талпынбай өз өмірін бейғам өткізгенін алаш рет сезінді. Күн өткен сайын мазасыздана түсті. Ұлы бұрынғыдан емес. Үйінде өзін жалғыз сезіне бастады. Жанына жоламайды. Жым-жырт тыныштық жанына батты.

Тіпті жазығы жоқ болсада әйелі өзіне тіл тигізгенді шығарды. Кейде жұма бойы баласын алып шешесінің үйінде жатып алатын болды. Алғашкы сөтте мазасыз өмірдің салқын лебі сезілгендей болды.

Мамыржай бір-біріне ұқсас күндер легі енді келмеске кетекенін сезді.

Уақыт өткен сайын өзін үйде артық сезіне бастады. Ақырын күздің жауынды күнінде, ешкімге айтпай поезға отырып кетіл қалған еді. Кеткенін ешкімге айтпады. Үйіне де барған жок. Баласын сыртынан алыстан көрді.



ҚҰЫРШАҚ

Дулат осы автобазаға бастық болып келгенде, тау бөктерінің шұрайлы барлық жылы - жұмсақ жеріне келімсектер орналасып алған еді. Қазақтардың көшілігі Каражұмыста, ал жас қыздар еден сыпырушысы, ал қолдары жеткендері ғана мекемелерде хатшы болып істейтін еді.

Бұл қалада қазақ тіліндегі сөз шет тіліндей естілетін. Оның өзін басқа ұлттың адамдары естімесін деп ешкім жоқта өзара сөйлесетін еді. Ал жұмыста, көшеде тек орыс тілінде сөйлесу керек. Мүмкін сондықтан болар, қазақ ұлтының өкілдері өздерін шет елде жүргендей сезінеді. Дулат бұл мекемеге бастық болып келгенде қазақтар бір серпіліп қалды...

Райкомнан ауысып келген Дулат, автобаза жұмысымен онша жақсы таныс емес болатын. Мүмкін сондықтан болар, көп ойланып жүрексініп барып келісім берген.

Қанша айтқанмен өлі жас, бойында күш кайрат бар кезде өзін-өзі сынағысы келді. Сөздің шын керек, алғашқы құндері өзін жайсыз сезінді. Өсіресе бас инженер Сергей Петровичтің өзіне аскан тәкалпарлықпен мыскылдай қараганын сезбей қоймады.

- Жұмыс жылдамдығын байқаған боларсыз - деді.
- Иә біраз таныстым - деді.
- Сіз жақадан келген адамсыз. Көп нәрсені байқамаудың мүмкін, ал мен болсам көмегімді аямаймын.
- Оныңызға рахмет - деді Дулат Сергей Петровитің түріне бағдарлай қарал.

Бірақ неге екенін білмейді, жан дүниесі мазасыздандып сала берді. Бірақ сыр білдірмеуге тырысты. Сол күні жұмыстап қайтып келе жатып, өзінің керемет шаршағанын сезді. Наурыз айының басы болатын. Көк жиегінде батқан күн соулесі қызыл торғын түске бөленген. Тау жақтан дімкестенген жер иісі сезіледі. Бойы серігіп жаңағы жайсыз қоңіл күйінен бірте-бірте арылып сала берді. Мүмкін қандастарының өзіне артқан үмітін актағысы келгені болар. Жок, барын салып істеп, қазақтарды көтермесе болмайды. Оз жерлерінде жүріп өгей болғандары жетеді.

Сол күні оған осы жігер оты ешқашанда сөнбейтіндей

былып көрінді. Алғашқы айлары жұмысқа таң сәріден баралы. Бірден кенсеге көтерілмей автобаза ішін аралап өтеді. Тіпті кочегаркаға шейін кіреді. Көзге тосын назарынан тысашнэрсе қалдырмайды. Бір жағынан осында жұмыс істегендерге көрінеді, екінші жағынан өзі жұмыс бабын түсіну үшін керек. Жаяу жүріп бойы да сергіл қалады. Бірінші күннен-ақ өзіне арыз айттып шағымданғандар да көп болды. Әсіресе, қазактар қанша тыраштанып істесе де, жана машинаға қолдары жетпейтіндіктерін, әсіресе Сергей Петровичтен көрген әділетсіздіктерін айттып, шағынумен болды.

- Көзімізді бақырайтып қойып, кеше әскерден жана келген бок мұрынға жаңа машина алып берді.

- Жарайды, бас инженермен ақылдасып көрейік.

- Жоқ өзініз шешпесеніз түк шықтайтын.

Дулат Сергей Петровичке шағынған қазак туралы айтканда:

- Е, оны білеміз көп сөйлей береді. Бізден алған көмегі аздай. Және әйелі жыл сайын бала табады.

- Оның әйелінің жыл сайын бала тапқанында шаруамыз қанша?

- Шаруамыз жоқ қой. Бірақ көмек сұрап кеңседен шықпайды. Оған көмір, баласын бала бақшасына орналастыру. Әйтеуір біз осы жерде соған көмектесу үшін отырғандай. Көрмеймісіз сізге шағынғанын.

- Шағынған жоқ, жағдайын айтты. Егер шынында автобазадан көп жыл істеген болса неге жаңа машина алып бермеске?

- Реті келсе көреміз.

- Жоқ сіз маған жалтақтамай жауапты нақты беріңіз - деді Дулат.

- Дәл қазір машина алғалы тұрғанымыз жоқ қой, - деді Сергей Петрович ынырана сөйлеп.

Озінің жаратпаған жасыруды тіпті қажет деп таппады. Не айтсанда, не істесе де артында тірегі бар екенін сезгені ғой.

Одан соң өкпесіне суық тиіп ауырған, жасы елуден асқан казак келді. Денсаулығына байланысты өзін басқа жұмысқа ауыстыруын сұрады. Дулат өмірінде бірінші рет жұмыста казакша сөйлеген адамды кездестірді.

Сыртай сыр білдірмеген өзін ыңғайсыз сезінді, бірақ жауабын қазақша берді.

- Жарайды осы жұманың аяғында келіп кетіңіз.

Тағы да келіп кетушілер көп. Өз жерінде жүріп өгейсіп, жатырқап, әркімге жалтақтаған өз қандастарына жаны ашылы. Әсіресе бас инженерге қарсы сөйлегендер бұл жерде көп тұрактамайтын көрінеді. Ал орыстарың аяқты алшаң басалы. Арақ ішіп, сауықтыру орнына түссе де, олар түк іstemейтін көрінеді. Тіпті осында көпшілігі өзін өлі бастық санамайтын сиякты. Көбінесе Сергей Петровичке барады.

Келесі жұмада өзіне шағынып келген қазакқа әжептәуір жана машина алып берді. Ал өкпесіне сұық тиіп ауырған егде тартқан қазакты жеңілдеу жұмыска ауыстырды. Сергей Петрович қарсы сөз айтқан жок. Бетінен мыскыл күлкісін тайырмады, бірақ үндеген жок. Өз қандастарына істеген жақсылығының мұнда жүрген орыстардың назарынан тыс қалмайтынын біледі. Бірақ бетінен қайтпауға тырысты. Бірде жұмыс жында кенседе жалғыз қалды. Ашық желдеткіштен ішке таза зуа лап қойды. Есік ашылып, жалған күлімсіреп Сергей Петрович кіріп келді де, рұқсат сұрамай ақ төрде қаз-қатар тұрған орындықтардың біріне жайлай нығыздала отырды.

- Сіз машина алып берген жігітіңіз бүгін правосынан айырылып қалды.

- Неғып?

- Жол тәртібін бұзған шығар. Бас механикten естідім.

- Алыр-ай?!

- Осындай боларын өзім де сезіп едім. Және ана жолы мен сізге сабыр сақтай тұрыңыз деп айтқандай болып едім ғой.

Дулат Сергей Петровичтің өзін табалап сөйлеп отырғанын сезді. Іштей ренжіп қалды. Қазактарға жақсылық жасасан осы. Бірақ орыстардың да ішіп алып правосынан айырылатындар аз ба. Әлде олардың не істесе де көзге бадырайып көрінбейтін болғаны ғой. Сергей Петрович шығып кеткенде осындай жайсыз ойдың құшағында болды. Қөктемнің сұрғылт жауынды күні болатын.

Ертеңінде күндеңі әдетінше автобаза ауласын аралап жүріп әлде неге дауласып тұрған топтың жанынан өте беріп:

- Этот чурка что знает? Прислали к нам как представителя нацменьшенностя из райкома, - деген сөзді естіл қалды.

Автобаза бастығы түр-ау деп имену жок. Кабинетіне келіп жайғасқан соң да көпке шейін өзіне-өзі келе алмады.

Иә, тәртіп әбден кеткен. Ол келесі күні арақ ішіп сауыктыру орнына тұскен жүргізушіні қызметтен шығаруға бүйрық берді. Жұмыс аяғында Сергей Петрович келді. Дәл әкесінің үйіне келгендей, есікті айқара ашып кіріп келді. Жүрісі екпінді. Сөзді бірден төтесінен бастады.

- Дулат Төкенович, сіз бүйрық беріп біздің маңдай алды жүргізушіні жұмыстан шығарып жіберіпсіз ғой.

- Иә.

- Мұныңыз не? Егер бұлай болса бұл жерде жұмыс істейтін ешкім қалмайды.

- Ештеңе етпейді. Орыстың киелі жер бос тұрмайды деген мақалы бар емес пе?

Сергей Петрович үндемей қалды. Сол күннен бастап Сергей Петрович екеуінің арасы біршама суып сала берді.

Енді жұмыс кезінде болмаса кабинетіне кіргенін қойды. Ал кездесек кездесе қалған жерде салқын аманасады. Кейде таңертеңгі жұмыс жөнінде кеңеске келген кезде жок жерден дау шығарады және ондай кезде дөрекеленіп кетеді.

- Сіз маған дауысынызды көтерменіз, - дейді Дулат.

- Неге саған сөз айтуга болмай ма? - деді Сергей Петрович өршеленіп.

Осындай жайсыз көріністей Дулат жұмыстан көңілсіз шығатын. Еріксіз жаяу бой сергітіп жүргісі келеді.

Ол бұрыңғы жайлыштырылған туралы армандайтын болды. Осы уақытқа шейін өмірінде мұндай қыншылық кездескен жок болатын. Мектепте, жоғары оку орнында да, ұлғлі оқушы, үздік студент болды. Өзінен жоғарылардың айтқанына сөз айтпай табынып бағынуды әдетке айналдырды. Уақыт өте келе орыстарға жаға алатын ұлт маманы болды. Ал осы күнделікті кездескен қыншылық екі жағынан басып енсесін көтерер емес. Ең жаманы өзінше жұмыс істейтін десе Сергей Петрович айғайлап қарсы шығады. Жан жағынан, әр қимыл кадамын андыған жаулар, оларға ерік берсең өзін куыршаққа айналатынын сезбей қоймады.

Сырттай қырып жұмыс істеп жатпағанмен, іштей өзін-өзі жеп, үйіне жүйкесі шаршап қайтатын да, тұн ортасына шейін дөңбекшіп ұйықтай алмай жататын. Кей кезде өзінің істер амалы жок, тұйыққа тірелгендей болды. Мұндай кезде есік алдына шығатын. Тастан қаранғы тұн.

Маңайды тым-тырыс тыныштық буған. Анда-санда иттердің абалап үрген үні естіледі. Мұндай да кейде ай биік көтерілгенше ұзак отыратын да, осы көз алдындағы тұн көрінісіне таңырқай қарайтын. Аппак тау шынына ойланғанда жаратушы алланың өзі тұратын ак шатырға ұксайды. Сол жақтан анда-санда тау шөбінің жұпар иісі бар салқын самал бетін аймалап өтеді. Еріксіз өмірде күнделікті кездесетін жайсыз жай ұмытылып сала береді. Кейде өзін-өзі жұбатып үйге кіріп төсекке жатып тез ұйықтап кетуте тырысатын. Таңертең бәрі қайтадан басталатын жұмысқа қарай тіпті аяғын өзер басатын болды. Бейне иығынан зор күші жаншып тұрғандай сезінетін. Эрине өз қандастарын көбірек тартпаса болмайтынын сезеді. Ондай адамның бірі Нұржан болды. Бұл жігіттің сөзінде, іс қымылында таусылмас жігер, қайрат жатканы сезілетін. Бірде жұмыс жағдайымен кабинетіне келгенде ашылып ұзак сөйлесті. Ары қарайда сойлесер ме еді, егер Сергей Петрович келіп қалмағанда. Нұржан шығып кеткеннен соң Сергей Петрович:

- Шағынудан басқа түк білмейді, - деді.
- Мүмкін шындықты айтатын шығар?
- Дулат Төкенович мен сізге ақыл үйретіп отыр деп ойламаңыз. Ескерткенім.

- Нені?

- Бұлай болса сізге ары қарай жұмыс істеу кын болады.

Бірақ Дулат сөзін жалғастырмай тосылып қалды. Қанша айтқанмен жас кезінен мансап қутан жігіттің мінезінде жалтактық бар болатын.

Бірақ өзін-өзі қайрап, бар күшін жинап өзінше істеуге тырысты. Арада бір апта өткеннен кейін Нұржанды автоколонның бастығы етіп сайлаған бүйрық берді.

Бұл бүйрыққа бас инженер қолын төбесіне қойып қарсы шықты. Ал механик жұмыстан кетемін деп қоқанлоқы көрсетті. Сол күннен бастап өзін келімсектерге қарсы қой-

ғанын сезді. Бұл кезде жан тыныштығынан мүлде айрылды десе болғандай. Неге екенін білмейді басқан қадамын біреу андып тұрғандай. Әр сөзіне адам ойлап таппас жауап береді. Егер жағдайы созыла беретін болса, тіпті жүйкесі ауырып ауруханаға түсіп қалудан қауіптенді. Тұнде жатқанда жүрегі шағып шығатын. Таңертең үйқысы қанбай басы мен-зен жұмыска келетін болды. Енді бұрынғы жан тыныштығы келмеске кеткенін сезді. Бәрінен де өзінің жалғыздығы көнілін жабырқатты. Осында жабырқаған жанын жұбатып, қолтығынан демеп жіберетін адам керек-ак. Бірақ өзінің осындай толғанысын үй ішіне сездірмеуге тырысты. Бетіне бағдарлай қараған адам, оның жаны күйзелісте жүргенін айтпай білуге болар еді. Оның осындай көніл күйде жүргенін Сергей Петрович те сезіп жүрген болу керек. Тәрізі өз сағаты соғатын күн алыс емес екенін де білетін сиякты. Сондықтан кездескен жерде жорта қабақ шытады. Қикарлана сөйлейді, кейде кеңқілдеп өтірік күледі. Іс-қимылымен сөзі өзіне сенімді адамның кейпін сездіреді. Дулат алғашкы қызмет істеген кездегідей емес өзіне келіп кетуші адамдардың күрт азайғанын байқады. Тағы да байқағаны тек бүйреккә қол қойдыру үшін келгені болмаса, басқа шаруа жөнінде ешкім кеңеспейді. Бәрінен жаманы күн сайын өзіне өзі сенімсіздігі күшнейді. Әр сөзін әр қимылын ешкім жокта сараптап отыратын әдет тапты. Біреудің жорта айткан сөзінен қыстаңып, өзінен өзі күмәнданып, жан тыныштығынан айрылатын. Рас тәжірибесі аз. Оны өзі де біледі. Бірақ нақты жұмыс жағдайын түсіндіріп беретін де ешкім жок. Ал болымсыз мәселенің өзін бабына жетіп білу үшін көп уакыт керек екенін біледі.

Сырт көрініске байқалмағанмен өзінің жағдайы күн сайын мүшкілденіп бара жатқанын сезеді. Үйіне қайтып келе жатқанда ғана өлде қандай жұбанышты ой басына келетін. Тек сонда ғана көнілі сабасына түсетін.

II

Дулатқа күн сайын жұмыс істеу қындаған түсті. Әсіресе бас мамандарға сөз айтса болды бірінің аузына бірі түкіріп қайғандай өре тұрады. Бәрінен де кеңседе жылы жұмсак жерде отырып, жардай болып семірген орыстың әйелдері



өзін бастық деп көзіне ілмейтін де сияқты. Тіпті кейбіреулері өзінен шығып, Сергей Петровичке кіріп соның айтқанын істейтінді шығарды. Жұрттың ойлауынша ол райкомның күшімен отырған, білгені шамалы ұлт маманы. Дулатқа шынында енді ол жерде істеген жылдары босқа расуа болғандай көрінді. Егер ойлап отырса қағаз жазғаннан басқа не бітірді? Әсіресе жазғы жұмыс науқаны өте ауыр жүрді. Қосалқы бөлшектер жоқ болып көп машиналар жолға шықпады. Автобазаның көрсеткіші күрт төмен түсіп кетті. Күнде үйіне үнжырғасы түсіп қайтатын болды.

Уақыт жаздың аяғы. Егін оруға тақаған кез. Таңертеңнен бастап алтаған күн сөулесі жер бетін күйдіріп барады. Тек күн ұясына батқан кезде ғана сәл тыныстауға болады. Тау шындарының мұз телпегі күн сайын еріп кішірейіп бара жатқан сияқты. Қала маңының бау бақшаларында жеміс жидек пісе бастаған кез. Дулат өз басы үшін қысылтаяң кез келгенін біледі. Бірақ тістеніп алып жұмысқа бел шешіп кіріскең болатын. Әсіресе Нұржан бірталай көмектесті. Көп жағдайдың мәніне түсіне бастаған сияқты. Бірақ мүмкіншілігінен жоғары жатқан, өзінің әлі жетпейтін зор күш бар. Бейне Сергей Петрович “қанша тырыс - тырыспа, бәрібір біз айтқандай болады” деп өзіне мысқылдан қарап тұрғандай көрінді. Бұрын бағдарлап назар салмағандықтан ба орыстардың өзгелердің жерінде дәп өздерінің әкесінің үйіндегідей тайрандап жүргендеріне таң қалады. Ең жоқ дегенде жүрген жердің халқының салт дәстүрін құрметтесе ғой. Жоқ олай емес. Қайта кемістүге дайын тұрады. Несін айтасың, осы арада бұларға дейін басқа халық тұрмағандай. Көше, мекендердің аттарын орысша қоя берген. Осындай ойлар Дулаттың жаңын жеп, мазасын кетірді. Баласы орыс мектебінде оқиды, өзі елмен орысша сөйлеседі, орысша ойлайды. Өз басы интернационализм деген бос сөз екеніне әлде қашан көзі жеткен болатын. Бұл әншейін жергілікті халықты алдау үшін қолданылатын үкімет саясаты екенін білетін.

Жаз аяғының тамаша жылы да жайсан құндері жаңылышқандай. Бейне әлі дөңнің астынан келе жатқан күз хабаршысында, таңертең аспандағы қарасүр бұлттан жаңбыр

себеп тұрды. Осындай күндердің бірінде өзін таңертең райкомның бірінші хатшысы шұғыл шақыртты. Бұл ұзын бойлы, кісіге сұық көзімен ұзак тесіле қарайтын орыс болатын. Дауысы қырылдаپ көмексейінен шығады.

- Жағдайдың қалай болып жатыр? - деді өзіне көк көзі өңменінен өтетіндей тесіле қарап.

- Шүкіршілік.
- Сөздің ток етері былай. Сіздің атынызға арыз түсті.
- Қандай арыз?
- Өкінішке орай сіз өз ұлтынызға ғана жағдай жасайды екенсіз.

- Қызық екен, сонда мен қазақ баласына жақсылық жасамауды керек пе?

- Жас бала емессіз. Сізді интернационалист, коммунист ретінде өзім жібергенмін, ал сіз болсаныз соны ұмытқан болдыныз ғой.

- Жок, ұмытқаным жок.

“Сонда өмір бойы еден жуған қазақ өйеліне пәтер алып бергенім мен өкпесіне сұық тиген кісіні күзетшілікке ауыстырғанымда қандай ұлтшылдық бар”. Бірақ өз ойын ашық айтпады, ештеңе дәлелдей алмайтынын сезді. Іштей “осы жұмыстан айрылып қаламын ба?” деген қорқынышты ой да баурап алды. Дауысы мұләиімси шықты.

- Мүмкін артықтау кеткен жерім болса мойындаимын.
- Сүйтініз. Ұмытпаңыз біздің коммунист екенімізді, - хатшы дауысы қatal шықты. Тәрізі қазақ баласының өзінің бетіне қарсы келмегеніне өбден еті үйреніп кетсе керек.

Далаға шықты. Аспан бағанағы қара шұбар бұлттан ашила бастаған сияқты. Райкомның үйінің алдында орысша жазылған плакаттар, бір жерден орысша даңғойланған айтқан ән естіледі.

Ол енді өзі орыстардың ғана қамын ойлайтын басшы болатынын іштей мойындаады. Жұмысқа келе жатып бала кезінде әкесінің домбыраға салып айтқан әні есіне түсті.

Өз кабинетіне көңілсіз кейіппен жете берген кезде алдынан Сергей Петрович шыға келді.

- Дулат Төкенович сізді іздең жүр едім.

- Мен райкомда болдым.

Бас инженерлердің сөзін сұлықсыздар тұндады, бірақ айтқанына бірден келісе салды.

- Солай істеніз, - деді.

Көңілінің түбіндегі кібіртік ойдан айырылу үшін тіпті арак ішіп алғысы келді. Осы кезге дейін “өз қандастарына шамасы келгенше көмектесемін” деген ойынан мұлде бас тарту керек екенін сезді. Анау кездегі көтерінкі көңіл-күйі бірден суалып сала берді. Бейне өзінің ерік күшін жігерін біреу байлад, матап тастағандай болды. Сол күні үйіне үдай мас болып келді. Осы жасқа келгенше ешқашанда ес түсінен айрылып ішіп көрген жоқ болатын. Аяғын өзер басады. Өршелене қарсы соққан жел жүргізер емес. Ауада күйік иісі сезілгендей болды. Біреу өзін айқайлап шақырғандай, бірде өзін мазақтап қарқылдап құлгендей болды. Тіпті келе жатқан жерінде жатып ұйықтағысы келді. Мас болса да жүйкесінің әбден шаршап қалжыраганын сезді.

Дулаттың ерік күшінің күрт өзгергенін сезбей қоймады. Эккі, қу орыс оның себеп салдарын сезеді. Енді өз сағаты соққанын білді. Бұл кезде ол өзін барынша Дулаттың жаны ашиған ақылгөй жанашары ретінде көрсетуге тырысты. Күнде жұмыс аяғынан кейін ақырын есікті ашып келіп Дулатқа қызметтің жай жоспарын айтқан болып өз дегеніне көндіреді. Тіпті оған қарсы шығып жатқан Дулат жоқ. Ал таңертеңгі кеңесте бірінің сөзін бірі жақтайтын болды. Бірде Дулат жұмыс аяғында енді үйіне кетейін деп отырған кезде Сергей Петрович кіріп келді. Катыны ұл тапқандай көңілді.

- Дулат Төкенович бүтін менің туған күнім еді.

- О, құттықтаймын Сергей Петрович!

- Егер сіз қарсы болмасаңыз, - деп қалтасынан конъяк шығарады.

Олар кабинетті жауып алғып конъяк ішіп отырып ұзак сөйлесті. Дулатқа Сергей Петрович сондай жаман адам болып көрінбеді.

Сол күннен бастап екеу ара іштей ұғысып жұмыс істей бастады. Дулат Сергей Петровичтің қас қабағына қарайды. Кейде өз орнын ұмытып артықтау кетіп бара жатса, Сергей Петрович басын шалқайтады, бұл айтқан сөзін жұтып қол кояды. Не болмаса ыңғайына қарай жығыла салады. Дулат

енде өз қандастары көмек сұрауға келгенде ренжитін болды. Бойында бұрынғыдай талпыныс, ілтипат сезілмейді. Қайта біртүрлі немкетті, самарқау қарсы алып, алдан-сулап шығарып салуға тырысады. Іштей өзінің күн сайын Сергей Петровичтің қол шокпары болып бара жатқанын біледі. Бірақ істейтін амалы жоқ. Енді тіпті елеусіз мәселені бас инженерсіз шеше алмайтын халге жетті. Жоқ, шеше алар еді, бірақ ол қалай қабылдайды деп қауіптенеді. Оның есесіне жұмыс бұрынғыға қарағанда женілденіп сала бергендей. Сергей Петрович өкелген қағазға оқымай-ақ қол қоя береді. Бірде осылай марқа күйде отырғанда Нұржан кіріп келді. Ашудан беті тутігіп кеткен.

- Не шаруа?

- Сергей Петрович аяғымнан шалып жұмыс істептейтін болды.

- Жігітім басымды қатырма. Әлде мен сағат саған қалай жұмыс істеу керек екенін үйретуім керек пе?

Нұржан өзіне таңырқай қарап қалды. Үндемей шығып кетті. Өзінің де көңіл түкпірінде ешқашанда толтыра алмас кеңістік пайда болғандай сезінді. Бұрынғыдай жан-тәнімен беріліп істейтін шаруа қалмағандай. Айналасындағы өмір құбылысына немкетті қарайтын болды. Соңғы кездері көңіл түкпіріндегі небір асыл сезімді жоғалтып алғандай сезінді.

Нұржан бекер қауыптенбеген екен, келесі жұмада-ақ бас инженер “техникалық қауіпсіздік ережені бұзған” дегенді же леу етіп Нұржанды жұмыстан шығарып жібереді. Ол бүйрықта Дулат сөз айтпай қол қойып берді. Онша ренжігенде жоқ, тек көңілінде болар болмас мазасыздық үялады. Қызыл империяның көп мейрамнының бірі болатын. Көшеде қызыл жалау желбірейді. Орыстардың өзге ұлттардан артықшылығын марапаттайтын өндер естіледі. Совет империясының даурықпа мейрамы болатын. Дулаттың осы желікпе, данғой музықадан басы айналғандай. Көңілінде себепсіз желік пайда болғандай. Бірақ неменеге желпінгенін өзі де айта алмас еді. Өзін осы империяның мүшесі сезінді...

Бірақ орысқа қанша табынып, жабысқанмен, бәрібір өзін кемсітіп, бөлетінін сезінуден қалған еді...



УАҚЫТ АҒЫНЫ

Айғай, шуы көп қаладан кейін мына алдында кең көсліп жатқан дала Сөуленің өзінің жым-жырт бүйірі тұныштығымен таң қалдырды.

Жаз бел ортасынан ауган уақыт. Жер бояуы солған. Сонау толассыз сокқан азызак жемен тербеліп бейне күміс буына ысталғандай өсер береді. Ұсақ тау шоқыларының құз жартастары мұжілген еріксіз көмілген қанша уақыт ағыны өткені туралы ой салады. Міне зор шексіз кеңістікте автобустың жүрісі арбадан ақырын келе жатқандай өсер береді.

Басқа жерде қалалар мен қызығы мол өмірмен көзді тұндырлықтай бау бақшасы бар екеніне сенбейсің.

Кез алдындағы қөнілді құлазытатындай көріністен жалғып еріксіз көк аспанға қарай бергің келеді. Сөуленің қөнілін мұң ұялады. Тіпті өзі осы уақытқа шейін ешқайда кетпегендегі сезінді. Келе жатқан жері өзі туып өскен басқа ауылдардан көзге көрінер үздік ештеңесі жоқ қатардағы елді мекен. Бірақ ыстық.

Әке, шешесінің куанышында шек болған жоқ. Үйткені жалғыз қызы оқу бітірген соң басқа жаққа кете ме деген қауіп болатын. Кеш бата күндізгі аптарап желдің лебі басылған. Есік алдына шыққанда жер ошактан шыққан түтін мен даладан жусан иісі мұрынға келеді. Сол күні әке-шешесі куаныштан көрші қоландарын шакырып кішігірім той жасады. Ертеңінде жайылымнан оқыралап жүтіріп келген тайыншылар үй көлеңкесінде бой тасалады. Сөуле бұрын өзі оқыған, енді жұмыс істейтін мектепке кіріп шықты. Жаңадан қосылған оқу бөлмелерін айтпағанда, барлығы сол бәз баяғы қалпында еді.

Тек егістің жер ғана көзді куантып сарғайып жатты.

Уақыт баяу, самарқау жылжып жүре берді. Қунде таңертең құн шығып кешке таман көкжиекке талмаурап батып бара жатады. Өзі келген жолдан артына бүйраланған шаң тастап жүріп бара жатқан машина көрінеді. Бейне өзі ешқашанда осы ауылдан ұзап шықпағандай. Таңертең әйелдер сиыр сауып өріске айдайды, ал еркектер жұмыстарына

кетеді. Анда-санда ферма үйінің жаныңа жұқ машинасы тоқтайды. Көршінің ұлы қаладағы бір дәкейдің қызына үйленіпті. Сабыр шал үш бие үстайтын көрінеді. Бұл жаңалықтың бәрін жиып-теріп шешесі шай үстінде айтады. Тұсken таман далаға шыққан кісінің бетін шарпітын ыстықтан маңайды жым-жырт манаураған тыныштық басады. Тек кешке тыныштықты өрістен қайтып келе жатқан малдардың мөніреген дауысы бұзады.

Одан соң маңайды тұн пердесі көлеңкелеп қайтадан жымжырт тыныштық басады. Сөule алғашқыда алас ұрып өзін аландатар ермек іздеді. Шай ішіп болған соң шешесінің анаумынау шаруасына көмектеседі, одан соң тұннің талай уақытына шейін басы ауырғанша кітап оқиды.

Ал жауыннан кейін бір-бірінен ажыраған бұлттар жер бетіне айдым-ойдым көлеңкелер тастаған кезде ауыл сыртына шығып қыдырады.

Кейде көз алдына көлбеп жатқан кеңістік бірде өзін тан қалдыrsa, бірде қорқыныш сезім ұялайды. Әрбір сағатынды қадірле, бірақ барлығы мынандай зор кеңістікте түкке тұрмайтындай болып көрінеді. Қаншама көл-көсір уақыт ағынының ағып өткенін мына мұжілген жақпар жартастан білуге болар еді.

Мұндай кезде көніліне адам айтып болmas мұн ұялып, түбі жоқ терең ойға кететін. Өзін белгісіз сезім баурап алатын еді.

Жаңа оқу жылы басталды. Сөule жұмысқа білек сыбанып кіріспі кетті.

Алғашқы жылы уақыттың қалай өткенін білмей қалды. Мұғалім жетіспей бірнеше пәннен сабак берді.

Сол жылы қыста өзіне көрші совхоздың малдәрігері қырындады. Аты Құдаш болатын. Осы манда өзінен артық ерек заты жоқтай өзін керемет тәkkапар ұстады. Алғашқы кезде құрдас ретінде қалжындастып жүретін. Кейін жігіттің тым-тұрпайы мінезінен шошып қалды. Қанша айтқанмен ауыл арасы емеспе “Құбашпен қосылып тойлары болады екен” деп тақап қойғандары болды. Бірақ Сөule даракы жігітке жоламауға тырысты. Қыстан кейін май тоңғысыз жылы көктем келді. Одан соң жаздың күндері түгесіліп егістік жер сарғыш тартып, қайтадан тұнжыраған жауын-

ды күз келді. Сөуленің көңілін мұң ұялады. Енді келесі жылғы көктемді асыға күтті. Алдағы өмірінде зор өзгеріс болатындақ көрінді.

Ол кезде Сөуленің жас денесі толып кемелденген шағы болатын. Ажарлы жүзі еркек затын жалт қаратарлықтай еді. Мүмкін сондықтан болар көктемдей балауса шөпке гүлге құмар болатын. Маңайдың көктеп гүлдеп тұрған кезі өтпесе деп тіледі. Бірақ жаздағы аптап аңызақ жел соққаннан кейін маңай лезде бояуынан айырылып сала беретін, маңай қайтадан өзінің көңілсіз кейпіне енетін.

Иә, өмірде қуаныш та, реніш те тез сұынады. Кей адамның көңілі түкпірінде небір асыл сезімдер уақыт өткен сайын солғынданады. Жас кездегі қанша асқақ ойлар күн сайын құлғін тартып ұмтылады.

Жаздың салқын жауынды күні. Уақыт алакеуім кеш болатын. Алыстан тау бейнесі бұрынғырланып көрінетін. Көңілін адам айтпас мұң жайлап алды. Одан соң сұық ызығарлы қыстың күні келді. Бірнеше күн боран соғып жердің бедерін аппақ жылмағай етіпти. Дөңес жерлер жұмырланып дала төсінде ойнак салған қар толқындары көрінді. Тек су алатын бастаудың басында жаңа тұскен іздер бар. Терезені қырау шалыпты. Онда аяз салған суреттерден бейне адам ете алмас ну орманның арғы жағынан таң шапағы келе жатқандай.

Үй-іші қоңыр салқын. Далада ұскірік аяздың сағы әлі сынбапты. Бетін қарып жіберді. Үлпілдеген аппақ қардың бетінде күн сәулесі шығылысып көзді қарықтырады. Маңай қар қырсауына оранып тоң-теріс кейінте. Күндегі өдетпен Сөуле мектепке келді. Мұғалімдер бөлмесінде сұықтан жаурап тоңып отырған екі-үш мұғалім көрінді. Сабағын өткізіп үйіне қарай қайтқанда аяз сыныпты. Алыстан аппақ таулар бұрынғыдай емес ауылдан алысталап кеткендей. Тауға барып шаңғы тепкісі келді. Алғашқы жылдары мұндай серуенге шығып тұратын. Ал қазір тек тілек болғанмен көңілі ешқайда тартпайды. Бүйірғып үйде отыра бергені жақсы көреді. Бірақ та соңғы кезде анасының кайта-қайта күрсінеге беретінің себебінде сезетін. Қызының әлі тұрмысқа шықпай жүргенін уайымдайтын болар. Мүмкін қартайғандығы шы-

ғар. Ауылдың жаңалығын айтуды сиретті. Бірак сондайлық тандай қағып хабарлайтын жаңалық та жок.

Тұнде далаға шыққанда аспанда самғаған жұлдыздарды көріп таңырқай қарап қалды. Өзінің соңғы кезде көңілінің аумалы-төкпелі болып бара жатқанын өзі де білетін. Өзіне істейтін жұмыс іздейді. Ал кейде сағат бойы ешкіммен сөйлеспей жатып алады. Ондай кезде қысқа өміріндегі өткен жайды есіне түсіреді. Көкірегінде өкініш те жоқ емес. Тіпті жазда демалғанда алыс жакқа кетіп қалғысы келеді, бір-ак шешесін қимайды. Басқа жакқа кеткенде не табады.

Жасы қырықтан аскан бұл адамды Сәуле көрші үйге кіріп жүргенде бұрында көрген. Бірак бұл адамның киім киісі сөзі өзіне ұнамайды. Май басқан бетімен тойына сөйлегенін жаратпайды. Бұгін жұмысқа бара жатып үстіне табиғи реңдес тон, басына суыр бөрік киіл тайрандай басып кетіп бара жатқанын көрген.

Көрші үйдің алдына атқа жегілген жеңіл шана көрінді. Тәрізі суыт жүріп келген сияқты. Аттың терісін шық жауыпты. Ертеңгі сабакқа дайындалуға отыра бергенде, есік ашылып көрші әйел кірді.

- Сөулежан қалың қалай болып жатыр? - деді әдейі жымыып.

- Шүкіршілік.
- Күн қаранғылана бастады, неге шам жақпай отырсын?
- Қазір жағам ғой.
- Мен сені қонаққа шақырып келдім.
- Жоқ рахмет. Ертең ерте тұруым керек.
- Қой, оның не Сөулежан? - деп болмай қойғаннан соң еріксіз орнынан тұрған.

Сәуле көрші үйге баруға шыққанда күн талмаурай батып бара жатыр екен.

Үскірік аяздың лебін сезді. Ауызғы үйдің есігін аша бере даурыға сөйлеген адамдардың даусын естіді.

- Сөулежан үйінде омалып отыра бересің, бір мезгіл бой жазып көніл көтермейсің.

Мына жігіт көрші ауылда тұратын біздің туыс - Көбен, өзінің құрдасың.

Төрде орындықта күжірейіп отырған адамның бетінде тәтті күлкі ойнады.

- Қарындас сыртыңыздан жақсы танимын. Немере інімен танысып қой - деді.

Босаға жақта отырған жас жігітті енді ғана байқады. Өзіне құлімсірек қарап, басын изеп қойды.

Сәулеге жігіт жүзінен аңқаулықты, жайдарлықты сезді.

Мынандай сұық аязды күні пеш жанып шырпып тұр. Сол жылдықты адамдардан да байқады. Шынында жайлышты отырды. Жігіт ағасы шампан ашты. Аздап ішкеннен Сәуленің бойы қыза бастады. Өлең айттылды. Тұн ортасына таман Сәулені Көбен шығарып салмақ болып орнынан тұрды. Тұн ай жүлдізды жарық екен. Көңіл-күйі көтеріліп сала берді. Бойын адам айтпас тәтті сезім баурап алды. Аяқ астында аяз сорған қар сықырлайды. Жігіт жанында үнтуңсіз келеді. Сәуле сөйлесе екен деп қанша тілесе ештеңе айтпайды.

- Сау болыңыз, - деп қыз үйінің жанына келгенде.

Сол тұні Сәуле алабұртып көпке шейін үйықтай алмай жатты. Сөздің шыны керек жігіт өзіне үнады. Көп сөйлемейтін біртоға жігіт сияқты.

- Қалай, қайным үнады ма? - деді көрші әйел. Сәуле құлімсіреп қойды, бірақ ештеңе айтпады.

- Ұнаған ғой, - деді көрші әйел тұжырымдал. Жігіттер келесі келгенде көрші әйел тағы да қонаққа шакырды.

- Тым жиі қонаққа шакырып жібердіңіз ғой, - дейді Сәуле.

Осы жолы Сәулені өлде қандай дұлдамал сезім баурап алды. Жігіт осы жолы да көп сөйлемеді, тек себепсіз құлімсірек берді.

Өзін шығарып салғанда қоштасарда:

- Қар аппақ - деді.

Сәулеге жігіт астарлап сөйлеп тұрғандай көрінді.

Ақыры Сәуле сол жігітке тұрмысқа шықпақ болғанда жүрттаң қалды.

Бұл жігіттің басының жетіспейтін кемістігі бар екенін бүкіл ауыл білетін еді.

ДҮКЕНДЕ

Иен дала. Эсіресе жаз кезінде қанша қарасанда көз тоқтайтын көрініс таба алмайсың. Жазық тақыр мен боз төбелер. Тек сай табанымен терең бойлап енгенде ғана тыныстауға болатын саяжай бар. Ал алыста көк жиегінде көзді бояп көңілге желік беретін бейне ұлы дария сүйндай тасқындал ағып жататын сағым көрінеді. Мұндайда жолаушылап бара жатқан адам дамылдан саялы сай түбіндегі бұлактан су ішіп, көгал шөпке аунап алса деп армандайды. Одан соң оқшау тұрған бес-алты үйлі ауылды көрер еді. Шулы дабырлы жерден оқшау тұрған осы жердегі адамдардың тіршілігін көз алдына елестеткін келеді. Дәulet алыс ауданға бара жатқанда осы ауылға соқтайды. Үй иесі сол кездің өзінде егде тартып қалған адам, өзін дәл туған інісіндей шын көңілмен куана қарсы алатын.

Мүмкін мына күнделікті тымырсық тыныштықтан зерігіп, жолығып сөйлесетін кісі іздейтін болар. Эйтеуір тұн ортасына шейін өзін сөзге қарық қылады. Бүгін де кеш алағеуімдене бере тау жақтан салқын жел сокқанда олар үй иесімен есік алдында тұрды. Жаз болса да жер ошакта ет асылып, бүркырап шәй қайнап олар дастархан басына отырған. Батып кеткен күннің шапағы мұлде сөнгеннен кейін, шығыс жақтан табақтай ай көтерілді де, маңай бір түрлі есте қаларлықтай жұмбак күйге енді.

- Солай де қарағым. Барлығы ана жолы көргеніндей, бәрі орынша. Тайынша өсіп сиыр болды, тай өсіп тұлшар болды. Енді сөз кезегін өзіне берейін, - деді үй иесі. Үй иесі мұның қаладағы жан сақтау үшін арпалысты өмірінің мағынасын сезбейтін де шығар. Біреуді алдайсың, ал екіншіге жағынан тәуелдісің. Эйтеуір далбаңдал ел катарлы тұрып жатқан жайы бар. Сөздің шыны керек, ол жақта осылай отырып сырласатын да ешкімі де жоқ. Сондықтан Дәulet жарытып әнгіме айта алмады. Шәй үстінде үй иесінің қызын көрді. Ана жылдары тұлымы желбіреп жүр еді. Енді бой жетіп қалыпты. Мүмкін мына тамаша кештің әсері ме, қыз сұлулығы Дәуренді таң қалдырды. Жүзінде үлкендер сыйлаған ұяндығы сезіледі. Қалада асығып өтіп бара жататын уақыт ағыны сезілмейді. Бір-біріне ұқсас күндер легі. Элде қандай тәтті ойлар адамды жайлай тербелеп өз күшағына тартып әкетіп барады. Олар орындарынан тұрғанда жер ошактағы от сөне бастаған. Уақыт тұн ортасынан ауған еді.

II.

Арада талай жыл өтті. Дәулет осы ауылдың жанынан өткенімен соған бұрылуға уақыт болмады. Бірақ үзак әңгімелескен айлы тұнді аялап есіне түсіретін еді.

Омірдің қулық-сұмдығынан алыста жүрген сол адам дәл қазір не ойладап отыр екен. Мүмкін оқу қуып басқа жаққа кеткен шығар. Кім білсін. Бірде жол шетіндегі ауылға қайта бұрылды. Күні бойы тынымсыз жауған ақ жауыннан маңай мұнартып тұр. Жер батпақ. Өзінің танысының үйінің жанына келгенде өзіне таңырқай қарап тұрған бейтаныс адамды көрді.

Отағасы мына үйде Бекен деген кісі тұрушу еді. Қазір қайда екенін білмейсіз бе?

- Ә, қарағым кімі боласың?
- Жай танысы болармын.
- Бекен қайтыс болған деді...

Содан беріде талай жыл уақыт өткен. Осы қара жолмен анау оқшау үйге сокқысы келетін де тұратын...

Дәулет шөліркеп жеткеннен соң су ішіп алмақ болып дүкенге кірген еді. Әлде қандай кезекте тұрған адамдар шыдамсыздана әлде неге айқайлайды. Кезексіз кіріп кетпесін деген болар. Дәулет дүкенге кіруін кірсе де шығуға асықкан еді. Кенет сатушы келіншектің әлде кімге айқайлаған дөрекі даусын естіде де жалт қарады. Өзіне таныс жанды шырамытқандай болды.

Жас кезінде өнді болғаны көрініп-ақ тұр. Бір жерден көрген. Бірақ мына таласып-тармасқан шудан осы таныс жүзді шырамыта алмай тұрды.

Кенет келіншектің жәнегі дөрекі ашу оты басылған сәтте, жүзі өзгеше кейіпке еніп сала берді. Өткен күнге болымсыз сәуле тұсті. Есіне сонау жылдардың жазғы кеші тұсті.

Айлы түнде төгілген еміс жарықтан, анық көрінген таумен, тыныштықпен; әлсін жалт етіп сәуле шашқан от жалынмен, аспан төрінде самған жұлдыздармен; от сөулесінен бет ажары айқын көрінген жас қыз, енді көз ілеспес жылдамдықпен мына дөрекі әйелге айналған. Өз көзіне өзі сенбегендей келіншектің жүзіне таңырқай қарап қалыпты.

Енді таныды.

ҰСТАЗ

Таңғы күн сөулесі терезеден сыналап кіріп пердеден сүзіліп барып, бөлме ішіне бозғылтым жарық шашқанда Сантай әлі ұйықтап жатқан болатын. Кеше кешке жатарда әйеліне қойдың бағасының қанша екенін білуге уәде еткені есіне түсіп, еріксіз еріне түрді. Есік алдына шыққанда күн өжептеуір биік көтерілген.

Тұнгі ылғалдан шөп үстіне болар-болмас шықтың жұрнағы да қалмаған. Ауада мезгілінен бұрын нәрінен айырылған күрғақ шөп иісі сезіледі. Еріксіз жаздай уақыттың бос өткізіл алғанына өкінді. Қора үсті бос. Ал ертең сабак басталған соң жұмыстан қолы босамайтыны белгілі. Таңертеңгі шайға қанып алған соң, мына іргесі тиіп тұрған аудан орталығындағы базарға барып келмек болды. Бір таң қалғаны, он сағат ұйықтап тұрса да, себепсіз шаршаған самарқау көніл-күйден арыла алмапты. Дастархан басына енді ғана жайғасып отыра бергенде, есік ашылып осыдан он бес жыл бұрын мектеп бітірген окушысы кіріп келді.

- Сантай аға қалыңыз қалай?
- Ә, Қанат қайдан жүрсің?

Қанатқа төрден өзінің жанынан орын ұсынды.

- Сізді әдейі іздеп келдім. Бүгін біздің үйдің құрметті қонағы болыңыз.
- Барамыз қарағым. Бірақ ненің құрметіне?
- Ағай себеп көп болып тұр.
- Дұрыс, дұрыс. Шет жағын естіп жатырмыз.
- Елге келсем болды. Мектепте болған күндерім есіме түседі.

Сіз алғаш келген жылы мен бесінші сыныпта оқытынмын.

- Иә, есімде.

Көз алдына өткен өмір көлбендей берді. Әрине, ол жастау кезі. Өмірге елгезектеніп қарайтын, тым тынымсыз болатын. Алдына үлкен мақсат қойып еңбектене алатын. Бірақ беті неден кайтты, дәл қазір айта алмайды. Мүмкін бір-біріне үқсас күндер легінен алғашқы арыны мұқалды ма екен. Көп ұйықтайды. Бүгінгі істеуге болатын шаруаны ертенгіге шегере береді. Қолына түспесе, тіпті газет оқымайды. Қазіргі тоқыраған көніл-күйін окушысына сездіргісі келмеді.

Есік алдына шыққанда күн шарықтап көк биігіне көтеріліп кетіпті. Күн ысып кеткен соң олар үй көлеңкесіне бой тасалады. Есік алды былыққан, шарбак сынған, кора төбесіне шөп әлі түсірілмеген.

- Ағай, Кенсай сол қалпында ма? Бұлак суы қандай еді, - деді Қанат тамсанып.

- Сай орнында тұр, бірақ бұлак суалып қалған.

- Апрай, - деді Қанат өкінішпен.

- Оның есесінен өлке бойы сол қалпында.

Сантай оқушысы кеткеннен кейін ауыл сыртындағы бозалаң тартқан төбелерге, сарғыштанған жазыққа ойдана қарап қалды. Күндегі өзін өбден мезі қылып жалықтырган көріністе енді сыр-мағына жатқандай көрінді. Бүгін - ертең, тіпті қанша жыл өтседе осы қалпынан тұқ өзгермес.

Тек көктемде ерінді қара сұынан көкшіл тартады. Одан ары көк жиегіне сен-сен бұлттар жүзіп шығады. Аспан кеңістігінен шыққан соң қалықтай жүзеді.

Тіпті болмаса тым бүйігі тыныштықтан жалығып қара кошқыл түске еніп, жауын нөсер әкеледі. Соққан желмен одактасып аспан бетіне айран-асыр салады.

Сантай бейне желдің гүлдей соққан дауысын естігендей болды.

- Нағып тұрсын?

Әйелінің дауысын естіп жалт бұрылды.

- Жай тұрмын.

- Апрай, уақыт өтіп барады ғой, базарға бармаушы ма едің?

- Барам. Қазір жиналадын.

Киімін жиып базарға бару үшін автобус аялдамасына қарай бет алды. Ауыл сыртындағы қырат, төбелер, бозалаң тартқан жазық барлығы бәз-баяғы қалпында. Тек аспан бетінде таң сөріде көтерілген бұлт шудасы тарамданып кетіпті.

ТАҢ СӘРІ

Откінші жауын себелеп өтті. Бағанағы қара кошқыл бұлт, енді бозарып, батып бара жатқан күннің кою қызығыт нұрын бойына сініріп, тау үстіне қарай шөгіп бара жатты. Алдарында то-

лқыған теңіздей егістік жер жатты. Сапар ферма агрономы Тоқанмен осы көріністі тамашалай қарап біраз тұрды. Жаңындағы серігінің өз ісіне шын берілген адам екенін білетін. Мұндайда өзінің істеп жүрген жұмысы түкке татымайтындей көрінеді. Иә, ертең отыра қалып құлаш-құлаш ақпар жазады. Анау жоғарыда отырған нақұрыстарға сен жазған ақпарлардан егіс өсіп, жауын жауатындей көрінеді. Жок өзін өлі ондайлардың қатарына іштей қосқан жоқ. Кім біледі уақыт өткен сайын адамда өзгереді ғой. Мүмкін өзі де қағаз көшіріп, өзі істеген істерінің маңыздылығын сезінген басқа жандардың арасында өзгергенін сезбей қалуы мүмкін ғой. Алайда, мына алдында созылып жатқан телегей теңіздей егістің ауқымын көріп, көңіл сарайы ашылып сала берді. Олар әңгімелесіп біраз жүрді. Жауыннан кейін шөптің жұпар иісімен қатар, әлде қандай нәзік гүлдің жұпары мұрынға келеді. Әсіреле, жердің ойыстау жеріне жиналған жауын суы, батар күн сәулесімен жарқ-жүрқ ойнайды. Ал жусанның үстіндегі жауын тамшылары күмістей жалтырап ұсақ түйіршіктеніп жатқан мұзды еске түсіреді. Олар Тоқанның үйіне келгенде маңай қараңғылана бастаған. Үй іші таза жинақы. Олар жайланып шай ішіп отырғанда төргі үйден ақсакал шықты. Түрі қатқылданып, ашуланып кеткен. Ұлына әлдекімнің жағымсыз қылышы үшін жаман ренжігенін айтты. Баласы әкесін жұбатып:

- Экей, отіп кеткен жайды неменеге есінізге алып, өзінізді жей бересіз?

Олар үйшіктар алдында даға шығып біраз жүрді. Аспан ашық жұлдызды болғанмен де ай көрінбейді. Маңайды тас түнек караңғылыш бүркеп алыпты. Осы түнмен қоса күндізгі адамның жаңын жеген ойларда саябырсып, маңайды буған тылсым тыныштық елтітеді. Олар біраз жүргеннен соң ауылдың шетіне шықты. Тоқан:

- Экейдің мінезі білмеген адамға өте қызық болып көрінеді. Мен өз өмірімде одан момын, бірақ өз жұмысына мықты берік жанды көрген емеспін. Меніңше күнделікті кездесетін өмір құбылыстарын түсініп біліп, тұжырымдау үшін де, аскан байқампаздықпен қатар, өзің өмірдің жағымсыз жағына бой бермейтін күрескер де болуың керек. Немесе тек өзінің сүйікті ісіне беріліп, маңайдағы өмір құбылысына назар сал-

май теріс айналып кетегіндер де бар. Экемнің екінші жолды тандағанын байқап тұрган боларсыз. Шынында да сырттай қараған адамға әкейдің өмірі бейжай, ешқандай мұнсыз өткендей болуы мүмкін. Бала кезімде маған да сондай болыш көрінетін. Әкей мені таңертең ерте оятып алатын. Бұл әдетте таң сәулесі жаңа бозара бастап келе жатқан кез. Маңайды әлі тұн тыныштығы ұстал тұрады. Ауада неше алуан шөптің жұпар иісі анқиды. Менінше таңертең ғана адам өзінің жерге жақындығын айқын сезінеді. Адамның ішкі дүниесі де тазарып сала беретіндей. Менің жерді жақсы көруіме әкемнің көп себебі бар екенін айттып жатудың да керегі жоқ шығар. Мен де таң сәріден тұрганды әдетке айналдырыдым. Бірақ кейіннен білдім, мұнда әкейдің өмірдің шеше алмас түйінінен, бойын алыс салудың бір амалы екенін. Мүмкін сізде байқаған боларсыз таңертең адамның бойы жеңілденіп, ал кешке жинаған сұрактарың өзінен өзі шешілтіндегі көрінеді. Тіпті ешқашанда орындалмайтын, бұл өмірде болмайтын арманға бой алдырасын. Осылай жылдар жылжып жүре береді. Өз жұмысын жақсы білгенмен де әкейді қызметінен өсірмеді. Өз өмірінде қанша бастықсымақтардың түкке татымайтын нұскауын орындауға тура келді десенізші! Ал әкейдің жұмысын атап отіп, еңбегі бағаланбады. Пенсияға шығарып салғаннан кейін ұмыттылды десе болған-ды. Міне осы кезден бастап әкейдің мінезі бұзыла бастады.

Сіз де талай жандардың пенсияға шықканнан кейін, аяқ астынан қоғам мұлдесінің қамын жеп жоғарыға арыз жазып алас ұратынын байқаған боларсыз. Егер сынай қараган адамға шынында да демалысқа шыққан адамдар неменеден сескеніп, корқады. Кейбіреулер ақыл қып кетеді. Жоқ менің әкем ондай болған жоқ. Бірақ уақыт өткен сайын бір кездегі өзінің ісіне өкініп, катты уайымдады. Маңайында болыш жатқан өмірді байқамай, өзін-өзі алдағанын кеш түсінді. Содан бері өлде қандай жайсыз оқиға есіне түссе болды, өзінен өзі шала бүлінеді, - дейді Тоқан. Олар қыңдырып ауылдан талай ұзап кетіпти. Уақыт тұн ортасынан ауған еді. Ауа салқын тарткан. Олар қайтар жолда үн-тұнсіз жүріп келеді. Сапарды айттып болмас ауыр сезім баурап алды. Неге екенін өзі де білмейді.

Таңның атуын асыға күтті.

АҢСАУ (әңгіме)

Ауа тұманды, бұлыңғыр. Алыстан комбинаттың биік үйлерінің сүлдері ғана көрінеді. Ал цех арасында әншайінде адасып жүретін Ерзатқа мұндай күнде не жорық. Біз мастерден тапсырма алыш, ұзын цех ішіне кірген кезде терлеп-тепшіп Ерзат та жетті.

- Адасып кетіппін, - деді ол аптығып. Ол тұрған жатақханамен менің үйімнің арасы жақын болғандықтан бір автобусқа отырып қайтамыз. Осылай жұмысты бірге істеп, жұмыстан бірге қайтып жүріп, аз уақыт ішінде сыралғы жолдас болып кеттік. Ерзат жұмысқа бейімді. Бірақ өзгелермен тез араласып кететін жұғымы жоқ еді. Үнемі бір нәрсені есіне түсіргісі келгендей тұңғиық ойда жүреді.

Бірде демалыс күні Ерзаттың іздел жатақханаға бардым. Бөлме ішіне көктемгі күннің ашық нұры төгілген. Ерзаттан басқа ешкім жоқ екен.

- Неғып отырсың?

- Ауыл есіме түсіп. Көктемгі егіс басталған шығар.

- Мұндай тамаша күнде үйде отырғаның не? Жүр, көшеге қыдырып қайтайық, - дедім мен. Ол орнынан самарқау тұрды...

Жұмыстан соң Ерзат мені ертіп өзен, көлге, не сай-салалы ну тоғайға, тауға баруды әдетке айналдырды. Не іздейтінін кім білсін, ел жүрмеген жермен жүріп, не болмаса жақпар тасты жартасқа шығуға құмар-ақ. Осында серуендерден кейін дүйсенбі күні жұмысқа көнілді келеді.


- Биыл шөп жақсы шыққан шығар, жауын көп қой, - деді Ерзат.

- Апыр-ай, ауылдың ұмытпайды-ақ екенсің. Өзің сол ауылдан қашып келіп жүрген жоқсың ба? - дедім мен.

- Мен ауылдан қашып келген жоқпын, - деді Ерзат. Менің сөзімді жаратпағанын бірден сездім.

- Ауылдың да жақсы-жаманы болады, - деді Ерзат орнынан тұрып.

- Эй, қайда асығып баراسың, үйде келіншегің күтіп тұрғандай, - дедім абдырап.



Бірте-бірте оның ауылында өзім де болғандай сезіне ба-
стадым. Көз алдыма ақ шағаладай ақшаңқай үйлер, көк ша-
лғында жайылып жүрген малдар, сарқырап ағып жатқан
бұлак, ну тоғай елестеп кеуденді керіп қанша жұтсан да
мейірің қанбайтын жұпар иіс келетін.

- Сенің аулыңа бір барып көрмесе болмайды екен - дедім
мен бірде жұмыстан қайтып келе жатып.

- Барамыз. Жазда демалысты бірге барамыз, - деді Ер-
зат...

Таңертең үйқымызды қандырып тұрғанымызда бізден
басқа еш пенде қалмапты. Күн едәуір көтерілген. Маңай
көк мұнарга бөленіп тұр. Жер ылғал, кеуіп ұлгермеген, жай-
қалған балауса. Алыста, көк ұшында, өріске кетіп бара жа-
тқан малдар көрінеді. Қала шуынан тыскары бейжай ты-
ныштық.

Біз кунде әңгімелесіп, өзен жакқа барамыз. Суға шомы-
лып, күнге қыздырынамыз. Ауылына келgelі Ерзаттың
көңіл-күйі көтеріңкі. Ешбір жұмыссыз жүрген біз ғана си-
яқтымыз.

- Қалай, ауыл үнай ма? - дейді Ерзат маған.

- Үнайды, - деймін мен. Бірак, сөздің шыны керек, бір
жұма өтпей-ақ жалыға бастаған едім. Әлде құлағым қала-
ның шуын ансады ма. Мүмкін мына көк желекке көміліп
көсле жатқан дала сырын түсіну үшін осында туып, өсу
керек шығар. Сырт көрініске - самарқау тіршілік. Мен Ер-
заттың неге қалада өзін қоярға жер таба алмайтынын енді
түсінгендеймін.

- Зеріге бастадың ба? - дейді Ерзат менің мұнымды сезіп.

- Жоқ, - дедім есінеп.

- Үйренбеген адам зерігеді ал мен ешқашан да зерікпес
едім. Осы жерде туып-өстім. Тіпті сағаттар бойы тапжыл-
май тауға қарап жатсам да жалықпас едім, - деді Ерзат.

Талмаурап күн батты. Қайтадан маңайды қарандылық
көмкерді. Соның өсері ме киял дүниесіне беріліп, әлденені
армандастың. Кейде ояна кетсең төбенде жалтыраған жұлдыз-
дарды қарап жаңа көргендей таңырқайсың. Таңертең тұрғанда
салқын ауаны сезесің. Шырынды ауадан бойың сергіп, ши-
рак тұрасың. Ұлken бір іске құлшына кіріскің келеді.

Ерзат енді біраз күннен кейін үйінің шаруасына
көмектесті. Бір күні екеуміз барып сай етегінде жайқалған

шөпте шалғы тарттық. Кейде ол анау-мынау ұсак-түйек жұмыс істеп жатқанда мен бос жүрем.

- Көмектесейін бе? - деймін оған.

- Жоқ, дем ал, өзім істеп тастаймын, - дейді Ерзат кулімсірей. Ерзаттың қолынан келмейтіні жоқ екен. Ұста да, ағаш шебері де, сылақшы да. Менің бір таңырқағаным: ағасы дем алуға келген Ерзат істеп жүргенде “жарайды, болады” деп айтпайды, керісінше, бітпеген жұмысын - “істей сал” деп тықпалай береді. Ақыры біз кететін уақыт та жетті. Сол күні Ерзат көңілсіз жүрді. Калаға жеткенше үн-тұнсіз, бей-жай күйге түсті.

Сол жылы күз жауынды болды. Цех іші жылы, ал да拉ға шықсан толассыз себелеп тұрған сұық жаңбыр денені қалтыратады. Оның көңіл-күйі жазғы дем алыстан кейін онша болмай жүрді. Жұмыс уақытында да, дем алғанда да үн-тұнсіз отырады.

- Биылғы күз шаруашылық үшін жайсыз-ак, - деді түскі демалыста ол.

- Саспа, Ерзат. Біздің комбинат жұмысына ауа-райы онша әсер етпейді.

Біз мастердің бөлмесінде отырмыз. Сәл ашық есіктен цехтағы жұмыс істеп тұрған насостың дауысы естілді. Шан басқан үлкен терезеден күздің бұлыңғыр аспаны көрінеді.

Көп үзамай күз кысқа ұласты. Көбік қар жауып, боран соқты. Аязды ашық күндері де жетерліктей. Ондай күндері даラға шығып, көше қыдырып, сергіп қаламыз.

Сөйтседе бұрынғыдай емес берік бір шешімге бел бугандай. Толассыз толғаныс үстінде. Қанша көnlін аланнатқысы келсе де бәрібір, қайтадан сол өзіне ыстық ауылы көз алдына елестейтін сияқты. Тіпті өзінше тиесілі тапсырманы да селсок атқаратын болды.

- Саған не болған? - дедім мен.

- Түкте болған жоқ, - дейді ол.

Сөйтіп, жүріп Ерзат бір күні ауылына кетті де қалды.

Кететін күні өте көnlі болды.

- Сезбейсің бе, жер иісі анқып тұр, - деді ол көктем әлі шықласа да, маған қоштасуға қолын ұсынып.

Мен игі тілекпен қолын қыстым. Шынында да ауадан балауса жас шөп пен жердің иісі шығып тұрғандай сезіндім.

ШЫРМАУ

Үлкен еңселі биік спорт сарайын ду қол шапалақтаған дыбыс алып кетті де, көпке шейін басылмады. Нұрқасым жанқүйерлердің мұндай құрметіне алғашқысында үйрене алмай абырап қалды да, біраздан соң ғана бойын жинап алды. Ринг бұрышындағы өз орнына барып тұрды.

Енді өзінің одак көлеміне аты шыққанын біледі. Өзін қошаметтеген топтың арасынан шыға бергенде біреу құшактап алды. Дем алысында өзі жек көретін арактың исі бар. Бұлқының шығамын деп еді, тіпті одан сайын құшактап тіпті жерден көтеріп алды. Енді өзін жұрт алдында ыңғайсыз сезіне бастады. Аяғы жерге тиіп кері қарағанда өзіне ақсия күле қараған Ахметовті көрді.

- Эй, інішек сені жеңісінмен құттықтаймын. Алғашқы боксер қолғабын кигізген ағанды ұмытпа, - деді өдеттегі ішкіштердің дауысымен гүрілдей сөйлеген.

- Рахмет, ағай қазір күте тұрыңыз. Ахметов кеткеннен соң жанқүйерлер тобы өзін қайтадан қоршап алды.
- Жаңағың кім? - деді жолдасы.
- Сен білмеуші ме едің?
- Жаңағы маскүнем бе? Қайдан білем?
- Бір кездегі ауыр салмақты Ахметов дегенді.
- Естідім ғой деймін, жаңағы ішкіш сол кісі ме? - деді жолдасы таңырқап.

Бір топ жолдастары оны ресторанға алып барды. Даурыға сөйлеген сөз бен музыка үні естіледі. Ахметовті көргенде Нұрқасымның көніл күйі түсіп кетті. Кызып алған жұрт оның қандай көніл күйде отырғанына назар салар емес. Нұрқасымға жанындағы отырғандардың өзін елшілдеп құрметтегені жасанды сијакты болып көрінеді. Иә, қазір жұрт өзін құрметтейді. Жұлдызы жанып тұр. Қазір не істесе де, не айтса да осы жұрт көтереді. Өйткені жұлдызы жанып тұрған спорт шебері. Ешкім оның қолынан қағыш қой деп айтпас. Қандай кісі дөрекі сөз айтса да осы отырған жұрт қол шапалақтауға әзір. Мына құлакты керен ететін арзан қол музыка үнімен, осы тынымсыз дабырлаған сөзben, мына дастархан самсаған бөтелкелермен, кісінің қолқасын аты-рарлықтай әтірмен, шарап иісі мен, бәрі өзіне жат болып көрініп

жүрек түкпірінде жиреніш тудырды. Тіпті тұрып, шығып кетуғе талпынғанмен бойына біткен, ізеттіліктен аса алмады. Бұған дейін көңлін осындай кіrbің ой шалмаған болатын. Көз алдынан Ахметовтың арактан ісінген жүзін кетіре алмай қойды.

Жүрегін аянышқа, өкінішке үқсаған сезім баурап алды. Мына отырғандар оның әке-шешесіз жетім өскенін жаңағының қолында өсіп қынышылық көріп, осы жасқа келгенше жақсылық пен жамандықтық не екенін ете жаксы біліп сезетінін біле ме екен? Осы белеске шығу үшін қанша жантасқанын кейде аузында тердің қышқыл тұз қосылған ашьдәмі келетінін біле ме екен. Рестораннан шыққан соң салқын ауаны құшағына алып сергіп қоя берді.

II.

Нұрқасым Ахметовпен жерлес болатын. Ол кезде жас бала, ал Ахметовтың атағы облыстан асып республикаға жете бастаған. Табиғатынан ақ көніл, дарақылау, ешкімге зияны жок жігіт болатын. Ол кезде ұзын бойлы сом денелі, қап-қарға көзінен қайрат оты жанып тұратын. Не бәрі екі жылдай жаттыққан Ахметов облыстың бетке ұстар ауыр салмақтағы боксерін бірінші раундта ұрып жыққанда жанқүйерлер қауымы таңырқағаннан тіпті жарыс жүріп жатқан залда тымтырыс тыныштық орнатты. Әуелде ауыр салмақты боксшылар жұдырық жіберіп алса нокаутпен біtedі. Кейбіреулер мүмкін кездейсоқ шығар депті. Бірақ келесі жылы республика спорт қоғамының біріншілігінде қарсыластарын ойынната женғенін көргенде оның асқан талантын еріксіз мойыннады. Әсіреле ауыр салмақты боксершыларға зәру спорт қоғамдары шақырып есіктерін айқара ашыпты. Жұмыс па, оқу ма, не керек алдына бәрін ұсыныпты. Тіпті пәтер берілті. Ол кезде Нұрқасым не бәрі он-ак жаста еді, Ахметовтың аты дүркіреп шығып тұрған кезі болатын. Оған Ахметов жүрегі ешнәрседен шайлықпайтын болып елестейтін. Ол алғашында алған мақсатына жетпей тынышталмайтын жігітке үксады. Республика емес-ау, одакта жұлдызы енді ғана жанайын деп тұрған кезде Ахметов елге келіп кетті. Тұрған жерлері әжептәуір үлкен аудан орталығы болатын. Ауылдастары Ахметовты мақтан тұтып қарсы алды. Сол кездегі

модамен киінген еңгезердей сымбатты жігітке, қыз келіншектер қызыға көз тастайды. Ол кезде мақтан тұтқан топтың ортасында өзін ұстап үйреніп қалған. Той жасалып, қой сойылып, сол кеткенше ізгі тілектер айтылып, кетерде астына ат мінгізіп, ізгі тілекпен шығарып салды. Арада жылдар етті. Ол кезде Ахметовтың қошамет пен атақ-данқтан басы айнала бастаған.

Келе-келе ол аракқа үйір болып, шулы топтың ішінде жүргенді ұнатты. Елден ерекше зор күштің иесі болғандықтан одан көп жұрт сескенетін. Бірақ алғашқыда оның тұнгі жүрістері сырт көрініске байқалмайтын, сезілмейтін. Бірақ дарақы топтың ерік күшін баурап, жалмап алғаны сондай өзін осы топтарсыз өмір сүре алмайтындаі сезінді. Келе-келе спорт жайына қалды. Көнілі түскен кезде ғана рингке шығып жүрді.

Нұрқасым бокстың алғашқы өліппесімен таныса бастағанда Ахметов ауылға тағы келді, Тұрі үйкісyz түндермен толымсыз арақ ішкеннен қара күренденіп кеткен. Көздегі бір кездегі от жалын сөнген. Бұл өмірден мұлде қалған кісідей маңайына көмескі көз тастайды. Бірақ алып денесінде әлі де күш кайрат баршылық. Осы жолы алғашқы келген кездегідей ауылдастары оған сый-құрмет көрсеткен жоқ. Бірақ оның есесіне, аудандағы бұзықтар мен ішкіштер, оны қастерлеп қолдан-қолға көтерді. Астанада іstemеген жері қалмапты. Екі институтты оқып тастап кетіпті. Жаттықтыруыш да болып істепті. Бірақ бәрінде де үйкісyz түндер, ішу, женіл жүрісті әйелдермен байланыс, көшеде бос сандалып жүру, өзінше өмірдің түбін түсірдім деп масаттанған сезім бар. Бірақ қанша тәмен түссе де, осы алып жігіттің бойында ак көнілділік пен өзім деп көнілі түскен адамға құрмет пен ешкімнің көнілін қалдырысы келмейтін ізеттілік жататын. Кейбір сотқарлығында әлсіздерді қорғаймын деген толқыныс та бар болатын. Нұрқасымның есіне шілденің ыстық күніндегі ауыл сыртындағы өлке бойындағы той есіне түсті.

Жер бетінің көктеп құлпырған, жайнап тұрған кезі еді. Бәйге мен құрес жұрттың делбесін қыздырып жіберген. Бәйгеден келген аттардың шабысынан шаны басылмай тұрып-ак көгал үстіндегі кілемде құрес басталып та кетті. Осындаі сәтте қызған біреу кілем үстіне шығып төрешіні жағынан салып

жіберді. Осыны көрген Ахметов мастьы ұрып шықты. Болақ екен адам баласы көрмеген төбелес басталды да кетті. Делебесі қызып отырған жұрт айқасқа араласты. Елден ерекше ұзын бойлы Ахметов төбелестің ортасында жүр. Айғай шу маңайды алып кетті. Ахметов қолын онды-солды сермелеп, алдына кездескенін жайпап кетіп бара жатыр. Жұдырығы тиген адам құлайды. Басына тиген бөтелкеден бетаузы қан болды. Оған қараған Ахметов жоқ. Сонымен сол төбелестен аты шығып, бүкіл ауданға жайылды. Тойдан кейін Ахметов бірнеше жылға сотталып кетті. Бұл кезде Нұрқасым жас өспірімдер арасында облысқа атағы шыға бастаған. Ахметов түрмеден кейін, одан сайын төмен түсіп кетті. Бұрынғы ішу-ішу ме, енді аракты суша сіміретін болыпты. Мына беті тыртық ала көз жігітті бір кезде елдің мақтанышы болды деп ешкім айтпас.

Үсті-басты тозған. Аяғында қысы-жазы тастамайтын керзі етік. Жанына жақындал кеткен кісінің қолқасын атыратындей арактың иісін сезер еді. Гүрлдеген дауысында кісінің зәресін ұшыраярықтай айбар бар. Қыстай ішумен күнін өткізеді де, жазда құрылышта жұмыс істейді. Кейде Астанада уакытын өткізеді. Бокстан болған жарыстан қалмайды. Кейде төреши болады. Оған жаны ашитын ескі достары кейде көмектесетін. Нұрқасымды көрген сайын қошаметтей түседі. Дауысында өткен өміріне торығу жоқ. Сол баяғы қалпы. Аңқылдаған шын көнілімен күлімсірейді. Бұл өмірде ештеңеге назар салмай, өкінішсіз, қайғысыз қоғам алдында міндесіз өмірін өткізіп жүр. Сан қателіктер жасаса да ешқашанда өткен өміріне өкініш бойын кернемеген, қайғы қасірет бойын шалмаған. Таңертең ерте өзге жұрт жұмысқа барғанда, бұл базарға барады. Дүбірлі шу бір кезде өзін қошаметтеген топты есіне түсіреді. Қазіргі достарының оның бұрынғы өмірінен хабары жоқ. Бұларда өмірден өзі сияқты азып-тозған бишара жандар. Арак ішкеннен кейін өзі аздап ұмыта бастаған алпауыт сезім қайтып оралғандай болды. Бойын кернеген салғырттық жеңілденіп, бір кездегі күш қайраты қайта оралатындей сезінеді. Базар ішінде өзіне қошаметпен қарайтындей болады. Бұл мән мағынасы жоқ базар шуынсыз өмір сүре алмайтын қалге жеткен болатын.

Өз есеп пайдасын ойлаған алыпсатарлар оған қауіппен қарайды. Бірақ дүлей күш иесі қара жігітten алдақ құтылуды жөн көргендер, кейде сұраған тенгесін ұстата салады.

Өзі бейне жеміс бакта қызырып келе жатқандай сезінеді. Осы уақытқа шейін өз өмірінен мән-мағына іздеген емес. Күніне сан алуан бейтаныстар. Бірақ бәрі жай ғана. Осынау атақ даңққа кенелген кездегі жанында шулап жүретін достары қайда? Естерінде алар ма екен?

Түстен кейін базар бірте-бірте тарқай бастады. Таңертеңнен ішкен Ахметов маужырап үйықтайтын жер іздеді. Үлкен жәшіктің арасында капуста жапырағының үстіне жата кетті де, қорылдап үйықтап кетті.

Оянғанда маңайды жым-жырт тылсым тыныштық басқан. Бұл жарғағының арасынан ай мұная сығалайды. Басы қорғасындау ауыр. Тек біраз отырғаннан кейін маңайын бағдарлайтында қалге жетті. Базардың үлкен темір қақпасы жабық екен. Күзетші онып танып шығарып жіберді. Түнде Ахметовтың аяқ алған дыбысы талай жерге шейін естіліп тұрды. Үйі қаланың шет жағында. Бірақ соған жете алмай өзегі талып барады. Өңменінен өткен күз ызғарынан дірілдеп тонып кетті. Ақыры тұнгі шам жанган көше бітіп одан тас түнек қарандылық басқан. Дәл осы келе жатқан жерінде жата кетіп үйықтасы келді. Бірақ жердің дымқыл сыз екенін біледі. Ахметов бітпестей болған күш-қайратының шүгейлеп шегіне жеткенін біледі. Кенет көшенің ортасына тұра калып, әлдекімді сыбап ала жөнелді.

III.

Нұрқасым тұнімен үйықтай алмай шықты. Басына әр түрлі ой келді. Әсіресе Ахметовтың бейнесі көз алдынан кетпей қойды. Оның өмірінен өзіне сабак болардай тәлім-тәрбие алғандай.

Таң бозарып атып келе жатыр. Нұрқасым сергектеу орнынан тұрып терезені айқара ашты. Үстіне шық моншактар жатқан ағаш жапырактарын көрді. Бөлме ішін таза ауамен желдегті. Нұрқасым өз өміріне сын көзben қарап өзгертуге белін бекем буды.

Бакта үлбұлдың сайраған дауысы естілді.

ЖАЛҒЫЗДЫҚ (әнгіме)

Бірде жолдасым екеуіміздің көңіл күйіміз өте көтерінкі болды. Бұл күздің қоштасар кездегі жалт етіп, өтіп кететін ашық күндерінің бірі еді. Күн жаздағыдай такаппар ыстық емес, бірақ аса мейрімді жылы.

Ауада болар-болмас салқын сыз бар. Ағаш жапырактары сарғыш тартқан. Жазғы бояуы солған, қалт-құлт етіп ағаш бұтағына өзер ілініп тұр.

Біз көше қызырдық. Күздің қоштасар ақырғы күнін сезген өзге жұрт та көшеге шыққан. Кісілердің түрлі-түсті киімдері ерекше толқиды. Бейне күздің жұтандау бояуын толықтырғысы келгендей еді.

Біз жүре-жүре шаршап, ақыры бақ ішіндегі ұзын орындықтың біріне отыра кеттік. Күн қызуынан маужырап үйқын келеді, жаздағыдай күн көзінен тасаланып көлеңке іздемейсің. Бізден сәл арыракта етженді келген балалы жас әйел отырды. Одан әрі семізше келген адам бетіне маңызды кейіп бере газетке шүқшиған. Бақ ішін қак жарып өтетін ұзын жол дөңгелек гүл колумбасына келгенде екіге бөлініп кетеді.

Әрі-бері өткендердің көбі жастар, тек анда-санда зиялы жүзді қарттар көрінеді. Біз бейне дүниенің кіндігін өзіміз ұстап тұрғандай әр нәрсенің басын шалдық, барды-жоқты айтып көпіре сөйлемдік. Кенет көзіміз тәлтіректеп келе жатқан мас адамға тұсті.

Бактың осы бей-жай күйін тосынан пайда болған мас қана бұзғандай. Әсіресе елді үркіткен оны қызара бөрткен жүзі еді. Газет оқып отырған семізше адам жаратпай тыжырынып ыңырана жөтелді. Ал, балалы әйел сәл әріректе ойнап жүрген баласын шакырып алып бауырына қысты. Бірақ, бұл мастьын жүзі өзгеше. Бұлыққан бейнесінен шегі жок қайғының ізі сезіледі. Әдетте үятын ішкендер, өздерінің мас екенін елге жариялай жүреді, ал бұл мас тіпті өзге жүрттың өзіне жирене қарағанына назарда салмай өз қайғысымен әуре болған жан екенін байқадым. Мандайын жиі терең әжім сызықтары басқан. Біздің жанымызға келіп отырғанда мен оны таныдым.

Бұдан он бес жыл бұрын мен қаланы жанай орналаскан

ауылда тұрдым. Біздің үйдің жанында жас жұбайлар тұрды. Тіпті сондай жас деп айтуға болмас еді. Сол кездің өзінде отыздан асып кеткен, тек балалары жоқ болғандықтан бізге жас сияқты болып көрінетін. Аты Шакен. Шакен сергек, өз жұмысына мықты жан еді. Ол кезде ауылдың әр үйінің салақтықы анадайдан “айқалап”, шөп-шалам, қой мен сиырдың қиласы шошылып жататын. Ал Шакеннің үйінің айналасы тап-таза. Үйлері мен қора-қопсысы да шап-шашын. Сол үйде бір-бірін қадірлеп сүйетін жұбайлар тұратын. Күнде таңертең дәл қаладағыдай екеуі қолтықтасып жұмысқа кетіп бара жатады. Ал кешке таман бірге қайтатын-ды.

Шакен ол кезде қанша айтқанмен ауылдың бетке ұстар қаратаяқ кіслерінің бірі. Ешқашан галстуксіз жүрмейді. Жанына жақындасаң сараңдау себілген өтірдің иісі сезіледі. Әйелі де сұлу, дене мүшесі жас қыздардай еді. Жұрт сыртынан олардың балалары жоқтығын айттып мұсіркейді.

Маған ол кезде ауылдағылардың оларды мұсіркегені түсініксіздеу көрінетін. Екеуі де әлі біршама жас, өмірлері әлі алда, тіпті өзге жүрттардан бакытты жандар сияқты болып көрінетін.

Адамдармен қоян қолтық араласып кету жоқ болатын. Өзге жүрттың үйдегі жанжалы, төбелесі, айқай-шуы кейде көшеге шығып жатқанда, Шакеннің үйінен бөгде дыбыс сыртқа шығып көрген емес. Өз қызықтары өздерінде, өзге елдің дырду айқайына назар салмай өмір сүріп жатқан момын жандар еді. Ал, өздері туралы өзге жүрттың айтқан сөзін назар салып көңіліне алып жүрген олар жоқ. Кейде мен олардың бетіне толқын ойнамаған, қаймағы бұзылмаған көлдей самарқау тіршіліктерін көз алдыма елестетуге тырысатынын. Мүмкін жас кездеріндегі бір-біріне деген ыстық ынтық сезім басылмады ма еken. Мүмкін сол кез өздері бір шама жас болғандықтан әлі қызықтары алда, ал өмірлері шеті жоқ түгесілмestей болып көріне ме еken. Мүмкін алғашкы ыстық сезім салқындаған, сауыған соң, өткен күннің ең ыстық кездерін естеріне түсірген сайын бір-біріне деген сыйластық сезім жыл өткен сайын үлғая түсті ме еken. Арада жылдар өтті. Олардың жүздері тозбағанмен жастары қырықтың қырқасынан асты. Ойда жокта тосыннан Шакеннің әйелі қайтыс болды. Зайыбының дүние салуы Шакенді есептіреп жіберді. Мүмкін жамағайын жүртпен етене қатынасып, араласып жатқан біреу болса кезінде

жылап-сықтап алып, кейіннен біраз уақыт өткен соң ағайын-туғандары жесір әйел қарастырып төсек жаңғыртар ма еді?

Бірақ осындай қайғылы адамның жанында жұбатар ешкім болмағаны өкінішті. Жұрт оны алғашқысында есіркеп-мұсіркемегенмен де бұрыннан ешкіммен етene араспаған адамға қалай жақындастын.

Ел-жүргтан оқшау, жалғыз қалған Шакен ішкілкке салынды. Эрине, бұнысы осалдық еді. Мүмкін іштен өзін-өзі жұбатқанын іштей тілеген шығар. Мүмкін алғашқы рет, өзінің өзге жүртқа сырт бергенін басына күн түскен де сезген шығар. Бірақ Шакен сияқты адамға өмірдің салмағы ауырлап кетті.

Мұнан соң ішу. Тұңғиық ойға беріле, тіпті қаңыраган жалғыз үйде өзімен-өзі сөйлеп, ал тұнімен шытырман тұс көру басталды. Тек ішкен кезде өмір жеңілрек сияқты болып алдамшы әсер берді.

Алғашда әйелі тірі кездей киінуге тырысқан. Кейіннен онысын да қойды. Костюмі кірден жылтырап, жұмыска бет аузы ісіп баратын болды. Жұмыстағы беделі де түсті. Мен ақырғы рет Шакенді күздің бұлыңғыр күнінде күйзеліп келе жатқанын, осыдан бес жыл бұрын көрген едім.

Күздің қысқа күні бата берді. Біраздан ағаш ұштары батар күн шапағатына бөленіп тұрды. Шакен орнынан тұрып тәлтіректей жүріп жолын жалғастырды.

Жас әйел баласын ойнауға жіберді. Семізше адам газетін бүктеп қалтасына салып, маңайына көкірейе қарап отыр.

Әрі-бері өткен жастардың шаттанған құлқісі естіледі. Және де бакытты, шат-шадыман кейіппен қыдырып жүрген адамдардың мазасын кетірген адам ағаш арасына сіңіп жоқ болды. Жолдасым жаңағы Шакенді көрген соң тұған кірбін сезімді байқап мені жұбатқысы келіп:

- Жаңағы маскунемді айтамын, Апымай, адамдар осындаидай болып азғындаиды екен-ау, - деді. Мен жолдасымның ойланбай үстірт сөйлегеніне ренжідім. Бақ іші қою караңғылана түсті. Кісілер тарай бастады. Соккан желден енді қыскы ызырық сезіледі.



СЫРҒА (әңгіме)

Аурұхана кішкене қаланың шетінде еді, маңайына көк шықпайтын тастақ жерде салынған. Көнілді құрауытамын-ақ көрініс.

Сәбира терезеге көз салғанда кенет жапырақ жайған жас талды көріп талай жыл көрмеген ескі танысымен кездес-кендей жүзі жылып сала беретін. Мына басталған жаздың аптаған ыстық күнінен солып қала ма деген қауіппен медбикені шақырып алыш:

- Нагима ағашты суардың ба?
- Суарғам. Сіз айтқаннан бері, - деді толық жүзді сары әйел өзіне құлімсірей қарап.
- Ұмытып кетпеніз.
- Оныңыз не Сабира Сапаровна? Қам жеменіз.

Медбике тағы не айтады дегендей біраз үн-түнсіз тұрып қалды, бас дәрігер үнделмелеген соң жай басып шығып кетті.

Сабира енді көңілсіз, кейіннен жапырақ жайған талға ойланған қарап отырды да қайтадан өз жұмысымен айналып кетті.

Столдан басын көтергенде талмаурай батып бара жаткан күнді көрді. Соңғы кезде көңілі жабырқап шаршап жүр. Элде тым жұмыс басты болып кеткендіктен бе?

Енді үйге қайтуға жинала бастағанда тағы Нагима кірді. Осы тоқ келіншектің жүзінен өмірге дән ризалығы сезіліп тұратын. Сабира, Нагиманың пысықтығын, адам танығыштығын, өз ісін жаксы білетіндігін ұнататын, бірақ сырласып араласуға келгенде неге екенін өзі де білмейді, тартын-шактай беретін.

Әдетте жұмыс аяғында келіп осы шағын қаланың айналасындағы өсек аянды тере айтып отыратын.

- Сабира Сапаровна, таңертең поликлиникаға барғанда бас терапевт Құләш Игиликовнаның жаңадан алған сырғасын көрдім. Өзіңіз бір көріңізші. Әсіресе асыл тасы ғажап.

Мұндайда Сабира осы әйелдің тоқ жүзіне таңырқай қарайтын. Небір даналардан мұра болып қалған керемет нақыл сөздері осы әйелдің рухани дүниесімен акыл-ойына өсер етпеген сияқты.

- Міндегі түрде көремін, - деді еріксіз құлімсіреп.

Сыртқа шыққанда қала шетінен басталатын кең дала мен көкшіл төбелерден көктемгі еріген қардың мал сүйнан су-сындаған, көзі мен көк иісі сезілді.

Көңілі жайланып сала берді. Жан-жағына құлімсірей қара-ды. Уақыт ағынының көз ілеспей зулап өтіп бара жатқанын ойлады. Дәл өз өмірінде өзгеріс болатында, өзі де айтып түсіндіре алмас аумалы-тәкпелі көңілдің толқынына сұңғігендей болды. Өзі соңғы кездे адамдардың арасында жүргеннен гөрі оңаша өзімен-өзі болғанды ұнататын.

Мұндай кезде бейқам баяу өтіп жатқан кішкене қаланың тіршілігіне көз салып қарағанды жақсы көретін.

Тепловоздың даусы естілді.

Кенет Сабираға осы тіршілік сондай ыстық болып көрінеді. Ертеңіне таңертең поликлиникаға барғанда Күләш Игиликовнаның сырғасын көрді. Шынында сырғаның үшындағы асыл тасы ғажап екен.

Сағыныштан ба әйтеуір қанша өзін-өзі ұстаймын десе де іркіліп қалған жастай, әрбір қымылмен дір-дір етіп жерге тамып кететіндей болып көрінеді. Бірде жаздың жайма шу-акты күнінде себелеген жауынның тамшысындаи болып көрінсе, бірде күн сөүлесін бойына сіңіріп қайта шағылыстырган жұлдыздың үшқыны сияқты болып көрінеді.

II.

Күзге таман Сабираның көңілі одан сайын аумалы-тәкпелі, тіпті ашуланшақ болып кетті. Маңайындағы кейбір адамдардың өзінің жұмысына селқос, қарайтындықтан ба, әлде қызметінде кездесетін көлеңкелі сәттерден бе, әйтеуір жоқтан өзгеге таусыла қалатын болды.

Күз күні. Азынай қарсы сокқан жел әзер жүргізеді. Аспанды бұлт шырман алған. Қайда қарасаңда көңіл көтеретін сурет жок. Жазғы ағаш қурап қалған. Қазір ызындаи сокқан сұық жел екпінінен дір-дір етеді. Құндер баяу жылжып жүре берді.

Бәрінен де осы жерде жиі сырласып сөйлесетіндей ешкімнің болмауы қыынға соқты. Тек жұмыс аяғында Наги-ма келіп осы қаланың барлық өсек аяңын теріп айтып кетеді.



Оның өзі қайда кімнің бастық болатынымен қалалық сауда базасына қандай нәрсенің түскені. Алғашқы кездерде осы әңгімеге құлықсыз болғанмен кейіннен бар ынтасымен үйіп тыңдайтын болды. Неге екенін білмейді күндер өткен сайын өзі де өзгеріп бара жатқандай. Өзі де елдей болғысы келеді. Дәл Нагима сияқты аяғына шетелдің қыскы етігін алып елдің бәріне көрсетіп мактанғысы келді.

Нагима бір жерге қонаққа барғандардың не киіп келгенін, дастарқанда қандай тағамдар қойылғанын да айтады. Сабира өмірден өз үлестерін алатын осындай бақытты жандарға қызыға қарайды.

Өзі де бірте-бірте Нагиманың әңгімесін құлак түре тыңдайтын болды. Енді бұрынғыдай өзге жұрттан бөлінбеуге тырысты. Көктемге таман тұрмысқа шықты. Күйеуі қыз сияқты сіз біз деп сыйылып тұрған жан.

Алғашында Сабира күйеуімен оңаша қалған кезде бойын көңілсіздік басатын. Кейін бойы үйреніп, күнделікті тұрмыс жағдайы жайында кенесіп шүйіркелесіп, сөйлейтін болды.

Кейіннен тіпті өзінше жақсы көре бастады.

Уақыт өте Сабира Нагиманың әңгімесін үйіп тыңдайтын халге жетті. Өзі де Күләш Игиликованің сырға сатып алған.

Асыл тасын енді тамғалы тұрған жасқа, шөп үстіндегі шыққа, не жұлдыздың шашырандысына үқсатпайды.

Аурухана жанында тасқа отырғызылған тал қурап қалған. Соңғы кезде Нагимаға су құй деп айтуды ұмытып кеткен болатын.

ҚЫЗМЕТТЕСТЕР

Бұл жігіт Молдажанға өзінің жас кезін есіне түсіретін. Бойындағы жастық жалынымен, қайратымен өзі сияқты бір орнында қағаз көшіріп отырып қалғандарды сескендіретін.

Күнде екеуі бірге жұмыстан қайтып келе жатады. Көктем басы. Қар ери бастаған. Мұндай күн шуакта маужырап

отыра бергің келеді. Бірақ күндізгі арқа қыздыруға жеткес күннің қызыы енді шым-шым аязға ауысып, судың бетін қатыра бастаған. Күндіз еріген қысат қарлар енді қатайып, аяқ астында күрт-күрт сынады. Қыстайғы қасат қарды сұңғолеп акқан жас бұлақ енді кешкі көрі аяздың деміне бой беріп бетін шынылтыр мұз басыпты. Молдажан, Санаттың сөзінен еріксіз өткен өміріне саяхат жасағандай болады. Тым бүйірі үркінде қалыпты дағдылы өмір соқпағынан бір сәт ауытқығандай. Мұндай кезде өткен өмірінде болар-болмас өкініш сезімін айтқандай болады. Олар тротуармен жүріп келеді. Маңайға кеп қарандырылығы үйріле бастапты.

- Ал жарайды Мәке, сау болыңыз.
- Сау бол Санат.

Біраз ұзаған соң ғана Молдажан көңіл-күйі өзіне үйреншікті салғырт күйге ауысты.

Күнде кеңседен бастап осы көшениң бұрылысына шейін екеуде жаяу келеді. Молдажан мұндай кездесуден кейін кеш бойы алабұртып, әлде неге елегізгендей жан дүниесі мазасыз күй кешеді. Бірақ үйіне келген соң, тоя тамак ішіп жайланип креслоға отырып, телевизор көргеннен соң-ақ, көңілі жайланип сала беретін. Ертеңінде көктемнің нағыз жылды шуақты күні күтіп тұрды. Тұске таман-ақ жер көл-көсір болып еріп кетті. Күннің қызыынан дымқыл ауадан, енді жердің иісі анық сезілді. Молдажан жұмыска көңілді келді. Осындай кезде жұмыска емес, басқа келген әлде қандай тәтті ойдың соңынан түсіп қыдырғанды жақсы көретін. Осындай көңіл-күймен кеңсеге кірді. Даладан кейін кеңсе іші өзіне тым қара қоленкелеу болып көрінді. Кабинетінде жаңа келген қағаздарды оқып шығып, енді бастыққа кіруге жинала бергенде Санат кіріп келді.

- Қайырлы таң Мәке, - деді Санат көңілді дауыспен. Бұл күндегі әдеті. Қимылында суалмайтын қайратпен елгезектік сезіледі. Жұмысына мықты тиянакты.

- Мәке осы біз осында мәлімет жинау үшін отырған жок-пыз ба?

- Әрине.
- Онда неге кейде бізге тұскен мәліметтердің дұрыстығын тексермейміз. Сапасына көңіл аудармаймыз.

- Өзімізге байланысты ғой.

- Жұмыс жөнінде өзімнің кейбір ойларымды бастыққа айтпақпыш.

Молдажан бас изеп қаша жаздал, өзін-өзі үстап қалды. Тіпті бұл сөзді ешкім естіді ме дегендегі жан-жағына қаралды. Кара телефоннан басқа сезіктене қоятындағы ештеңе көзіне түспеді.

- Тек оныңды қолдай қойса...

Санат столының тарпасынан асығыс қағаз алып шығып кетті.

Молдажанның жаңағы сәттегі ашық-жайсаң көңілін кірбің шалғандай болды. Тұскі демалысқа шейін тапжылмай отырып, жұмыс істеді. Тұсте даға шыққанда, күннің жылудын анық сезді.

Жол шетіндегі арықтарда су көпіріп ағып жатты. Көкшіл аспан кіршіксіз таза. Қала сыртындағы төбе жота беттері қардан тазара бастапты. Мана жайма шуакты көктем күн еріксіз кісі көңілін елжіретіп, дәл мына ағынды су бетіне күн сәулесінің ойнақ салғаны, сонау жас кезінде бойында пайда болған ұлағатты ойды жалт еткізгендей болды. Бәрінен мұндай кезде Санаттың ашық дауысын есту бір ғанибет. Соңғы кезде тым бұйығы, сезімін ой тұншықтырып ішке бүккен сұрғылт адамдардың арасынан ішқұса болып жалыға бастаған болатын. Мұндай кезде акқоніл жанның жанында жүруі өзінің көңіліне қуаныш өкелмей ме? Бірақ Санаттың қуанышына ортақ бола алмайды. Оған өзіне-өзі сенімсіздігі бөгет жасайтындағы. Олар тұскі тамақты үйлері алыс болғандықтан, асханадан ішетін. Әсіресе көктем кезінде түстен кейін кеңсе іші босай бастайды. Кейбіреулері командировкаға кететін. Молдажан Санатпен командировкаға шыққанды жақсы көретін.

Баратын жерлері алыс болғандықтан ба “Уазик” ішіндегі жолаушылар үн-тұнсіз отыр. Машина құба жонды ашып түсіп, көгілдір тауға шейін созылған жазықпен ағызып келеді. Қар еріп жер беті қарай бастаған.

Көктемнің мұндай мерекелі күні көңілі елігіп, алысқа көк жиегіне қарайды. Көңіл түкпіріндегі қасаттанып бастаған сезім ойды оятқандай болады. Тіпті анау көк жиектен асқан соң алдарынан бір ғажайып, ешкім көрмеген тамаша көрініс шыға келетіндей. Ақырында ағараңдап совхоз орталығының үйлері көрінді. Жұмыс уақыты болсада, кеңсе

ішінде сапырылышқан жұрт. Молдажан танысының үйіне шай ішуге кетті де, Санат бірден жұмысқа кірісті. Молдажан түстен кейін кеңсеге келгенде Санат көнілсіз отыр.

- Тұқымдық астықтың сапасы тым төмен, акты жасаймын.

Молдажан дағдарып қалды. Бұл совхоздың бас агрономы өзімен жасы шамалас араласып жүрген жақын жолдасы болатын.

- Мүмкін тұра тұралық. Басқа шаруашылықта да онып жатқаны шамалы емес пе?

- Жоқ Мәке, мұндай тұқымдық астықты себу масқара.

Акт жасалды. Сол күннен бастап Молдажан командировкаға Санатпен бірге шықпауға тырысты. Көктемгі қарбалас егіс жұмыстары басталды. Қытай қар астында жатқан дала енді құлпырып сала берді. Олар күнде кешке жұмыстан бірге қайтып жүрді. Әдеттегідей көше бұрылышында екеуі екі жаққа кетеді. Таңертең қанша ерте келдім десе де Санат жұмыс орнында отырады. Мұндайда Молдажанның көнілінде еріксіз мұн ұялайды. Міне жасы қырықтан асты. Жастық жалыны нeden сөнгенін өзі де білмейді. Қанша алдыға үмттылам деп талпынғанмен одан нәтиже шығар емес. Жаздың жайма шуақ кеші болатын. Аспан бетін бұлттар бүркемелеген. Тәрізі нөсер жауын болатын түрі бар.

Санат командировкада болғанда сөйлесетін ешкім болмай жалғызысырайтын. Ондай кезде үйіне ертерек қайтып кетуге тырысатын. Мұндай кезде өз жан дүниесіне үңілетін. Өмірдің байқалмай ұсак күйбенмен өтіп жатқанына өкінеді. Рас, мұнан гөрі жастау кезінде Молдажанның жұмысты жанын салып істеген кездері болған. Тым көп уақыт өтіп кеткендіктен өмірінің сәулелі шағынданай есіне өзер түсіреді. Санат үшін алдындағы ақлар жай жалаң цифр емес. Көз алдына шегіне көз жетпейтін егіс даласы мен күздегі орылған егінді еске түсеретіндей. Ертеңгі күннің жылдынуна мензейтіндей. Санат өз ойын жинақтай жүретін.

- Немене диссертация жазғалы жүрсін бе? - дейтін кейбір жігіттер қалжындалап.

- Жоқ жергілікті жағдайға байланысты өз ойымды тұжырымдап жүрмін дейтін. Жаз күннің алғашқы нөсер жауыны

жауып өткен. Бағанағы қара кошқыл бұлт бозамықтанып аспан биігіне еркін көтеріліп бара жатты. Осындай күні еріксіз жаздың тамылжыған күніне лайықты көңіл күйде болғын келеді. Бірақ мұндағы жаздың алғашқы жайсан кездері адамды мұнды терең ойға тартпайды, қайта бір күндік кызықты тартқандай. Бойды кернеген жастық шақтың ой жалыны бойды кернегендеге неге қуанып жатпасқа. Өзі де осы айналасында болып жатқан өмір құбылысына, мынау мерейін төгіп тұрған күнге шөппен ғұлдің иісімен сан алуан бояуларға, аса сезімталдықлен қарағысы келеді. Бірақ әдеттегідей көше бұрылысында екеуі екі жаққа бұрылып кетті. Олар жаз бойы бүкіл ауданды аралап шықты. Кей жерде тұнған бітімі мол көз қуантатын егістік жер ертеңгі мол астықтық хабаршысында жел тербеліп толқып жатса, кей сүйіқтау шыққан егістік көзге түрлідей көрініп кісіні көңілсіз ойға тартады. Әсіресе желді күні егіс даласы тулап жатқан көл жағасының жанында тұрғандай әсер береді. Бейне біреу жер бетіне көкшіл жібек орамалды желпіп тұрғандай көрінеді. Жазда өзге жүрттан көп командаировкада болатын Санат. Бірбеткей шындықты бетіне айтатындығынан көп жүрт Санатты ұнатпайтын.

III.

Құздегі егіс науқаны Молдажан үшін қарбалас науқан уақыты ғана емес, өз шаруасын да тындыра жүретін мүмкіндік. Осы мекемеде істеген он шақты жыл ішінде базардан ақшасын шығарып, жеміс-көкөніс сатып алған емес. Осы мекемеде алғашқы істеген жылдары біртүрлі жасқан-шақтанғанмен ол кейін ол әдеттін қойды, қайта керек жерінде бастырмалатып жіберетін. Бір шаруашылықтан картоп алса, енді біреуінен қияр мен сәбіз дегендей.

- Санат сен мені Мәкен ұсакталып кетеді деп ойлайтын шығарсың. Ертең өзінде әйел аларсың, бала-шаға қамын ойлаған кезде түсінесің.

Олар осы ауданның ең алыс шаруашылығында командаировкада болған. Күн талмаурай батып бара жатқан. Күндізгі аяға көтерілген шаң, батар күн сөүлесіне бөленіп тұман-

дай қалықтайды. Алыста өркеш таулардың үстінде бұлттар аспан төріне көтеріліп бара жатты. Жол ұзақ болатын. Сөздер самарқау ғана шығады. Олар түн ортасында ғана үйлеріне жетті. Ертеңінде таңертең сыртқы шыққанда, нағыз күздін сүйк күндері аяқталып аспан бетіне бұлт жапты. Жер бояуы кеткен. Жұмыс та бастан асып жатқан. Күзгі науқан кезінде түскен мәліметтерді ретке келтіру тағы басқа жұмыстар жетерлік болатын. Олар кешке жұмыстан қайтып келе жатқанда сүйк жел біраз саябырлағанмен кеш салқын болды. Енді бұрынғыдай жайбаракат сөйлесіп жүре алмайды. Олар ширак тезірек жүрген. Санаттың жүзі бұрынғыдай емес қаттыл тартқан. Ойлы кейіпте. Бірақ өзіне ештеңе айтқан жок. Қандай ой жинап жүргенін кім білсін. Таңертесінде бастықтың кабинетіндегі мәжілісте істің түйіні шешілді. Сөзді Санат алып сөйлей бастады. Бастық бірден жаратпайыңыранып жөтеліп қойды, бірақ елеген Санат болған жок. Аяғы даumen бітті. Жалпы мекеме бастығы жаман адам емес болатын, осы жасқа келгенше жоғары жақтан жұмысын сынаса сынаған шығар, бірақ қол астындағы адамның өзіне қарсы сөз айттып көргені сирек. Тіпті өзінен әлі ешкім аспаған ақылды санайтын.

- Жә болды. Отыра бер, мен сенің не айткалы отырғанынды білемін. Бұл мәселе жөнінде райкомда сөз болған.

- Сіз кешірініз, бірақ мен сөзімді аяқтамай отырмаймын. Бастық ашудан қызыарып кетті. Бағанадан бері жиналыста қалғып-шүлғып отырғандар енді құлактарын түре қалыпты.

Санат сөзін аяқтаған соң ғана орына отырды. Олар жұмыстан қайтып келе жатқанда күндіз құтырына сокқан жел толастап алдамшы тыныштық орнады.

- Бізде сөз жок. Қайдан жұмыс болсын. Таңертең отырып алып, телефонмен сөйлесіп мәлімет жинаймыз, бірақ соны неменеге жинайтынымызды ешкім білмейді. Жалпы жұмысымызда мағынасыздық жетерлік, - деді Санат қызбаланып сөйлеп. Молдажан қолдан басын изеді. Өзінде де бір кезде сынап, өз ойын, ісін дәлелдеуге талпыныс болған, біраз ары қарай жалғастыруға міnez жағы жетіспеді. Қазір осы шындықты айтпак түгіл, ойлаудың өзіне қорқады. Санатқа жаны



аши қарады. Әрине мұндай жігіттерге жаулар да көп болады. Дәл Санатқа өзі ақыл айтатын адам екенін біледі. Арада үш айдай уакыт өтті. Жұмыс істейтін іскер жігітке қандай кінә тақсын, бірақ Санатқа сұық қабақ танытқанын жасырмады. Жаңа жауған аппақ қою күн сөүлесімен шағылысып жалт-жұлт етеді. Олар жұмыстан күн сенбі болғандықтан ерте қайтып келе жатты. Санат күлімсіреп сөйлемеледі. Осы жігітпен істес болғаны өзі де өзгере бастағандай. Азда болса өзінің бұйыры самарқау қалпынан оралғандай. Бойына қайтадан жастық қайраты қайтып оралғандай.

Ойда жоқ жерде Санат жоғарлап кетті. Ол басқа аудандағы осындай мекеменің бастығы болды. Үлғи қалт-құлт етіп қаусаған шалдарына үйрентендер таңырқап бастарын шайқады.

- Көрдің бе, бок мұрынды жас бала еді. Ал енді сөйлес, - деді қағаз көшіріп отырғандардың біреуі.

- Мен айттым ғой сол жігіттің жоғары жақта қолы бар, - деді Қожахмет деген.

Бұл іскерлігі шамалы қызметкер болатын. Рас бір кезде тіпті совхоз директоры болған. Нақтылы істен көрі жалан сөзге құмар. Өзінен асып кеткен жасты көрсе қызығанып жыланша жиырылады. Молдажан үндемеді. Іштей Санат үшін қуанышты еді.

Тұған інісіндей болып кеткен жігітпен қимай қоشتасы. Санаттың орнына жас жігіт келді. Ұзын бойлы сымбатты сұлу жігіт. Коридордан өткенде айнадан өз бейнесіне караудан жалықпайды. Бір қарағанда-ақ жан дүниесін тепе-тендікте ұстаған жігіт екенін көруге болады. Стол үстінде бөлек жатқан қағаз жоқ, жып-жинақы. Жігіттің бір көшеде тұратынын біліп қуанып қалды. Көктем күні болатын. Олар ұзын көшені бойлай жүріп келеді. Күндіз жіпсіп еріген қарлар, енді қатая бастаған. Жас жігіт өзінің былтыр жазда жақсы дем алғанын айтумен болды. Бұл Санаттың мағыналы әңгімесімен салыстырғанда түкке татымайтын. Санат кеткелі көңілсіздік бойын жайлап алған. Оның орнына келген жас жігітten бір кездегі өзін көргендей. Әлдекімге ұқсағысы келгендей өзі кеуделі пан, керден, бірақ бастықпен ұрыскан күні жүнжіп кетеді. Сөзінде ішіп алар ештеңесі жоқ. Көктем күнде өзінің қелуін кешеуілдетті. Өзі сияқты мінезсіз адамның, жанында Санат сияқты жанның жүргені қандай жақсы.

КӨЛЕНҚЕДЕ

Толымбек қайтадан өзіне таныс көшемен жүріп, таныстарымен жүздесіп талай жылғы сағыныш мауқын басты. Жұмысқа шыққанда ағаш жапырақтары сарғыш тартып, таңертең солғынды шөп беттеріне шық түсіп нағыз күз күні түскен болатын. Қала шетіндегі алыс қырқа бозғылттанып, тек сай етегіндегі бұлак маңында көкшіл сыйық, солғындал сөнген жаз бояуын әлі сақтайтын. Су-құрылым мекемесінің кеңесі қала шетінде болатын. Жан-жағы биік бетон дуалмен қоршалған. Ішке кірісімен бірден көзіне қалай болса шашылып жатқан кірпіш пен бетон науалары көзге шалынады. Мекеме бастығы өзін жақсы қарсы алды.

- Жұмыс жағдайын байқаған боларсың. Техника әбден қолдан қолға өтіп, тозығы жеткен. Шамам келгенше көмектесем.

Толымбек іске қызу кірісіп кетті.

Күздің мынандай жайма шуақ күнін пайдаланып қоршау ішін ретке келтірді. Тіпті гаражben кішігірім шеберхана салдырса өзгені көре жатады.

- Гаражды қалай саласың?

- Бәке сол сөз болып па? Біздің қолда бар дүние, өзге мекемемен сөйлесіп жөнін келтіреміз. Ал жұмысшы күшіне келетін болсақ, екі-үш сенбілік үйымдастырып жібермейміз бе? Техника жөнді істейтін болса жұмыс жүреді. Айтқандай келесі жылы гараж салынды. Өзінің іскерлігін жер көкке сиғызбай бастығы көзінше мактай түседі. Толымбектің көңілі көтеріле түсті. Басынада бір-бірінен аскан жоспарлар пайда болды. Бәрінен бұрын өзінің бастығының кейде өзінің ақыл сұрап қоятыны үнайды. Толымбектің көңілі өсе түсті. Бойында осы кезге шейін өзі байқамаған күш-қайрат пайда болғандай. Не істесе күндіз-түні демейді, жаңын салып істейді.

Мекеменің жұмысы алдыға басқан сайын абыройы өсе бастады. Арада бірер жылда ақ аула іші адам танымастай болып өзгеріп кетті. Гараж бен шеберхана, тіпті жұмысшылар жуыннатын жер мен бос уақыттында ойнайтын волейбол аланы салынды.

Уақыт көктемнің басы болатын. Күнді жер беті көл-көсір болып еріп кешкі сұықтан қайта қатайған болатын. Толым-

бек кеңсеге кіргенде телефонмен сөйлесіп жатқан бастығының дауысын естіді.

- Иә ол жігіт істейді. Қандай мінездеме берсем екен. Жас маман. Тек жетексіз жүрмейді. Жалпы жұмыска от-жалыны жок... Ол не дегеніңіз. Ондай жұмысты алғып жүре алмайды. Онанда өзімнің қол астында жүріп пысып қатсын. Иә, дұрыс айтасыз, уакыт көрсетеді.

Толымбек ішке кірген жок. Сөздің кім туралы екенін сезіп түр. Есік алдына шыққанда күннің қызығылт арайы сөнген. Онымен бірге қыстайғы қасаттанып қарды еріткен күннің қызуы да тез басыла беріпті.

Аяз қайтадан көріне мініп, күндізгі жылымықтанған суды құрыстырып қатырған. Енді ертеңге шейін күн биік көтерілмей қардың ерімейтіні белгілі.

ҚЫСТАУДА

Қараша айының кісінің өнменіне өтетін сұық екпінді желінің соққанына бірнеше күн болды. Ала шубар бұлт торлаған аспаннан жерге анда-санда сұық жауын тамшысы себелеп өтеді. Тұнде тоған бетіне шыңылтыр мұз қатып шопан қауымы тақап қалған қыстың күндерінің алғашкы ызғарын енді сезгендей болды. Тау бөктеріндегі қыстаудың жаздай жөнделмегені енді сезіле бастады. Ең бірінші төбедегі опырайып сынған үйдің шатырлары үнірейіп көрінеді. Одан соң қабырғадан акқан жауын сұынан сарғыш дақ пен жақында ғана салынған үйдің әйнегін байқай салуға болар еді. Кой қораның да жетісіп түрғаны шамалы еді. Қабырғасы құлап қалмасын деп әр жерге тіреу коя берген. Мұндай уақытта тосыннан келген жолаушыны аңқылдаған көрі төбет қарсы алады. Түрі қорқынышты-ак, бірақ жуастығына кісі таң қаларлықтай.

Таң сәріден қой сонына кеткен тұс ауа бастағанда үйіне асығыс келді. Есіктен кіре бере қарлығып жылаған баланың дауысын естіді.

- Әлі ешкім келген жок па? - деді әйеліне.
- Жок.

- Өзім де солай ойлап едім. Мүмкін бас зоотехник келер. Көршілес қыстауға кетті деп естідім. Эйелі үндеген же Шопан жасы елуден асқан, егде тартқан адам. Ауыз үйде таңертең өзі жұмысқа кеткен кезден жиналмаған дастар ханды көрді. Пешке отын салып, шынаяққа қайнаған шайды құйып енді отыра бергенде сырттан үйдің жанына келі тоқтаған машинаның дауысы естілді.

- Келді - деді шопан қуанышты дауыспен. Есік ашыль еңгезердей кісі кіріп келді. Эр адымын санап басқан түрінен менмендігін айтпай-ақ білуге болар еді.

- Кіріңіз, жоғары шығыңыз, - деді шопан.

- Жағдайың қалай болып жатыр? - деді келген кісі.

- Балам ауырып қалды. Тізе бүгіп шай ішіңіз - деді шопан.

- Көп отыратын уақыт емес қой, тезірек, - деді зоотехник әмірлі дауыспен. Шопан төргі үйден бір жартылық ара алып келгенде, есік ашылып шофер жігіт кірді. Жаурап тонғаны білініп тұр. Тұрі боп-боз.

- Отыр, - деді, шопан қырлы стаканға шөлпілдете толтырып арақ құйып.

- Шофер ішпейді, - деді зоотехник. Өзі екі жұз грамды стаканды аузына төңкере салды да, үлкен кесек ет алып карбыта асап жіберді.

- Эйелім мен баламды аудан орталығына шейін апары тастамаймысыз?

- Жарайды дайындала берсін.

Үй ішіне сырттағы құтырта соққан желдің ызыны сезілді. Бірақ терезеден мол төгілген күн сәулесінен сыртта күн жыль сияқты алдамшы әсер береді. Бейне біреу үйдің ішіне кірут үмтүлғандай тырсылдаған дыбыс естіледі.

- Кешке шейін отыруға уақыт жок. Тезірек дайындалсын.

- Қазір, қазір, - деді шопан қалбалактап. Олар үйде шыққанда күн талмаурап батуға бет алған. Суық жел екпің кісінің бетін қаратпайтындағы өтімді, ызғарлы.

- Эйелің мен балаңды қымтау үшін көрпе алып кел, - деді зоотехник.

- Сіз бала мен әйелді сыртқа отырғызбақсыз ба? - деді шофер жігіт.

- Енді қайда? Кабинаға үш адам отыруға болмайтының өзің білесің ғой.

Шофер жігіт зоотехникке жаратпай қарады да:

- Сыртқа өзің отыр, ал бала мен әйел кабинаға отырады, - деді нық сөйлем.

- Сен не оттап тұрсың? Мен өмірі машинаның қорабына отырып көргенім жок.

- Отырмасаң енді отырасың. Өйткені ауру балаға сұық тиіп қалады.

- Егер көрпемен жақсылап ораса ештеңе етпейді - деді зоотехник.

- Карактарым, неменеге дауласып тұрсындар қайда отырса, онда отырсын. Апарсандар болды ғой.

Шопан басу айтқанмен, шофер жігіт болмады.

- Жоқ отағасы, әйел мен бала кабинаға отырады.

Шопан шофер жігітке таңырқай қарады кіп-кішкентай болып айтқанынан қайтпайтын, қайсар екен. Зоотехник ашудан қызыарып кетті.

- Әй иттің күшігі ертең-ақ машинанды алыш қоямын.

- Байқап сөйленіз.

Зоотехниктің сермеген жұдырығын шофер жігіт бойына дарытпай секіріп кетті.

- Ақырын отағасы, бұл не басынғаныңыз?

- Көрсетемін мен саған. Осы уақытқа шейін жүк машинасының қорабына отырып көргенім жок. Отырмаймын да.

- Отырмасаң отырасың!

Зоотехник алдыға үмтүлсыңқырап қалып жұдырығын сермегенде шофер жігіттің кеудесіне тиді, бірақ іле шала шофер жігіт оны ішінен түйіп қалды.

- Карактарым не істеп жатырсындар, бұларың үят емес не? - деді шопан шырылдал.

- Көрдің бе? - деді зоотехник.

- Иә, көрдім.

Шопан шошып кетті. Әсіресе шофер жігіттің қол жұмсағанын көргенде сасып қалды. Ол зоотехниктің кекшіл мінезін билетін. Тіпті сұықтан жаурап күтіп тұрған ауыру баласы мен әйелін де ұмытып кетіпті.

- Карактарым-ау не бұларың? Ештеңе етпейді. Әйел мен бала сыртқа отырады.

- Жоқ сен мына иттің күшігінің маған қол жұмсағанын көрдің бе?

- Өзің бірінші бастадың - деді шофер жігіт.

- Мен саған әлі көкесінді көрсетемін, - деді зоотехник ашудан тұтігіп. Мына шопанның алдында беделінің түскені анық. Қайдан келіп еді бұл жерге, ішкен арағын желкесінен шығарды. Бірақ шофердің дұрыс екенін іші сезді мойындағысы келмейді. Жел одан сайын құтырынып соқты. Көк жиектен ала шұбар бұлт жүзіп шығып анда-санда жерге сұық жанбыр тамшылап себелеп өтті. Көрі төбеттің ұлыған дауысын естіп шопан шошып кетті.

- Сіз кабинаға отырыңыз, - деді зоотехнике жағымсып.

- Жоқ әйелің мен балаң отырсын.

Баласын көтерген әйел орнына қозғалған жоқ. Зоотехник отыра бермек болып машинаның дөңгелегіне аяқ салғанда жанына шопан жүгіріп барып етегінен үстай алды.

- Босат, - деді зоотехник, бірақ шопан етегінен төмен тартып жібермеді. Жоқ, жоқ бұлай жіберсе ашулы зоотехниктің әйелі мен баласына не істерін бір құдай біледі. Ақыры болмаған соң зоотехник машинаның дөңгелегінен аяғын алды.

- Үйге жүріңіз ашуыңызды басыңыз - деді шопан.

- Кірсем кірейін бала мен әйелің тоңып қалды.

- Иә сөйтіңіз. Мен қуырдақ қуырып жіберейін.

Олар үйге кіргенде шофер жігіт сыртта қалып қойды. - Оны ешкім үйге шақырған жоқ.

- Эй жастар, жастар-ай, өлетін жерлерін білмейді ғой - деді шопан үйге кіргеннен соң күйбендеп төсек астынан тағы бір жартылышқа арақ шығарып алды.

- Мен ол күшікке әлі көрсетемін, - деді зоотехник.

- Сөйтіңіз, жазсаңыз қол қоямыз.

Леп лезде ыстық қуырдақ пен бір жартылышқа арақ алдына қойылған соң зоотехниктің ашуы қайтайын деді.

- Уақыт енді кештеу. Әйел мен баламды ауруханаға ертен апарамын.

- Немене өкпелеп қалдың ба? - деді зоотехник.

- Жоқ оныңыз не? Кімге?

- Байқа кейін сөз шығып жүрмесін.

Олар қайтадан сыртқа шыққанда машинаның жанында

тоңып жаурап тұрған шофер жігітті көрді. Бірақ оған ешкім ештеңе демеді.

- Эй кеттік - деді зоотехник өктем дауыспен.

Шофер жігіт жерге түкірді де кабинаға отырды.

Машина орнына жылжып жүріп кеткеннен кейін шопан еркін дем алды.

Батар күн сөулесі аспанда сендей сапырылысып жүзіп журген бұлттар да торғын қызыл түске боянды.

Алыс тау қыраттары мен үйдің қабырғасындағы жауынның акқан сарғылт дәктарын анық көрсетті де күн көк жиегіне қарай талмаурай шөге берді.

Маңайды тұн қараңғылығы бүркемеледі. Жел бұрынғыдан да құтырына долдана сокты.

КӨРГЕН ЖОҚ,

Айлар бойы иен дала мен бір келкі құм шағылдарынан тосырқаған Ондасынға өз қаласы жер жанатындей болып көрінді. Бәрінен де ұлымен әйелін сағынды. Күн үясына батуға таяу. Бірден талай жылдар тұрып көнігі болып кеткен қала тіршілігі, тынысы сезіледі. Қазір үйіне барады, баласының бетінен сүйеді, әйелінің дайындаған тамағын ішіп ваннаға түсіп алып телевизор көреді.

Ондастың өмірінде алдына мұндай биік арман қойып көрген жоқ. Мүмкін сондықтан өз өміріне өзі дән риза. Үйі-күйі бар өзін бақытты жан санайды. Бүгінгі шайдай ашық аспаның шетінде күлтеленіп шығып келе жатқан бұлттың шетін көрmedі.

Әйелі өзін көргенде аңтарылып таңырқай қалды.

- Ерте келдім, - деді дәл өзінің тым ерте келгеніне актала сөйлеп.

Неге екенін білмейді әйелі өзін сұықтау қарсы алғандай. Ұлының бетінен сүйіп сағыныш мауқын басты. Тамақ ішіп ваннаға түсіп алған соң көнілі жайланағып сала берді. Тіпті телевизор көріп отырып шырылдаған есіктің қоңырауында шыққады. Эйелі абдырап орнынан көтерілді. Ондастың ерек жағдайда даусын естіп, сенекке шыққанда бір

жігіттің өйелін құшақтап сүйіп тұрғанын көрді. Әйелі әлсіз қарсыласады.

- Жібер үйімде күйеуім бар, - деді.
- Жіберсең қайтеді, - деді Ондасын.

Жігіт саскалақтап қалды. Ондасын көп жыл өтіп кетсе де бір кезде өзі жете менгерген бокстің әдісімен жігіттің иегінің астынан соқты. Әйелінің жағынан шапалақпен бір тартты. Бейне үйі өртенген кісідей далаға атып шықты. Бағанағы ашық аспанды бұлт перделеп алған. Ондасын мас кісідей тәлтіректеп жүріп келеді. Ойда жоқта түнделетіп келген Ондасынға ағасының үй іші таңдана қарады.

- Неғып жүрсің? - деді ағасы.
- Кейін айтам.

Ондасын түнімен үйкітай алмай шықты. Таңертең жабырқаған адам айтпас салғырт көңіл күймен оянды. Ағасы жұмыска кетіп қалғанына тіпті қуанып қалды. Далаға шыққанда себелеп тұрған сұық жауын тамшылары сезілді. Кешке ағасына жағдайын айтты. Бірақ ағасы үндемеді. Ондасын өзірге ешқайда кетпей ағасының үйінде тұра тұруды жөн көрді. Жұмыстан қайтып келген соң өз бөлмесінде тынымсыз ойланып жатады. Осы уакытқа өз басында осындаі жайсыз оқиға болады деп ойладап көрген жок.

Өзіне бәрі түсі тәрізді. Бәрінен де баласын сағынды. Алғашқы жан шыдатпас ашу тосынан басылды. Күн сайын ағасының өзіне сынай қарап жүргенін біледі. Бірақ әйеліне қайтып оралайын десе намыс жібермейді. Көз алдына әйелін өбіп сүйіп тұрған бейтаныс жігіт кетпейді. Үйінен кеткенен кейін өмірдің мағынасы жойылғандай болып көрінді. Ағасы жұмыстан келгенде әйелі бала-шагасымен шүйіркелесіп өздерімен өздері болып жатады. Бір күні онаша қалғанда ағасы:

- Карагым, кім әйелімен үрыспайды? Жасың болса қырықтан асты. Татулассаңшы.

Ондасын қарсы болған жок. Қыстың басы болатын. Олар ағасымен көшеге шыққан. Үйіне тақаған сайын жүрегі ала-бұртып бейне алып сапардан оралып келе жатқан жолаушыдай сезінеді өзін.

Әйелі есікті аша берді, қайтадан тарс еткізіп жауып, ашпай қойды.

- Мен өзім келермін, сен үйге бара бер, - деді ағасы.
- Эй, жас бала сияқтысың ғой өзің, - деді ағасы қайтып келген соң.

- Неге?

- Мас жігіт шатастырып сенің үйіне кіріп келіп, әйелінді бас салған. Эй сені де жасы қырықтан асқан жігіт ағасы дейді-ау.

Ондастың үндемеді. Кенет сол күнгі уақиғаны көз алдына елестетті. Шынында әйелінің сезіне сенгісі келді. Біраздан кейін өзін шынында да кінәлі сезінді. Екінші рет барғанда әйелі өзінің “кінәсін” кешірді. Ондастың бұл өмірде бакыты болу үшін көп нәрсені көріп байқамау керек екенін білді.

АТАҚТЫ АДАМ (әңгіме)

Ол кезде Сәкен қала түбіндегі шағын ауылда тұратын. Қалаға төте жүретін жалғыз аяқ соқпақпен барғанда жақсы көретін. Әсіресе жаздың күні. Жауыннан кейін маңайды көк орай бөлеген кезде қайда қарасаң кісінің мерейін өсіретін. Көңіл сарайын адам айтпас жайбаракатық жайлайтын. Маңайды жым-жырт тыныштық буған. Құстардың сайраған дауысы естілетін. Төбеле көтерілген сайын маңай ерекше түрленіп сала береді. Эне алыста тармақталып ағып жатқан өзен, ал қарама-қарсы жақта үстіне сірескен көк түтіннен жабу жатқан қала көрінетін. Қала өмірі бейтаныс көрініп жатыркайтын. Бірақ бір жағынан қызығатын да.

Ол кезде әдетте қалаға көбінесе базар күндері келетін де өздерінің жақын-туысы Күлекенің үйінен түстенетін. Сәкенге ағайыны осы туысының бүкіл ауыл-аймакқа белгілі атақты адам екенін ауыздарының сұы құрып айттып отыратын.

- Күлекенің бұл маңайда білмейтін адам жоқ деймін.
- Күлекен айтты болды, іstemей қоймайды.

Жұрт айтса айтқандай, тұрған үйлері он бөлмелі кен

сарай, биік еңселі. Айналасы биік дуалмен қоршалған, ал аула ішінде дәл қоймадай үйілген ағаштар көрінетін, бақ, гараж, одан әрі үйден бетер салынған, жазғы ас үй көзге түсетін. Күлекенің елу кісіден кем қонақ шақырып көрмегенін, сол кезде Сәкен бала болса да көзі жеткен еді. Әдетте Күлекенің үйінде той томалақ болған кезде үйінің жанында он шақты жеңіл машина тұратын. Аула ішінде екі жерде қазылған жер ошақта, қазанда ет асылатын. Бес алты самаурын қойылатын, осындай жиын той бір жылдың ішінде бес алты рет болатын еді. Ол кезде әкесі жылда әр нөрсені сылтау етіп Күлекенің үйіне жиі баратын. Үйге келгенде сол жиын-тойға кімдер келіп кеткенін ауыздарының сұзы құрып айттып отыратын.

Сәкен бұл сөзден еріксіз болар-болмас білінген қызғаныш табы да байқалып қалатын. Бірақ жұрт көзінше Күлекенің мақтап жер көкке сыйғызбайтын. Өздерінің жұлыны тұрмыстарын, өмірде көрген қыншылықтарын, ток тұрмысты көріп қас қағым сөт болса да ұмытып көңіл мараптайдып қайтатын. Оларға Күлекенің үйінде піскен тағамның дәмі ерекше болып көрінетіндей. Әкесі Күлекең үйінде болғанда көңілі серпіліп ерекше жадырап қалатын. Кім біледі, мүмкін осынша жасқа келгенше бар тапқан табысы ішіп-жегенінен артылмай жатқанына өкінетін шығар. Бірақ сөздің шыны керек, Күлекең үйінде болған кезде қанша жақын туысқан болса да төрден орын алып осы ауданның бетке ұстар азаматтарымен табақтас болғаннан гөрі, сол атакты туысының шаруасына өз халінше көмектесетініне мәз болатын.

Келе салысымен Күлекең ең бірінші қора жайын қарап өтетін. Туысының жалқау бейғам тіршілігіне налып басын шайқағанмен ештеңе айтпайтын.

Сәкенің әкесі сөзшен, қыдырымпаз, жалпы шаруаға ебі жоқ адам болатын. Тіпті қолда барды ұқсата алмайтын. Қара маңы шашылған шөп, анғал-санғал тесік.

- Бәке жоғалып кеткен тайынщаңыз табылды ма?
- Жоқ қолды болды, - әкесі күрсініп.

Күн ұясына батып бар жатқан шақ. Ауылдан сәл алыс жерде өзеннің бетінде күннің қызылт нұры шағылышады.

Маңайды жым-жырт тыныштық буған. Өрістен қайтқан сиырлар күйіс қайтарып жатыр. Біраздан соң аспанның әр жерінде жұлдыздар пайда болды. Адамға берері жоқ күйбен тіршіліктен жалыққан Күлекең осылай отырып әңгімелескенді жақсы көретін.

Ол кезде Күлекең Сәкендердің үйіне жиі келетін. Еңгезердей кесек денелі қызыл шырайлы адам. Тіпті өзінен бойы тапал адаммен амандастында да басы ешқашан иілмейтін. Мүмкін сондықтан болар, анау-мынау ұсақ жандарды елеп ескеріп жатпайтын. Бірақ өзім деген, көнілі түскен адамды жарылқап тастайтын жомартығы да бар. Сәкеннің байқауынша ол елден бөлек ер мінезді адам еді. Алайда ол өзінің өмірінің дұрыс жолда екеніне күманданатын. Жүрген жері той думан, тіпті жұрт оның қай уақытта дем алып үлгеретініне таң қалатын. Алайда Сәкенмен әңгімелескен кезде, өзінен астарлы сыр мағына іздегендей ойлы кейіпке түсетін кездері де болатын.

- Бәке қалай ойлайсыз, осы мен өліп қалсам жұрт есіне түсіре ме екен? - дейтін кейде Сәкенің әкесіне.

- Күлеке оның не, құдай сактасын. Өзің менен он жас кіші бола тұрып соңдай сөзді неге айтасын?

- Ой, Беке, сіз де сөзді түсінуден қалғанбысыз. Ман мысалы деп тұрмын ғой.

- Күлеке сіз сиякты адамдар көпке шейін ұмытыла қоймас. Жоқ, неге ұмытылсын. Мұнда біз ғой өлгеннен кейін бір жылдан кейін бала-шағамыздан басқа ешкім есіне түсіре коймас, - деді әкей мұңайып. Сәкен Күлекенің өз өмірінен мағына іздегенін сезетін. Арада талай жылдар өтті. Күлекен шынында ойда-жоқта жүрек ауруымен қайтыс болды да, Сәкендер қалаға көшіп кетті. Сәкен бірде командировкамен басқа қалаға кетіп бара жатып, Күлекенің үйіне соғып аңтаң болды. Бір кездегі кішкене қала адам танымастай болып өзгерген. Ал Күлекенің үйінің орнында бес қабат үй тұрды.

Жұрттан сұрап еді Күлекенді ешкім білмейді, тек сол көшеде бұрын тұрған картты танып содан сұрады.

- Әлгі Күлекең бе сұрап тұрғаның? - деді ол есіне өзөр түсіріп.

- Иә сол адам.

- Апрай, ұмыта бастадым. Марқұмның үйінде бірнеше қонақ болғаным бар еді. Үй іші осы қалада, бірақ қайда көшіп кеткені есімде жок. Құлекенің қайтыс болғанына бес-ақ жыл болған еді. Жұрт ұмыта бастапты. Бірақ елдің есінде қалатындаі ол не істеді?

ОРАЛУ

Адам көңілі қызық. Нағима соңғы кезде үйде ешкім жокта тіпті көз жасын сығып алатын болды. Көп жылдар бойы көрген қыншылықтан кейін тұрмыстары түзеле бастаған. Қала ортасынан таяуда ғана үй сатып алды. Асыл диссертациясын қорғаған. Күнде жұмыстан асыға келіп, үй шаруасына кірісп кетіп, лезде бәрін жинастырып тастайды. Бірақ мына тап-тинақтай сөнді жиналған үйде уақытша тұратындаі сезілетін де кезі бар-ды. Алғашқы кезде осы қалаға келіп, пәтерден-пәтерге көшіп жүргендеге осындаі меншікті үйім болады деген ой түстеріне де кірмеген. Жаздың ортасы. Әсіресе өткінші нөсерден кейін ауа хош иіске тұнады. Бөлме ішіне ақшылтым ұлбіреген терезе пердесінен күн сөулесі түсіп тұр. Асыл жұмыстан келгенде Нағима тамақ дайындал қойған болатын.

- Қалың, қалай болып жатыр? - деді Асыл күлімсіреп.
- Жақсы. Айтпақшы, Куаныштың туған күніне қонакка шақырып кетті.
- Қашан?
- Ертең кешке.

Шай үстінде Нағима Асылдың тым көп жұмыс істегенінен жүзі бозарып, жүдеп кеткенін байқады. Жұмыс десе жанын береді. Жас кезіндегі әдеті. Өзінді сақта деп те айта алмайды. Тек тамақты тықпалай түседі. Күн ұясына батқан кезде біраз серуендер алады да қайтадан түннің ортасына шейін жұмыс істеп отырады. Нағима күйеуінің тыныштығын сырттай бағып, өз шаруасымен болады. Күн талмаусырап батып бара жатты. Күндізгі қала шуы біртіндеп басылды. Кейде бойын мұн басып сағат бойы тапжылмастан ойланып отырып алатын. Мұндай кезде адамның ойына не келіп, не

кетпейді. Әсіресе күйеуінің шаршап келгенін уайымдайды.

- Бұғін ерте жатсаңшы.
- Неге?
- Ертең қонакқа барасың.
- Жатсам жатайын. Бір мезгіл сені тыңдамасам болмас.

Нағима себепсіз пайда болған көңіл кіrbіnің жою үшін, жатарда есік алдына шығып, таза ауамен демалып алмақшы болды. Аспанды жүлдyz жымындаиды. Тау жақтан салқын самал еседі. Нағиманың есіне, осы қалаға аудан орталығынан келген кездері тұсті...

Оған да талай уақыт өтіпті. Ол кезде олар алыс ауданда тұрған. Сөздің шыны керек, көңілдері ток, өз тұрмысына дән риза. Тіпті ауылдан көшіп кетеміз деген ойларында да болмап еді. Асыл Астанаға ауыспақ болып келгенде, Нағима не айтарын білмей, абдырап қарап қалды. Міне енді орнығып болғанда, жылы орынын тастап кету ойына да келмеген болатын. Алғаш көшуге үзілді-кесілді бас тартқанмен де, бәрібір кейін келісімін берді. Нағимаға қала өмірі жұмбақтай болып көрінген. Көк желекке жамылып жатқан қала өмірі тосыннан келген адамға той-думаннан кем түслейтін. Асыл институтқа, одан соң аспирантураға тұсті. Бұл уақыт ішінде Нағима күндіз-тұні жұмыс істеп, бүкіл семьяның ауыртпалығын жалғыз өзі көтерді. Асыл да бос жүрмеді. Кешке күзетте, одан соң институтта лаборант, тіпті көше сызырып үйге шамасы келгенше көмектесті. Талай пәтер айырбастап, қаланың ана шетімен, мына шетіне көшіп, тұрмыс қындығын қанша көрсе де мойымады. Бірақ қанша қыншылық көрсе де, Асылды кінәлау ойына да келмейтін. Күйеуі үздік оқып, институтты қызыл дипломға бітірді. Қанша қыншылық көргенмен де олар ертенгі күнге армандал қарап, әлі де көрер қызық той-думандары алдында екендігіне сеніммен қарайтын. Бірақ қазір дегендеріне жеткен кезде олар өткен күндерін аңсай естеріне алады.

Нағима далада талай уақыт отырып қалғанын сезді. Тау үстінен жайлап қана ай көтеріліп келеді. Бойы тоңази бастады. Сол тұні дөңбекшіп, көпке дейін ұйықтай алмай жатты.

II

Қонаққа шақырган үй қаланың ортасында болатын. Асылдың жерлесі, ал әйелімен Нагима пәтерден-пәтерге көшіп жүрген кезінен бастап араласып жүретін. Таңға жуық себелеп өткен өткінші жаңбырдың иісі аудан сезіліп тұр. Осындай жұпар ауамен демалу үшін жұрттың бәрі көшеге шыққан. Аспанның әр жерінде қалықтаған сұрғылт бұлттар көрінеді. Жаздың жайма шуақ күнінде қыдырғанда не жетсін!

Куаныш жүзіне ізеттілік білдіріп, тек қоңыр майдада даусымен әндете сөйлеп:

- Кешігіп келдіңіздер ғой? - деді.

Ортаңғы үйдегі дастарқан басында отырған жұрт қызу әңгімеге кірісіп кеткен. Асылды көріп барлығы да, орындарынан өре түрегеліп амандасты. Жол бойы үн-тұнсіз келген Асыл енді жадырап сөйлей бастады. Куаныштың әйелі Бақыттың бетінен жасанды жайдарлылықпен сүйді.

- Қалдарың қалай? - деді сыңғырлаған даусымен.

Жұрт үзіліске тұрғанда Нагиманың жанына Бақыт келіп отырды.

- Соңғы кезде тіпті келуді қойындар ғой? - деді әдемі құлімсірей сөйлеп.

- Уақыт жок.

- Сөздің шыны керек, кейде мен сендердің үйлеріңе қызығамын. Бақтың арасында, тыныш саялы жерде. Күндіз тұні ойнақ сал, ешкімнің шаруасы жок, - деді Бақыт Нагиманың бетіне бағдарлай қарап.

- Онда айырбастайық.

- Жай айтып тұрсың ғой? Сен бақытты әйелсің ғой. Асылдың докторлығы дайын деп отырсың.

- Кім білсін, әйтеуір күндіз-тұні отырады. Мен қой деп жүрмін. Денсаулығын ойламайды.

- Еркек жұмыс істегендеге қой деп айтушы болса жалқау болып кетеді.

- Болса болсын. Адамға бір мезгіл демалыс та керек.

Бақыттың тым жұптыны тұрмыстан тоқтықка тез үйренгені жүріс-тұрысынан сезіліп тұратын. Тіпті әйелдер арасында өзінін кейде артықшылығын сездіріп, өз үйінде болған ізетті қонақ-



тар жайында айтып отыратын. Мұндай әңгімені Нагима үнаптайтын. Әрине, Бакыттың көңіл-күйін түсінеді. Бірак соңғы кезде мінезінде көп жасандылық пайда болғанына таңырқайды. Бұрынғы шын жүректен шығатын өзіл-қалжының бірі жоқ.

Олар қонақтан кеш бата қайтты. Демалыс күні болғандықтан кешедегі машина легі саябырлай түскен. Асыл үнтүнсіз темекі тартып келеді. Түнге қарай нөсер жауын болатын сияқты. Тауды қара шұбар бұлт түмшалапты. Сол жақтан кеш қарандылығы ақырын баяу жылжып келе жатыр. Ауада жанағана пісіп келе жатқан алма іісі анық сезіледі.

Асыл жатар алдында біраз жұмыс істеп алмақшы болды. Нагима өзін біртүрлі енжар салғырт сезінді. Көпке шейін үйықтай алмай, дөңбекшіп жатты. Үй-іші қапырақ болғандықтан желдеткішті ашып таstadtы. Сонда да қонақта болып шаршағандықтан ба талықсып барып, үйықтап кетті. Тұн ортасына таман шошып оянды. Терезеден жарқ еткен найзағай оты көрінді. Одан соң, күнірене күн күркіреді. Асыл әлі жатпапты. Орнынан тез тұрып, кабинетіне келгенде, стол үстіне басып үйықтап жатқан Асылды көрді.

- Асыл-ау, мұның не? Төсекке жатсаныңы, - деп иығынан қозғап қалды. Асыл гүрс етіп еденге құлады.

Нагима шыңғырып жіберді...

Өні ме, түсі ме, өйтеке көз алдында жүріп жатқан әбігердің бәрі бейне санасынан тыс болып жатқандай. Жүрттың өзіне айтқан жұбаныш сөздерінің мағынасын түсінбейді. Қолтықтаған адамның ишара еткен жағына қарай жүреді. Кейде осынша топырлаған адамның бұл үйде неменеге жүргеніне таңырқайды. Бір жан айтып болмас зор күш еңсесін басып тұр. Айналасында болып жатқан әбігерден аулакқа кетіп, өксігін баскысы да келеді. Асылдың дүниеден қайтқанына сенбейді. Кейде табытта жатқан Асыл орнынан тұрып кететіндей сезінеді. Даға шыққанда бетіне жауынның суық тамшысы тиді.

Зират басында жердің іісі анық сезіледі. Маңайдағы барлық дүние түсін жойып күнгірт тартқан. Есіне кешегі бала кезі елестеді. Самал жел бетін өбіп кеткендей. Қанша уакыт өтсе де сол жылдар есіне қайта айналып келіп, өзін жұбат-

қандай болды. Тек біраз уақыт өткеннен соң барып, айналасында болып жатқан өмір күбылыстарын бағдарлайтындей қалғе жетті. Бірақ үй, көше, тіпті бүкіл өлем қаңырап бос қалғандай. Өз өмірінде енді орны толмайтын өкінішті сезді. Енді бұрыңғы алаңсыз мамыражай күніне қайтып ора-ла алмайтынына көзі жетті.

Жаздың аяғы да күздің келуін тездеткендей аса салқын болып тұр. Ағаш жапырақтары мезгілінен бұрын сарғыш тартты. Бұрыңғы асығыс әбігерлі қала тіршілігінен жанылысып қалғандай.

Асыл қайтыс болғаннан бері әлі ешкіммен шүйіркелесіп әңгімелесіп көрген жок. Күйеу баласының қырқын беріп, енді қайтатын болған шешесімен де әлі ашыла әңгімелескен емес. Тек шай үстінде анау-мынау жайды айтқан болады. Соңан соң өз бөлмесіне кетіп, өзімен-өзі отырады.

Асылдың қырқына туған-туысқандары мен қызметтес жолдастары да көп жиналды. Одан соң Асылдың немере ағасы Токқожа мен шешесі ғана қалды. Бұл кезде Нагима өзін есегіреткен қайғыдан арыла, бастаған болатын. Қанша айтқанмен әбігерлі қала тіршілігі адам көңілін босаңытпайды. Жан дүниесінің әлемтапырығын шығарған көңіл күйден мүлде айырып кетпегенмен, бірте-бірте өз жағдайына көндіге бастаған. Мезгілінен ерте басталған сұық жаңбырдан кейін күн жарығына кісі жылына аларлықтай жылуты бар күздін күні келеді. Қызының өзін-өзі жұбатып, үй шаруасына кірісе бастағанын көріп, шешесі қайтуға жиналды.

- Ал, қызым берік бол! - деді аэропортта қоштасқанда көзіне жас алып. Токқожа Асылдың немере ағасы. Нагима тұрмысқа шыққан жылы Асыл екеуін хат сайын қонакқа шақырып тұратын. Нагима қанша араласқанмен де, жүз тоқтатып қарап, сырласып, сөйлесіп көрген адамы емес. Осыдан екі жыл бұрын әйелі қайтыс болғанда Асыл екеуі барып көңіл айтып қайтқан. Күйеуінің қырқы өтіп, өзге жұрт қайтып жатқанда да онша көңіл аударып жатпады. Мүмкін қалада жатып біраз сейілген көңіл көтеру үшін қалған шығар деп ойлады. Күнде таңертең жұмысқа көтерде шайын қайнатып, тамағын жасап беріп кетеді. Токқожа әйелі қайтыс болған күндегідей емес, киім киісіне

назар аудара бастаған. Күн сұтып, тоған сұнының бетіне мұз қата бастағанда көңілін себепсіз мазасыздып, жайсыз сезім баурап алды. Немере ағасының ауылда үйі, малы, шаруашылығы жоқ адамдай айдан аса жатып алғаны өзіне түсініксіздеу көрінген. Бірақ кейде өзінің тым секемшілдігінен үялды. Мүмкін мауқын басып, мына сырт көрініске қызық думаны көп сияқты болып көрінетін қала түрмисына көңілін алаңдатқысы келген шығар. Алғашқы үлпа қар жауып, қыс ызығары сезіле бастағанда шын мазасыздана бастады. Таңертеңгі шай қайнатып, тамақ жасағанын ауырсынған жоқ. Қанша айтқанмен мына есендіреткен қайғыдан кейін адам өзімен-өзі болғанды жақсы көреді. Оның үстіне үйде бөтен адам болғаннан соң іште лықсып келген өксікті сездірмей, үйдегі қонақ жасы үлкен адамға арналған биязы, жайдарлы жұз көрсету онай емес. Өзі сезінбеген соң Асылдың жақын туысынан қалай кет деп айтады. Тоққожаның кейде үй шаруашылығына көмектеспек болғанын ыңғайсыздау көріп.

- Жоқ, ағай әуре болмаңыз, өзім-ақ істеймін дейтін.
- Келінжан, қазактың дәстүрін сақтап ағаның көмегімен бас тартпа, - деді Тоққожа.

Бұл астарлы сөз Нагимаға ұнамады. Тіпті шай құйып отырып, Тоққожаның бетіне тұра қарай алмайтындаі халге жетті. Үңғайсызданған сезім күн сайын өсе түсті. Табиғатынан инабатты, өзгенің көңілін жықпайтын Нагима тіпті іштегі құдікті сездірмеуге тырысты. Бір күні кешке Тоққожа сөзді өзі бастады.

- Келінжан, әрі қарай не істейтін ойын бар?
- Не істеуші едім, ағасы. Қызмет пен бала өсіру.
- Жоқ, келінжан, тірі адам тірлігін істейді. Ұлы сөзде үят жоқ демекші, екі жарты, бір бүтін болайық, Жаттығы жоқ, Асылдың баласы менің балам.

Нагима үялып қызарып кетті. Не айтарын білмей сасқалқтап қалды.

- Ой аға, оның не? Бұл мүмкін емес қой.
- Неге мүмкін емес. Мен аксак, шолакпын ба? Мына үйді Асыл менің атыма жаздырып алған, үкіметтен үй алғанда сатып жіберем деп.

- Асыл үйді сіздің атыңызға жазса, жақын туысқан болған соң сеніп жаздырған шығар. Мұны неге айттыңыз?

- Келінжан, бұл өмірде беті қайтқан адам, қатыгез болады. Мен ескертемін.

Токқожаның қара сұр жүзі тұтігіп кеткен. Нағима не айтарын білмей, кесесіне шұқшиып қарай берді. Ертеңінде Токқожа үйіне баруға жиналды.

- Мен көшіп келемін, балаларымды оқытамын. Келінжан өзінді ешкім қуып отырған жок. Менің ескерткенім. Оқыған екенсің, законды жақсы білесің, - деді кетерінде. Нағимаға үй-іші бірден мұздап сала бергендей көрінді. Мынандай жайсыз жағдай өңі түгіл, түсінде де болады деп ойлаған жок болатын. Енді шынында да біреудің үйінде пәтерде тұрғандай сезіне бастады. Токқожаның айтқанын істейтініне еш күмәні жок. Кейде өміріндегі беймәлім бір ғана сәт таңымды өзгертіп жібереді. Мына өміріндегі болған жайсыз жағдай оның көзін ашты. Қыс басы ерекше ызғарлы болды. Үсті-үстіне төпелеп жауған қардан кейін күн ашылып, қаты аязды басталды. Қаланың орталық көшесімен жүріп келе жатқанда, есіне еріксіз Асыл түседі. Әсіресе кешке жұмыстан келгенде Асыл күтіп отырғандай көрінеді. Кейде тұнде ояна кеткенде, әлі өз кабинетінде жұмыс істеп отырған, әлі үйықтауға жатпағандай сезінеді. Оянып кеткеннен соң көпке шейін үйықтай алмай жатады. Мұндай да қыстың тұні түгесілмейді-ау. Күнде таңертең көшеге шықканда өзіне күн сайын қала тірлігі жат болып бара жатқанын сезді. Мына шудың қызығы аз болып көрінеді. Үйіне келгенде бұрынғыдай шаруашылық жұмысын істеп тастауға да зауқысы жок. Осылай бір сарынды қыстың күндері жылжып жүре берді. Қыстың ортасында айтқанындай Токқожа көшіп келді.

Нағима енді кешкі шайын ішіп бола берген кез болатын.

- Келдің, - деді екі қызымен екі-үш чемоданын таксиден түсіріп.

Бұл адамның арсыз екеніне енді көзі жетті. Егер аз-маз адамшылығы бар кісі болса Асылдың жылы өткенше тұра тұrap еді ғой. Бірақ Нағима өзін-өзі ұстап шамасы келгенше, сыпайы қабылдағанын Токқожа анау кездегі айтқан ұсынысына көндігуіне жорып кутындаі түсті.

- Келінжан, ауылдан келген сарқыт бар. Бұғін ет ас, - деді.
- Жоқ, ракмет ағасын. Мен жарты айдың ішінде көшіп кетемін, егер оған дейін рұқсат болса, тұра тұрайын.
- О, не дегенің келінжан. Өзінді ешкім қызып отырған жоқ қой.

Нагима мына ардан безген адамның жүзіне одан ары қарап отыруға дәті шыдамады. Өз бөлмесіне кіріп, іштен жауып алды. Есіне еріксіз Асылдың ауылдағы ағайын-туысқандарын құрмет тұтып, шексіз сыйлайтыны түсті. Ал үйінен тіпті жақыны емес-ау, жай танысы келсе де астыустіне түсіп құрметтейтін. Көпке шейін дөңбекшіп, үйықтай алмай жатып, тек таңға жақын талықсып қалғып кетіпті. Терезеден бозамық жарық түсіп түрғанда оянды. Жұмыстан шығуға арыз берді де, алып кететін жүгін буып-түйіп кетуге дайындала бастады. Бірақ кейде бір нүктеге ұзақ ойланып қалады. Ал Токқожа үйде болғанда, Нагима көше қыдырып кетеді. Алғашкы келген жылдарында Асыл көше қыдырғанды жақсы көретін. Әсіресе, күздің күні ағаш жапырактары сарғыш тартқан кезді жақсы көретін. Күннің қызуы жаздағыдай емес, солғын. Анда-санда ағаштан үзіліп жапырактар жайлап түседі. Мұндай күні орындалмаған арманы ма, өлде өткен өмірге деген мұны ма, әйтеуір сан жетпес, тізіп айтып болмас сезімдер бойын қытықтап өтетін. Нагима да тыныштықты бұзбай жанында үн-тұнсіз жүретін. Кейде Асыл бақтың түбіндегі орындыққа ұзақ ойланып отыратын. Нагимаға да жаз күннің өтіп кеткені мұң әкелетін. Отырған жерлері тыныш болғанмен де, ағаш бұтактарын жел қозғайтын. Күн сөулесі қызғылттанып, ұясына батар кезде ғана Асыл орнынан тұратын.

Бақтың ішімен келе жатып, Нагима сол кезді армандап есіне түсірді. Бақтың ортасын как жарып өтетін асфальт жол кардан аршылған. Қыстың шынылтыр аязды күні. Өзі сияқты қыдырып жүрген адамдар көрінеді. Нагимаға осы қалада өткен өмірі есіне түсіп, өзінің қайта-қайта жан дүниесін ма-залај берді. Бірде іштегі мұнын шығару үшін Бақыттың үйіне барды. Есікті қызы ашты. Бақыт өзін күлімсірей қарсы алды.

- Жоғары шық - деді.

Орталық бөлмеден өзіне бейтаныс әйелді көрді. Нагима өзі бірден келген кездегі әңгіме желісі үзіліп қалды.

- Жағдайың қалай болып жатыр? - деді Бақыт жүзіндегі мұнды көріп.

- Жаман емес.

Нагима өзінің мезгілсіз уақытта келгенін сезді. Үй-ішін тыныштық басты.

- Қой отырып қалыптын ғой, кетейін, - деп бейтаныс кетуге ынғайланды.

- Отыра тұрмадыныз ба? - деді Бақыт. Дауысында жалыш бар.

- Садыхан деген жолдастың әйелі ғой, - деді Бақыт қайтадан жүзіне жайдары нышан беріп қонақ кеткен сон. Шай үстіндегі әңгімелері жөнді байланыспады. Бұрын осындағы бос уақытында келгенде анау-мынау өткен-жайды айтЫП, уақыттың қалай өтіп кеткенін білмей қалатын. Нагима осы үйге босқа келгенін сезінді. Жасанды жайдарлық көрсеткенімен де Бақыт осы келген беймаза қонақтан құтылғысы келгендей, әлсін-әлсін сағатына қарай берді. Нагима да бір-екі кесе шай ішіп болғаннан соң:

- Қой, отырып қалыптын ғой, кетемін, - деді.

Бақытта “отыр” деп қолқаламады. Орталық көшеге түскенде ғана іштегі мұң аздап сейіліп сала берді. Аспан да ақшылтым бұлттан арыла бастапты. Күн сенбі болғандықтан көшеде жүрген кісілер көп. Мынау дырду шуы көп қаладан өзге жаққа кетіп қалғысы келді де тұрды. Оншақты жыл осы қалада болған уақытта әбден шаршағанын сезді. Иә, алдарына мақсат қойып, енді дегендеріне жеткен кезде Асылқайтыс болды. Үйіне қайтып келіп енді Токқожаны көргенде де сондай ренжіген жок.

Бұл өмірде өр пендениң өз дүниетанымына байланысты алдына қойған мақсаты болады. Сол межеге жету үшін Токқожа да өз әлінше тыраштанып жүр.

- Ағасы, мен сіздің әбден мазаңызды алдым ғой деймін, - деді Нагима.

- Жоқ, келінжан.

- Ағасы ертең мен көшем. Сізге өкпем жоқ, Қазақшылық салтын сактап, сөз айткан боларсыз. Бірақ мен көне алмаймын. Тіпті бүтін осы қалада тұра алмайтыныма көзім жетті. Бақыты болыңыз. Балаларыңыздың қызығын көрініз, - деді Нагима.

- Ой, келінжан, мені үялттың ғой. Мүмкін мен кетермін. Өзіңе ойлануға мүмкіншілік беремін.

- Жоқ, ағасы әуре болмаңыз.

Ақырғы тұні Нагима үйықтай алмай шықты. Есіне кай-қайдағы жайттар тұсті. Ертеңінде оянғанда аспан шайдай ашық, аспанды бір шөкім бұлт жоқ. Нагима таңертеңгі самолетпен ұшып кетті. Төменге қарағанда жастық шағы өткен арманына жету үшін тынымсыз ізденістің өзі қызық, әрі жақсы болып елестейтін қала жатты. Енді ғана өзінің шын шаршағанын сезді.

Көнілі босап көзіне жас үйірілді.

АРБАКЕШ

Күн ашық, желсіз, тынық. Қора жақтан өзіне мөлтие қарал тұрған отты көздерді көріп Қасым:

- Неге маған қарал қалдың? Мен кінәлі екендей. Шөбің біткенін білемін. Көрмейсің саған шөп шауып әкелуге жол таба алмай жүргенімді деді.

Арбаға атты жегіп жолға шықканда таңертеңгі көше шуы есе түскен. Әдетінше тас жолдың шетін ала жүріп келеді. Торы ат желіске салған. Жылқы да иесі сияқты көшеде арлыберлі жосылып өтіп бара жатқан машиналарға назар салмайды, тіпті светофордың қызыл шамы жанғанда иесі болжысын тартпай-ақ тоқтатыны бар. Асау мінез мұнда жоқ. Картайған. Бірақ өлі біраз жерге жететін күш қайраты бар. Ат пен адамда бір-біріне үйреніп сыралғы болып кеткен. Аттың асфальт бетіне сарт-сарт тиген түяғы өтіп бара жатқан жүргіттың назарын өзіне аударады.

Әлдекімге асфальттің шетінде кетіп бара жатқан атарба өтіп кеткен балалық шағын еске салады. Кейбіреулерге мына асығыс заманда тас жолдың шетінде ілбіп кетіп бара жатқан атты арба таңсық болып көрінеді. Сондықтан да көшеде арбаға жабысқан балаларды қудаламайды. Өтірік көрмегенсіді. Осындай да Қасымның көніліне мұн үялайтын. Казіргі техника заманында артық екенін де біледі. Осы қаладағы сау-

сақпен санайтын кемпірлердің бірі мұны алыстан таниды. Кейде анда-санда кездесіп қалғанда қамшысын көтеріп сәлемдесіп өтеді. Бірақ күн сایын қатарлары сиреп келе жатқанын білетін. Ақыры нан заводының алдына келді. Күн ыси түсті. Қақпа жабық екен. Атты арбаны көріп үйқыдан беті ісінген етженді егде күзетші қақпаны ашып, басын қасыды. Жұмыс басталуға өлі біршама ерте. Ерте келген жұмысшылар темекі тартатын жерде отыр.

- Қасеке отыр темекі тарт, - деді Жанбосын.

Қасем темекі тартып отырған топтың жанына келді. Орталарында жерге жартылай қойылған темір күбінің түбінде темекі қалдықтарымен жанған қағаздың күлі көрінеді.

Жанбосын шырт түкіріп темекісін құлшына сорып жанындағы жолдасының қалжынына қарқылдай құледі. Кара жұмысқа өбден шынығып қатқан алып денесі селкілдей түседі. Ол қарулы қолымен жанындағы отырған жігітін иығынан қағып қалғанда ол ұшып кете жаздады.

- Ой ақырын.

- Жә болды, қыз емессің фой.

Темекі түтіні тұнық ауда қалықтайды. Күзетші Әкен аулаға асфальттың үстіне су құйып жүр. Ағаш жапырактарының арасынан күн сөулесі селдірей түседі.

Тұнгі кезектің уақыты бітіп енді жұмысшылар ағылып келе бастады. Жұмыс басталатын уақыт келгенде Жанбосын темекі тұқылын лактырып тастап, талтаңдай орнына қарай аяндады.

Қасен Жанбосының денесіне қызығы қарайды. Күші қайратты барда өзі де дәл Жанбосын сияқты болған емес пе еді? Арқасына тері сіңген сан көйлекті тоздырды емес пе? Забойда жүкші болып істеді. Тіпті кей кездерінде он бес, он алты сағат жұмыс істеген кездері болыпты. Жастықпен денсаулықтың арқасында ел қатарлы өмір сүрді. Бірер сағат мызғып алса болды бойы жеңілденіп сергіп сала беретін. Егер арқасына салып тасыған жүкті есептесе фой. Қазір армандағы есіне түсірді. Кейін бойынан күш қайратты кете бастаған кезде осы нан заводына жүкші болып орналасты. Тек міне соңғы екі жылда көшір болып істеп жүргенді.

II.

Тас жолға түскенде аттың әлде неден сескенгендей басын кекшөң еткізіп осқырынатын кездері болады. Терісі дір ете түсіп аяғын асфальт шетіне тартыншақтай басатын.

Бұрын торы аттың мұндай секемшіл үркек мінезін байқамаған. Қасым өзі де мына жолындағыны жапырып кететіндей арлы-берлі зырлап өтіп бара жатқан машинадан сескенетін. Тек зу етіп өте шықкан соң жүрегі орнына түседі. Ал жар қабағындағы печенье цехы машиналар көп жүретін жол бойында. Өзенде көпір бар. Машиналар легі бейне судың ағысы сияқты, ал мотор گүрілі құлакты жарыпкерен етерліктеі еді. Тіпті мынандай сапырылышқан қозғалысқа Үйренбекен адамды бейне жойқын күш ту сыртынан соғып құл-парша ететіндей. Үйренбекен адам еріксіз қауіптенетін.

Бірақ торы ат тас жолға түскеннен соң бейне өз тағдырына мойынсұнғандай бұлкек жүрісінен таңбайтын. Ауада тұнған газдан кейде демдерін әзер алатын. Машина артынан шұбартып қалған тұтін бүйраланып, бетке үрады. Әсіресе ауа дымкестеніп тас жол бетін тұман басқандай бұлыңғырлаңып кететін. Мұндай кезде ат та, адам да еріксіз көсле жатқан жайлауды, тұр-тұнық судай таза ауаны аңсайтын. Көпірге тақай бергенде үйыса өскен көк орман көрінетін. Қасым билетін кейбір шоферлардың өзін жаратпай жақтырмай қарайтыны бар. Тас жолмен ағызып келе жатқан машинаға мына асықпай келе жатқан аттылы арба бөгет болып аяқтарына оралғандай. Қасымға біреулер жаратпай қараса, біреулер таңырқайды, ал кейбіреулері тіпті мазақтайтындаі көрінеді.

Ақыры Қасым печенье жасайтын цехқа қарай бұрылды. Темір дарбаза әрқашанда ашық тұрады. Ішке келгенде ак халат киіп жұмыс істеп жүрген әйелдер көрінеді. Босаға жақтағы дүңгіршіктे дәмі ашыған сыраға ұқсас суын болатын. Бір қыз үлкен тегенеге жұмыртқа жарып отыр. Амандасты. Жүгін түсіріп дем алып, қайтадан жолын жалғастырды. Осылай күні тынымсыз күйбенге кәнігіп үйреніп кеткені сондай тіпті уақыттың қалай өтіп кеткенін білмей қалатын. Жұмыс уақыты аяқталуға тақаған кезде күн батута әлі аркан бойы бар болатын. Көшени бозғылтым шаң перделеген. Күндізгі құлакты керен ететін көше шуы біраз саябырлаған. Бірак

жануар да, адам да, жым-жырт тыныштықты аңсады. Жұмыс аяғында Қасымның бойын салғырттық басатын. Мүмкін шаршағаны болар. Мұндай кезде айналасындағы өмір құбылсына нем кетті қарайтын кездері болатын. Тізесі қақсал, белі сарқырап ауыратын. Жұмыстан сілесі қатып шаршайтыны да рас. Өз үйінің ауласын көргенде ғана аттың да адамның көңілі жай табатын. Аула іші кең. Атын доғарып жем беріп жайғастырып үйге кіргенде өйелі тамақ жасап шайын қайнатып отыр екен. Келдің бе дегендей шалына шайын құятын. Қасым жерде жайылған сырмактың үстіне жата кетті. Осында жаздың ала көлеңке кешінде, күбір-күбір сөйлесіп шәй ішкенге не жетсін! Күндізгі күннің ыстығы сокқан адамға шай ішкеннен басқа қандай рахат бар.

Осында елдің көзі түсетіндей ештеңесі жоқ қарапайым тірліктен өзге адам байқай көре білмейтіндей ләззат алатын. Іштей ұғысқан ерлі-зайыпты адамдар үшін осы кез аса жайлы уақыт еді. Бірер кесе шай ішіп алған соң Қасымның еңсесі көтеріліп сөйлей бастады. Ашық есіктен беймаза қала тіршілігі талып естіледі. Шайға қанған соң деп алып алмақ болып Қасым жантая кетті. Үй ішін жым-жырт тыныштық буды. Үйықтап кетті ме білмейді, тек сөйлеген кісі даусынан оянып кетті.

Көзіне ашып алған мөлшерсіз ішкен көп арақтан өзіне бажырая қарап тұрған ұлының көрді.

Жаңа ғана балбырап тәтті үйқыға кеткен көңілі сынған терезенің шынысындағы быт-шыты шықты. Ұлының беті мөлшерсіз ішкен арақтан алабұртып, қызара беретін санасыз көзімен маңайына бажырая қарайды. Экесін тіпті танымай тұрған сияқты. Тәй-тәйлап жүрген жас баладай аяғын әзер алып ешкім түсінбейтіндей былдырлап төр алдына құлады. Қасым үйқылы-ояу біраз антарыла қарап тұрды. Кішігірім ауыр күрсініп ұлының басын көтеріп жастық тығып, ауызғы үйге шығып кетті. Бейбіт кештің сұқыты кеткені еді. Жүрегіне біреу біз сұғып алғандай көңілі бұзылды. Сыртқа шықты. Тас түнек каранғылықты есік алдына жанған шам біраз сейілткендей болады.

Аспан төрінде сансыз жұлдыздар жымындаиды. Болар-болмас сокқан желдің лебінде күндізгі ыстық жалынның орнына енді бойды сергітерліктең салқын леп бар.

Енді ғана өзінің осы өмірден шын қажып шаршағанын сезді. Әлі толастамаған қала үні баяу саябырлапты. Уақыт тұн ортасынан ауған еді.

Таңертең Қасым жұмысқа самарқау енжар көнілмен шықты. Тұнімен үйкітамады десе болғандай. Есік алдында сенделіп біраз жүргеннен кейін киімімен жата кетті мызғып алғандай болды. Кешегі шайдай ашық аспанды бұлт перделепті. Өзіне қараған тор атқа күндегі жан аштын сөзін айтпады. Онсызда өзінің бойын кернеген ауыр ойдан құтыла алмады.

Атын жегіп күндегі уақытында нан заводының қақпасының алдына келді. Күндегі темекі шегер жерде сөйлесіп отырған жігіттерді көрді. Бірақ бүтін оларға жоламады.

Көз алдынан ұлының өзіне санасыз бажырая қарағаны кетпейді. Ат та, иесі де өз ойлары өзімен болып мына сырттағы дабырлы шұлы өмірді саналарынан шығарып тастағандай. Көптен бері жауын жаумаган құрғақ ауада шаң-тозаң қалықтайды. Жұк машинасынан тенқиген қаптарды түсіріп жатқан жүкшілердің арқасынан тердің таңбасы көрінеді. Білектері түрілген ак халатты әйел көз ілеспес жылдамдықтен піскен нанды қалыптан алып жатыр. Күйіп піскен нан да есік алдында үлкен жәшіктің ішінде жатыр. Нан пісіретін цехтың ішімен жүрген сайын Қасым ренжіген сыйаймен карайды. Кейде цемент еденде домалап жатқан нанды алып көріп көтеріп қояды. Қалыптан нанды алып тұрган жас әйел өзімен бас изеп амандасты. Ол мұның қайсарлықлен енбектенгенін біледі. Осы нан заводында ең карт жұмысшылардың бірі болғандықтан бастықтарға шейін жылы шыраймен карайтын. Тіпті өзінен басқаның бәрін ұры санаған қойма менгерушісі Қасымның ададығына көміл сенетін. Сыртка шыққанда өзі қойған жерде тұрган атты көрді. Мына алғаған ыстықтан жан сактағысы келгендей басын бағанадан түскен көленкеге тұқырып тұр. Есік жақта жәшікті астарына қойып, үш қызыңға қосатын жұмыртқа жарып отырды. Қасым арба үстіндегі жүгін түсіріп болғанда уақыт түске тақаған кез болатын.

Аспан шайдай ашық. Құн қызуынан балқи бастаған асфальтың ісі сезіледі.

III.

Қасым тек сенбі құні ғана шөпке баруға уақыт тапты.

Құн ұясынан шықпай таңертеңнен елең-аланда орнынан

түрдү. Салқынмен шөп шауып әкелмек болды. Бозғылтта на бастаған аспандары жұлдыздар бірте-бірте сөніп жатыр. Арқан мен ескі айыр-ашаны, орақты арба үстіне тастай салып жола шыққанда көше қараңғылығы енді-енді ғана сейіліп келе жатқан. Кейбір үйден өлі жанып түрған шам жарығы көрінеді. Тым ерте түрған адамға құндіз толассы ағылған машинамен адамдар толы көшениң қаңырап бол жатуы қызық көрінеді. Тек қаланың шетіне шыға бері тіршілік нышаны сезіле бастады. Ұзаған сайын қаланың үйлері бірте-бірте аласарып ақырындалап көзден таса болды. Шығыстан құн шапағы көрінді.

Өзен беті үнемі қозғалыста. Алыста ақырын ағысқа жүзі келе жатқан пороход көрінеді. Өлке бетін көзге көрінер көрінбестей болып басқан сілті тұман бар сияқты. Арба қаржолмен келе жатыр. Шөп бетіне шық түскең. Қарағайль тоғайдан жұпар иіс мұрынға келеді. Атты жайбаракат желіск салып келеді. Тосыннан шыға келген құн сөулесі торы атты қызылт нұрымен көміп жіберді де шөптің үстінен тайға нақтай сырғанап барып өзеннің үстіне құлағандай болды. Ақырын жолдан шығып тоғай шетіндегі шүйгін шөп өске жерге келіп тоқтады.

Манайды жым-жырт тыныштық басқан. Тек масаның ызындаған дыбысы естіледі. Қасым қеудесін керіп еркін де алды. Атын доғарып, аяғын тұсап жайылуға жіберді де өз ойдана арлы-берлі жүрді. Бойын адам айтпас салғырттың басып, тіпті шөп шапқысы келмеді. Мұндай халін өзі түс алмады. Дәл бір істейтін шаруасы жок адамдай шөп үстінде жантая кетті. Егер өміріндегі өткен күндерін ойлап көрсөндай жайбаракат дем алып жатқан күндері сирек екен.

Рас, жұрттан еститін біреулердің бүкіл өмірі дем альска үқсас. Жер жүріп, ел көріп жүрт алдында сөз сөйле жылы орында жұмыс істеп, ұятқа қалдырмайтын ұл-қыңғарлар, қартайған шағында туысқан-жұрағаттарын арады. Ондайлардың түрлерінен-ақ мұратқа жеткендері сезітүрады. Тағдырдың өз басына бұйырмаған несібесін қынбайды. Тек осындайда мазасыз ойлар жанын жей. Бәрінен де ұлының қазан бұзар үй тентек болған жаньбатады. Міне әлдеқашан дем алысқа шықсада, бәрібір з.

жұмыс істеп тыраштанып, құдайға шүкір торы аттың көметімен ешкімге жағынбай өз күнін көріп жүр. Тіпті үйінде жатқан ұлын асырап жүр. Бірак өмірден шаршағанын енді ғана сезді. Шіркін осылай жата берсе, кезін ашқанда аспанды жылжып жүрген ақша бұлтты көрсе, бетін аймалаған желдің лебін сезсе, онда тіпті орнынан тұрмай мәңгі жата беруге бар. Қасым орнынан тұрғысы келмеді. Бейне жер өзін тербел өзіне тартқанда. Тіпті жамбасынан өте бастаған дымқыл сызды сезбеді. Қайта құшағын айқарада ашып қойнына тартқандай. Кенет жаңағы жүректі сызлатқан мазасыз ойдан құлак таза айығып шыға бергендей болды.

Мүмкін үйқылы ояу жатқандықтан шығар, тіпті дене мүшесін сезінуден қалды. Солай жатып қалғып кетіпти.

Оянғанда күн өжептәуір биік көтеріліпти. Орнынан ауыр тұрып көтеріліп сусын ішіп арбаның көлеңкесінде біраз отырды да ескі шалғысын алып шөп шабуға кірісті.

IV.

Күздің күні болатын. Таңертеңнен аспан бұлынғырланып ақ жауын жауып тұрған. Сол күні Қасымның көңіл-күйі онша болмады. Атын жегіп жұмысқа келді. Печенье цехына аппаратын бос жәшіктер тиелді. Орнына отырып божысын қакқанда торы ат жүргісі келмей орнынан әзер жылжыды.

Аттың себепсіз осқырынып үріккенін Қасым байқамай қоймады. Бетіне сұық жауын тамышысымен қоса тұманың лебі сезіледі. Қара аттың көнбіс мінезінің өзгергені ғанырқатпай қоймады. Мына маңайды перделеген қою тұман сессендіріп тұрған болар. Аспандағы қара сұр бұлт жерге шұбатылып түсіп жатқандай. Бетке тиген ауа лебінен ынқыл сыз сезіледі. Оның үстіне машина тұтінімен қосылып одан сайын қоюлана түскендей. Таң өлдекашан атса да тұн қараңғылығы толық сейілмегендей. Бұрыннан өзіне көнігі тас жолға келгенде торы торы ат үркіп осқырынып кетті. Тіпті аяғын тас жолдың ернеуіне тіреп алып ары Карай басқысы келмеді. Қасен еріксіз қамшы үйірді. Оған болмаған соң арбадан түсті. Бейне өзіне торы ат жалынып Карап тұрғандай болды.

- Не болды саған? Үйрөнген жолың емес пе? - деп торы атты жүгөнінен ұстап жетелеп тас жолдың үстіне түсірді. Арбаның үстіне қайта отырып делбені қағып қалғанда торы ат әлденеден үріккендей желе жөнелді. Жолдарынан қою тұманның арасынан сұңғіп шығып машиналар зулап өтіп бара жатты.

Дыбыстары ашық емес, тұман арасынан қысылып-қымтырылып шығады.

Бұл жол Қасымға бітпейтіндей ұзак болып көрінді. Бірде баар жеріне асығып делбені қағып атқа қамшы үйірсе, бірде өз тағдырына мойынсұнған адамдай енжар отырды. Осылай бұрылатын жеріне жетті-ау. Көшени ортасынан қақ жарып жүру керек болды. Алды-артына қарап атты бұрып тезірек өтіп кету үшін қамшы үйірді. Сол сәтте тұман арасынан шыға келген жүк машинасын байқамай қалды.

Ат та адам да мерт болды.

КҮЙЕУ БАЛА

Кызының жиырма бестен асса да әлі түрмисқа шықтай жүргенін Қожахмет уайымдайтын. Табиғат жазған соң барлығы уақытында болғаны жөн ғой. Ауылда жігіттер жок емес, жетерлік. Мүмкін өз теңін таба алмай жүрген шығар. Осы жайды ойлағанда көңілін жайсыз сезім баурап алатын.

Жаздың аяғы. Бұқіл маңай толассыз соққан аңызак желден бір түрлі жұтандып көрінеді. Егін орылған. Сай етегінде аққан бұлақ бойында қоқшіл сызат ғана қалған. Қожахмет уақыт шіркіннің осылай үрланып байқалмай өтіп бара жатқанына өкініш білдіргендей. Әр пәнденін басында бар орындалмай қалған арман өз басында да жок емес.

Аудан орталығына тұс ауа келді.

- Қожаке сіздің мектепке жолдамамен келген жігіт осында жүр, ала кетіңіз мектеппен таныстырамыз, - деді инспектор жігіт.

- Жарайды. Егер көрсөң мені тауып алсын деп айта сал.

Қожахмет аудандық оку бөлімінің бастығымен жұмысын бітіріп шыққанда, өзіне қарай келе жатқан жас жігітті көрді.

- Тарғап орта мектебінің директоры сіз бе?
- Иә.
- Мен жаңадан келген тарих пәнінің мұғалімімін.
- Карагым сен бе едің? Жөп-жөн. Институт бітіріп келдің бе?
- Әскерден келген соң, университетті тамамдал.
- Жақсы. Қазір ауылға кетеміз.

Олар автостанцияға жеткенше сөйлесіп барды. Жігіттің жауабы өзіне үнады. Олар күн ұясына бата бастағанда қайтты. Кожахметке қайтар жол қысқарып кеткендей болды. Жаңындағы жас жігітпен сыр тартып сөйлескісі келіп-ақ отыр, бірақ неге екені белгісіз іркіліп қалды.

Ауылға келгенде малдар өрістен келіп, мәре-сәре болып жатыр екен.

- Жігітім бүгін біздің үйге қона сал. Ал тұратын мекен жайынды ертең көрсетемін. Нагимаш мамаң үйде ме? - деді.
- Көрші үйде, - деді қызы қысыла жауап беріп.

Үйге жайланып отырған соң:

- Нагима біздің мектепке келген тарихшы жігіт.

Қызы қызарактап атын әрең айтты.

- Нұрлан, - деп жігіт қыздың бетіне тұра қарап. Кожахметке өзінің жастығына қарамай отырысы-тұрысы үнады. Ертеңінде таңертең мектепке барғанда Кожахмет физрук жігіті шакырып алды.

- Біздің мектепке жаңадана келген жаңа мұғалім. Өзінмен әзірге бірге тұрсын.

- Ой Қожаке, терезесі сынған аңғал-санғал ит байласа тұрғысыз ескі там ғой.

- Өзің қалай тұрсың, - деді.

- Амал жоқ. Мені қойшы мына жас жігітке обал ғой.

- Ештеңе етпейді. Әзірге күн жылы. Лекермен тұра беріндер. Жөндеуге көмектесем.

Сол күннен бастап Кожахмет қызының мінезінің өзгергенін сезді. Таңертең мектепке сабакқа бара жатқанда, бейне тойға жиналғандай сыланып, сипанып әлекке түседі. Ал бірде жиналыс отырғанда жігіт жүзіне қарғыштай береді. Нұрланмен сөйлесіп тұратынын көрді. Іштей қызының Нұрланмен көңіл қосқанына қарсы емес. Қайта қуана қостайды. Ал жігіт болса өзіне та-

баңдылығымен, мінезінің орнықтылығымен қатар іскерлігімен ұнады. Тамылжыған жылы күздің күні де азайып барады.

Солтүстік жақтан сұық жел соқты. Таңертен тогандағы судың бетіне жылтыр мұз қатты. Ызғарлы сұық қыстың келе жатқаны белгілі болды. Жұрттың бұл кезде үйінің есік-терезесін бітеп, қысқа қызу дайындыққа кіріскең шағы еді. Бұл кезде әлі алдарынан өтпесе де Нұрлан мен Нағиманың жақындасқаны жұртқа белгілі бола бастаған. Қожахмет Нұрланды өзіне тартып күйеу бала ретінде жақын тартты. Күн толассыз жауып, жер өзіліп кеткенде Қожахмет Нұрланның қалай тұрып жатқанын білмек болып үйінен шықты. Аяу тұманды. Сарқырай аққан бұлақ сұының дыбысы естіледі. Ми батпакты жолдан өзер деген де жетті. Сынған терезенің орнын жастықпен бітеген. Үйге өзі бейне бос тұрған тамға кіргендей болды. Бөлме іші дымқыл салқын. Төсекте демалып жатқан жігіттер орындарынан атып тұрды.

- Қожаке жоғары шығығыз. Адасып жүрсіз бе? - деді физрук жігіт.

- Отіп бара жатқан соң жағдайларынды білейін деп кірдім.

- Көрсөніз осы. Ана завхозыңыздан сұрасақ шыны бермейді. Пеш жанбайды. Өзіңіз білмейді емессіз, білесіз. Қыстай қақсан шықтым ғой.

- Білем... Үй жаман емес. Тек аздалап салқындау екен. Қомектесем.

Бірақ біраз уақыт ішінде бойы тоңази бастады. Физрук жігіт шай қоймақ болып еді, үзілді-кесілді бас тартты.

- Жоқ, уақыт жоқ, қарастарым раҳмет.

Үйден асыға шыққанда бетіне сұық тамшы тамды. Тұман коюлана тұскен. Иә сан мұғалімдер келіп, үй-күйсіз болған соң, талайы кетіп калған болатын. Ауызben айтқанмен де қомектесіп көрген емес. Енді өзінің қолынан келгенін аямайды. Өйткені болашак күйеу баласының мынандай аңғал-саң-ғал болып тұрған сұық үйде отырғаны арқасына аяздай батты.

КӨРІШ

Бұл жерге елуінші жылдары қолдары жеткендер ғана жеке меншік үй сала бастаған. Қазір қаланың орталық көшесіне айналып кетті. Әр үйдің айналасы биік дуалмен қоршалған. Көшілігінде жеңіл машина бар. Сапар бұл жерден жесір әйелдің тамын сатып алғып, оны құлатып жаңадан үй салып алды. Тұрмысы жаңа түзеліп, бірден марқайып сала берді. Бәрінен қуанғаны - үйінің Құсайынмен жақын болғаны. Құнде кешке Құсекеннің қызырып жүргенін көреді. Кездескен сайын жаны қалмай жалпалактай амандасады. Өзі де осындай лауазымы биік адамның жанында тұрғанына мәз. Бейне осы адамдардың мінез-құлығыда өзіне де жұға бастағандай. Өзінің бұрын араласып жүретін жоражолдастарымен тек иек қағып қана амандасады.

Кейде өзінің немене осынша алқып-шалқып жүргенін түсіне алмайды. Әлде Құсайынмен қатар тұрғандықтан ба? Оны ешкімге түсіндіріп айта алмас. Бәрінен соңғы кезде Құсайын Аткешевтің елу жылдық мерекесі жақындаған сайын жан тыныштығынан айырылып мазасыздана тұсті. Сөз жоқ көрші болып тұрғаннан соң өзін шакырады. Қанша қонактар келеді. Олардың арасында лауазымы биік адамдар болады. Сапар сол күнді асыға күтті. Тіпті қандай сыйлық алуды әйелімен ақылдасып қойды.

Жайдары жаз күні де келді.

Ағаштар жапырақ жайып, жер көк орайға бөлөнді. Әсіресе өткінші жауын себелеп өткеннен кейінгі ауаның иісін айтсаңсы.

Мұндай кезде Сапар есік алдында талтаңдал, қызырып жүргенді жақсы көретін. Кейде Құсайынды көреді. Өзімен аман-саулығы дұрыс болғанмен іш тартым жылы сөйлесіп көрген емес. Үлкен адам осындай кезде өзімен-өзі болғанда пысықтайтын ойлары бар шығар. Сапар қаланың бұл маңының әдет-ғұрпына үйрене алмай-ақ қойды. Өзі келген жердегі көрші қолан араласып жататын. Әсіресе той-томалак болғанда көптеп көмектесіп жіберетін. Кейде жұмыстан келе жатып, еріксіз бұрынғы тұрған көшесін сағынатын. Әсіресе осындай күн үясына батар кезде, есік алдына шығып отыр-

ғанда кездесіп мәре-сәре болып қалатын. Әңгімелесіп, шахмат ойнап, бос уақыттарын көнілді өткізетін. Ал бұл жерде көшеде бейсауат жүрген ешкім жок, қанырап бос жатыр деуге болады. Тек шынжырларын сылдырлатып үрген иттердің дауысы естіледі. Көршілері кездесе қалса әсте бірінші болып амандаспайды. Мұндай кезде Сапардың көнілін мұн ғасырдан басады. Осылай уақыт өтіп, онтүстік жақтан аптаған ыстық аңызақ жел соға бастады. Құсекеңнің юбилейі басталды. Үйінің алдында бірнеше жеңіл машина тұрады. Бұл кезде Сапардың көнілін жайсыз сезім баурап алды. Тойына шақырмай қалуы мүмкін деген жайсыз ой қылаң берді. Жок, мүмкін емес. Қанша айтқанмен құдайы көрші емеспіз бе? Құнде таңертең тұрганда бір зор жаңалық күткен адамдай өрбір дыбысқа елең етеді. Тіпті әйеліне “сыйлық алып кой” дегенде:

- Өзіңнің есің дұрыс емес қой деймін. Әлі шақырған жок қой, - деп өзіне дұрсе қоя берді.
- Шақырмаса шақырады, - деді Сапар.
- Көрерміз.

Еріксіз әйелінің сезінің жаны бар екенін мойындағы. Үндемей қалды. Құсекеңді көрсө жарбандағап амандасады, отағасы сөлемдесуге қолының ұшын өзөр береді. Мүмкін көрші болған соң асықпай жүрген шығар деп жорамалдайды. Ақыры Құсекеңнің юбилейі болған күн де келді. Таңертең жаңбыр жауып тұрды. Жер беті езіліп кеткен. Сапар өзін шақырмайтынына көзі өбден жеткен болатын. Соңдықтан болар таңертеңнен көніл-қошы онша болмады.

Тұстен кейін қою тұман түсіп, Құсекеңнің үйінің бейнесін көзден таса қылды. Бірақ көрші үйде айғай, шу, домбыраның үні естіліп тұрды. Сапар сол күні алғашқы рет Құсекеңмен көрші болғанына өкінді.

Мазмұны

Шалдың махаббаты.....	2
Қайрымдылық.....	11
Карыз сұрау.....	15
Светофор.....	17
Кіммен ішү керек.....	20
Кешігіп қады.....	23
Көн.....	25
Жара.....	27
Бастықтың туысы.....	30
Бағана.....	35
Тіршіліктің философиясы.....	39
Базар күні.....	41
Сенбеді.....	43
Той.....	45
Цементші Токан.....	53
Кодар.....	64
Айырбас.....	71
Үнемдеді.....	78
Жалан аяқ.....	81
Сыбага.....	83
Айып.....	86
Момакан.....	89
Шолак.....	96
Кожайын.....	100
Ойыншық.....	107
Күйршақ.....	109
Уақыт ағыны.....	119
Дүкенде.....	124
Үстаз.....	126
Таң сәрі.....	127
Аңсау.....	130
Шырмау.....	133
Жалғыздық.....	138
Сырға.....	141
Қызметтестер.....	143
Көленкеде.....	150
Қыстауда.....	151
Көрғен жок.....	155
Атақты адам.....	157
Оралу.....	160
Арбакен.....	169
Күйеу бала.....	176
Көрші.....	179

*Шығармамды жарыққа шығаруға
жәрдем берген жан досым,
“ҚУАТ”*

*холдинг компаниясының президенті
Медғат Кәрімулы Қулжановқа
ризашылық сезімімді білдіремін.*

Автор

Жеңісхан Кенесарин

Шалдың махаббаты

Редакторы Р.Жұмағалиева

Техникалық редакторы Ж.Арна

Көркемдеуші редакторы Е.Кемелбеков

Теруге 01.06.2004 жіберілді. Басуға 10.06.2004 қол қойылды. Пішімі
84x108 1/32. Офсеттік қағаз N1. Қаріп түрі Таймс. Көлемі 11,5 баспа
табак. Шартты баспа табағы 10,55. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс
N1262. Бағасы келісім бойынша. ЖШС “Курсив”

